

Карл Ваипақов, Арнабай Нұржанов

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫР- ЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



Карл Байпақов
Арнабай Нұржанов

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ
ЖӘНЕ
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАН

АЛМАТЫ
«ҚАЗАҚСТАН»
1992

ББК 63.3 (2 Каз)
Б 17

Кітаптың демеушісі — Құлан аймақтық
сыртқы экономикалық «Сенім»
ассоциациясының Бас директоры
ҚАЛҚАБАЕВ ОРЫНБАСАР ШОЙБЕКҰЛЫ

Редакторы М. Әкімжанов

Байпақов К. Нұржанов А.

Б 17 Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан —
Алматы: Қазақстан, 1992.—208 бет.

Жерортатеңізі елдері мен Қытайды жалғастырып жатқан «Ұлы Жібек жолы» біздің дәуірімізге дейінгі 11 ғасырда-ақ пайда болған. Батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай кіре тартқан көруендер Қазақстан жерін басып өтіп, Отырар,, Тараз, Испиджаб, Яссы, Сауран, Жезд, Қаялық, Баласағұн және басқа да гүл жайнап тұрған қалаларға ат басын тіреген. Жібек жолы техникалық ғылым мен мәдениеттің өсуімен қатар зороастризм, христиан, буддизм, ислам діндерінің орнығуына да игі ықпал етті. Ортағасырлық қираған көне қалалардың орындарын қазу кезінде табылған түрлі қызық деректер бұған көзімізді жеткізе түседі. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

0504000000—71
Б 401(05)—92

17. 92

ISBN 615-01234-x

ББК 63. 3(2 Каз.)

© К. Байпақов,
А. Нұржанов, 1992

Бұл еңбекті белгілі қазақ археологы Сержан Мұсатайұлы Ақынжановқа арнаймыз.

АВТОРЛАР

К І Р І С П Е

ЮНЕСКО ұйымының Бас конференциясының 24 сессиясында 1987 жылы қабылданған шешімі бойынша «Ұлы жібек жолын» кешенді түрде зерттеп білудің халықаралық жобасын жүзеге асыру қолға алына бастады. Мұндай зерттеу жүргізу жөніндегі шешім Греция, Египет, Индонезия, Италия, ҚХР, МХР, Оман, Португалия, Шри-Ланка және ССРО елдерінің ынтасымен қабылданды. Бұл жоба ЮНЕСКО-ның «Адамды қоршаған орта, жер мен геңіз қоры» және «Мәдениет пен келешек» атты екі ірі бағдарлама бойынша жүзеге асырлмақшы. Жобаға байланысты шаралар Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен қазіргі кезде өткізіліп жатқан мәдениетті өркендетудің Дүниежүзілік онжылдығы ауқымында жүргізілетін болады.

«Ұлы жібек жолы» — Жерорта теңізінен Қытайға дейін Евроазияны көктей өтіп жатқан керуен жолдарының тоғысқан тоқсан торабы, ал сонау ежелгі дәуірдегі орта ғасырдағы осы аймақтардың сауда және мәдени байланыстарының тұсауын кескен аса маңызды қатынас жолы. Қазіргі Жоба адамзат тарихы бойынша Шығыс пен Батыс халықтарының арасында қалыптасқан тұңғыш бейбіт қарым-қатынас сырын жан-жақты зерттеп білуді мақсат етіп отыр. Ол осы «Жібек жолы» көктей өтетін елдердің ғылыми және мәдени топтарының өзара пікір алысуына, мемлекеттер арасында мәмілеге келу байланыстарын орнатуға септігін тигізеді.

Осы жобаға баға бере отырып, ЮНЕСКО-ның бас директоры Фредрико Майор былай деп атап өтті. «Жібек жолы» ұшы-қиырсыз далалар, көл-көсір теңіздер мен қуаң шөлдер арқылы өтетін өзара байланыстар мен пікір алысуларды қалыптастыруға ғаламат мүмкіндіктер бере отырып, озық өркениетті өзара бірлесіп байытуға септігін

тигізді. «Жібек жолын» кешенді зерттеу жобасының түпкі мақсаты — бүгінгі күні осы жол бойында жатқан халықтардың өзара пікір алысуды қайта жаңғырту қажет екендігін ұғынуына, өзара түсінісудің, қатынасудың және өркениетті бірлесе байытудың қолдағы тарихи мән-маңызы бар мүмкіндіктерін пайдалануына септігін тигізу».

Он жылға есептелген бұл жоба өзі қамтып отырған ескі бағыт бойынша: бір жағынан, өзара тәртіптік ғылыми зерттеулер мен халықаралық және ұлттық дәрежеде кездесулер өткізу арқылы; екінші жағынан, дүниежүзі жұртшылығының көпшілігі назарын зерттеліп отырған мәселеге аудару үшін бұған бұқаралық хабарлама құралдары мен ғалымдардың, мәдениет қайраткерлерінің біресми бірлестіктерін қатыстыру арқылы өрістетіледі.

Бұл жоба құрамында ғалымдар, телевизия мен баспасөз өкілдері бар халықаралық топтардан құралған экспедицияның қайта жүріп өтетін негізгі жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Алдын-ала он беске жуық халықаралық семинарлар, сондай-ақ жергілікті жерлерде ғылыми қауымдармен кездесулер өткізу козделіп отыр. Жоба Парижде барлық жүргізілген зерттеулерді жинақтап, қорыту және өнер туындыларының аса озық үлгілері көрсетілетін ірі көрме ұйымдастыру кезінде аяқталады. Жобаны ұйымдастырушылар, өздері қамтып отырған бұқаралық хабарлама құралдары, сол жобаның негізінде жатқан идеяны белсенді түрде насихаттай алса, ол дүниежүзілік көпшілік арасынан түсінушілік пен кең қолдау табады деп есептейді.

Келешекте адамгершілік ынтымақтастықты жолға қоюдың тиімді құралы болуы ықтимал осы жобаның жүзеге асуын қамтамасыз ету үшін, ЮНЕСКО барлық мемлекеттерді қалауынша және мүмкіндігіне қарай өздерінің жеке үлестерін қосуға шақырды.

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ҚАЗАҚСТАН
АРҚЫЛЫ ӨТЕДІ**

ЖІБЕК ЖОЛЫ СОРАПТАРЫМЕН

«Жібек жолы» дегеніміз не, ол қашан пайда болып, қандай қадеге жарады, қай жерлерді басып өтті — әркімді-ақ толғандыратын алғашқы сұрақтар осындай.

Бұтқа табынушы (бұдда дініндегі — ауд.) қажы Сюань-Цзан 629 жылы «Будданың қасиетті қалдықтарын көзбен көру және дін ілімін шындап зерттеу үшін» Қытайдан Үндіге сапар шекті. Ол Қытайды Батыспен байланыстырып жатқан және техникалық жаңалықтарға діни мұраттар мен мәдени жетістіктерге мұрындық болып тұрған осы халықаралық жолмен жүрді.

Чань-Аньнан шыққан саудагерлердің қоспақ-түйелі керуенімен атақты Гоби шөлін жағалап, Дунхан арқылы «Ұлы айдаһар құмы» аталатын сортаң шөлейтті, Хами мен Тұрфан алқаптарын, Тянь-Шаньның солтүстік бөктерімен мұздақ тауларын, шамасы, Музур-Ола жоталарын басып өткен Сюань-Цзян мен оның сапарластары «Көкмөлдір көлге» жетті. Оның «Ыстық көл» деп те аталуына қарай кәдімгі Есік көлін еске түсіру қиын емес. Қажы осы өзенді айналып өтіп, Батыстағы шекарасы сонау Қара теңізге дейін созылып жатқан байтақ мемлекеттің әміршісі — түрік қағаны тұрған Суяб қаласына келді. Сюань — Цзян түрік қағаны мен оның жанпеліндегілер жөнінде былай сипаттайды: «Бұл жателдіктердің аттары керемет екен. Қаған үстіне жасыл жібек шекпен киген, жалаң басына ұзындығы бір чжан (3,2 м), ұштары желкесіне түскен жібек шалма (сәлде) орап алған. Оған оқалы-зерлі жібек шапан киіп, шаштарын айдар-тұлымдап өрген екі жүзден астам тархап (нокер) еріп жүрді. Өзге жауынгерлер тері астарлы киім, бастарына жұмсақ бас киімдер киіп, айбалта, садақ асылып,

ту көтеріп жүреді. Түйеге, атқа мінгендердің көптігі соңша, көзбен шамалаудың өзі мүмкін емес»¹.

Қағанның өзін қалай қабылдағанын сипаттай отырып, Сюань-Цзян түрік зиялыларының салтанатты жібек киімдерінің молдығын бірнеше қайтара ауызға алады, сонымен бірге өзіне көрсетілген сый-сияпат ішінде: «Қызғылт түсті жылтыр шыттан тігілген неше алуан киімдер сәнатын және елу кездеме жібек» бергені жөнінде хабарлайды.

Бұл әңгіме барысында ежелгі дәуір мен орта ғасырда халықаралық қатынастың күретамырына айналған ұлы жолға өз атауын берген және Шығыс пен Батыстың негізгі сауда затына айналған жібек бірнеше рет аталады. Ал бұл жол қай кезден «жұмыс істей бастады» деген сұраққа күні бүгінге дейін әрқилы жауап беріліп келеді.

Егер «Жібек жолының» жекелеген бөліктерінің сыңарлары жөнінде айтар болсақ, ондағы қатынастар мен зат алмасу байланыстары біздің дәуірімізге дейінгі III—II мыңжылдықтарда басталған. Мұндай байланыстар Бадахшан тауынан лазурит (көк лағыл) кені, ал Хотон аймағындағы Яркент (Жаркент)—Дарняның жоғарғы ағысынан нефрит (көк минерал) кені ашылуына орай жолға қойылды.

Бадахшаннан шығарылған лазурит Иранға, Месопотомияға, Анатолияға, Египет пен Сирияға тасылып жатты. Бадахшан лазуриті, I мыңжылдықтың жартысында Қытайға да жеткізіле бастады.

Орта Азия мен Орта Шығысты Жерорта теңізімен және Үндімен жалғастырып жатқан «Лазурит жолымен» қатар дүниеге келген «Нефрит жолы» Шығыс Түркістанды Қытаймен жалғастырды.

Біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың орта кезінен «Дала жолы» деген жол болғаны белгілі. Егер тарихтың атасы Геродоттың жазбаларына жүгінсек, бұл жолдың сорабы мынадай бағытта болғанын байқаймыз: Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, сонан Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген агриндийлер еліне қарай созылады. Бұл жол-

¹ Зуев Ю. А. Китайские сведения о Суябе // Известия АН Каз. ССР. Серия истории, археологии и этнографии. Вып. 3(14). 1960. с. 87—89

мен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металлдардан жасалған бұйымдар кең таралып жатты.

Жібек жасап шырағу және онымен сауда жасау кезеңі күні кешеге дейін біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық саналып келеді. Алайда Чжецзян провинциясында, Тайху көліне таяу маңда қазба жұмысын жүргізген қытай археологтары неолит дәуіріне жататын жібек маталар, белдіктер мен жібек жіптер тапты. Бұл маталар жасы біздің дәуірімізге дейінгі 2750—100 ж. Оларды талдап анықтау жұмысы сол кездің өзінде-ақ, яғни бұдан бес мың жыл бұрын дерлік, жібек жасап шығару кәсібі қарапайым әдістер кезеңін бастан кешіп үлгергенін көрсетіп берді. Біздің дәуірімізге дейінгі VI—V ғасырларда қытай жібегі басқа елдерге, оның ішінде Батысқа да шығарыла бастады. Алтайдағы Пазырықтың «патша» қорғандарының бірінен біздің дәуірге дейінгі V ғасырды көрсететін феникстер қолымен өрнектеліп тігілген жібек жамылғы (ақ жабуы) табылды. Соңдай-ақ, Оңтүстік және Батыс Европа аудандарынан біздің дәуірімізге дейінгі VI—V ғасырларға жататын қабірлерден жүннен жасалған бұйымдарға тігілген жібек маталар мен шашақтар да табылған.

Қымбат бағалы жібектерді тарату ісіне сақтар мен скифтердің көшпелі әулеттері де атсалысты. Солардың қатынасаралық көмегімен сол кезде қасқалдақтың қанындай қымбат тауар Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін тарады. Дегенмен зерттеушілер, оның ішінде Ма Юн мен А. П. Франкфор тәрізді көрнекті ғұламалар жібек жолы жөнінде, оны VI—IV ғасырларға жатқызып, осы бір асыл тауар шамамен 40 параллель бойында жатқан далалық аймақпен, яғни Хуанхэ өзенінің үлкен иілісінен басталып, Алтайдың шығыс және солтүстік сілемдерін, Қазақстан даласы мен Қара теңіз жағалауын басып өтіп, гректер мен этрустар жеріне жеткізілді деп жобалауға болады дей қоярма екен. Соңғылары тіпті «Жібек елінің» өзі қайда екенінен де бұлдыр хабардар еді.¹

Бұл кезде жібек Үндіге де жеткен-ді. Оған үндінің «синнатто» — «қытай жібегі» деген сөздері куә, ал бұл

¹ *Ма Юн. Шелковый путь с Востока на Запад. //Курьер ЮНЕСКО. 1984, июль. с. 22; Франкфор А.П. Проблема прототипа Великого Шелкового пути во II—I тыс. до н. э. и роль помадов //Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизации. 1987. Алма-Ата, с. 78—81.*

сөздер біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырда жазылған «Артхашастра» (саясат ғылымы) трактатында кездеседі.

«Жібек жолы» тек біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың орта шенінен бастап қана тұрақты дипломатия мен сауданың күре тамырына айналды. Ал осының бәрі император У — Дидің көрмеген Батыс елдеріне жұмсаған кпязі Чжон — Цзян бастаған елші керуенінің Хань астанасынан шыққан кезінен, яғни 138 жылы басталды. Чжон — Цзян 13 жылдан кейін қайтып оралды. Ол осы күнгі Ауғанстанның шет аймақтарына жете алды және Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға дейін тура жолмен тұңғыш рет жүріп өтті. Содан соң жібек тиелген керуен Батысқа соның ізімен аттанып, Қытайға Жерорта теңізінен, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядан тауарлар алып қайтты.

Көп ұзамай халықаралық сауда тізгіні Орта Азияның Зеравшан және Қашқадария алқаптарын мекендеген Соғда елінің саудагерлері қолына көшті. Шығыс Түркістанның «Тохар» қалаларында және Қытайдың Ланчжау, Дуньхуан, Чаньан тәрізді қалаларында соғдылықтардың сауда отарлары болды. Мәселен, Дуньхуанда мыңға тарта соғдылықтар тұрды. Соғдылар Жібек жолы таусылған жерден Жапонияға басып кіріп, жапонның ежелгі астанасы Нарды биледі. Сондағы храмдардың бірінен соғды тілінде жазылған қолжазба сақтаулы тұр.

Жібек жолы II—V ғасырларда, егер Шығыстан бастасақ, Чаньниден басталып, Ланчжоу ауданындағы Хуанхэ өткеліне беттейді, одан әрі Нан-Шаньның солтүстік сілемдерін қуалай Ұлы Қытай қорғанының батыс беткейіне және «Яшмо қақпалары заставасына» жетеді. Ол жерде жалғыз жол Такла — Макан шөлін солтүстігі мен оңтүстігінен орап өтіп, үшке айрылады. Солтүстік тармағы Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо алқаптары арқылы Іле өзені бойына жетеді; ортаңғы жол тармағы Чаочаннан Қарашәрге, Ақсуға және Ыстық колдің оңтүстік жағалауына жетеді, оңтүстіктегі тармағы Дунхан, Хотон, Яркент арқылы Бактрияға, Үнді мен Жерорта теңізіне жетіп, «Оңтүстік жолы» аталады. «Солтүстік жолы» Қашқардан Ферғанаға, ал одан әрі Самарқан, Бұхара, Мерв арқылы Хамадан Сирияға жетеді¹.

Қытайдан Батысқа Ферғананың үстінен өтіп бара-

¹ Лубо-Лесниченко Е. И. Великий Шелковый путь 372—373. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. с. 98—101.

тын бұрынғы қысқа да қолайлы жолға қарағанда Жетісу мен оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жаңа жол VI—VII ғасырларда барынша жандана түсті. Жолдардың бұлайша алмасуының себептерін былайша түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарын қадағалап отыратын түрік қағандары отырды. Екіншіден, Ферғанадан өтетін жол VII ғасырдағы өзара қырқысулар салдарынан қауіпті жолға айналды². Үшіншіден, түріктің ауқатты қағандары мен олардың жаншеліндегілер теңіздің арғы бетінен әкелініп тауарларға құштар ірі тұтынушыларға айналды.

Сөйтіп бұл жол бас жолға айналды да VII—XIV ғасырлардағы елшілер мен сауда керуендері негізінен осы жолмен ғана өтіп жүрді. Алайда Жібек жолының бұл бағыты да толық өзгеріссіз қала алмады. Жүздеген жылдар көлемінде оның не анау, не мынау бөлігі, не жекелеген тармақтары жанданып, жоғарырақ мәнге ие болды. Ал кейбіреулері, керісінше, мәнін жойып, жоғалып кетті де олардың бойындағы қалалар мен сауда бекеттері құлдырай бастады. Сөйтіп, VI—VIII ғасырларда негізгі жол сорабы Сирия — Иран — Орта Азия — Оңтүстік Қазақстан — Талас алқабы — Шу алқабы — Ыстықкөл қазан-шұңқыры — Шығыс Түркістан арқылы тартылды. Бұл жолдың тармақталған бір бұтағы, дәлірек айтқанда тағы бір жол Византиядан Дербент арқылы шығып, Каспий жағалауын — Маңғыстауды — Арал жағалауын — Оңтүстік Қазақстанды кесіп өтіп, жоғарыда аталған негізгі жолға келіп қосылды. Батыс түрік қағанаты Византиямен сауда-дипломатиялық одақ келісімін жасасқан кезде бұл жол олардың қарсыласы Сасанидтік Иранды айналып өтті. Дегенмен IX—XII ғасырларда Орта Азия, Орта және Таяу Шығыс, Кіші Азия арқылы Сирияға, Египет пен Византияға баратын жолға қарағанда бұл жол тиімсіздеу пайдаланылды.

Алайда, ол жол XIII—XIV ғасырларда қайта жанданды. Бұл құрлықтағы саяси жағдайларды дипломаттар (елшілер) мен ірі саудагерлердің (көпестердің) және басқа саяхатшылардың талап-талғамдары реттеп отырды.

Жібек жолы шеңберіне ену қарсаңында Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісу қандай жағдайда еді дегенге келсек: Бұл жерде көшпелі түрік тайпалары мен отырықшы халықтар ежелден қалыптастырған төл мәдениет

¹ Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. соч. Т. II. 4. 2 М.; 1963 с. 31.

өркендеген болатын. Оның үстіне этникалық жағынан алғанда көшпенділер де, отырықшы тұрғындар да туыстас немесе біркелкі этникалық-саяси қауымға бірлескен тайпалар еді. Отырықшылар (жатақтар) мен көшпенділердің өз мәдениеттерінің бір-біріне өзара әсер етуі мен байытып отыруы дүние жүзілік өркениеттің қызыл арқау — күретамыры болды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының бір-біріне осылайша кірігуі, сондай-ақ олардың жерінде тұратын халықтардың дәстүр-салтының үйлесімділігі өркениеттік көп жетістіктердің бастауы болды. Мәселен, біздің дәуірімізге дейінгі VI—III ғасырларда бұл жерлерді көшпелі және жартылай сақтар мекендеді, ал көптеген қорғандардағы қабірлерден, оның ішінде Бесшатыр, Есік, Түгіскен, Үйгәрәк қабірлерінен табылған қазбалар бойынша олардың мәдениеті жоғары болғаны баршаға мәлім. Сол кездің өзінде-ақ сақтардың Қытаймен, Үндімен, Таяу және Орта Шығыспен байланысы болған. Бұған сақ шонжарларының қабірлерінен табылған қытай айналары, Орта Азия мен Ираннан әкелінген аса көркем безендірілген шетелдік бұйымдар да куә бола алады. Қам кесектен (өңделмеген кіриштен) салынған Түгіскендегі сәулетті де берік ұй-там (мазар) құрылысы оған шетелдік шеберлер қатыстырылған болуы керек деген ойға келтіреді. Біздің дәуірімізге дейінгі II және I мыңжылдықтың орта шенінде үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері өмір сүріп, Жібек жолы жұмыс істеп тұрған кезде мұнда римдік әйнектер мен теңгелер (монеталар), қытай жібегі мен айналары, сырлы ыдыстар, европалық қарсы ілгектер (фибуда) мен Сасанид Иранынан әр түрлі мөр-тастар жеткізіліп тұрған.

Осы кезеңде Шу, Талас және Сырдария алқаптарында мұнаралы қорғандармен қоршалған қала орталықтары, дихандардың алғашқы тектері орналасқан елді мекендер қалыптаса бастады. Солардың көпшілігі дерлік қазір Тянь-Шань тауы етегінен, Арыс өзені мен Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы алқаптардан ашылып отыр. Әсіресе мұндай қалалар Арал маңындағы, Жетібасар патшалығындағы шөлейт аймақтарда жақсы сақталған. Олардың күн күйдірген сарғыш қабырғалары мен жазық алқапқа қарата салған ойық терезелі, жебе тәрізді мұнаралары әлі күнге дейін қисаймай тұр, ал тақырлардың астында ірі-ірі ежелгі мазарлар жасырынып жатыр.

VI ғасырдың екінші жартысында Жетісу мен оңтүстік Қазақстан Кореядан Қара теңізге дейінгі ұлан-ғайыр

алқапты алып жатқан ірі кошпелілер мемлекеті — Түрік Қағанаты құрамына кірді.

Қағанат VI ғасырда Шығыс түрік және Батыс түрік қағанаты болып екіге бөлінді. Соңғысының орталығы Жетісу, ал астанасы Суяб қаласы болды.

Жібек жолы осы кезде жанданып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы феодалдық мәдениеттің өркендеуінде маңызды роль атқарды. Жетісуда ол талай қалалардың орталық негізгі қалануына мұрындық болып, Қазақстанның оңтүстігінде тікелей осы жолдың ұзынабойында тұрған немесе онымен сауда сораптарымен байланысып жатқан қалалардың тез өсіп, өркендеуіне себептігі тигізді.

Бұл жерде осындай қалалардың қаулап өсуінің өзі К. Маркстың керуен жолы Шығыс қалаларының гүлденуіне айрықша роль атқарды деген ойын одан әрі айқындай түседі.

Егер I мыңжылдықтың алғашқы жартысында үйсін билеушілерінің орталығы болған екі қаланың ғана — Чигу мен Жетісудың аттары аталса, VII ғасырдың бас кезінде Сюань — Цзян осындай ондаған қалалар бар екені жөнінде хабарлайды. Олардың ішіндегі ең ірілері Суяб пен Тараз және кейін Испиджаб аталған «Ақсудағы қала» болды. Қытайдың VII—VIII ғасырлардағы сапарнамаларында және VIII—XII ғасырлардағы жиһанкездерінің жазбаларында Жібек жолы бойында жатқан ондаған қалалардың аттары аталады.

Өзара талас-тартыстар мен жортуыл-жорықтар, сондай-ақ Қытайда теңіз жолдарының игерілуі бұл жердегі қалалық мәдениетті титықтатып, күйдіруге жеткізгенге дейін, яғни XIV ғасырға дейін Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек жолынан керуен арылған жоқ¹.

Батыстан Шығысқа қарай қозғалсақ, Жібек жолының қазақстандық бөлігінің сыр-сипаты, міне, мынадай еді. Жыл Шаштан (Ташкенттен) Турбат асуы арқылы Испиджабқа өтетін. Бұған дейін айтқанымыздай, қытай сапарнамасында Испиджаб «Ақ озендегі қала» аталды, ал XI ғасырда Махмуд Қашғаридің түсініктемесі бойынша «Испиджаб деп аталған Ақ қаланың (Ал-мединаат ал-Байда) шын атауы — Сайрам». Оны Сарьям деп те атай-

¹ После Марко Поло. Путешествие западных чужеземцев в страны трех Индии. Перевод с латинского, старопитальянского языков введение и примечание Света Я. М. М.; 1968, с. 126—128.

ды. Ежелгі қаланың осы атауы күні бүгінге дейін сақталып келеді. Шымкент іргесіндегі орта ғасырлық ірі қаланың қалдықтары қалған қалашық та (поселка) осылай аталады. Оның орнында бұрын Жібек жолындағы ірі орталықтардың бірі болған. Түрлі елдердің саудагерлері осы жерге тоқтайтын, өйткені бұл қалада Бұхара, Самарқанд көпестерінің сауда құрылыстары (базарлар) мен керуен-сарайлары болды, ал Испиджаб көпестері Мерв, Балх, Бұхара мен Хорезм көпестерімен бірге Бағдаттағы Харб ибн Абдаллақ ал Балх рабадында өздерінің сауда-саттық орындарын ұстады. Испиджабтан сыртқа құлдар мен ақ маталар, қару-жарақ, қылыштар, мыс пен темір сатылатын.

Керуендер Испиджабтан Шығыстағы Таразға Шараб, Будухет, Керуен — Сарай, Тамтадж, Абардадж қалалары арқылы жүріп өтетін.

Жібек жолындағы ең үлкен қала Талас алқабындағы Джувикат болатын, Таразға сол арқылы жететін. Бұл сонау VI ғасырдан белгілі Қазақстандағы ең ежелгі қала еді. Түрік қағаны 568 жылы дәл осы жерде Иранға қарсы әскери одақ шартын жасасу және жібек саудасы мәселелерін шешу мақсатымен Византиядан әскери сарапшы (стратег) замархтың бастауымен келген Юстиниан II-нің елшілігін қабылдаған болатын. Тарихи деректерде Тараз «көпестер қаласы» деп аталады. Сонымен бірге ол кейін қарлұқтар мен қараханидтердің де сауда — саттығының орталық астанасы болды.

Тараз іргесінде дерлік негізін бұхаралықтар қалаған Джамукат қаласы тұрды. VI ғасырдан белгілі бұл қаланың атауы өзінің негізін қалаған Бұхара соғдыларын бастап келген Джамук дейтіннің есімі бойынша қойылған. Археологтар Джамукатты тапты. Оның қалдықтары Талас алқабында, Жамбыл қаласына жақын, Талас өзенінің оң жағалауында, Михайловка селосына қарсы бетте сақталған. Қала жұртының жатқан орны Қостөбе деп аталады.

Талас алқабының ірі күміс кендері орналасқан таулы бөлігінде бұлардан басқа Шелжі, Сұс, Кел және Текәбет тәрізді аты әйгілі қалалар болған.

Алқаптың жазық беткейінде 751 жылы араб пен қытай әскерлері билік үшін қорғанына шығып шайқасқан Атлах қаласы тұрды. Таразға таяу Таласты бойлай солтүстікке қарай төмен түсетін сауда жолында Адахкет және Дех Нуджикес атты қалалар болды. Ал монғол жоры-

ғы кезіндегі жазбаларда Янчи-Балық және Кенджақ деген қалалар атаулары кездеседі.

Талас алқабындағы Таразға керуендер, сондай-ақ, Ферғана алқабынан Шатқал жотасындағы Чанач, Ала-таудағы Қарабура асулары арқылы өтетін жолмен де жүретін. Жолдың бұл бөлігі Жібек жолының «Ферғана» және «Жетісу» бағыттарын жалғастыратын.

Тараздан шығысқа қарай шығатын жол Құлан қаласына қуаң даламен жетеді. Тараз бен Құлан арасындағы дала қарлұқтарға қарады. Құланға барар жолда Касрибасты, Кульщуб пен Джуль-Шубті басып өтуге тура келетін. Касрибастың қалдықтары Қырғыз жотасын бойлай өтетін ежелгі жол сорабында жатыр. Тұтастай тастан қаланған бұл құрылыс Ақыртас деген атаумен белгілі, мұның өзі салыну мәнеріне қарағанда бір кезде тас қамал болған тәрізді. Қазбалардың сипаттауына қарағанда Куль-Шуб ескі Өрнек қаласына келіңкірейді: бұл өзі мешіті, жасақтар жататын жатаханалары мен айнала кәсіпкерлік шеберханалары бар нақты үлгімен салынған әкімшілік орыны.

Қытайлар Цзюйлань атаған Құлан қаласы «Түрік елінің Мавореннахр жағындағы шекарада тұрған сәулетті шаһар» ретінде белгілі. Жиһанкездердің айтуынша Тараздан шығысқа қарай 17 фарсах жерде тұрған ол қазіргі Луговое селосының шығыс бетінде ескі жұрты қалған Луговой қаласына келеді. Құланның шығыс бетінде бір-бірінен ара қашықтығы 4 фарсахтай жерде Мерке және Аспара деген қалалар тұрған.

Джульден жол Сарыққа, одан «түрік қағаны мекені» мен Кирмирауға кететін.

Кирмираудан шыққан жол Жетісудың Навакат, қытайдың Синчан қалаларына апаратын. Навакат түрік қағанының ордасы және соғдылар қаласы ретінде белгілі. Қазір апықталып отырғандай Навакат осы күнгі Красная речка және Новоивановка селолары орналасқан жердегі бұрынғы қираған Красная речка қаласына келеді.

Навакаттан шыққан жол Пенжікент (Бунджикет) арқылы Жетісудың аса ірі қаласы Суябқа тіреледі. Ол батыс түріктің, одан соң түргештер мен қарлұқтардың астанасы болды.

Ол туралы қытай мен араб саяхатшылары X ғасырға дейін жазып келді де одан әрі бұл қала атауы шежіре-нама беттерінен көрінбей кетті. Астана міндеті бұрыннырақта, шамамен, Беклік немесе Семекпа аталған Баласағұн

қаласына ауысады. Баласағұн қараханидтердің, кейін қарақытайлардың астанасы ретінде белгілі. Оны XII ғасырдың бас кезінде солардың өзі қиратқан. Қала қайта салынды, бірақ XIV ғасырдың өзінде ондағы қайнаған өмір белгісі ретінде тек жартылай қираған сарайлар, мешіттер мен минареттер, қаптаған мазарлар ғана қалды.

Бұл қалалардың жұрты жатқан жерлерді археологтар таба білді: олар осы күнгі Тоқмақ қаласына таяу маңда жатқан болып шықты және олардың бір-бірінен 5 км жерде жатқан ескі Ақбешім, Боран қалаларына келетіні анықталды.

Жібек жолы Суябтан Ыстықкөлдің не солтүстік, не оңтүстік жағалауымен өтеді. Жолдың оңтүстік тармағында керуен ірі Жоғарғы Барысқан қаласын басып өтетін, ал солтүстік тармағында атаулары бізге жетпеген шағын керуен — сарайлардың қалдықтары кездеседі. Одан әрі бұл жолдар Бедел асуында немесе сол арқылы Ташрабатта түйісіп, Жібек жолы Қашғар мен Ақсуға апаратын.

Ыстықкөл қазан-шұңқырынан шыққан жол Санташ асуы және Қарқара алқабы арқылы Іле алқабына одан әрі Іленің оң жақ жағалауымен Өсек пен Қорғас алқаптары арқылы Алмалыққа апарады, одан соң Такла-Макан шөлінің солтүстік етегімен Хами мен Турфан көгалдары арқылы Дунхуан мен Қытайға жетеді.

X—XII ғасырларда Жібек жолының бір тармағы Іле алқабын оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай көктей кесіп өтті.

Бұл тармақ Навакаттан басталып, Буджикетке беттеп, одан әрі Қастек асуы арқылы Іле Алатауының солтүстік бөктеріне жететін. Баласағұннан шыққан тағы бір жол да осы асуға келетін. Бұл жерде Шу мен Іле өзендерінің арналары арасындағы су айрығы құраған Уруан — Ардж киелі таулары жақсы жөн көрсеткіш белгі болды. Бұл таулар жөнінде қытай сапаргерлері оларды өздеріпше «Чзедань таулары» дей отырып, сонау VII—VIII ғасырларда-ақ мәлімет берген. «Мұнда — делінген жазба деректерде, — атадан оыншы буынға жататын қаған жер иеленушілері мен рубасыларын бекіту рәсімін өткізеді». Ұрын-Аржы (Ұзын — Арша) жиынтық атауы қазіргі Ұзынағаш атауында осы күнге дейін сақталып қалған. Жібек жолы сорабы Қастек, Қаскелең, Алматы орындарындағы шағын қалаларды басып өтіп, Талғар қаласының солтүстік іргесіндегі Тальхиз қаласына жететін. Осы тау етегіндегі Талғар өзенінің оң жаға-

лауында ортағасырлық қираған ірі қаланың үйінділері жатыр. Тальхиз (Тальхир) өтпелі сауда жолы үстіндегі ірі қала болатын.

Керуендер Іле алқабына Құлан мен Аспарадан, әлде Нузакеттен Шу өзенінің орта және томенгі ағысындағы қалаларды басып өтетін жолмен де жететін. Тасоткел кешуінен (кешіп өтетін тайыз жерінен) жол Шу-Іле тауларының солтүстік бөктеріне жетіп, Балқаштың солтүстік жағалауымен төмен түседі. Шуды бойлай төмен тартқан жол Қаратаудың солтүстік бөктеріне жеткізеді.

Жібек жолы Тальхизде тармақталады. Оңтүстіктегі тармағы Есік, Түрген, Шелек арқылы Борохудзира тұсындағы Іле өткеліне, одан әрі Іленің оң жағалауымен Қорғас арқылы Алмалыққа жетіп, Ыстықкөл алқабынан келе жатқан негізгі жолға ұласады. Археологтар жолдың осы бөлігінде Есік, Түрген, Лавар қалашықтары мен ірі Шелек қаласының қалдықтарын тапты. Іленің оң жағалауымен созылған жол осы күнгі Көктал елді мекені мен Панфилов қаласын басып өтеді. Көктал төңірегінде Ілебалық деген қала болған. Жолдың солтүстіктегі тармағы Тальхизден Талғар өзенін бойлай шығып, Қапшағай сайындағы Іле өткеліне дейін барады. Содан соң жол Шеңгелдіге бұрылып, Алтынемел асуы арқылы Коксу алқабына түседі де қазіргі Дунгаповка селосы орнында болған Икиогуз (Екіөгіз) қаласына жетеді. Міне, дәл осы жерден Іле алқабындағы тағы бір аса ірі қалалардың бірінің жұрты табылды. Осы қалада 1253 жылы болған Вильгельм Рубруктың айтуынша «сарациндер», яғни иран көпестерінің сауда-саттық отары тұрған. Рубрук бұл қаланы Эквиус деп атайды.

Жібек жолы Икиогузден қарлұқ жабғаларының астанасы — Қаялыққа (Қойлаққа) барады. Қала даңқы өзінің базарларымен шықты, онда мұсылмандар мен қатар оздерінің шіркеулері бар христиан дініндегілер де тұрады. Бұл жөнінде де осы қаладағы моңғол ханы Моңкеге келген Людвик IX-ның елшісі, сол баяғы жиһанкез сопы (монах) — Вильгельм Рубрук хабарлайды.

Қаялық IX—XIII ғасырларда Іле алқабының солтүстік-шығысын уысында ұстаған қарлұқтардың орда тіккен мекені болды. Ол Қаратал өзенінің алқабындағы Антоновка селосының маңайында болған. Рубруктың жазуына, Қаялыққа жақын жерде Жібек жолы кесіп өтетін христиандар селосы бар. Жол одан әрі Тентек өзені алқабына жетіп, Алакөлді айналып өтіп, Жоңғар қақпасы арқылы Шихо алқабына апарады, содан соң ол жер-

ден Бешбалық арқылы Дунхунға және ішкі Қытайға жеткізеді.

Алакөлдің оңтүстік-батыс жағалауында бір қала тұрды, оны XIII ғасыр саяхатшылары «облыс астанасы» деп атады. Ал бұл Көктұма селосының орнында болып, қираған қалаға ұқсайды. Қазіргі кезде бұл ескерткіш көлдің суымен жуылып кеткен.

Енді Европаға Земархтың жолымен жүріп өту үшін Жібек жолының қазақстандық бөлігіндегі белді бір аттандыру бекеті — Испиджаб қаласына қайтып оралалық.

Керуен жолы Испиджабтан Арыс жағалауындағы Арсубаникетке, Отырар — Фарабқа және одан әрі Сырдария өзені ағысын қуалай отырып Арал теңізі алқабына кетеді.

Сырдарияны жағалай созылған керуен жолындағы аса ірі қалалар Отырар — Фараб пен Шавгар қалалары болды. Бірінші қаланың атауы Арыстың Сырдарияға құяр сағасындағы қираған қаланың аты арқылы осы күнге дейін сақталып келеді. «Фараб» сөзін тәржімалағанда «арғы беттегі қала» деген ұғым береді, ал мұның өзі Сырдария өзенінің арғы бетінде тұрған қала атауына сәйкес келеді.

Отырар маңында, X ғасырда Отырардың көгал алқабында болған басты қаланың бірі — Кедер. Ол «әр елден ағылған көпестер мекені» ретінде белгілі.

Отырар көптеген керуен жолдары тоғысқан түйін еді. Бір жол осы жерден Шавгарға кетсе, екінші жол Сырдария өткелі арқылы Басиджа қаласына барады. Соңғысы Шығыстың көрнекті ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің алтын бесігі болды. Бұл қала XIII—XIV ғасырларда Зернук аталады. Жібек жолы одан Сырдарияны жоғары бойлап, оғыз қаласы — Сүткент арқылы Шашқа, ал төмен қарай Жентке барады. Осы жерден жол Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенішке, одан Еділ жағалауы мен Кавказға кетеді. Жібек жолының бұл бөлігі XIII ғасырда, яғни Еділдің томенгі ағысы сағасында алтынордалық Сарай қаласы салынған кезде қатты жанданды.

Бұл жол XIII—XIV ғасырларда Сарайшық, Сарай — Бату және Каффа қалалары арқылы өтті.

VIII ғасырдағы деректерден белгілі Шавгар қаласы осы күнгі Түркістан маңындағы қираған ескі Чуйтөбе (Шойтөбе) қаласына сәйкес келеді. Шавгар атауы «Қаратау қаласы» деген мағына береді, ал бұл қаратау бөктерінде орналасқан қалаға сайма-сай келеді. X—XII ғасырларда қазіргі Түркістанмен қарайлас Шавгарға

жақын маңнан Яссы қаласы ірге теңті. Бұл кәдімгі атышулы Темірдің бұйрығымен моласының басына күмбез мазар (мавзолей) орнатылған атақты ақын Қожа Ахмет Яссауи туып, өз уағызын жүргізген қала еді.

Жібек жолы Шавгардан оғыздардың астанасы болған Янгикентке (Жаңакент) баратын. Жол бұл жерден де Қызылқұм арқылы Хорезмге тірелетін. Бұл аралық 10 күндік жол еді.

XII ғасырда Жент, оңтүстік-батысқа таман орналасқан Сығанақ тәрізді, қыпшақ мемлекетінің орталығы болды.

Шавгардан, кейінірек Яссыдан Тұрлан асуы арқылы шыққан жол Қаратаудың солтүстік бөктеріне жететін, ал дәл осы жерден Сырдарияны бойлай созылған екінші жолмен ықтаса жарысып жататын. Ол жол әсіресе XIII—XIV ғасырларда қатты жанданды. Аралдың солтүстік жағалауынан Монғолияға бет алған армян патшасы Гетум мен сопы Рубрук дәл осы жолмен жүрді. Бұл жолдың бойында Созақ, Уростан, Құмкент, Сугүлкент қалалары жатты. Ол Таластың төменгі ағысына жетіп, өзенді жоғары өрлей көтерілетін немесе Билікөлдін батыс жағалауын бойлап, Бүркіт — Паркет, Хутухчин арқылы Таразыға апаратын.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек жолының негізгі сорабынан солтүстікке де, шығысқа да жол бұтақтары тармақталып жатты. Олар Орталық және Шығыс Қазақстанды басып өтіп, кейін Сарыарқа ретінде баршаға мәлім болған Дешті — қыпшақ жеріне, Ертіс жағалауына, Алтай мен Монғолияға жетелеп кететін. Бұл жерде атты көшпелілер тайпалары жүретін дала жолы да болатын. Алайда, бұған қарап Қазақстанның далалық аймақтарын тек қана көшпенділер мекендеген екен деп ойлауға болмайды. Мұндай егіншілікке қолайлы жерлерде — Сарысу, Кеңгір, Жезді өзендері жағалауларында, Ұлытау етегінде, Ертіс жағасында, орта ғасырда егіншілік және қалалық тіршілік төңірегінде суармалы көгал алқаптар көбейе түсті. Оның үстіне мыс, қалайы, қорғасын, күміске бай кен орындары сонау қола дәуірінен игеріле бастады, ал көп кейінірек осы жерлерде кеншілер, метал балқытушылар, мысшылар мен күміс бұйым шеберлерінің қалашықтары бой көтереді. Мал, жүн, былғары, металл тәрізді шикізат қорына бай Орталық Қазақстан аудандары сауда-саттық жүйесіне, оның ішінде халықаралық байланысқа тартылды және көпте-

ген керуен жолдарымен қоса Жібек жолы жүйесіне енгізілді.

Отырардан Арсубаникет, Арыстанды, Шаян арқылы, Қаратаудың аласа жоталарынан асып, Тұрлан асуы арқылы Шавгар мен Яссыдан, Сауран мен Сығанақтан, Янгикенттен шыққан жолдар Орталық Қазақстанның далаларын шарлап, Сарысу мен Кеңгір, Торғай мен Есіл өзендері жағалауларына жетіп жатты. Бұл жерлерде Болған — Ана, Жаман-қорған, Нөгербер — дарасы, Домбауыл, Милы-құдық, Ормамбет тәрізді қабырғалары шөгіп кеткен, торт бұрышты елді мекен табылып, аршылды. Олардың айналасынап Жошы-хан, Алаша мовзолейлері тәрізді сәулеткерлік ескерткіштер сақталған ауқымды зираттар кешендері ашылды. Әл-Идриси «Бақырлытаға, Махмуд Қашқаридің орта ғасырлық жазбаларындағы деректерінде кездесетін Жұбын, Қоңғылықент қалаларын, Ортау мен Кейтау (Кейтаг) жайлауларын, Гарбин кен орындарын да осы жерлердің шеңберіне енгізу керек сияқты.

Янгикенттен шыққан жол солтүстік-батысқа беттеп, Білеуіті өзені жағасына апарады да одан әрі Қоңырат пен Қарсақпайға жеткізеді. Орталық Қазақстанға бастайтын Сарысу жолы деген сораб — Отырардан шығып, Шавгар мен Тұрлан асуы арқылы Ақсуға, Сарысудың төменгі ағысынан өзенді жоғары өрлейтін Ұлытауға (Кендірлік тау) жеткізеді, ал одап Есіл мен Ертісті бойлап кетеді. Ең қысқа жол Созақтан Шу өзенінің төменгі ағысына барып, одан Бетпақдала арқылы Жезқазғанға жеткізеді.

Тағы бір сораб — «Ханжолы». Жаңа дәуірге дейін қәдеге жараған, бұл жол Тараздан шығып, Таластың ағысы бойымен төмен жүріп, Мойынқұм мен Бетпақдала арқылы Атасу жағасына апарады.

Ибн-Бахра мен әл-Идрисидің мәліметтеріне қарағанда, сауда жолы Тараздан басталып, Адахкес, Дех — Нуджикес қалалары арқылы Ертістегі қимақтарға — қимақ қаханы ордасына, одан әрі Енесейдегі қырғыз еліне жеткізеді екен. Жібек артқан керуен қырғыздарға әрбір үш жыл сайын қатынап тұрған.

Іле алқабы Шу — Іле тауларын бөктерлей қуалап, Шу өзені сағасына қарай төмендеп барып, Сарысу өзені жағасына жететін жол арқылы Орталық Қазақстанмен ұласып жатты. Тағы бір маңызды жол негізгі солтүстік — Іле жолынан Шеңгелді маңында бөлініп, Балхаш атырабындағы Көктал мен Бояулы керуен — сарайлары

арқылы, одан соң Іле өзенінің бойында Ақтам, Ағашаян қалаларының қалдықтары жатқан Ортасу тармағын бойлай жүреді де Балхаш жағасына жетеді, одан ені 8 километрден сәл ғана астам түбек қалдырып, Өзеннің оңтүстік және солтүстік жағалауларын қосып жібере жаздап тұрған Ұзынарал түбегімен кетеді. Міне, осы маңдағы мүйістен көп бөлігі су астына қалып, қираған қала қалдығы табылды. Шамамен, керуендер бұғаздың кешу — өткелінен өтіп, Тоқырау өзенінің құйылысынан шыққан, содан соң осы өзеннің арнасын бойлап, Ұлытаудың етегіне қарай жүрген деп болжауға болады.

Жоңғар қақпасына қарай беттейтін солтүстік — Іле жолынан Алакөлді батыс жағынан айналып өтіп, Тарбағатай арқылы қимақтар мемлекетінің жеріндегі Ертіске шығатын бір жол бөлініп кетеді. Тарбағатай мен Ертіс өзені жағалауларында Банджар, Ханаум, Астур, Сисан атты қимақ қалалары және берік қорған қабырғалармен қоршалған, темір қақпалары бар үлкен қала — «Қаһан астанасы» қоныс тепкен. Қимақ қалалары Енесейдегі қырғыздармен Монғолиядағы ұйғырлармен және Шығыс Түркістанның көкорай алқаптарымен сауда жолдары арқылы байланысып тұрды.

Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін басып өтетін бөлігі мен оның бұтақтарының жалпы бағыттары осындай еді¹.

САУДА-САТТЫҚ ЖӘНЕ ТАУАРЛАР

Жібек жолы, айтып өткеніміздей, алғашында қытай жібегін Батыс елдеріне шығаруға қызмет етті. Сонымен қатар бұл жолмен Рим, Византия, Индия, Иран, Араб халифатынап, ал кейінірек Европа мен Русьтан сол елдерде өндірілген тауарлар да тасымалданды. Осы бір қымбат та әр-алуан зәру тауарлардың түр-түсіп тізіп көрсету қиын. Олардың ішінде мирра мен ладан (хоннисті қарашайырлар) да, жасмин суы мен амбра да, зынжабыл мен жұпар жаңғағы да, женшень мен аждаға оті де, кілем-

¹ Байпақов К. М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырдағы қалалық мәдениеті.— Алматы: 1986, 9—92 б.

дер мен маталар, бояғыш және минерал шикізаттары да, алмаздар мен асыл шақпақтастар, янтарь мен маржандар да, піл сүйегі мен «балық азулары» да, күміс пен алтын құймалары, аң терілері мен теңгелер, садақтар мен жебелер де, алдаспан қылыштар мен көксүңгі найзалар да, толып жатқан тағы басқалар бар еді.

Жібек жолымен Ферғананың «қызу қанды» арғымақтары, араб пен нисситліктердің сәйгүліктері, түйелер мен пілдер, мүйіз тұмсықтар мен арыстандар, қабыландар мен еліктер, қаршығалар мен қырандар, тауыстар мен тоты құстар да, түйеқұс та сатылып жатты.

Жүзім, шабдалы, қауын дәмдеуіштер (бұрыш, қалампыр, т. б.) мен қант, көкөністер мен жидектер, көк мәуелер тәрізді мәдени өсімдіктер де осы Жібек жолы арқылы кең тарады.

Дегенмен басты сауда заты жібек болып қалды. Жібек алтынмен бірдей халықаралық өлшемнұлына (валютаға) айналды, ол падишалар мен елшілерге сыйға тартылды, жалдамалы әскерлердің жалақысы мен мемлекеттік борыштар жібекпен өтелді.

Иранның шахиншағы Хосрау I Ануширван қытай әміршісінен (императорынан) өзгедей сый-сияпаттарымен бірге көкшіл өңірінде тәж киіп, түрлі әшекейлер тағынған падиша суреті бейнеленген қытайы-жібек ушарын (киім) алған.

Қытай, Орта Азия, Шығыс Түркістан әміршілерінің сарайлары қабырғаларындағы өрнектеп ойылған ақсүйектер бейнелері де жібек киімдер киінуі, осы бір қымбат бағалы бұйымдарға сәйкес сан алуан оюлармен, әлеміштермен, тіпті тігістермен безендірілуі кездейсоқ нәрсе емес.

Жібек жолымен өтетін жібектер мен тауарлардың белгілі бір бөлігі осы жолдағы Қазақстан қалаларында қалып жатқаны әбден табиғи нәрсе. Бұған археологиялық қазбалар кезінде табылып жүрген сондай тауарлар айғақ бола алады.

Отырар алқабындағы Мардан мазарлары кешенін қазған кезде бейіттің бірінен біздің дәуірімізге дейінгі I—IV ғасырларға жататын қытайдың жеті «У-шу» теңгесі (монеті) табылды. Бұл құйма теңгелер тағдыры байбатша (князь) Чжон — Цзяннің жолымен Батысқа, оның ішінде қанлы мемлекетінің орталығы орналасқан Сырдарияның орта ағысы шеніне сапар шеккен қытайдың сауда керуенімен байланысты екені даусыз. Сол бір кезеңдер жөнінде қытай деректері мынадай мәлімет бере-


ді: «...шетелдік әміршілермен қарым-қатынас байланысып күні кеше аңсап отырған және бәрінен бұрын шалғай аймақтарға мәшпүр болу даңқына ие болуды ерекше қастерлейтін қытай сарайы Қаңлылармен байланысып үзген жоқ».

Батыстап шыққан қымбат бағалы бұйымдар ішінде Жетісудан, византиялықтарға еліктеп, крест тәрізді таңба салып шығарылған күміс құмыраларды атап өтуге болады. Құмыраны жасаған шебер оны айна-қатесіз византиялық заттай етіп шығаруға күш салған. Күрешкердің бірінің тұтқасы иілісінде адам басының «ежелгі пішіні» бейнеленген. Зерттеушілердің пікірінше, византиялық үлгілерге еліктеуге бұлайша ұмтылу «империялық жұртшылыққа тән сұлулықты қастерлеуден» туса керек.

Жамбыл қаласында, Тараз орынынан бір бетінде — дулыға киіп, найза мен қалқан ұстаған император, екінші бетінде — қолына крес ұстаған Жеңіс әйел-құдайы бейнеленген Юстиан I-нің византиялық алтын құйма теңгесі табылды. Бұл жерде византияның алтын теңгелері кең таралып, халықаралық олшем пұл (валюта) ретінде пайдаланылғанын айта кеткен жөн. VI ғасырдың орта шеніне жататын Кузьма Индикопловтың византиялық және парсылық көпестердің кімнің әміршісі қуаттырақ деп таласқаны туралы бір әңгімесі белгілі. Парсы саудагері қолындағы бары — күміс теңгесіп көрсеткенде, Византия көпесі бүкіл жер жүзіне жүре беретін алтын теңгесін көрсетіп, ұтып кеткен.

Шетелдік бұйымдар олжасы қираған ескі Талғар қаласы жұртынан да табылды. Мұның өзі-құрамында көп жасау белгісі ретіндегі айшық-саңырауқұлақ тәрізді медальондармен жиектелген сәбилер бейнесі түбіне өрнектеліп салынған қытайдың төрт қып тостаған кейіпіндегі қазына дерлік. Ыдыстардағы айшықтар (символикалар) сырын шешіп көрер болса: еркектер әулетін көбейтуге (төрт бала) және біреу болса да бірегейлікке — «и туань хоци» (жалғыз жуан бала) құштарлық болып шығады екен. Бұл қазына құрамында, сондай-ақ, сынған жанан (фаянс) тостаған сынықтары да болды. Оның ішкі жағында қызыл түспен берілген тау мен теңіз көрінісіне отырған он бір еркек пен бір әйел бейнесі салынған. Барлық кейіпкерлер де алтын жалатқан сәнді киімдер киген, алтауының киімі қызыл, алтауынікі — қара, алтыпмен апталған. Отырған адамдардың үстіңгі жағында нұрға малынған алтын пұт-құдай бастары бейнеленген.

Еркектердің кескіндерінен етженді мұрындары мен қою қастары ерекше көзге түседі. Сегіз еркек тақырбас, сегізінің мұрты бар. Ортада тұрған еркек өзгелерінен ірірек, ұзын шашы, шалғысы салбыраған мұрты мен сақалы бар. Оның басында алтын тәж, оң қолында жүзін иығымен теңестіріп ұстаған қылыш. Әйелдің өңі ақ, көздері қысық, қастары доғаша иілген, ауызы оймақтай. Басында биік бас киім, оның астынан төгілген ұзын шаштары иығын жауып тұр. Адам бейшелерінің ара-арасымен қабыршақ денелі айдаһар оратылып жатыр. Тостағанның сыртқы жағында да осы адам бейшелері екі қатар салынған, олардың арасын ақ қабыршықты айдаһар белдеулеп бөліп жатыр. Тостағанның сыртқы түбінде перо-



Суретте: Талғар қаласынан табылған мыс табақ.

глифтер жазылған марка бар. Бұл қыш тостағандар мен жанан тостаған сынықтары Тальхиз (Тальгир) қаласына Қытайдан XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың бас кезінде келген.

Осы қазына құрамына кіретін үш ыдыстың өрнекті

қалдықтары да сол кезеңге жатады. Соның ішінде жақсылау сақталған біреуінің диаметрі 49,5 см. Ыдыстың ішкі жағы бірнеше жерінен ойылып түсіп сынған. Ішкі шеңбер алқаның (медальон) ортасына арыстан денелі, әйел жүзді, басына тәж киген қос қанатты екі мақұлық бейнеленген. Жұмбақ адамдар артқы аяқтарына тұрып, бір-біріне арқасын тіреп, құйрықтарын шалыстыра айкастырып, жүздерін бір қырын ұстап, герб бейнесінде тұр. Жіңішке доға тәрізді қанаттары жоғары көтерілген. Алқаның бос жерлері өсімдік өрнектерімен безендірілген. Алқаның сыртындағы шеңбер жүгірген иттер мен тұлкілердің бейнелерімен — «қуаласқан хайуандар» бейнесімен толтырылған. Тағы бір жолағына өсімдік өскіндерінен өріп жасалған лира (итальян теңгесі) тәрізді өрнектер толтырылған. Осындай ұқсас ыдыстар, сондай-ақ жұмбақ адамдар мен қуаласқан хайуандар бейнелері салынған түрлі ыдыстар көп-ақ. Олар Орта Азиядан, Поволжьедең, Закавказьедең, Таяу және Орта Шығыстан табылған тостағандар, айналар, пластиналар. Дәлірек айтқанда мұндай бұйымдарды алғаш жасаған орталықтар Иранда болды, олар — және олардың ою — өрнектерінің үлгілері жібек жолы арқылы түс-түсқа тарады¹.

Шетелдік бұйымдар Сырдарияның орта ғасырлық қалаларының жұртын, әсіресе жиырма жылға жақын зерттеліп жатқан Отырардың қалдығын қазу кезінде табылуда.

Бұл — сақиналана иіліп жатқан жолбарыс пен барыстың бұдырмақ бейнесі түсірілген нефрит жапсырма. Оның көлемі 3,2—3,5 см. Жиегінде бекітіп қоятын құлақшалары бар. Бетіндегі пұтқа табынушылық белгісі оның Қытайда шығарылғанын аңғартады. Хайуандардың тұлғаларын бейнелеуі дәстүрлі көктегі «ай» айдаһарының және айдаһар тәрізді қасиетті «ақ жолбарыс — байха» бейнелерін еске түсіреді.

Мұндай «жолбарыс жапсырма — белгінің» сыңарлары Чжоу дәуірінің Чжанго кезеңіне жатады. Жапсырма — белгілердің жасалу мерзімі Тан дәуірі немесе Сун дәуірі болуы мүмкін. Мүмкін, жапсырма найңзе (айырым белгі) немесе бір құзырлы адамның рулық таңбасы болған шығар².

Отырардан табылған күміс комбесі халықаралық сау-

¹ Байпақова К. М. Талгарское блюдо //Издание АН Каз. ССР. серия обществ. наук. № 6. 1968. с. 87—91.

² Ақышев А. К. Отырардан табылған өрнекті нефрит. Отырардағы археологиялық зерттеу. Алматы: 1977. ө. 34—42 б.

даны зерттеу үшін аса маңызды, мәні жағынан өте сирек олжалардың қатарына жатады. Өзінің құрамы жағынан олар ақшалай — заттай нәрселер. Көмбе жиынтығының теңгелер құрамы өте құнды: онда Шығыс Түркістан қалалары — Алмалықтың, Пуладтың, Эмильдің (Омыл), Азам ордасының, европалық Қырымның, кіші азиялық — Сивастың, Кони мен Тебриздің, қазақстандық Женттің теңге жасау сарайлары соққан құйма теңгелер кездеседі. Теңгелердің жиналу мерзімі XIII ғасырдың 60-шы жылдарының орта шеніне, ал шекілген кезі XIII ғасырдың 40—60 жылдарына тұспа-тұс келеді. Көмбенің күміс бұйымдары да әр алуан: олардың ішінде ұйғыр жазуы жазылған құрама белдіктің күміс жапсырмалары, ортаазиялық үлгімен Поволжьеде жасалған өрілген және бұрама білезіктер, Кіші Азия қалаларының біріндегі кәсіпқой шеберханалардың бірінде жасалған белдік доғасы бар. Көмбе бұйымдары монғол империясы дәуірінде Жібек жолында жатқан қалалардың өзіндік жеке-жеке «қолтаңбасы» тәрізді.

Отырарды қазған кезде табылған заттардың ішінде XIII—XIV ғасырдың қола айналары болғанын айта кетуге болады. Олардың бірқатары Жібек жолымен Қытай мен Парсыдан келіп, қалаға тап болған айналардан түсіріп алған үлгілер бойынша құйылған. Мәселен, сыртқы жағында «қуаласқан хайуандар» бейнесі мен он екі мүшел жылдарын көрсететін хайуандар мен малдың бейнелері салынған және олардың иероглифпен таңбаланған айналымы көрсетілген қытай айналары осыған жатады.

Отырардағы бір қазбадан екі бетіне де бедерлі суреттер шекіп түсірілген, көлемі 4,8 см. қола медальон табылды. Бір бетінде қолында адырнасын кере ұстаған садағы, белдігінде жебесін жоғары қаратып салған масаққа толы қорамсағы бар салт атты бейнеленген. Атпен қапталдаса ит, әлде бір қабылан жүгіріп келеді. Екінші бетінде жер бауырлап, денесін сақиналай шиыршықтап алған айдаһар бейнеленген. Бұл қытай айшығына сәйкес «коктің ай-аждаһасы» деген ұғым береді. Мұндай медальондар Жетісуда, Орта Азияда, Поволжьеде белгілі. Бір қызығы қабылан еріткен садақты салтатты бейнеленген медальондар XIII ғасыр мен XIV ғасырдың бас кезінде Египетте шығарылған қола ыдыстардың жақтауларын да безендіріп тұрады.

Барынша оюланып, өрнектелген қола сиясауыт та табылды. Сиясауыттың қабырғасы мен ашпалы қақпағы өсімдіктің өрілген өскінімен шерберлене өрнектеліп, сол

шеңберлер ішінде үйректер бейнеленген, ал түп жағына қанатты жұмбақ адам бейнесі салынған. Қақпағы үстіне көрнекі жазылған тілектестік сөздер айрықша көзге түседі.

Мұндай жазуы бар сиясауыттар XII—XIII ғасырлардың аяқ шенінде Орта Азия мен Хорасанда жасалған. Олжа сиясауыттар өте көп, әрі олар көптеген музейлердегі көркем металдар жиынтығы санаттарын безендіріп тұр. Мәселен, Өзбек ССР-нің ҒА-дағы тарих музейінде сақталған сиясауыт жақтауындағы шеңберде қағаз жазып отырған адамдар бейнеленсе, АҚШ-тың Метрополитен музейінен әкелінген сиясауытта тақта отырған әмірші бейнеленген. Сол сияқты Отырардан табылған әдемі шыны ыдыс, шыны құмыра (графин) да осы кезеңге жатады. Ол ақ мөлдір әйнектен жасалған да көк, қызыл және жасыл түсті эмальдармен әшекейленіп, геометриялық өрнектер салынған. Ыдыстың иіндеріне алтын сыр жалатылған. Бұл шыны құмыра Отырарға қымбат бағалы әйнек бұйымдарын бүкіл әлемге таратып отырған, әйнек-бұйымдар жасаудың дәстүрлі орталығы — Сириядан келген. Түсті эмальдармен сырланып, алтын жалатып безендірілген әйнек бұйымдар жасау ісі XII—XIII ғасырларда дәл осы Сирияда жолға қойылғанды. Мұндай бұйымдар Батыс Европада да, Кавказ бен Поволжьеде де, Орта Азия мен Қытайдан да табылды. Бір назар аударарлық нәрсе, XIV ғасырда саяхатшы Ибн-Боттута Хорезмде бір жоғары лауазымды байбатшаның үйінен осындай сириялық әйнек ыдыстардың аса бай сәпатын көрген. Міне, енді сириялық бұйымдар Сырдария бойынан да табылып отыр.

Жібек жолымен бұйымдар ғана таратылып қойған жоқ, сонымен бірге олардың көркемдік үлгідегі сәні де өріс алды. Сөйтіп олар жеткен жерлерінде белгілі бір этникалық — мәдени ортаның элеуметтік талғамына қарай тапсырыстар жасауына жол ашты. Тимуридтердің қыш ыдыстардың шаңқан ақ жақтауларын көк түсті өрнек-жазулармен әшекейлеу мәнері дәл осы Жібек жолы бойынша таралды деген пікір де бар. Бұл мәнер Юань династиясы кезінде (1279—1368) Қытайдың императорлық шеберханаларына еркін еніп, Иранға, Түркия мен Орта Азияға кең тарады. Кобальтпен өрнектелген тамаша қыш тостағандар мен сауыттар әлемінің көптеген музейлері көрмелерін безендіріп тұр.

МӘДЕНИ МӘЛІМЕТТЕР

Орта ғасырдың бас кезінде Азияда ұлаңғайыр аймақтар мен елдерді өз атауларына топтастырып жинақтаған әлемнің төрт патшалық жүйесі жөніндегі пікір кең етек алды. Осы «әлем патшалықтарының» әр қайсысы замандастарының көзалдында өзіне ғана тән артықшылығымен танылды. Суйдың (589—618), одан соң Танның (618—907) қоластына біріктірілген Қытай, орталығы Ганга өзені жағалауындағы Қанауджа қаласы болған үнді әміршілерінің патшалығы, Тынық мұхиттан Қара теңізге дейін біріккен түрік, одақтасқан Персия мен Византия тәрізді қуатты мемлекеттердің құрылуы дүниенің төрт тұсына орналасқан әлемдік төрт билеушілер жөніндегі идеяның тууына негіз болды: пілдер патшасының империясы (Индия) оңтүстікте, құнды заттар патшасының империясы (Иран мен Византия) Батыста, арғымақтар патшасының империясы (түрік қағанаттары) солтүстікте, адамдар патшасының империясы (Қытай) Шығыста болды. Ал осы идеяны мұсылман авторлары былай таратты: пілдер патшасы — үнді пәлсафасы мен ғылымының мәніне қарай, әрі даналық патшасы аталса, адамдар патшасы — қытайдың атақты өнертабыстарына қарай, мемлекеттік басқару мен өнеркәсіп патшасы атанды; ал батыста екі патша бой көрсетті: оның бірі (патшалардың падишасы) Персияның, кейін арабтың патшасы болса, екіншісі (еркектер патшасы) жұртшылығының келбеттілігіне байланысты — Византия патшасы болды¹.

Самарқандқа жақын Қушан елді мекеніндегі ғимараттың қабырғасын түгел алып тұрған әшекейлі орнаменттер осы жүйенің айғақтамасы болып табылады. Онда қытай императорлары, келесісінде түрік хандары мен үнді брахмандары, үшіншісінде парсы патшалары мен рим императорлары бейнеленген².

Қандай халық болсын әйтеуір өзіндік бір ерекшелігімен атақты да даңқты екені туралы ақындар былай жырлайды:

Жадыңа тұт, аль-арабтай кешегі
Шабандоз жоқ жыр-бәйітке көшелі.
Ал гректің ежелгі есті ұлдары
Жер-жиһанды емшілікпен нұрлады.
Тылсым күшпен тартқыш ел жоқ үндіден,

¹ Ирано-таджикская поэзия.— М: 1974. с. 82.

² Ирано-таджикская поэзия.— М: 1974. с. 82.

Рим етті сан-есеп, саз-үнді кен.
Қытай күшті-ақ суретке жырақта..
Бағдаттықтай қыл-қаламнан гүл төккен
Шын шеберді көрмепті әлем бірақта.

(Нәсір Қысырау)

Талас аңғарындағы қираған ескі Қостөбе қаласы орынынан аршылып, Жамұқат естелігімен теңестіріліп отырған, VIII—IX ғасырларға жататын ғибадатхананың қабырғалары қалың сылақ қабатына ойып салынған өрнектермен безендірілгенін де осылайша ғана түсіндіруге болатын шығар. Қабырғалардың гипс тақталы жолақтарына піскен мәуелері тұнып, бұтақтары иіліп тұрған жүзім бұталары, қызғалдақтар, жапсырма жапырақтар, құрма мәуелері, ромб белдіктер, меандрлық жиектер, өсімдік шоқтары шебер бейнеленген.

Ою-өрнектердің, жекелеген әшекейлердің салыну мәнері мен үлгісі Афрасиаб пен Варахша, сондай-ақ Самарра мен Фустат сарайлары қабырғаларындағы өрнектердің салыну мәнерінен аумайды дерлік.

Мұның өзі Бағдат шеберлерінің талғамы мен халифат астанасының астаналық мәнер-сәні отырықшы мұсылман елдердің қалаларын маңайлай өтетін Жібек жолы арқылы тарағанын тайға таңба басқандай көрсетеді.

Әр түрлі елдердегі авторлар, сол бір алыс дәуірдің замандастары, қайсы бір мемлекеттің қай салада озық болғанын жазып қана қоймай, сонымен бірге өз халқының өзге ел мәдениетінің құнды жақтарын қалай игергені және дүниежүзілік мәдениеттің нақты бір түрінің негізгі мәні де осында болғаны жөнінде де жазған.

Зорлық-зомбылықты, дүние қоңыздық пен екіжүзділікті әшкерелеп, езілгендер мен жарлы-жақыбайларды мүсіркеуді уағыздаған парсының атақты ақын-софысы Жәлеледдин Руми (1207—1273) өзара мәдени алыс-берістер мен өзара түсінушілікті асқан шабытпен жырлады. Руми былай жазды: «Кейде түрік пен үнді оп-оңай ортақ тіл табыса кетеді. Кейде екі түрік бір-бірін жаттай сезінеді. Ендеше жанмен ұғынысу тілі дегеніміз — мүлде бір басқа нәрсе; бір тілдестіктен жанмен ұғынысу тілі қымбат». «Дін жүрегі» атанған абзал ақын Көньяқ қаласында қайтыс болған кезде оны ақтық сапарға шығарып салуға мұсылмандармен қатар христиандар да, иудейлер де, буддаға табынушылар да бірлесе қатысқаны тектен-тек емес-ті.

Тауарлар, қол өнердің, сәулет өнерінің, қабырғалық

көркем суреттердің үлгілері мен этолондарын Шығыс пен Батыс елдеріне таратумен қатар музыка мен би өнерлері де, көрнекі көріністі ойын-сауықтар, яғни өзінше орта ғасырлық «эстрадалар» да тұс-тұсқа таратылып отырды. Көрнекі көріністер, музыканттар мен бишілердің, тағы хайуандарды үйретушілердің, акробаттар мен ым-қимыл шеберлерінің, «сиқыршылардың» (фокусшылар) өнерлері ерекше жылдам жайыла түсті. Бұл өнер тәржімалауды керек те етпеді, кезбе өнерпаздар үшін тіл кедергісі кездескен жоқ — «ойындағысын дене қимылымен түсіндіруді жұрттың бәрі бірдей түсінеді», — деп жазды Эразм Роттердамский.

Мұндай ойындар гректің басилевсіне де, киевтік князға да, түріктің қағаны мен қытайдың императорына да бірдей көрсетіле береді.

Шетелдік оркестрлер сарай маңындағы қызметкерлер құрамына кірігіп кете берді. Олар сарайдағы ресми рәсімдер кезінде қалай ойнаса, сарайлардағы биресми салтанаттарда да солай ойнай берді. «Мысал үшін, Сюань — Цзунь патшалығы сарайының әнқұмарларының бірі 30 мың музыкант ұстағаны белгілі. Түрік қағаны өзінің Суябқа таяу жердегі ордасында елшілер қабылдағаны туралы жазбаша сипаттама сақталған. «Қаған, — деп жазады бұл оқиғаны өз көзімен көрген будда қажысы Сюань — Цзянь, — шарап құйып, ән-күй бастауға бұйрық берді... Осы кештің басынан аяғына дейін шетелдік музыка темірлер жаңғырығымен ұласа естіліп тұрды. Мұның өзі тағылардың музыкасы болатын, соған қарамас-тан ол да құлаққа жағымды естіліп, жүрек пен санаға қуаныш ұялатты».

Таяндық Қытайда негізінен Батыс елдерінің — Шығыс Түркістан мен Орта Азия қалаларының музыкалары неғұрлым көбірек тыңдалғаны белгілі. Қушаның, Қашғардың, Бұхара мен Самарқанның, Үнді мен Корейдің музыкалық дәстүрлері ресми қамқорлық арқасында қытайдың музыкалық дәстүрімен етене астасып кетіп жатты.

Иран, соғды және түрік актерлері Қытайдың хореография (би және балет) өнеріне де көптеген игілікті әсерлерін тигізді. Барлық артистердің ішінде биші жігіттер мен қыздар өнері ерекше кең таралып, дәріптелді. «Батыстың қарғып билеу биін» әдетте иран үлгісімен тігілген кең көйлек, моншақ тағылған биік шошақ бөрік киіген Ташкент балалары билейтін. Олар беліне билеген кезде ұштары желбіреп жүретін ұзын, түрмебелдеумен

орап алатын. «Чача биін» түрлі түсті кесте салынып, сыртынан күміс белбеу тағылған көгілдір жұқа желбегей (халат) киген екі балғын қыз биледі. Олар үстеріне тар жеңді көйлектер, бастарына алтын қоңырау (сылдырмақ) тағылған үшкір бөрік, аяқтарына қызыл, жылтыр мата кебіс киіп биледі. Сондай-ақ биші қыздар «Құйындай үйірілген Батыс арулары» биін де биледі. Оны негізінен алқызыл көйлек, жасыл шалбар, қызыл күдері етік киген соғды қыздары секіре қарғып, шар үстінде тұрып, шыркөбелек айналып билеген¹.

Мәселен, Шығыс артистері Константинопольда жиі-жиі «өнер көрсетіп» жүргендері белгілі. Айталық, византиялық император әйелдің бай қонақасында болған орыс княгинясы Ольганың көңілін күлдіргі масқарапаздар мен даршылар (эквилибристер) аулаған, ал сельжүк сұлтаны Арслан II құрметіне Мануил I ұйымдастырған мерекеді түрік акробаты ауада аса қауіпті айналым жасап секіріп, өнер көрсеткен. Сондай-ақ беткеп киіп те өнер көрсетілген.

Бұл дәстүрлер мұсылман елдерінде күні кешеге дейін ұзақ уақыт сақталған. Бағдатта наурызды тойлау кезінде, тіпті халифтың көз алдында, беткеп кигендер өнер көрсеткені белгілі болып отыр.

Жібек жолындағы түрлі ескерткіштерді қазған кезде музыка және театр саласындағы даму барысымен өзара бірін-бірі байытып отырғанын дәлелдейтін көптеген айғақ заттар табылды. Бұған Тан дәуіріндегі саздан күйдіріп жасалған түйе бейнесінің қос өркені арасына сыйғызып салынған биші жігіттер мен қыздардың, беткеп киген актерлердің, музыка ансамбльдерінің бейнелері санаты жатады. Осы артистердің көпшілігінің бет-бейнелері Орта Азия халықтарының өкілдері екенін көрсетеді. Пенджикенттің, Варахшаның, Афрасиабтың, Топыраққала мен Шығыс Түркістан қалаларының қабырғаларында салынған музыканттар мен беткеп киген актерлердің бейнелері сақталған. Сондай-ақ Пенджикенттен биші қыздың ағаштан ойылған тамаша мүсіні табылды. Сырдария бойындағы Кедер қаласын қазған кезде X—XI ғасырларға жататын қыштан жасалған артистің беткебі табылып отыр.

¹ Шефер Э. Золотые персики Самарканд. с. 82.

ДІН ЖОЛДАРЫ

Жібек жолымен діни сенімдер де таратылды, ал әр алуан дін уағызшылары (миссионерлер) өздерінің діндерін теңіздің арғы бетіндегі елдерге де «ала барды». Үндіден Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы будда діні, ал Сириядан, Иран мен Арабтан әуелі христиан діні, артынша ислам діні таратылды.

Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, будда діні Ғытайға Үндіден Орта Азия арқылы енген. Бұл діни ағым біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырдың орта шенінде тараған. Шығыс Түркістан мен Қытайда будда дінінің таралуында орта азиялық діни хадисшылар мен дін уағыздаушылары, әсіресе соғдылар мен парфияндар, қаңлылар маңызды роль атқарды. Шамасы Шығыстағы Қушан мемлекетінің саяси мақсаттары әсер еткен болуы керек, будда діні біздің дәуіріміздің II—III ғасырларында өте белсенді түрде таралды.

Ерте орта ғасыр дәуірінде будда дінін тарату міндетін негізінен соғдалық діни уағызшылар атқарды. Будда дінінің Орта Азияға таралуында да, тұтастай алғанда, осы соғдылықтар маңызды жұмыстар жүргізді. «Бодисатва» сөзі орта парсы, ұйғыр, қытай тілдеріне соғды тілінен енді. Шығыс Түркістанның будда дініндегі түркі сөз тіркестеріндегі терминдерге талдау жасап көргенде, олардың соғдылардың аралық дәнекерлігі арқылы алыс-берістен туған сөздер екені көрінеді. Жапонның Нара астанасындағы будда шіркеуі Қареджиден соғда жазуы табылған. Будда ескерткіштері Жібек жолының Орта Азияның қиып өтетін күретамырларында тұрған қалалардың көпшілігінен табылған. Қаратөбедегі Термезден I—III ғасырларда салынған будда сопыханасы (монастырь) өп жылдан бері қазылып жатыр. Соғданың Санзар алқабында жеке басқа (дінге) табыну ғимараты болған. Мервтегі ескі қираған Гуяр-қаладан да будда ескерткіштері ашылды. Будда мозалының төбесі тегіс жабылған. Оның шығыс жағындағы қақпа бетіне тұрғын және шаруашылық жайлары орналасқан. Олардың құрамында төрт бұрышты жобамен салынған шағын шіркеу бар. Дәліздің ұзына бойы қабырғасына орнатылған тас-табандар мен суфаларға монументті мүсін салынған. Ғимыратқа кіреберістің екі жағында қосқатар баспалдақты тұғыр-тастар болғанға, ал олардың үстінде аяғын еденге түсіріп жіберіп отырған Будда мүсіндері болғанға ұқсайды. Ғибадат-

хананың еденінен Будданың суреті бейнеленген, алтын жалатқан икон жапсырмасы табылды.

Төрт бұрышты үлгімен (38×38 м) салынған Ақ-бешім ғибадатханасының есігі солтүстік жаққа қаратылған. Крест тәрізді үлгімен салынған целланың (10×10 м) екі жағынан ұзынша дәліздер (коридорлар) таратылып, олар төртбұрышты шағын аулаға шығарылған. Ғибадатхананың және дәліздерінің қабырғаларында мүсіндерге арналған кертпе қуыстар бар, ал қабырғалардың бәрі ою-өрнекті жазулармен безендірілген. Қыш мүрделері, оның ішінде Будда, Бодисатва, Докшита бейнелері бейнеленген.

Уақыты ІХ—Х ғасырларды көрсететін бірінші Краснореченск шіркеуі Ақ-бешімнен біршама өзгешелеу. Оның орта құжырасы (целласы) зал мен екі жағын орап өтетін ұзынша дәліздерден тұрады, есігі оңтүстік-шығысқа қаратылған. Орталық ғибадатхананың көлемі онша үлкен емес (3,2×3,2 м). Оның қабырғаларында ақ сылақтың үстіне көк, қызыл, қоңыр және қызыл бояулармен жазылған ою-өрнектер аздап сақталған. Өрнектердің бірінің астына қара «сиямен» жазылған жазу бар, бірақ бұл нашар сақталғандықтан оқуға келмеді.

Сырттан белдеулеп жатқан галерея ғибадатхананы үш жағынап орап жатыр, дәліздерінің ені 2,3-тен 2,7 м-ге жетеді. Шіркеу кешені құрамында ғибадатхананың екі қапталынан жапсарластыра салынған, аула жақтары ашық екі жай бар.

Екінші Красноречинск шіркеуі құрылысы жағынан бірінші Ақ-бешім ғибадатханасына ұқсас. Ғибадатхана қабырғасы ашық, оның қарсы бетінде шағын аула, екі орама дәліздері бар. Орталық құжыра төрт бұрышты (6×6 м), төбесі күмбезделіп жабылған: күмбез төбенің астыңғы жағынан бұрын арка (ойық қақпа) болғаны аңғарылады. Ғибадатхананың қабырғаларын ағаш бағандар мен тіреуіштердің көмегімен кірпішпен бірге өріс жасалған күрделі мүсіндер кешені безендіріп тұр. Осы бір кейін қосып салынған ірі мүсінді уақыт бізге дейін сақтай алмаған, дегенмен құлаған ғимарат үйінділері астынан негізгі мүсіндер өрнегімен үйлесімді майда оюлы сынақ тақталар қалдығы көп табылды. Екі қыш мүсін қалдықтары орталық құжыраға кіреберістен көтеріп алынды. Олардың екеуі де екі жақтаудағы тас-тұғырдан тұрған; олардың жекелеген бүйір сынықтары мен бас пішіндеріне қарағанда қалпына келтірілетін биіктіктері

Бір жарым адамның бойындай. Мүсін сонау ежелгі заманда-ақ қираған.

Орама дәліздердің ұзындығы 1-м болған. Қабырғаларда құрылысты қайта салу кезеңдерінің бірінде сары сазға түсірілген көркемсуретті өрнектердің қалдықтары сақталған.

Батыс беттегі дәлізде «Нирвандағы будда» атты мүсін болған (басы мен бүйірінің бір бөлігі сақталмаған). Оның ұзындығы 8 м, тұлғасының ені 1,5 м. Мүсін қызыл түске боялған тас-тұғырда, оң жақ жамбасымен жатты. Будданың киімі қыртыс-қатпар салынып, ол да қызыл түске боялған. Жетісудағы будда қауымының мүсіндік таңбасында дәстүрге айналдырылған табынушылық белгілері басым келеді. Будданың жүзі жалпақ, екі бетінде жұмсақ шұңқыры бар; қабағы жартылай төмен қарай жабылған, құлақтарының ұшы кейін тартылған, көзінің қиығы ұзынша, жұмық. Краснореченскідегі сазға салынған мүсінде көздің жоғарғы аласы, мұрнының қыр үсті, ерінің езу тұстары қызылмен сызылған; көздері шекеге дейін жететін қара бояумен әдіптелген. Қас доғасы мен шаштың ірі бұйрасы көк және қара түспен апанық сызылған, шеке тұсында әшекей ретінде жапсырып жасалған, жарты шар тәрізді қоңыраушалар, омырау әшекейлері, қолының қос басында білезіктер бар. Кездейсоқ табылған олжалар ішінде үнді заттары аса көп кездеседі. Бұлар — будданың, буддашылардың алтын жалатып, құнды тастармен безендірілген мүсіншелер, қола таңбалар мен жапсырмалар, бір кезде будда шіркеулері мен софыханаларының (монастырь) табынатын тұлғасы және қасиетті әшекейлер санатын құраған майда тастар мен металл қоспаларынан жасалған көрнекті де бедерлі бұйымдар. Әсіресе, Краснореченскідегі шіркеу кешенінен табылған будда құдайнамасының мазмұны бойынша әшекейленген гранит стелла ерекше назар аударады. Металл құймасының ұзындығы 60 см, ені 35—32 см, ал тақтаның қалыңдығы 14 см. Тақтаның беткі жағы суретті үш бөлікке бөлінген. Ғимараттың сыртқы қабырғасының жоғарғы жағына әміршілер үштігі — көпжылдық өсімдік сабағы үстінде отырған Будда мен оның екі жағында тұрған боддиставтар (пайғамбарлар) бейнеленген. Олардың беттері бүлінген. Орталық белдеуде екі қиял-ғажайып хайуандар екі жақта отыр, төменгі белдеуде осы шіркеуді салушылар бейнеленіпті. Жақтаудағы бөліктерінде асқан шеберлікпен оюлап салынған гүл өрім-өрнектермен үнді сағанасының құдіретті қасиеті паш етілген.

Құйманың сыртқы бетінде үнді жазуының іздері бедерленген. Сондай-ақ сырттан әкелінген бұйымдардың қатарына Аджант өнері үлгісінен көшіріп жасалған көрініс-кішікене ғана тастан қашалған бедерлі-өрнек те жатады. Мұның атауы: «Будда әлемге».

Археологтардың соңғы табыстары қатарына орта ғасырдағы атақты қалалардың бірі Испиджаб — Сайрам үйіндісіне жақын жерден табылған жерасты софыханасы (монастырь) жатады.

Тау бөктеріндегі сары топырақты обалар астынан бірнеше ұзынша, жіңішке жайлар табу мүмкіндігіне қол жетті. Олардың күмбез төбелері VI—VIII ғасырларға тән тік бұрышы қам кірпіштерден өріліп жабылған. Сол кездегі жер үсті құрылыстарына тән қабырғалардың әр жеріне қойылған қыш тіреулер қара бояулармен сырланған.

Жерасты софыханалары мен шіркеулер кешені буддизмінің әр түрлі аудандарға кең тарағанын наш етеді. Мұндай ғимараттар құрылысы Шығыс Түркістанда, әсіресе оның солтүстік жартысында — батысында Қашқардан Хамиге, шығысында Қытайға, Дунхуанға дейінгі аралықта өте көп табылды. Міне, енді солардың аралық бір буындары Оңтүстік Қазақстаннан табылып отыр. Үңгір софыханалары кешендерінің осыған ұқсас түрлерін Маурь дәуірінде, Магадха мен оған таяу жерде (Осы күнді Бихарда) үңгірлік сәулет өнері дамыған Үндіден ізделген жөн. Ертедегі Батыс үнді жеріндегі үңгірлік ғимараттар софыханалар болды. Әрбір софыхана бір немесе бірнеше чатъялардан — ғибадханалардан және бірнеше вихаралардан — софылар тұратын жайлардан тұрған.

Испиджаб маңынан табылған жай да вихара болуы мүмкін.

Жібек жолымен буддизммен қатар Батыстан Шығысқа қарай христиан діні де таралып жатты. V ғасырдың алғашқы жартысында Шығыс Рим империясына «шерік сатушылар» сектасы, яғни әулие Несторийді пір тұтушылар сектасы келіп енді. Бұл соңғы діни ағым қасиетті Мария құдайды туған жоқ, адам туды, сөйтіп Христос (Айса) тек қасиетті рух несі, «құдай өкілі» ғана деп ұйытқызды. Несторийдің пікірінше қасиетті Мария құдай туған жоқ, Христы туды, яғни «Мария құдай-тағаланы емес, адам — Христосты туды». Дәл осы күтпеген күрт бағалық бұхараның төлқуып туғызды. Мұның өзі 325 жылы Никей соборында Христостың ұласқан ұлы құдіретің — адам мен құдайдың ажырамас біртұтас бейнесі, ол

құдайдан бөліп қарауға болмайтын қасиетті рух екендігіне сәйкес дін символы ретінде қабылданған сенімге қайшы келетін күпірлік деп таныды алған бетінен қайтпайтын шіркеудің әулие әкесі. Нестория ілімі 431 жылы Эфесс соборында қатты сынға ұшырап, несторияшылдар қатты қуғын-сүргінге салынды. Сөйтіп, олар соның нәтижесінде Иранға қашып кетуге мәжбүр болды. Несторияның жақтастары Персияда, шекаралық күштер басын біріктіретін мектеп ашты. Константинопольдегі сауда орталығынан айрылған сириялық бай көпестер мен қолөнершілер Шығысқа қарай ағылды.

Бір таңғаларлығы, сонау бір қияндағы Азия аймақтарының сириялықтармен тығыз байланыста болғандығы. Олардың отарлары мен өз иелігіндегі сауда орталықтары Иерорта теңізінен сонау «Аспан империясына» дейін қанат жайып жатыр еді. Таулы аймақтар мен көгал ойпаттарды басып өтетін осы жолдың өн-бойынан тамаша мәдениет ескерткіштері табылды. Осы жолдың бойынан әлі де тіршілік тынысы мен өнердің, түрлі діндерге және христиан дініне тән құмға көміліп қалған ескерткіштері табылуда. Және осы жолдың басынан аяғына дейін тұс-тұсқа таралуы өте ерте дәуірде басталған сириялық жазу мәдениетінің, сириялық христиан дінінің айғақ заттары табылады да жатады. Сириялықтардың көпғасырлық экономикалық байланыстары олардың Араб түбегіне де, Үндіге де, иран мен түркі тілдеріне сирия тілінің белгілі бір дәрежеде әсері болған Орта Азияға да өзінің мәдени ықпалын тигізбей қоймады. Христиан дінінің метрополиідегі және отарлардағы сияқты соғдаларға да таралуы соғдылардың Сирия жазуымен тапысуына мүмкіндік берді. Сирия жазуы соғды — христиандар арқылы ұйғырлардың қабылдауымен ежелгі түркі тайпаларына да таралды: «...сириялықтар дүниежүзілік ғылым мен мәдениетке аса зор үлес қосты. Олар Шығысты антикалық ең ежелгі заманнан бастау алған дүниежүзілік мәдениеттің даму сатысына көтерді».

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында VII—VIII ғасырларда несториандық діни ілім кең стек алды. Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болды. Шамамен, христиан дінін түрік патриархы Тимофей (780—819 кезінде сірә қарлұқ жабғысы арқылы қабылдаған болса керек. Өйткені IX—X ғасырлар қарсаңында қарлұқта айрықша көп аймақтарды өз билігіне қаратып, Тараз бен Меркеде христиан шіркеулері жұмыс істеді, Сырдария бойындағы қалаларда да христиандар тұрды.

Іле алқабындағы Қаялықта өздерінің шіркеуі, сондай-ақ ез қонысы болған христиандар жайлы Вильгельм Рубрук хабарлайды. XIV ғасырда Ыстық көл жағасында әулие Матфейдің денесі шірімей сақталған христиан софыханасы (монастырь) болғаны мәлім.



Суретте: Қостөбеден табылған нефрит кресі.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларынан несториандарға байланысты табылған олжалар жазба ескерткіштердегі мәліметтердің анықтығын жеткілікті түрде айқындай түседі. Бұған ескі Ақ-Бешім қаласы жұртынан аршып алынған христиан шіркеуінің қалдықтары жатады. Оның құрылысы тең төрт бұрышты жобамен салынып, төбесі күмбезбен жабылған, тік бұрышты ауласы бар.

Жамукат және Навакат қалаларындағы мазарлар кешенін қазған кезде күміс, қола крестерімен қоса жерленген христиандар бейіттері табылды. Ал Красная Речка (Қызыл өзен) атты ескі қала жұртынан кездейсоқ нефрит кресі табылғаны да белгілі. Қираған ескі Төрткөлтабе қаласынан табылып, Шараб қаласында жасалған деп ұйғаруға келетін тас келі Шымкент қаласы музейінде сақтаулы тұр. Онда христиан таңбалары — крест пен көгершін бейнеленген.

Тараз қаласы жұртын қазғанда VI—VIII ғасырларға жататын топырақ қабатынан бүйірінде «Петр және Гавриил» деген сириялық жазуы бар қыш күрешке табылды. Ертедегі христиан иконнамасы аңызының желісімен әрнектеліп, Анаковтық және Григорьевтік деген атақпен мәшһүр болған екі күміс ыдыстарды да несториан қол-әнершілерінің қолынап шыққан бұйымдарға жатқызуға болады. Григорьевтік күміс ыдыстағы (IX—X ғғ) бейнелер тегіс өрнек түрінде қосымша оймышталып салынған. Ыдыстың жалпы көрінісі мен жекелеген бөліктеріне алтын жалатылған. Бір-бірімен шеңберлесе айқасып жатқан үш алқа (медальон) үш түрлі аталған: «Мадақтау», «Табыт басындағы әйел», «Қол-аяғы керіп тасталған Иса», олардың ара-арасында «Арыстан орындағы

Даниил», «Петрдің безінуі» және «Қожайын табытынын күзетшісі» делінген.

Бұл өлкелерде христиан діні пайда болған XIV ғасырдың аяқ шеніне дейінгі кезеңде ортаазиялық түркі ұлтты христиандардың «діни өнер мен діни мәнді айшықтарының» озық үлгілеріне қайрақтастар — несториандық жазулары мен айшықты таңбалары бар құлпытастар болды. Олардың негізгі көпшілігі Жетісу мен Шығыс Түркістанда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде табылды, рас ондай олжалар қазір де ұшырасып қалады. Мәселен, ескі Краснореченск (Қызыл өзен жағасындағы) қаласын қазғанда XI—XII ғасырда салынған құрылыстың іргетасынан сириялық жазулар бар екі қайрақтас табылды. Олар екінші қайтара пайдаланылған. Қайрақтастың бірінде 789 жыл таңбаламса екіншісі 909 жылды көрсетеді. Біріншісінде «Иал-анч бикештің» аты жазылған. Мұның өзі өте ертеде сириялы құлпытастарға жазылатын қабірпамаға, V—VI ғасырларда Сириядан табылған қайрақтастардың осыған ұқсас үлгілерінің аралық буынына жатады, ал XII—XIV ғасырлардағы қайрақтастар, жоғарыда айтқанымыздай Жетісу мен Шығыс Түркістаннан табылды¹.

Навакетте христиан қауымы өмір сүргенін қабірлер құлпытастарындағы сириялық жазулар ғана емес, соны мен бірге қыштарға, шарап құятын үлкеп қыш көзелердің гүлтәж өрнектеріне түсірілген соғды жазулары да айғақтай түседі. Солардың бірінде былай жазылған: «Бұ көзе Иарук-Тегін ұстазға (арналды). Шебер-Пасту ылайым ол (көзе) әрқашан толы болсын, әумин, әумиін» Бұл жазуға «ұстаз» сөзі түрік-соғды құлпытаснамаларында кездесетін «ұстаз, тәлімгер» сөздерімен мағыналас Соғғы «аминь» (әумиін) сөзі Иарук-Тегіннің христиандық қауымының билеушісі болғанына күмән қалдырмайды. Өзге біреуінде мынадай өте қысқа сөз жазылған: «Бұ көзенің шебері — Пастун». Ал Навакеттің батыс бетіндегі ескі Покровка қаласы жұртынан табылған тағы біреуінде екі жол соғды жазуы бар, тәржімалағанда былай болып шығады: «Бұл ыдыс — Пакап қауымының сыйы» Бұл шарапты қуаныш үстінде інкейсіз, тақсырым... Құдайдың қайырымына бөленген Әли-Білге тақсыр әменді бақыт-берекетке кенелсін. «Тараздан табылған көз жақтауында «Әмірші Ильтаг» деген сөздер ойып жазыл

¹ Горячева В. Д. Город золотого верблюда. Фрунзе. 1988. 62—68.

са, ескі Қасымшы қаласындық көзенің гүлтәжі өрнегінде «Епископ Ширфон» деген жазу бар. Сипатына қарағанда бұл палеографияның уақыты IX—X ғасырларға немесе тіпті XI ғасырдың бас кезіне жатады.

Бұл жазулардың бәрі шарап ыдыстарына жазылғанына қарап, өздерінің салт-дәстүрінде маңызды роль атқарған шарапты Жетісуда шығару билігі христиандардың қолында болған деп жорамалдауға болады. Мұндай пікірдің дұрыстығын Степнинскідегі ескі Ақтөбе қаласы жұртынан археологтар тапқан X—XI ғасырға жататын шарап жасау орыны да дәлелдей түседі. Оның түбі крест таңбасы сызылып, күйдірілген кірпіштермен қапталған.

Сөйтіп, археологиялық және эпиграфиялық олжа заттар орта ғасырлық жазба деректермен астаса отырып, христиан дінінің таралу жолдарын көрсетіп береді.

Жібек жолымен тараған тағы бір дін — манихей (рух пен материяны шендестіруге ұмтылыс) діні. Ол Иранда III ғасырда пайда болып, тез қарқынмен Италиядан Қытайға дейінгі аралықта көптеген оз жолын ұстаушылар ықыласын жаулап алды. Оның өзі зороастризм мен христиан діндерінің тұтас бір синтезін құрайтын еді. Сөйтіп, манихей діні христиан дінінен осы дінді уағыздап таратушылық әдісін, ал зороастризмнен — жақсылық пен жамандық, жарық пен түнек күресі идеясын алды.

Манихей дінін таратуда, сондай-ақ, соғдылар да жетекші роль атқарды. VIII ғасырдың бас кезінде манихейшілерді басқарушының (пайғамбарының) ресми орыны Самархандта болды. Манихей діні Орта Азияда ұзақ уақыт бойы өмір сүрді және буддизм манихей дінінің сағаналарына, терминологиясына, тіпті оның негізгі көзқарасы жүйесіне де қатты әсерін тигізді.

Манихей діні Жетісу мен Қазақстанның оңүстігінде, ең алдымен, отырықшы жұртшылық арасында өзінің жолын қуушылар тапты. Турфан алқабынан табылған «Қасиетті екі негіз кітабы» атты манихей шығармасының ежелгі ұйғырша қолжазбасында бұл кітаптың «он екі елінің (дени) сенімін ояту үшін», «Аргу-Талас (Алғын-Аргу Талас ұлысында) қаласында жазылғаны жөнінде айтылады. Бұл жерде әйгілі Тараз қаласы сөз болып отыр. Сондай-ақ, манихей тұрғындары жетісудың басқа да бірқатар қалаларында — Баласағұнда, Шігілбалықта тұрғаны мәлім.

Таразды қазу кезінде табылған манихей дінінің жұлыз құдай айшығы болып саналатын жарты ай мен әйел

жүзі бейнеленген қола алқаны да манихейлік қасиетті заттар қатарына жатқызуға болатын шығар.

Қазақстанның орта ғасырлық қалаларының бірқатар тұрғындары ежелгі Иран жерінде біздің дәуірімізге дейінгі VII—VI ғасырларда өмірге келген тағы бір дүниежүзілік діннің зороастризмнің өкілдері болғаны хақ. Бұл діннің іс жүзіндегі салт-дәстүрі сипатына тән нәрселер — Әлемнің төрт элементін — суды, отты, жерді, ауаны қастерлеу. Зороастризмнің бұл элементтерін Орта Азиядан, Соғдыдан, Сырдария қалаларынан және Жетісудан аңғаруға болады. Оттың шалқи, сүйірлене көтерілген жалыны тәрізді сүйір күмбезді мұнара құрылыстарының қалдықтары осыны еске салады. Олар ескі Қостөбе және Қызылөзен (Красная речка) қалаларының жұртында сақталған. Дегенмен Орта Азия мен Қазақстанда зороастризмнің каконикалық түріне ұқсамайтын, айрықша бір түрі ғана кең таралды. Оның өзі жергілікті пұтқа табынушылықпен, оның ішінде отқа, ру, ата-баба аруағына, тіпті қой, жылқы, түйе тәрізді жануарларға табынушылықтармен тығыз астаса сіңісіп кетті.

Бұл дінге байланысты ескерткіш деректер оссуарлық жерлеу түрінде — сүйектер салынатын саз жәшіктер хумдық жерлеу түрінде, жерден қазылған сағана-лахаттарға өліктің қойылуы, олік сүйектерін жинап жерлеу түрінде кездеседі.

Зороастра діні Қазақстан қалаларына VI—VII ғасырларда соғдылар арқылы енді, алайда оның элементтері Оңтүстік Қазақстанда бұдан көп бұрын сақ-массагет тайпалары кезінде-ақ қалыптаса бастаған болатын.

Осы таяуда ғана Сырдария қалаларынан Соғдыға байланысты айқын деректі ескерткіштер табылды.

Отырар алқабындағы ескі Құйрықтөбе қаласының қамалын қазып ашқанда ортасында аумағы 157,5 шаршы метрге тең салтанат залы бар сарай кешені аршылды. Құрылыс кешені қатты өрт шығуы нәтижесінде күйреген. Құлаған сарай төбесін, оның ішінде төбе астындағы оймыштап өрнектелген әшекейдің сынық қалдықтары салтанат залының күйреп түскен қаңылтыр жабындысы ұзақ уақыт сүрлеп» сақтаған. Өрт қалдықтары қабатынан табылған қыштан, күйдірген саздан жасалған бұйымдар, екі түрлі теңге табылды. Теңгелердің бір бетіне салынған жүріп келе жатқан арыстан, екінші бетіндегі «НУШ» немесе «АТ» деген руналық монограммалар ортаңғы кұрылыстың көкжиегін VII ғасыр мен IX ғасырдың алғашқы жартысынан көрсетеді.

Қабырғаның жоғары бөлігінде өрнекті жолақтың сақталып, тазартылған тақтайларына бір кезде әлдебір көркем-ойлы идеялық сюжетке байланысты салынған құдайлар мен тіршілік қаракеттер көрінісі бейнеленген. Тақтайлардың бірінде (көлемі 122×25 см) аң бейнелі тақта отырған қос құдай жұбы суреттелген. Еркек құдай басына тарам тісті тәж киіп, бастарын бір-біріне бұрып жатқан қанатты қос түйе түріндегі тақ үстінде отыр. Құдай кеудесі тұсына кесе ұстаған, оң қолына ұшында иілген үш айрық тармағы бар асатаяқ ұстаған. Ал кілеммен жабылған аң бейнелі тақтың алдында тізелерін бүгіп тұрған екі адам бейнеленген көрініс осы өрнекті тақтайдың астыңғы бөлігі болса керек. Құдай сол жақ қолына тостаған, әлде жиегі кертпешті құрбандық кесесін ұстаған. Әйел құдай мүйіздері артына доғалана иіліп жатқан екі қой кейпіндегі тақта отыр. Әйел құдайдың басында ортасы бантталып, маңдайына түсіре байланған жемелік (лента), оның екі ұшы претіле желбіреп тұр. Шынтағы сәл бүгілген оң қолында үш бұрышты бір зат бар.

Құдайлардың осыларға ұқсас бейнелері Педжикент әшекейлерінде және оңтүстік Соғдыдағы осы маңдық Сиваз қышлағынан табылған оссуарий көріністерінде де кездеседі.

Бір тақтайдағы (көлемі 93×23 см) «қорганды» немесе «қаланы қоршау» көрінісі көңіл аударарды. Жоғарғы жағы тарақ тістеніп қоршалған қала қабырғасының мұнарлары үстінде садақ адырнасын жебемен керіп тұрған екі сарбаз тұр. Алдыңғы көріністе қанатты тәж киіп, екі қолын көкке созған төрт қолды құдай кескіні бейнеленген. Қолдарының бірімен ол әлде-қандай жұмыр зат ұстап тұр. Бұл көріністі «Нана-ханымның» жебеуімен қалаға шабуыл жасаушылар жөнінде әңгімеленетін соғды-манихей аңызымен салыстыруға болады. Нана (Анахита) соғдылардың негізгі құдайларының бірі екені белгілі.

Адамдар бейнеленген тақтай да (көлемі 125×35 см) айрықша назар аударуға тұрарлық. Бұл көріністің ортасында бір-біріне жартылай қырын бұрылып, ойма қақпа астында тұрған еркек пен әйел, сөзсіз, атақты бекзаттар болуы мүмкін. Әйел бейнесі жақсы сақталған. Ол доңгелек жүзді, мұрны батыңқы тегіс, коздері бадам түсті, ұзынша қысыңқы келген. Басында жалпақ бөрік, маңдайына тәж-шеңбер киген. Бас киімі астынан жемелік қосып өрілген бұрымы оң нығына түсіп тұр. Еркек оң қолымен әйелді қапсыра құшақтап, сол қолының жоғары жайылған алақанын әйелдің жүзі алдына тосып қал-

ған. Бұлардың артқы жағындағы бірнеше бөлшектерге, қол ымына қарай бұл тақтайға күйеу мен қалыңдық арасында келісім жасалғанын көрсететін дәстүрлі көрініс бейнеленгенін аңғаруға болатын тәрізді.

Ойып өріктелген ағаштар санаты Сырдария қалалары тұрғындарының діни наным-сенімдері жөнінде өте бай мәліметтер береді. Бұл жерде жергілікті нанымдар мен қатар ақсүйек алпауыттар ортасының, соғдылардың жеке басқа табынушылық үрдіс-салты да кең тарады.

Түрік идеологиясында, соның ішінде кангарлар (кенгерестер) сенімінде соғдының діни нанымдары етек алды. Дәлірек айтқанда олар түркі дініне орай түр өзгертіп, сәйкестендіріле түсті¹. Зороастризмдік пұтқа табынушылықтың көптеген әсерлері Қазақстан қалаларында ислам діні пайда болғаннан кейінде, көшке дейін сақталып қала берді.

Археологтар XII ғасырдағы Отырар үйлерінен еденге ылайдан құйыл салған микроп-ошақтар тапты. Ойып жасалған бай шыжбайлармен әшекейленген олар мінәжат отын лаулатуға қызмет етті². Мұның өзі ислам діні орнығып, тіпті араб жазуы қабылданған қала тұрғындары үйлерінде одаи әрі сәуле шашып, жылу тепкен маздаизм ұлы отының жалғасы еді. Чағаннан әмірінің сарайында болған Дакня ақынының ашықтан-ашық: дүниенің бүкіл жақсылықтары ішінен мен шарап пен ән-күйді, аруды оймақ аузы мен зороастра дінін ғана таңдай алар едім деуі тектен-тек емес.

Дегенмен, «отпен және қылышпен» ғана емес, соны мен бірге мұсылман-көпестерінің майы сорғалаған майды: тілімен де кең тараған ислам діні Шығыстағы христиан будда, зороастра діндерін де, жергілікті табынушылықтарды да бірте-бірте ығыстырып жіберді. Жаңа діл Жібек жолындағы көптеген қалаларда орнығып тамып жайды.

VIII—IX ғасырлардағы өкігаларды әңгімелейтін жазба деректер Оңтүстік Қазақстанды исламдандыру барысына айғақ бола алады. Нух ибн Асад 840 жылы Испиджабты өзіне бағындырды³. 859 жылы оның інісі Ахме

¹ Байпақов К. М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы орта ғасырлық қалалар мәдениеті. 48—53 б.

² Байпақов К. М. Сырдариядағы отқа табынушылық // Қаз. ССР ҒА-ның хабарламасы. № 5. 1987. 51—61 б.

³ Волин С. Л. Сведения арабских источников в долине р. Талас и смежных районов // ТИИИАЗ АН Каз. ССР Т. 8. 1960. с. 75

ибн Асад Шавгарға жорық жасап, сол жерде мыңдаған адамды таяққа жыққан¹.

Мұсылмандық табынушылыққа өте-өте құлай берілгендер Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды 766 жылы жаулап алып, онда саяси билігін жүргізіп тұрған қарлұқтар болды. Олар мұсылман дінін, тіпті сонау Мехди халиф (775—785) кезінде қабылдады деген пікір де бар². Алайда, бұл олардың бәрін бірдей қамтымаған тәрізді, өйткені қарлұқтарға қарайтын Таразды Исмаил ибн Ахмед 893 жылы басып алып, «осы қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырды»³.

X ғасырдың басында ислам дінін қараханидтер әулетінің рубасы Сатук қабылдады, ал оның ұлы Богра-хан б. Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады.

Жаңа дін бірте-бірте көшпенділер арасына да тарала бастады. Бұл жерде Ибн Хаукаль Фараб пен Кенджида және Шаш арасында көшіп жүрген түркі-мұсылмандар гуралы мәлімет береді⁴.

Сондай-ақ, ислам дінінің XI—XII ғасырларда қыпшақтар арасына да тарағны жөнінде деректер бар⁵.

Археологтар тапқан IX—XIII ғасырлардың қазба ескерткіштері осы өлкеде қалалық мұсылмандық мәдениет қалыптасқанын дәлелдей түседі. Тараз бен Меркедегі шіркеулер мешіттерге айналған. Ислам дінін ұстаушылар қатары көбейе түсуіне қарай қалаларда алқалық ғибадат мешіттері салына бастайды⁶. Кедерде салынған олардың біреуі жөнінде ал-Макдиси хабарлайды⁷. Мұндай мешіт қалдықтары Кедермен тең саналатын ескі Құйрықтабе қаласы жұртын қазғанда табылды. Мешіт қаланың орталық көшелері қиылысында болған.

Жетісудың аса ірі қалаларының бірі — Баласағұндағы мешіт құрылысы X—XI ғасырларға жатады. Мешіт-

¹ Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, оч. Т. 1. М. 1963, с. 268.

² Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. Соч. Т. П. ч. 1, М.; 1963. с. 39.

³ Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. с. 315—316, 318.

⁴ МИТТ. Т. 2. с. 184.

⁵ Сборник материалов по истории Золотой Орды. Т. 1. сб. 884. с. 234: Родословное древо тюрков. Сочинение Абул-Гази, хиньского хана. Казан. 1906. с. 34.

⁶ Волин С. Л. Сведения арабских источников... с. 80—82.

⁷ Волин С. Л. Сведения арабских источников... с. 82.

тің жұлынтұтасы сақталмағанымен, оның минарет мұнарасы осы күнге дейін қала жұрты үйінділерінен сарайып шығып тұр.

Орта Азия мен Қазақстан қалаларында ислам діні таралған кезеңде пайда болған құрылыстар қатарына көпшілік моншалар да жатады.

Өлікті жерлеу рәсімі IX ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырда өзгерді. Ол мұсылманға тән сипатта және белгілі бір қағидаларға сәйкес жүргізілді: өлік жерден қазылған шұңқырларға, шикі кірпіштен қаланған сағаналарға қойылды. Өлік басын солтүстік-батысқа беріп, бетін оңтүстікке бұрып жатты. Қабірлерде құрал саймандар жоқ. Ең ертеректегі мұсылман мазарларының кешендері Отырар алқабынан табылды, олар IX—X ғасырларға жатады. Соның бірі — X ғасырлық ескі Борақ қаласындағы мазарлар кешені.

XI—XII ғасырлардағы зираттар кешендерінде зәулім де сәулетті мазарлар құрылысы бой көтерді. Мұсылман мазарларының ертеректегі бір тобы ескі Борақ қаласы жұртынан аршылды.

Тараздың шығыс бетіндегі 18 шақырым жерде Головачевка селосы маңында екі мазар-мовзолей сақталған. Солардың бірі — Бабаджи-хатун — ою-өрнекті қасбет жоқ және X ғасырға жататын мовзолей. Екіншісі — Айша-биді мазары. Оның әсемдік бедерлері мен геометриялық ою-өрнектерге толы жапқан жұқа кірпіштерді пайдалана отырып, сыртқы тегіс бетіне бай әшекейле салынған батыс беттегі қабырғасы ғана сақталған. Бұл мавзолей XI—XIII ғасырларға жатады.

Сырдарияның төменгі ағысындағы Сырлытам мазары — XII ғасырлық мовзолей. Оның күйдіріліп, оймышталған сары саз тақталармен безендірілген биік қасбет бар. XI—XII ғасырларда салынған.

Жылтыр сыр жалатылып, ою тәрізді араб әріптеріне әшекейленген ыдыстардың көпшілігі қыштан жасалған. Мұндай жазулардың бір бөлігі жазу деуден гөрі әшекейге көп келеді, оқылмайды, дегенмен бірқатарында әңгіле алуан діни мазмұнды оң тілектестіктер мен өсиет сөзде жазылған.

Сәндік үлгілердің таратушысына айналған мыстақ қоладан жасалған металл бұйымдарға да әлгіндей тілектестік және діни мазмұнды сөздер жазылып, әшекейленген.

Осы бір дүниежүзілік өркениеттің айшықты да айрықша куәсі — «Жібек жолы» проблемаларына қысқаш

шолуды тұйықтай келсек, ұлан-ғайыр қазақ даласы сахараларын, биік таулар мен етектегі құнарлы алқаптарды кәсіп етіп, Европадан Азияға дейін және оған керісінше бағытта созылып жатқан сауда жолдарына сипаттама бере отырып, сондай-ақ сол жолдармен ағылған сан-алуан таңсық тауарлар, ежелгі өнер мен дін жолдары туралы әңгімелей келіп, орта ғасырлық тарих пен рухани өмірдің аса күрделі болғанын атап айтпасқа болмайды. Шығыс пен Батыс, Азия мен Европа тоғысқан Қазақстан қалаларында бір-біріне мүлде ұқсамайтын мәдениеттердің өзара кірігіп, бір-бірін байыта түсулеріне аса қолайлы жағдай, ахуал туды. Өзара қарым-қатынас жасасу нәтижесінде отырықшы қалалықтар мен көшпенді тайпалар адамзаттың ежелгі мәдениеті алқасында маржандай жарқыраған таңғаларлық мәдениет жасай алды.

ЯҚСАРТ ЖАҒАЛАУЛАРЫНДА

ТҮРКІЛЕРДЕН ГРЕКТЕРГЕ ДЕЙІН

Қытай жылнамашыларының айтуынша «...түріктерді баулып, бағыт беруші»¹ соғды Маниах басқарған түркі қағаны Дизабулдың елшілері 568 жылы Константинопольдағы император Юстиан II-нің (565—576) сарайына келді.

Алайда, бұл сапарда түркілер де, соғдалар да аса ауқымды жібек саудасына қатысты ортақ мақсат ұстанды. Өйткені бұл біріншісіне де, екіншісіне де қыруар табыс түсіретін еді.

Жібектің бір бөлігі Қытайдан шығатын, басқалары Шығыс Түркістанда және Соғданың өзінде әзірленетін, сөйтіп жібек өндірісі көлемінің өскені сонына, оны енді өткізудің өзі қиын проблемаға айналды.

Парсылардың жібектің аса ірі тұтынушысы болып отырған Византияның сатып алуына кедергі жасауы бұл мәселені одан әрі қиындата түсті. Ал мұның нақты себептері де барды: Жібек Византияға өзінің патша сарайындағылары мен ақсүйектерінің қажетіне ғана керек емес еді, ол сонымен бірге соғысқа, ең алдымен Иранмен соғысқа салуға қажетті баскесер жауынгерлер жалдағанда валюта ретінде пайдалануға керек болды. Егер парсы өкіметі өз жері арқылы өтетін жібек саудасына ерік берсе, ал жібек Византияға неғұрлым көп жеткізілсе, онда айналасы бірнеше жылдың ішінде Ефратта солғұрлым мол жалдамалы әскер қаптап кетер еді де, бүкіл Иранда оларға қарсы қоятын күш табылмас еді². Осыған орай түркілер мен соғдылар парсымен ортақ тіл табыса алмады да Маниах бастаған елшілерін Византияға аттандырды. Олар Иранды және оның бақылауындағы жерлерді айналып өтті, яғни Жетісудан шығып, Сырдарияны төмен бойлап Арал маңына, Маңғыстау арқылы Каспий жағалауына, Солтүстік Кавказға, Кавказ жотасынан асып түсіп Константинопольге жетті. Юстиан II бұл елшілікті ықыласпен қабылдап, жауап ретінде өз

¹ *Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники*, с. 115.

² *Гумилев Л. Н. Древние тюрки*. М.; 1968. с. 45.

елшілерін Талас жағасындағы түрік қағаны ордасына жіберді. Сөйтіп, «түркіден грекке» дейін жететін жаңа жолға із түсті. Бұл жол сорабы археологиялық айғақтамаларға бай, әсіресе Моңғо (вая) мәткесі зираты табылған Кавказ жотасының тау етегінде өте мол ұшырасады. Төрт қырлы бөренелердеп қиюластырылған сағанадан жібек бұйымдар, жібек матаға салынған сурет жыртындылары, қытай көпесінің кіріс-шығыс жазбалары және басқа VII—X ғасырлардағы шетел заттары табылды.

Кейінірек XVI ғасырдың тарихшысы Рузбиханның жазуы бойынша, Сырдарияның үлкен де бай қалалары дәл осы жолдың үстінде жатқан: «Ходжепт (Сырдария) өзені Түркістан бекіністері арасын қақ жарып ағады. Аса зәулім қамалдарға ұқсас биік бекіністердің қорғандары Сейхун дариясынан тармақталған арналардың жағаларында асқақ ерлеп тұратыны соншалықты, дәл бір осы өзендер аралай ағып жатқан жұмақ өмір рахатын паш етіп тұрғандай»¹.

Сырдария жағалаулары мен Арал маңында жатқан қалалар, Чжан Ияннің осы өлкеге саяхатына дейін, яғни біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың екінші жартысының өзінде халықаралық сауда ісіне тартылды. Сырдарияның орта ағысындағы алқапты Кангюй (Қаңлы) мемлекеті алып жатты. Көптеген зерттеушілер мұны сонау Авестада аталған, шығуы және мазмұны жағынан әралуан қиял-ғажайып ертегілер мен аңыздарда, біздің дәуірімізге дейінгі II—I ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Иранның ирандық тайпалары қалдырған діни болжам жазбаларында сипатталатын Кангюй мемлекеті дегенге меззейді². Қытайдың жазба деректері бойынша: «Кангюй Даванадан (Ферғанадан) солтүстік-батыста 2000 ли жерде жатыр. Бұл көшпенділер қожалығы, тұрмыс-салты жағынан юечжылармен өте ұқсас, 90000-ға дейін әскері бар, бірақ өз күшінің кемдігіне қарай әртүстікте юечжылардың, шығыста хундардың өктемдігін мойындайды. Кангюйдің солтүстік-батыс бетінде 2000 ли жерде Яньцай жатыр. Бұлар да көшпенділер қол астында, тұрмыс-салттары Кангюйлермен мүлде бірдей. Әскері 100 000-нан астам. Жайпақ жағалы үлкен қол аңғарында жатыр. Солтүстік теңізі деген осы». Кангюй

¹ *Фазаллах 'ибн Рузбихан Исфгани*. Михман-наме-ий Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод предисл. и примеч. Р. П. Джалиловой. Под редакцией А. К. Арендса. М.: 1976, с. 74.

² *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники. с. 168—175.

жөнінде «Ханның үлкен үйі тарихындағы» «Батыс ол-ке туралы аңызда» бір жоба нақтырақ айтылады. Мәселен, онда «кангюй әміршісі Лоюень елінде, Битьянь қаласында болып тұрады. Лоюеньнен әміршінің жазғы мекеніне дейін жеті күндік жол. Тұрғын халқы 120 000 үй, 600 000 жан; тұрақты әскері 120 000 адам». Кангюйдін сыртқы саясаты да осы жазба деректерден белгілі: олар біздің дәуірімізге дейінгі 46-36 жылдары Чжичжи басқарған солтүстік гундарды қолдап тұрған да кейін усундармен және қытайлармен бірлесіп, оған қарсы шыққан. 85 жылы Кангюй қытайдың Қашқардағы мұрагері Бань Чаоға қарсы көтерілген ферғаналықтарды қолдады. Сонымен қатар осындай «кангюйліктер... тақаппар да батыл, біздің жаушыларымыздың алдында бас июге мүлде көңісі келмейді-ақ. Олар өздеріне жіберілген мұрагер бекзадаларын уоуп елшілерінен төмен отырғызады. Оның бектері мен ауылбасыларын бірінші тамақтаандырады да мұрагер елшілеріне тамақты содан соң ғана ұсынады». — делінген. Яньдай иелігі енді Алаңдар иелігі деген жаңа атау алды; Кангюй иелігіне бағынышты. Ауа-райы қоңыржай, қарағай, шілік бұта мен жусан көп өседі. Халқының тұрмыс салты мен киім киісі кангюйліктерге ұқсас»¹.

Кангюйдің өзі өмір сүрген кезеңнің өнбойына ұстаған саясатының жалпы түйіні Ферғанадан Арал жағалауына дейін Сырдарияны бойлай жарысып жатқан Жібек жолы қиындысын оз уысынан шығармау болды. Ал бұл олардың қолынан келгені де даусыз. Сырдарияны бойлай солтүстік-батыста Кавказға және Қара теңіз жағалауына, сондай-ақ оңтүстікте Иранға, Таяу Шығыс пен Индияға созылып жатқан Жібек жолының белсенді қызмет атқарғанын кангюйліктердің және Яньдай-Алаңдар тұрғындарының ескі қалалары жұрты мен мазарлары кешендерін қазғанда табылған заттар айғақтай түседі. Бұлар қытай теңгелері мен айналары, Үндістаннан әкелінген маржан моншақтар, Европалық қола доғалы қарсы ілгектер, Ирандық оймынталған тас әшекейлер түрінде кездеседі.

Кангюй халқының этникалық сипаты жөніндегі мәселе күрделі күйінде қалып отыр. Күні бүгінге дейін

¹ Бичурин Н. Я. (Иакинф). Собрания сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.: Л., 1950. Т. II. с. 150, 184—186, 229.

кангюйлер қай тілде сөйлегені туралы бірыңғай пікір жоқ. А. М. Бернштамның пікірінше кангюйлер түркі тілді халық болған¹. Бірқатар өзге, зерттеушілер Сырдарияға біздің дәуіріміздің I ғасырының жартысында түркі тайпаларының қоныс аударуына байланысты солардың әсерімен тілі мен түрін өзгерткен. Кангюйлер солтүстік-ирандық көшпелі тайпалар тобына жатады деп санайды². Советтік көрнекті зерттеушілердің бірі В. А. Литвенский кангюйлер иран тілді сақтардың әуелті дегенге саяды. Кангюй деген атаудың өзін, оның пікірінше, «тері киімді (немесе қару-жарақты) адамдар» деген мағына беретін сақ тайпаларының бірінің атауы ретінде түсінуге болады.

Соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер, сол замандағы суретшілердің суреттері бойынша кангюйлердің сыртқы пішінін көз алдына келтіруге мүмкіндік береді. Олар бізге бір кезде тері киімге әшекей ретінде қадалған сүйек жапсырмалар бетіне ойып салынған бейнелер ретінде жетті. Жапсырмалар Самарқанд облысының ескі Қорғантабе қаласы маңындағы алғашқы ғасыр қарсаңында салынған кангюй қорғанын қазғанда табылды.

Солардың біріңде атты және жаяу алыптар шайқасы, тері бетінде атпен аң аулау көріністері бейнеленген. Шайқастың да, саяттың да кейіпкерлері этникалық жағынан бір тайпаға жатады. Бәрі де бастарын иығына тұқырып, жіті қараған, аласа маңдайлы жандар. Шаштары жоғары тікірейе таралып, құлақтары шекелеріне жапсырыла жымқырылған. Көздері ромбы тәрізді үш бұрыш, мұрындары жалпақ, сәл құстүмсықтаанып иілген, шықшыттары шығыңқы, жігерлі. Сурет ұртына салбырай түскен мұрт шалғыларымен және шағын шоқша сәкалмен бітеді. Жауынгерлер сыртына балық қабыршағы тәрізді қатталып қадалған ортасы ойыс пластинкаларға толы күрте-сауыт киген. Бастарында даңгелек дулыға, желкелері болат-сауыт жағалармен қоршалған. Жауынгерлер мен аңшылардың шалбарлары балақ-баулармен өкшесіне іліп тартылған. Қару-жарақтары — үш қырлы

¹ Бернштам А. М. Проблемы древней истории этногенеза южного Казахстана. Известия АН Каз. ССР. № 67 Серия археологическая, вып. 2. 1949. с. 49—95.

² Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. с. 174.

үшкір жебелі ұзын найза, екі жүзді ұзын семсер, слардың қындары екі белбеумен белдікке байланған, күрделі құрамды садақ, үш қырлы жебелі масақтар; ұзынша келген, кеңдеу бөлігі садақ салуға, екі тар бөлігі садақ масақтарын салуға арналған үш бөлікті қорамсақ (оқшантай).

Ортасы ойыстау келген қалқан пластиналармен қапталған. Жауынгердің бірі шағын айбалта асынған. Сауыт киген жауынгерлер сауыт-жабусыз аттарға мінген. Жылқылардың жалдары қырқылып, қос құлақтарының арасындағы бір шоқ кекілі шоқита түйілген.

Жоғарыда атап өткеніміздей, біздің дәуірдің алғашқы мың жылдығы жартысынан бастап Сырдарияның орта және төменгі ағыстары аудандарында этникалық-саяси жағдай өзгерді. Мұнда түркі тілді тайпалар келді. Ерте орта ғасыр дәуірінде бұл жерде Кангу Тарбанның феодалдық бірлестігі қалыптасады. Жазба деректер осы кезеңдегі бірқатар оқиғалардың күңгірт сұлбасын айқындауға мүмкіндік береді. 712 жылдың күзі. Самарқанд тұрғындары қаланы басып алған арабтарға қарсы көтеріліс жасайды. Арабтармен күресу үшін олар түріктерден көмек сұрайды. Міне, түркі жасақтары соғдыларға көмекке асыға ағылуда. Түркілердің соғыс науқаны барысын сипаттайтын руналық жазбалары түркі әскерлерінің ауыр жеңіліске ұшырағаны, өйткені осы кезде күтпеген жерден олардың сыртындағы түргештер көтеріліп, түркілердің одақтастары — кенгерестерге соғыс ашақаны жөнінде хабарлайды.

Кенгерестер дегендеріміз кімдер? Мұны түсіндіру үшін Византия императоры Константин Багрянородныйдың X ғасырдың бірінші жартысында жазылған «Империяны басқару туралы» трактатына жүгінген жөн. Бұл Константинополь сарайының көршілерге қатысты әскери-дипломатиялық тәжірибесі қорытындыланған саяси трактат еді.

Шығармада словяндарға, болгарларға, сербтерге, франктарға, арабтар мен русьтерге берілген сипаттамалармен қатар печенегтер сипаттамасы да келтірілген.

Константин Багрянородный печенегтердің оңтүстік русь даласына қоныс аударғанға дейінгі ежелгі атаулары «кангар» еді дейді. Ол: «печенегтер де өздерін кангар деп атайды, бірақ бәрі емес, тек үш аймақтың халқы: өзгелерге қарағанда ең ержүрек әрі ең қайырымды саналатын Иабдиирти, Куарципур мен Хабуксингила ха-

ықтары, өйткені бұлар кангарлардың қосымша атаулары»¹.

Ғалымдар осы бір жұмбақ халықтың кангерес, канар деген атауларын салыстыра отырып, ежелгі түркі казбалары да, византиялық трактат та әр түрлі кезеңдегі тарихы тұрғысынан келгенімен түбінде тұтас бір халық жөнінде сипаттаған. Егер Канг — Сырдарияның алғашқы атауларының бірі екенін ескерсек, онда Кангар-Кенгерестер отанын Сырдариядап және оның орта ағысынан іздеу керек, өйткені ежелгі түркі бірлестігі Кангу-Гарбан сол жерде шендесті ғой². Міне, сол Кангу-Тарбанның қалыптасу кезеңі Түркі қағанаты мен Византия империясы дипломатиялық елшілерінің Яксарт — Сырдария жағалауларымен жүріп өткен, сөйтіп түркіден грекке дейін сауда жолы ашылған кезеңге тұспа-тұс келеді.

ИСПИДАБ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ

Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігіндегі бірінші бірегей ірі қала Испиджаб болды, ол оған осы облыстың барлық жер-суы — шығыста Талас — Шуга дейін, солтүстік-батыста Сырдарияның орта ағысына дейін ұласып жатты.

Испиджаб жазба деректерде сонау VII ғасырдың бас кезінен белгілі, Сюань — Цяньнің Сапарнамасында ел «Ақ өзендегі қала» деген атаумен еске алынған³. Өзге емес, дәл осы Испиджабтың атауының аталу сыры көп кейінірек Махмуд Қашқаридың XI ғасырдағы деректері арқылы айқындала түсті. «Сайрам — деп жазды ол, — Испиджаб аталып жүрген ақ қалашың (Ал — Мединат ал — Байда) атауы. Оны Сайрам деп те атайды»⁴. Испиджаб атауы соғды тілінде «Ақ су» мағынасын береді деген де пікір бар, олай болса «Ақ өзендегі қала» — «Испиджаб» — «Сайрам» деген атауларының түп-төркіні бір екебіне осының өзі айғақ бола алады.

Орта ғасыр дәуіріндегі Испиджаб — Сайрам X ғасыр

¹ *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники. с. 164.


² *Байпақов К. М.* Отырар алқабының тарихы этнографиясының бірқатар мәселелері. Қаз. ССР 1985. № 1. 64—71 б.

³ *Зусев Ю. А.* Китайские известия о Суябе. ИАН Каз. ССР. сер. ист., археол. и этнограф. Вып. 3(14) 1960. № 3(14) с. 91.

⁴ *Волли С. Л.* Сведения арабских источников о долине р. Талас и смежных районах. ТИИАЭ АН Каз. ССР, Т. 8. 1960. с. 78—80.

мен XIII ғасырдың бас кезінде Қазақстанның оңтүстігіндегі ең ірі қалаға айналады.

Испиджаб округі Сырдария бойындағы Кедер, Сығанақ, Сауран мен Янгикент қалаларын; Қаратаудың солтүстік бөктеріндегі Баладж мен Берукей қалаларын Жетісудың Тараз, Құлап, Мирки (Мерке), Суяб қалаларын қамтыды.



Суретте: сайрамдағы тас бағана

Х ғасырдың географы Ибн Хаукаль былай жазады: «Испиджаб — шамамен Бинкеттің үштен екісіне тең қала. Ол мединадан (орталықтан), қамал мен рабадтан (керуен-сарай) тұрады. Қамал күйреген, ал медина мен рабадта тұрғындар тұрады, медина дуалдармен қоршалған рабадты да ұзындығы фарсахқа таяу дуал қабырғасы орап жатыр. Рабадтың өз бағы мен суы бар. Ол тегіс жерде жатыр, оны мен ең жақын деген таулар арасы үш фарсахтай (20 км). Мединенің төрт қақпасы — Нуджет қақпасы, Фархан қақпасы, Шакван қақпасы және Бұхара қақпасы бар. Оның базарлары медина мен рабатқа, ал басқару үйі, абақты мен бас мейіт мединаға орналасқан. Бұл адамы құжынаған, ауқымды қала, бүкіл Хорасан мен Мавреннахрда осы Испиджабтан басқа харадж (салық) телемейтін бірде-бір қала жоқ»¹. Испиджаб аса ірі әкімшілік орталығы ғана емес, сонымен бірге өтпелі сауда орталығы ретінде де мәлім. Қалада сауда құрылыстары — керуен сарайлар мен «тимдер» көп болды. Керуен сарайлар (рабаттар) Нахшеб, Бұхара, Самарқант көпестерінің иелігінде еді. Халықаралық сауда Орта Азия мен Шығыс шығарған және Испиджабтың өзінде XI—XII ғасырларда шекілген жергілікті теңгелермен жүргізілді. Испиджабтан басқа жерлерге ақ маталар, қару-жарақ, семсерлер, мыс пен темір жеткізіліп тұрды. Қала құл сату орталығы ретінде де бүкіл Шығысқа әйгілі еді — одан сол кездегі қырқысқан қыруар соғыстарда әр түрлі түркі тайпаларынан қолға түскен тұтқындар сатылып, әкетіліп жатты.

Керуен жолдары бағыты бойынша алғанда оңтүстік беттегі Бұхара қақпасы арқылы қалаға Шығыс елдерінің тауарлары әкелінетін. Шамамен, батыс бетте болған Нуджет қақпасы Талас аңғарына орналасқан Дех Нуджет қаласының атауымен аталған болса керек. Бұл шағын қалашық алқаптың тура даламен шектесетін шекарасында тұрды да ет пен мал саудасы сол арқылы жүрді². Солтүстік қақпа арқылы шығатын керуен жолы Сырдария бойында отырған Отырар, Сауран, Дженд пен Янгикент қалаларын аралап өтетін.

Испиджаб төңірегінде көптеген қалалар мен қыстақтар болған, ол туралы Х ғасырда ал-Истархи былай жазады: «Оның құрылыстары саз балшықтан жасалған,

¹ Волин С. Сведения арабских источников.. ТИИАЭ АН Каз. ССР, Т. 8. 1960, с. 82.

² Волин С. Сведения арабских источников... с. 81.

оның базарлары жеміс-жидекке тұнып тұр, онда түрл өнім көл-көсір және сан-алуан пайдалы заттар да көп Оның айналасы толған қалалар мен қыстақтар»¹. Жазба деректер олардың ішінде Манкет (Манкент), Джумишлаг, Газгерт, Харлуг атауларын атайды.

Өз округі мен іргелес қалаларды қосып алғанда Испиджаб — Сайрам халқы өте тығыз орналасқан аудандардың бірінен саналатын. Археологтардың есептеулерінше қаланың өзінде және қала маңында 40 мыңға тарта халық тұрған². Қала халқының саны көшпенді жұртшылықтың тұрақты түрде отырықшылана бастауы есебінен өсіп отырды.

Мұны орта ғасыр авторларының деректері де дәлелдей түседі. Мәселен, Махмуд Қашқари VI—VIII ғасырларда осы жерге ауысып қоныстанған соғдыларды XI ғасырда түркілер өздеріне сіңіріп алғаны жөнінде жазады. — «Баласағұн тұрғындары соғдыша да, түркіше де сөйлейді. Тараз бен Ақ дала (Мединат ал — Байда) тұрғындары да сондай».

Осы кезде қала жұртшылығы арасында ислам діні кең түрде тарайды. Қаланың маңызды құрылыстарының бірі мешіт болды. Өлікті жерлеудің мұсылманша салт-дәстүрі таралады, араб жазуы өріс алады. Дегенмен, жаңа діннің таралуына қарамастан, ескі діни рәсімдер мен табынушылықтар да жұртшылық арасында сақталып қала береді.

Ертеректе Испиджаб буддизмді таратушы орталықтардың бірі болған. Археологтар «дүниеден баз кешкен» будданың диуаналар баспаналаған қала сыртындағы ғибадатханалар мен үңгірлердің қалдықтарын тапты. Буддизмнің, христиан дінінің, пұтқа табынушылар дінінің дәстүрлері ерте ислам діні дәуірінде де сақталған болуы керек.

Қалада қолөнер кәсібі жоғары дамыды. IX—X ғасырда Испиджабтың және Оңтүстік Қазақстанның басқа да қалаларының қыш көзе жасаушылары құйма керамика дайындауды үйреніп алды. Шыны ыдыстар жасау, ұсташылық, дәрігерлік кәсіптер, зергерлік әшекейлер жасап шығару өрістей түсті.

Қала суармалы алқаптардағы ірі егіншілік орталығы да болды, егіншілікпен қала тұрғындарының өздері айна-

¹ *Волин С.* Сведения арабских источников... с. 78.

² *Байпақов К. М.* Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырдағы қалалық мәдениеті. (VI—XIII ғ. басы). Алматы.

дысып, қысқа көкөніс, жеміс-жидек дайындап алды; ірі ара мал өсіріп, қолда қой ұстады.

Сөйтіп, Испиджабтың гүлденіп, көркеюі XIII ғасырдың бас кезіне дейін, яғни Оңтүстік Қазақстан, Орта Азия және көрші аймақтардағы Орталық Азия мәдениеттерінің орлеу үстіндегі қарқынын күрт үзген татар-төңгөл шабуылына ұласқан оқиғалар басталып кеткенге дейін созылды. XII ғасырдың бас кезінде-ақ Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы саяси билік 30—40-шы жылдағы Орта Азияны, Бұхара мен Самарқандты қоса өз иелігіне қосып алған қарақытайлық тайпалар қолына көшпен еді. XII ғасырдың орта шенінен қарақытайлықтар мемлекетінің орталығы ыдырай түсіп, феодалдық ара қырқысулар басталды да кейін XIII ғасырдың басында Мавреннахрды, Хорасанды, Қазақстанның оңтүстік аудандарын бағындырып алған жергілікті паймандар мен Хорезмдердің келімсек тайпалары да соған тартылды. Хорезмшахтар мен қарақытайлар күресі, ізінше хорезмшахтар мен паймандар шайқасы ұшыға келін, хорезмшах Мұхаммедті шекаралық қалалар оның жауларына бұйырмауы үшін Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды тып-тыйпыл ету жөнінде бұйрық беруге әкеліп соқты. Бұл оқиғалар жөнінде сол заманның көзкөргені, «Муджам ал-булдан» атақты географиялық сөздігінің авторы Якут ал-Хамави көркем тілмен былайша суреттеп жазған. Испиджабқа, Таразға, Сауранға, Усбаникет пен Фарабқа «тағдыр тәлкегі ең алдымен хорезмшах Мухаммед ибн Текештен жабысты,— деп жазады ол.— Ол Мавреннахрды жаулап алып, ханидтер (қараханидтер) патшалығын жойды, ал ондай хандар көп болатын және әрқайсысы өз өлкесін қорғайтын. Олардан ешкім қалмаған кезде мұның өзі ел облыстардың етек-жеңі кендіктен бұл қалаларды қорғай алмады да шекаралық бекіністердің көпшілігін өз қолымен қиратып, оларды өз әскерінің талауына салды. Бекіністердің тұрғындары ол жерлерден үдере қотеріліп, мықтыға мойыны бұрылған, басы иілген күйде бәріп тастап кетті. Қираған қамалдар мен қаңырап қалған үй-жайлар көзден жас сорағалатын, жүректі зар қақсатты, ал анау бақтар айдалада қаңсып адыра қалды. Арналардың мұраптары адасып, ағын сулар бағыт-бағдардан айырылып, бей-берекет ағып жатты. Содан соң 616 жылы (1218—1219) көк пен жер жаратылғалы бері құлақ есітіп, көз көрмеген алапат сұмдықтар жалғасты. Бұл татарлардың келуі... Олар сол жерде өлілер мен тірілердің жалғастырушы буыны бо-

лып қалғандарды да өлтірді. Сөйтіп, тамаша бақтар ме-
дақты қамалдардан күйреген қабырғалар мен жоғалған
халықтардың іздерінен басқа ештеңе де қалған жоқ»¹
Жазба деректерде сақталған естеліктерге қарағанда Мұ-
хаммед Сайрам бекінісінде шағын жауынгерлер тобы
қалдырған тәрізді, өйткені «Сайлан (Сайрам)» бекінісін
қоршауға алған моңғолдардың қабырға бұзғышты қол-
дануларына тура келген». Дегенмен, басқа қалаларға
жасалған шабуылдар нәтижесін қарағанда, бұл қала
қатты қирамаған тәрізді, өйткені 1221 жылы Сайрам ар-
қылы өткен даос сопысы Чань-Чунь қаланы жақсы кү-
йінде тапқан және шәкірттерімен бірге бұл жерде бірне-
ше күн болған. Қайтар жолында Чань-Чунь 1223 жылы
тағы да Сайрамның үстімен өтеді және оны «Үлкен қа-
ла»² деп атайды.

Сайрамның XIV—XVII ғасырларда өмір сүрген ке-
зеңіне сәуле түсіретін жазба деректер өте жарытымсыз,
қырық үзік. Дегенмен, Сайрамның орта ғасырдың аяқ
кезінде де Орта Азиядан солтүстіктегі Орталық Қазақстан
көшпенділеріне және шығыста Моғолстанға баратын жол-
дардың торабында жатқанының өзі осы бір қалалық жә-
не отырықшы өмір ауданының мән-маңызын көтеретін
дерек. Сайрам тек сауда жолдарын ғана емес, сонымен
бірге ортаазиялық иеліктерге және Қазақ даласына қа-
рай оңтүстікке өтетін өткелдерді де бақылауға ұстаған
маңызды стратегиялық орталық болды. Сондықтан бо-
лар, деректер көрсетіп отырғанындай, Сайрамды жеке
иелену үшін, қазақ пен өзбек феодалдары өзара үздік-
сіз арпалысып келген.

Қала өз заманына қарай жақсы бекітілген. XV—XVI
ғасырлардың тарихшысы, «Мехман наме-и Бухара» шы-
ғармасының авторы Рузбихан Исфагани былай жазды:
«Қаланың негізгі бөлігі қоршалған дуалдардың биіктігі
сонша, иемденіп алмақшының қолы оның қабырғасына
тез жете қоймас; оны айнала қазылған ордың тереңдігі
сонша, одан аттауға қазақтың аяғы да бармас». Сайрам
сыртындағы ор Хафиз-ге Танышемнің XVI ғасырдың
аяқ шеніндегі оқиғаларды сипаттап жазған шығарма-
сында да еске алынады. Кейінірек қаланы қазақтар қол-
ға алған кезде ол Бұхара мен Самархандқа сол жерден
жасалатын жорықтардың тірек қорғанына айналды.

¹ Волин С. Сведения арабских источников... с. 86—87.

² Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т. Т. М—Л.: 1963. с. 518.

Қала деп аталатын қалдықтары Сайрам селосының ортасында сақталған күйреген ескі Сайрам қаласының жұрты қазір де көргеннің көңілінде таңданыс әсеріп қалдырады. Мұның өзі тік бұрыш кескінді биік оба, оның биіктігі 6,5—11 метр, көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 500 метр, ал шығыстан батысқа қарай 500 метр. Барлық қабырғаларымен жарыса созылып жатқан биік жал бар — бұл бұрынғы қамал дуалдары, оның сыртында батпақты иұңқырға айналған ордың үздік-үзік қалдықтары сақталған. Жұмыр өркешті қабырғалардың кей жерлеріндегі қалдықтары XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына дейін сақталып келген. Қамал шығыс беттегі бұрышта болған. Күні кешеге дейін дерлік Қала бекініс ролін атқарды және орта ғасырлық шығыс қаласына тән құрылыс жобасын сақтады. Жазба деректер бойынша, ескі қаланың бір-біріне қарама-қарсы салынып, қаланы көктей өтетін тура көшелермен жалғасып тұрған төрт қақпасы болған.

Сайрамның солтүстік қақпалары Бел (Беклік) — қақпа немесе Белдарбоза аталған. Олардың қос босағасында сыртқа жұмырланып шығыңқы тұрған қос мұнара болған. Оңтүстіктегі қақпалар Базар-дарбоза, шығыстағылары — Қарамұрт-дарбоза және батыстағысы Шымкент-дарбоза аталған. Бұрын да атап көрсеткеніміздей, ескі қала топографиясы орта ғасырдың аяқ шеніндегі кезеңдегі үлгімен түсірілген, соған қарамастан ол одан әлде қайда ертеректегі негізін сақтап қалған тәрізді.

Орта ғасырдың аяқ шеніндегі қалалар, сол бұрынғысына, саяси, экономикалық және мәдени орталықтар болып қалды әрі Қазақ хандығы өмірінде маңызды роль атқарды.

Қала тұрғындарының едәуір бөлігін қолөнершілер құрады. Қалалық кәсіптер ішінде ұстаншылық, дәрігерлік, зергерлік, тоқымашылық, былғарышылық, қыш көзе, әйнек жасау тәрізді кәсіптер жетекші кәсіптер саналады. Сайрамда Шейбани ханның астық дайындаушыларының қолымен «аса көп мөлшерде қару-жарақ, заттар, азық-түлік жиналып қалды...». Жүз жыл өтісімен Сайрамда Абдуллах-ханның әскері қайта жарақтанды. «...Жауыпгерлер тіркес-тіркес түйелер мен қашырларды алып қайтты. Қала адамдары қайта-қайта келіп, астық алыңдар деп қолқа салды».

Сайрам халқының этникалық құрамы әр түрлі болатын. Қалалықтар құрамында иранша да, түрікше де сөйлей алатын ежелгі қалалық тұрғындар әулеті де сон-

дәй-ақ қазала тұрақты отырықшылана бастаған көшпенділер де бар еді. Көшпенді-малшылардың кедейлесіп қалған топтары отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысты. Ал 1598 жылғы грамоталардың бірінде Сайрам уәліяй — атының тұрғындары құрамында отырықшы адамдар — «аймақтар», жартылай отырықшылар — «қышлақништер» және одан көшіп жүргендер — «сахаранишдер» атаулары болған. Қаладағы қазақтар саны тұрақты түрде өсіп отырды.

Қазақстанның оңтүстігінде, XVIII ғасырға таяу, қалалық мәдениет бірте-бірте құлдырай бастайды. Сайрам қаласы әбден әлсіреп, қаңырап бос қалады. Бұл процесстің себептері анықталды. Бұл өзара қырқысу соғысы; деңісті қыпшақ пен мавреннахрлық феодал билеушілерінің арасында Сырдария қалалары үшін XV—XVI жүзжылдықтар бойы жүргізілген күрес қырсығы. Солардың салдарынан ең алдымен қалалардың орталықтары, су жүйелері, ауыл шаруашылығы, сауда байланыстары зардап шекті; феодалдық езгі басталды; XVI—XVII ғасырлардағы феодалдық қатынастар жалпы істе және Қазақстан үшін де, Орта Азия үшін де тоқыраушылыққа ұшыратты. Ал жоңғарлардың шабуылы қала мәдениетін біржолата тұралатып тастады¹.

XIV—XV ғасырларда Сайрамға жақын маңда орналасқан Шымкент қаласы қауырт өсіп, тез дами бастады да Қазақстанның оңтүстігіндегі бас қала ролі бірте-бірте соған ауыса берді.

Шымкент — елді мекенінің атауы алғаш рет 1425 жылы Шарафад-дин Али Иазидің «Зафар — нама» шығармасында ауызға алынады. Темірдің жорықтарына байланысты 1366 жылғы оқиғаға берілген сипаттамада Шымкент Сайрам маңындағы қыстақ ретінде ғана еске алынады². Алайда, қала тарихы мыңдаған жылдар тереңіне бойлап кетеді.

Кездейсоқ табылған тас қару бұл жерде адам санау тас ғасыр дәуірінде — бұдан ондаған мың жыл бұрын пайда болғанын айғақтайды.

Қола дәуірінде тау бөктеріндегі алқаптар, ғалымдар атауымен айтқанда андронов мәдениетінің адамдары қолымен кең түрде игерілген. Бұлар өзен аңғарларында егіншілікпен айналыса жүріп, үй малдарын да өсірген

¹ Қазақ ССР тарихы. I т. Алматы, 1977. 21 б.

² Бартольд В. В. К истории о решения Туркестана. Соч. т. III. М., 1965, с. 223.

тайпалар болатын. Андроповшылар дәндік тары, бидай тіп, өсіріп, ірі қара мал ұстаған, қой бағумен айналысқан, жылқы мен түйе де өсірген. Мыс пен қола металдамы жоғары деңгейге көтеріп тастады. Мыстан еңбек құрал-саймандары — пышақтар, балталар, пішен шабатын жемшектер, сондай-ақ қару-жарақ пен әшекейлер жасалды. Қоладан жасалған бұйымдар Шымкент ауданынан бірнеше мәрте табылды.

Шымкент ауданындағы мәдени өмірдің одан әрі дамуының кезекті дәуірі, Оңтүстік Қазақстанның барлық жеріндегі сияқты, арғына көптеген елді мекендер мен қорған-мазарлар қалдырған сақтар тайпаларымен тығыз байланысты. Қола ұшты жебелер, қанжарлар тәрізді сақ қару-жарақтары Шымкент жерінен де табылғаны мәлім. Мәселен, Шымкент қаласы ішінде құрылыс жұмыс жүріп жатқан жерден жұмыр сопақша балдағы бар қола қанжар — ақинақ табылды. Сақ ұрпақтары — кангюйлер біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың аяқ шені мен біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының алғашқы жартысында орталығы Сырдарияның орта ағысында болған аса қуатты Кангюй (Қаңлы) мемлекетін құра білді. Шымкент территориясында және оның таяу төңіректерінде бірнеше елді мекендер болғаны белгілі. Олардың бірқатары осы күнгі құрылысшылар қолымен қирап та үлгерді. Мәселен, соның бірі — автостанция салынған территорияда қалды. Басқаларын археологтар зерттеуде және оларды өткеннің маңызды мұра ескерткіштері ретінде мемлекет өз қорғауына алды. Соның бірі — Қаратөбе елді мекені Шымкенттің фосфор зауыдына жақын тұста болған.

Орта ғасыр дәуіріндегі Оңтүстік Қазақстанның ең ірі қаласы Сайрам болғаны мәлім. Оның айналасында бірнеше қалалар мен қалашықтар қалыптасты. Солардың ішінде жазба деректерде аты аталған Харлут туралы келтірілген мәліметтер бойынша айтсақ: ол көлемі орташа қала болған, оның «...сыртынан қоршаған дуалдар жоқ, қамал да, рустак да жоқ». Ал бұл қала қазіргі Шымкенттің орнына орналасқан болуы керек деген сұрақ пікір бар. Мұны XI—XII ғасырларға жататын құйма қыш ыдыстың, сондай-ақ XI—XII ғасырларға тән мыс келінің табылуы айғақтай түседі¹.

Моңғол дәуірінен кейін Шымкент одап әрі өсіп, ор-

¹ Байпақов К. М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырдағы қалалық мәдениеті. Алматы, 1986. 24 б.

кенден, жоғарыда келтірілген деректерде жазылғандай бірте-бірте ірі қалаға айнала берді. Оның қалдықтары Шымкенттің орталығында. Қаланың қазіргі келбетін көмескі көрінісімен өзіндік реңк беретін ескі қаланың қамалы жақсы сақталған.

Қамалдың пішіні доға тәрізді піліп, айналасындағы жер бедерінен 25 метр биікке бой созып тұр. Төбесіндегі тегіс алаңқайы бойынша есептегенде доға көлемі 30—45 м. Бұрып-бұрыштарынан мұнаралар байқалады, кіреберіс қақпасы оңтүстік беттегі қабырғада. Қамалға жапсарласа шахристан салынған, бірақ қазіргі замандық құрылыстар салынып кеткендіктен оның көлемі шеңберасын ажырату қиын. Ескі қаланың қазіргі топографиясын тек қана Бөлекше Сібір корпусының тәржімашысы Филипп Назаровтың осы бекініс жөніндегі сипаттамасы арқылы түсінуге болады. Қоқандыққа барар жолында ол бірқатар қалаларға, оның ішінде Шымкентке де сипаттама жазған. Оның айтуына «...Бадам өзені бойындағы (қала) биік дөңес басына салынып, жарғабақты биік қабырғасымен көмкеріп тұр. Қалаға өзен жағынан бір атпен ғана жүріп өтетіндей тар жолмен кіруден басқа амал жоқ. Су қалаға қабырғадан ойып жасалған терезешерден кіріп, қала ішінен қазылған арналарды толтырады, бірқатарына су-дирмен орнатылған. Үйлері, қытайлардікі тәрізді, күйдірілген қыш кірпіштен қаланып, терезесіз салынған, неге екепін қайдам, үй ішіне жарқ түсуі үшін барлық жерде есіктері ашық тұрады»¹.

Қамал тұрған жерді қазғанда екі құрылыс сұлбасы ашылды, бірі XIX ғасырға, екіншісі XVII—XVIII ғасырға жатады. Қазба кезінде қыш ыдыстар санаты, оның ішінде XVIII—XIX ғасырға жатқызылуы мүмкін күйма қыш бұйымы табылды.

Осы күнгі Шымкенттің нақ орталығында жатқан ежелгі қала қалдықтарын зерттелуге тиіс деп ойлаймыз. Жібек жолымен сапар шегуші туристер өлкенің алыстағы өткенімен дидарлассын деген ниетпен қазылған құрылыстардан алынған қалдықтар консервіленіп, музейлендіріліп қойылды.

¹ Назаров Филипп. Записки о некоторых народах и землях Средней части Азии. М., 1968. с. 33.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ОТЫРАР

Мөлдір сулы Арыстың сары лайсаң Сырдарияға құяр ағасына қол созым жерде талай ғасырлар бойы елесін е сақталған өлі қала үйінділері жатыр. Оның атауы — Отырар.

Отырар Қазақстанның ортағасырлық қалалары ішінде айырықша орын алады.

Өмірлеріне көпестердің, әсіресе соғды көпестерінің тар-пеліктері елеулі оң әсерлерін тигізгенімен, көптеген жағдайда халықаралық керуен саудасына тәуелді болған Жібек жолындағы Испиджаб, Тараз, Хамукет қалаларына қарағанда Отырар даланың малшы-тұрғындағы үшін өз қаласы болды және болып қалды да, оның қабырғалары сыртында далалықтардың өздеріне етене қақын әрі түсінікті тілде сөйлейтін туыстары мен дос-қарандары, өз халқы өмір сүрді. Егер әлдеқандай күн гуып, алмас қылыштар айқасып, сұр жебелер суылдаса, егер сарайлар мен күркелер алау ортке оранып, күн көзін қара түтін тұмшалар кез болса, онда далалықтарға да, қалалықтарға да бірдей қатерлі жаулар келгені. Міне, сонда өзінің ұстаханасындағы көрік отын сондірген ұста мен малын айдалада қалдырған малшы қамал қабырғасында тізе қосып, қанжарларып ауыздарына кесе тістеп, сатымен жоғары өрмелеген өлермен жаудың бетін бірлесіп қайтарады. Одан тағы бейбітшілік, тағы соғыс... Кангюйдің ұзын семсерлері түріктің қайқы қылышына орын береді, қарапайым ағал соқаларды темір ұшты түрендер алмастырады, ені кең, түбі таяз арналар орынына ені еңсіз, бірақ түбі терең, су сыйымдылығы үлкен арналар қазылады. Отырар өсе түсті, міне енді шағын қыстақ орынынан бүкіл Шығысқа аты әйгілі қала, дүниеге орта ғасырдың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әль-Фарабиді келтірген, осы өлкенің байырғы астанасына айналған тарихи қала бой көтерді.

Қазіргі кезде біз Отырар жөнінде, оның ежелгі және ортағасырлық тарихы мен сәулет-өнері, құрылыстары, қолөнері мен мәдениеті жөнінде не білеміз?

Отырар Сырдарияның орта ағысындағы суармалы құнарлы алқап орталығы болып табылады. Батысында оған Қызылқұм шөлі келіп тіреледі, шығысында Қаратаудың жон-жоталарымен жалғасатын біркелкі жазық дала жатыр. Озен аңғарларында жыңғыл, жиде, тал, тораңғы мен қамысы тығыз өскен ит тұмсығы батпайтын тоғайлар жиі кездеседі. Қалың қопаларда бұғы, қабан,

қоян, түлкі, қасқыр тәрізді аңдар ұшырасады. Осында күні кешеге дейін жолбарыстар да болған. Құстары д әр алуан: қырғауыл, қаз, тырна, көкқұтан, түрлі үйрек тер бар. Өзен суында қаяз, ақмарқа, жайыи балықта жыртылып айрылады.

Отырар алқабы немесе ертеректе аталғанындай Фараб округі Оңтүстік Қазақстанда тоқсан жолдың тоғысқан торабында тұрды. Отырар орта ғасыр авторларының барлық дерлік географиялық және тарихи шығармаларында ескерілуі тектен-тек емес. Ол Жетісу қалалары санатына да, Испиджаб шеңберіндегі қалалар тізімінде кіргізіледі. Осыған орай бірнеше Отырар болған ба деген күдік те тууы мүмкін. Дегенмен Отырар біреу ғана еді, ал оның осыншама «мәшһүрлігін» қаланың географиялық көрінісі әр-алуан алқаптардың тоғысқан жерінде және сантарау керуен жолдарының түйінді қиылысында тұрғандығына байланысты түсіндіруге болады. Арыс пен Сырдария құйылысындағы Отырар — үлкен егіншілік ауданы. Қаратау жоталарының шалғайын басып жатқан Отырар — көшпенділердің сенімді тірек қамалдарының бірі. Отырардан Арысты өрлей шыққан жолдар Тараз бен Баласағұнлы басып отіп, одан әр Шығыс Түркістанға жетеді; Сырдарияны өрлей жоғары кететін ежелгі жол сорабы Шал, Соғды арқылы жалғасып, Мерв пен Нишапурға жеткізеді; төмен кететін жол Арал аймағына, одан Оралға шығады; батысқа Қызылқум арқылы өтетін жол Хорезмге, одан әрі Қара теңіз бен Кавказға апарады. «Орта Азияда, — деп ескертті белгілі совет археологі А. Н. Бернштам. — бұдан ең қолайлы және ең қауіпті орынды табу қиы».

Қала үстінен қара құйындай соғып өткен мың жылдық басқыншылар соғысы өзінің істерін істеді — бір кезде гүлденген қала орынында қазір үстін шөп басып кеткен үйінді обалар жағыр. Бұл жерге алғаш рет келген адам қимылсыз қалған көптеген қалалар мен елді мекендерді, қамалдар мен карауыл мұнараларын көріп, қайран қалары сөзсіз. Жүзлеген жылдар бойы тамшы су қормей, ұлтаңдары аңтаңтаң шыт-шыт жарылып кеткен үлкен арналар сорабы қаңсыған алқап үстін айқыш-ұйқыш шмайлап жатыр. Ежелгі елді мекендердің орынына оба болып көтерілген әрбір төбенің өз атаулары бар: Алтынтөбе, Жалпақтөбе, Құйрықтөбе, Пышақшйтөбе. Бір заманда олар басқаша аталған еді, бірақ ол атаулар ұмытылған, тек аттары жазба деректерден белгілі екі қала атауларын осы күнгі үйінді обалар атауларымен

алыстыруға болады. Зертеушілердің анықтауына Құйықтөбе орынына Кедер қаласы болған, ал күйреген ескі Оксус қаласы Весидж қаласына сәйкес келеді. Бір кезде бұлар да басқаша аталған, бірақ жергілікті аңыздар қазіргі атауларды бұрынғы қалалардың Отырармен қарым-қатынаста атқарған өзіндік кәсіптерінің түрлерімен байланыстырылады. Мәселен, Алтынтөбе атауы онда зергерлер тұрғандықтан солай аталған. Пышақшытөбе — қару жарақ ұсталарының мекені, Құйрықтөбе (қойның құйрығы тәрізді жалпақ жота) — қасапшылар қайлаған орын.

Отырар обалары өздеріне көптен көңіл аударып келеді. Жерге көмілген ежелгі патшалар қазыласы, алтын теңгелер мен құнды заттар үйінділері бар-мыс деген қауесеттер қашан да шындыққа келетін тәрізді еді. Оның үстіне бұл жерден әр кезде әртүрлі бұйымдар біріне күміс білезік сынықтары, бірде тасы күңгірт тартқан, түрі таңғаларлықтай сырға, енді бірде көгілдір ақық гастан жасалған моншақтар табылып жүрді.

Қазына табуға көп адамдар талаптанып корді. Олар су шайып құлаған бекініс қабырғаларының үйінділері басып қалған топырақ қабаттарын құлшына қазды, бірақ көптеген жағдайларда кетпендер сыртқа алтын орынына қыш ыдыстар сынықтары мен темір ыдыстардың шіріген қалдықтарын, мал сүйектері мен адамның бас сүйектерін ғана қазып шығарды.

Отырардағы алғашқы қазба жұмыстарын Түркістандық археология әуесқойлары үйірмесінің мүшелері А. К. Кларе мен А. А. Черкасов 1904 жылы жүргізген. Олар қазылған ұзынша орлардан керамика, кірпіш түрлерін жинады және бірнеше ондаған мыс теңгелер тапты. Қазу жұмыстары сонымен тынған болатын. Одан кейін Отырар көп уақыттар бойы археологиялық экспедициялар жолынан бір бүйір қалды, тек 40-шы жылдардың аяқ шенінде ғана профессор А. Н. Бернштам бастаған археологиялық экспедиция бұл жерде біршама алдын-ала зерттеп, байқау жұмыстарын жүргізді. Алынған мәліметтер негізінде ескі қаланың хронологиясы (уақыт өлшеуіні) жөнінде ұсыныс жасалып, керамикалар алдын-ала іріктеліп жіктелді. Алайда, тіпті осы барлау жұмыстарының өзі Қазақстанның көптеген ежелгі және ортағасырлық проблемаларын шешуде Отырар келешегі зор үміт күттіретіп объекті екенін көрсетті¹.

¹ Бернштам А. Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана.— Известия АН Каз ССР, № 7, серия археологическая, вып. 2, 1949, с. 59—99.

1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды. 1970 жылы оның атауы Қазақ ССР Ғылым академиясының кешенді археологиялық экспедициясы деп өзгертіліп, негізгі зерттеу объектісі ретінде ескі Отырартебе қаласы таңдап алынды.

Ескі қаланың аспаптық топографиялық жоспары келтіріліп алынды, оның жоспары және перспективті аэрофотосуреттері түсірілді. Бұл жерде жыл сайын қазба жұмыстары жүргізілуде.

Отырардың топографиясын зерттеу ескі қаланың келісімі Қазақстан мен Орта Азияның көптеген ортағасырлық ескерткіштеріне ұқсас екенін көрсетті. Орталық об- түріндегі бес бұрышты үйінділердің биіктігі 18 м., аумағы 20 га. Қабырға жақтары тегіс: оңтүстігі — 380 м, оңтүстік-батыстағысы — 145 м, батыстағысы — 400 м, солтүстік-шығыстағысы — 380 м, шығыстағысы — 350 м. Обаны периметрі бойынша қоршаған қабырғалар келіс- тұстарда қазір де өзінің тіп-тік қалпын 75—80° сақтап тұр. Қабырғаны бойлай көтерілген мұнаралардың түлғасы сыртқа жұмырлана шығыңқырап, жүлгеленіп тұр. Қабырға сыртында екі жағы жантайма, тереңдігі 2—3 м. ені 10—15 м. келетін жыра тәрізді ор жатыр. Қалаға үш жағынан кіретін қақпа бар. Екеуі қаланың оңтүстік және солтүстік-шығыс бетіне бір-біріне қарама-қарсы орналасқан. Үшіншісі — батыс беттегі қабырғаның орта- тұсында. Орталық көше оңтүстік және солтүстік кіреберістерді жалғастырып, қаланы тең емес екі бөлікке бөлетін тәрізді. Көше ені 5—8 метрлік жыра сияқты. Көптеген пұшпақтар мен тұйық тармақтар содан таралады.

Отырардың топографиясы негізгі кескіндемесі жағынан орта ғасырдың аяқ шенінде (XV—XVIII ғ.) қалыптасқан, сондықтан қамал құрылысы ерекше көзге түспейді, тек аэрофотосуреттерді кескіндеме-сызыққа айналдыру нәтижесінде ғана оның алдын-ала сұлбасын айқындауға қол жетті. Қамал обаның дәл ортасында үш бұрышты үлгімен салынған үш қабырғасының әрқайсысының ені тиісінше 220, 230 және 220 м. Оның сыртынан қоршай түскен күңгірт жолақ шеңберді қазылған ор деп шамалауға болады.

Қамал мен шахристан орналасқан обаға жалғас рабадқа (керуен сарай) бекітілген территория жатыр. Оның аумағы 150 га. Рабатта әр түрлі көлемді төбешіктерге жіктелетін құрылыстардың қалдықтары бар¹.

¹ Ақшиев К. А., Байпақов К. М., Ерзакович Л. Б. Древний Отырар: Алма-Ата, 1972. с. 43—50.

Отырар жұртында тұрғындардың пайда болу кезеңінің Отырар — Фараб атауы жазба деректерде алған ет атала бастаған IX ғасырдан көп бұрын, яғни біздің дәуірімізге дейінгі алғашқы ғасырларға жатады.

Сонымен қатар бұл қаланың тым әріректегі атауын нықтауға мүмкіндік беретін деректер де бар.

Отырар мен осы коғал алқаптың ескі қалаларынан алынған теңгелер санаты жоғарыда аталған дәуірлерге жатады. Бірінші үлгіге жататын теңгелердің оң бетінде адақ түріндегі түргеш таңбасы, теріс жағында арыстан ейнеленген. Екінші үлгідегі теңгелердің бет жағында Х үлгісі таңбаланған. Жетісуда, Шашта және Соғдыда қасалған ортағасырлық теңгелермен салыстырып көрсеткенде бұл жергілікті билеушінің әмірі мен шекілген ең қаңа түрлі теңгелер үлгісі болса керек деген ойға келтіледі. Екінші үлгідегі теңгелер Кангу Тарбанның кангар билеушілері қалауымен жасалған болар деген болжам да бар¹.

Мұның өзі Отырар иелігінің саяси және экономикалық дербестігінің айшықты айғағы және Отырардың VII ғасыр мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қат-қабат оқиғаларда елеулі роль атқарғандығы жөнінде қазылған деректердің дұрыстығын көрсететін қосымша дәлел.

Отырардың ерте ортағасырлық қабаттарын жан-жақты қазып зерттеу — келешектің ісі. Дегенмен, шамасы кангар иеленушілерінің қала сыртындағы резиденциясы болған ескі Құйрықтөбе қаласының қамалын зерттеу материалдары бойынша сол кездегі көрнекті архитектура сәулеті жөнінде айтуға болады. Қамалдан айнала галлереялармен және сигмент тәрізді сыртқа шығыңқы мұнаралары бар дуалмен қоршалған тұрғын және шаруашылық жайларынан тұратын сарай кешенінің қалдықтары табылды. Оның қабырғалары күйдірілген балшық блоктар қатарын қалақша қам (шикі) кірпіштермен араластыра қалау әдісімен салынған. Құрылыстар биіктігі 10 метрге жететін стилобатқа жеткізілген. Көлемі 10,5×15 метрлік салтанат залының қабырғалары оюлармен және тақтайлар бетіне ойып түсірілген тәтілермен әшекейленген. Мұндай өрнекті тақтайлардың қамал ортенген кезде күйген, қазба кезінде табылғандары да

¹ Байпақов К. М. Ерте орта ғасырдағы Отырар алқабының кейбір тарихи этнографиялық мәселелері. Қаз. ССР. ҒА хабаршысы. 1985. № 1. 68—75 б.

осындай күйде. Тақтай-тәті беттерінде аймақ иелерін тіршілік тынысы және құдайлардың бейнелері суреттеген сюжетпен безендірілген.

Бетіне адамдардың бедерлі суреттері бейнеленген көлемі 125—35 см, жақсы сақталған тақтай назар аударарлық. Арқаға кіре берісте еркек пен әйел бейнеленген. Әйелдің беті жалпақ дөңгелек жүзді, тайпақ мұрында көзі бадам дәні тәрізді. Басында қалпақша, маңдайы да — тәж тәрізді әшекей. Еркектің бет-пішіні наһа сақталған. Ол басқа кептелетін жиегі бар қалпақ, үстін желбегей шапан киген. Еркек оң қолымен әйелді құшақтап тұр, қолының қосбасы әйелдің нығында жатыр, ал қанын жоғары қарата көтерген сол қолы әйелдің бет деңгейінде. Зерттеушілердің пікіріше тақтайда «құд түсу көрінісі» бейнеленген.

Тағы бір тақтайда аңдар бейнесінен жасалған тақт отырған құдайлар, енді бірінде садақшылар бейнелер қоршауындағы қамал, қабырғаларда төрт қолды құдай әйел бейнеленген. Жекелеген бейнелі өрнектер бөліктер Педжикент пен Шахристанда жасалған тақтайлардағы өрнектерге өте ұқсас, ал ою-өрнек сюжеттері Педжикент, Варахша, Балықтобенің ерте ортағасырлық монументті өлерін еске түсіреді. Сойтіп бұл Орта Азия мен Қазақстан халықтарының өзара мәдени байланыстары тығыз болғанын көрсетеді.

IX—X ғасырлардағы деректер Отырарды Испиджаб қалалары құрамында атайды. Испиджабтың алғашында халифатқа, кейін саманидтерге бағыныпты болуы нақты бір сипатта болды, өйткені испиджабдықтардың Бұхараға төлеп отырған салығының өзі символикалық сипатта болатын. Деректерде Фараб — Отырар ең алдымен ұзыны мен көлденеңі бір күндік жолға жуық алқапты алып жатқан округ орталығы болғаны сипатталады.

IX—XII ғасырлар Орта Азия мен Қазақстан қалаларының өміріндегі өрлеу кезеңі болды. Жаңа қалалар пайла болып, ескі қалалар үлкейе түсті. Қала жері рабадтар есебінен, яғни сауда-саттық кәсібі жүргізілетін базарлар мен керуен сарайлар есебінен кеңейе түсті. Бұл кезде Отырар 2000 гектар жерді алып жатты. Қазба жұмыстары көрсетіп отырғанындай, XI—XII ғасырларда қала үйлері көше-блоктарға топтасып, өте тығыз салынған. Үйлердің тұрғын бөліктерінде қабырғаларды бойлай ені 1—1,20 метр, биіктігі 0,4 метр суфалар (еден төсеніштері) төселген. Еденге дөңгелек және тікбұрышты, дәлірек айтқанда антроморф тәрізді мұржасыз ойық

ыни ошақтар орналасқан. Олар қалыппен және ойып қасалған өрнектерге бай. Қалада канализация жұмыс істеді, санитарлық-тазалық тораптары әр үйдің міндетті түрде болуға тиісті қажеттілігіне айналған.

Осы кезеңде Оңтүстік Қазақстанды исламдандыру ісі жүріп жатты. Жаңа дін ең алдымен қала жұртшылығы арасында таратылды. Қалалар маңайында мұсылман мешіттері жинақталып, мазарлар (мовзoleyлер) пайда болады, табыну ансамбльдері қалыптасады. Қалаларда мешіттер салынады. «Көрнекті» мешіт аталған ертерек алынған мешіттердің бірі ескі Құйрықтөбе қаласынан табылып аршылды. Оның жұмыс істеген кезеңі Х ғасырдан ХІІІ ғасырлардың бас кезіне жатады. Мешіттің көлемі 36,5×20,5 метр, оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарата созыла салынған. Кіретін есігі солтүстік-шығыс қабырғасының ортасында, қарама-қарсы бетіне михраб орналасқан.

Мешіт қабырғасы күйдірілген және қам кірпіштен жасалынып өрілген. Шатыр жабындысы көптеген ағаш тіреулерге тіреледі, ал ағаш тіреулерден тек күйдірілген кірпіштен қаланған тұғырлар ғана қалған. Мұндай тіреу ағандар саны 50; бесеуі аралығы қысқа, оны аралығы ұзынақ қатарларға қойылған. Бағаналардың ара қашықтығы 3-тен 3,2 метрге дейін жетеді. Шекті тұғырлар мен қабырғалардың арасы 1,5 м. Мұндай үлгідегі мешіттер ұзақ уақыттар бойы салынған. Құрықтөбе мешіттеріне ұқсас мешіттер Сурхандария облысының Саполшеледен ашылған, ХІІ ғасырдың алғашқы жартысына жататын мешіт және Хиуадағы ХVІІІ ғасырлық Жұмамешіт, Түргеніштегі ХХ ғасырдың бас кезінде салынған мешіт табылып табылады.

Қала ғимараттары арасында монша тәрізді қоғамдық құрылыстар пайда бола бастайды.

Монша Орта Азия қалаларында ХІІІ ғасырдан ерте алынған жоқ. Үлкен қалаларда бірнеше ондаған моншадан болды. Шығыс қалаларында монша қоғамдық ғимараттармен қатар көрнекті орынға ие болды. Қала өмірінде монша ерекше құрметтеліп, көпшілік жиі баратын мешіттен кейінгі басты орынға айналды. И. А. Орбели монша жөнінде былайша сипаттайды: «Бүкіл Шығыстағы тәрізді Кавказда да монша, оны өздеріне және дос-қарандарына арнап салдырған қала басшылары үшін де, текті ұйымдар үшін де айрықша қамқорлыққа алынатын орын. Өйткені монша тек жуынып-шайынатын ғана орын емес, ол сонымен бірге күшті нығайту, пәс көңіл-

ді көтеру үшін де, демалу үшін және дос-жарандармен бас қосып, сұхбаттасу үшін де, кездесіп, сатып алу, сату жөнінде әңгімелесіп, сауда мәселесіне келу үшін де сондай-ақ шахмат пен нарда ойындарында шеберлік көрсету үшін де қызмет етеді»¹.

Отырардағы рабад жұртын қазғанда XI—XII ғасырларға жататын екі көпшілік монша табылды.

Нашар сақталғанына қарамастан солардың біреуінің құрылысының салыну үлгісі анықталды. Монша сақабаты жабылып, тегістелген жазық жерге салынған. Оның көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 11,5 м, ал батыстап шығысқа қарай 16,5 м. Моншаның жарық түсетін жақтары күнгей бетке қаратылған. Қабырғаларының көлемдері 22—23×22—25×5 см. күйдірілген кірпіштермен өрілген, іргетас салынбаған. Қабырғаның қалыңдығы 0,7—0,9 м. Монша құрылысының негізіне крест үлгісі алынған. Орталық жай өзін кесіп өтетін білікте бойымен орналасқан төрт бөлмемен жалғасып жатыр.

Монша құрамында денені сылайтын лоджиялары бар орталық залдан өзге жуынатын жай бар. Батыс беттегі үш бөлменің бірі шешінуге, екіншісі демалуға, ал үшіншісі, шамасы, сыйынып, дұға оқуға арналған болса керек. Шығыс бетінде от жағатын орын мен су құйылған кеспектер (цистерналар) қойылған бөлмесі бар. Жуынды сулар құбырлар жүйесі көмегімен монша жайына сыртқа шығып, терең шұңқырға сіңіп кетіп жатады. Монша жылу өткізгіш орам өңездер арқылы жылытылған. Қазу кезінде жылу жүйесінің мұржа-бағаналары мен бағыттауыш қабырғалары табылып, анықталды. Бұл моншаның салыну үлгісі Орта Азияның, Кавказдың Таяу және Орта Шығыстың моншалары үлгілеріне бірдей.

Крест тәрізді құрылыс үлгісі XI—XII ғасырлар және одан көп кейінгі кезеңдерге тән сипат. IX—X ғасырларға жататын моншалардың қалыптасқан, біркелкі жобасы болмаған, олардың құрылымдары мүлде басқаша. Афрасиабтағы IX ғасырдағы монша шағын-шағы бөлімшелерге бөлінген және жылыту жүйесінің өте қарапайымдылығымен сипатталады. Отырардағыға қарағанда Тараз моншасының құрылымы да басқаша екен байқалды.

Монша қабырғасының сыртында соған жапсарласты

¹ Орбели И. А. Бани и скоморохи XII в.— В кн. Памятник эпохи Руставели. Л., 1938. с. 159.

а салынған бір жай бар, шамасы бұл кірхана (кір жуа-ын жай) болса керек. Бұл — әрқайсысының көлемі $\times 4,5$ метрлік екі бөлмелі жай. Оның қабырғалары қам ірпіштен өрілген. Жайдың бірінде тандыр, оның қасына екі қыш ыдыс (хумдар), ал пақ ортада таған (таго-а) орналасқан. Өзге жайдың солтүстік бұрышында сер-еденді қазып орнатылған көлемі $2,5 \times 1,2$ м, тереңдігі 0,7 м. су құятын науа бар. Моншаның оңтүстік және атыс қабырғалары тұсында көлемі $40 \times 40 \times 5$ см. күйірілген кірпіштер төселген аласа суфалар орналасқан.

Рабад жұртынан табылған екінші монша оңтүстікте кіреберістен 200 м батысқа тамап салынған, бірақ ол олық қазылып, ашылмаған. Оның аршылған оттығы мен ыстық су сақталатын ыдыстарының жүйесі ыстық су айындау процесін анықтауға мүмкіндік береді. Отпен ыздырылатын астау — жақтаулары мең ұлтаны күйді-ілген кірпіштен өрілген тік бұрышты цистерна пішініне жасалып, бірнеше қабат су өткізбейтін қырамен алебастрмен) сыланған. Мұның көлемі $2,7 \times 1,2$ м, ал ақталған биіктігі 25 см. Оның ортасында аузы астау-ың түңкі деңгейімен бірдей, ал түбі мен жақтаулары шақ оттығына кіріп тұратындай етіп қондырылып, сыанып тасталған шойын немесе темір қазандар орнатыл-ан. Сақталған қазан ойығының диаметрі 0,7 м. Қыш тау (цистерна) жырашық арықшаларымен көлемі $2,7 \times 2,7$ м, тереңдігі 6 м. басқа бір су құйылатын науа стаумен жалғастырылған. Оның жақтаулары да күйі-ірілген кірпіштен қалаып, қырамен сыланып тастал-ап. Науа астаудың түбі арасынан түтін мен оттың қы-уы аралап өтіп, моншаның астына оралып кететін күйі-ірілген кірпіш тағандарға тигізіп қойылған. Екі теңге, атерналдар, керамика, металл бұйымдары моншаның I—XII ғасырларға жататынын көрсетеді. Қазба ке-нде табылып, жиналған 70-ке тарта дөңгелек өрнекті, үйір ыдыстар (сфероконустар) мен олардың сынықта-ы назар аударарлық. Сынаптан жасалған шипалы дәр-ектер үшін пайдаланылған сүйір төбелі ыдыстар, Ибн ина жазғандай, моншаның емшілік қасиеті де болғанын әлелдейді¹.

Отырардың гүлденуі моңғолдар шапқыншылығынан бқталып қалды. Соның аз-ақ алдында Отырар Хорезм-нах мемлекеті құрамына кірген болатын. Шыңғысхан

¹ *Ибн Сина Абу Али. Канон врачбной науки. КН 1. 1954 с. 96. 198.*

1218 жылы хорезмшах Мұхаммедтің сарайына өзінің сауда керуенін жіберді. Керуен Отырарға келіп кірген кезде, қала мұрагері Иналшық Қайырхан (пұтқа табынушылардың атауынша Яган-Тугды (піл туды) Мұхаммедтің әмірі бойынша керуенді талауға бұйрық берді. Ол мемлекет мүддесін көздеп солай етті, өйткені керуенде көпестерге қарағанда жасырып да, ашық та жансыздар (шпиондар) көп еді. Бүкіл керуеншілердің ішінен мал айдаушылардың біреуі ғана қашып құтылып, сұмдық хабарды Шыңғысханға жеткізді. Ашуланған Шыңғысхан кіпәлілерді жазалап, Қайырханды қолын беруді талап етті. Алайда хорезмшах моңғол елшісін өлтіруге бұйрық етті.

1219 жылдың күзінде моңғолдар Отырар дуалы іргесіне жетті. Моңғолдар келгенге дейін Үргеніште әскер кеңес болып, онда қолбасылардың бірі моңғол әскерлеріне қарсы шығып, тегеуірінді соққы беру керек деген ұсыныс жасады. Бірақ Мұхаммед өзгене жолды таңдады, ол әскерлерін қала гарнизондары төңірегіне топтастырып, қолбасшыларды жеке-жеке соғысуға мәжбүр етті. Отырар қорғанысы деректерде былайша сипатталды: «...Олар (моңғолдар) ең алдымен Отырарға келді Қаланы айнала өз шатырларын құрып алды. Сұлтан Қайырханға шекаралық әскерден 50 мың адам берді және оған Қараша Ходжибты 10 мың адамымен көмек жіберді. Қамал, ішкі бекіністер мен қала дуалы жақсы бекітілді және жауынгерлерге қажетті қару-жарақ өте көп жиналды. Қайырхан өзінің сарбаздарымен бірге қала ішінде соғысудың барлық дайындықтарын жасады жаяу және атты әскерлерін қақпалардың тұсына бөліп орналастырып, өзі қорған қабырғасына көтерілді; ол алдына көз жіберген кезде күтпеген көріністі көріп, бармағын тістеді; айнала көз жетер жазық жердің бәрі қисапсыз қыбырлаған адамдар нөпірі мен сақадай сай жауынгерлер қарасынан қайнаған теңіздей сапырылысып кеткен, оның үстіне аспан асты ызы-қиқу, айқай шудан, сауыт-сайманға малынып кісінескен аттар мек қышқырған қашырлардың үндерінен азан-қазан болып кеткен. Әскер бекіністі белдеу-белдеу шеңберлермен қоршай орналасқан. Әскері аяқ-басын жинап алған кезде Шыңғысхан әскербасыларының әрқайсысын әр түрлі бағытқа аттандырды. Өзінің үлкен ұлын (Жошыны) ол бірнеше түмен ержүрек те епті жауынгерлерімен Жент пен Баршылықкентке, әскербасыларының енді бірқатарын Ходжент пен Фенакентке жұмсады. Отырарды қор-

пауды одан әрі жалғастыруға Үгедей мен Шағатай баспаған әскерді қалдырып, өзі Бұхараға аттанды.

Атты әскерлер басқа бағыттарда қимылдайтын болғандықтан, қала гарнизоны ұзаққа созылған күреске төтеп беріп, бес ай бойы қарсыласа алды. Жағдай қиындап, іс насырға шапқан кезде Қараша Қайырханға моңғолдарға бағынып, қаланы берсек қайтеді деп сөз салды. Бірақ осы қиындықтардың басты себептері өзі болғанын және моңғолдардың мұның өміріне аяушылық қасамайтынын білген Қайырхан бұл жерден сытылып кетердей ешқандай саңылау таппады. Сосын да ол бар күшін салып қарсы күресе берді.

Қараша өз әскерінің жартысынан көбірек бөлігін алып, Сұпыхана қақпасы арқылы шығып кетпек болды. Татар әскері түнделетіп дәл сол қақпадан кіріп, Қарашаны тұтқындап алды... Отырардың кінәлісі де, кінәсізі де, шадыра жамылғаны, тұмақ кигені немесе сәлде ораны демей барлық тұрғыны қаладан қойдай айдап шығарылды, ал моңғолдар олардың барлық заттары мен мүліктерін, қолдарына түскенінің бәрін тонап жатты.

Қайырханға келсек, ол өзімен бірге арыстандай жауынгер 20 мың ержүрек еркекті ертіп алып, қамалға аспаналады... Және солардың қай-қайсысы да ақырғы емі таусылғанша шайқаса берді; соның салдарынан моңғол әскерлерінің көптеген жауынгерлері жер жастанды. Бұл шайқас Қайырхан мен оның екі серігі ғана тірі қалғанға дейін созыла берді, ал ол қашып құтылмақ болып, бетін теріс бұрмай шайқасын одан әрі жалғастыра түсті. Моңғол жауынгерлері қамалға кіріп, оны төбегі шатыр астына қуып тықсырды, алайда ол екі серімен бірге әлі де берілмеді. Оны ұрыс үстінде өлтірмей, ірілей тұтқынға түсіріңдер деген бұйрық алған моңғол жауынгерлері оны өлтіре де алмады. Сол арада оның әріктері азапты өліммен опат болды да, мұның өзінде е қару қалмады. Сол кезде қыздар оған сарай қабырғаның кірпіштерін алып беріп тұрды. «Содан соң да ол ан-алуан айла-шарғыға көніп, көптеген жауынгерді шаһаннамаға аттандырды, дегенмен ол да ақыры шыр-ауға түсіп, арқанмен шандылып, шынжырмен тұсалды. Амал мен оның қабырғаларын жермен жексен ете қилатып, моңғолдар алыстай берді, ал қолына семсер ұстамаған қарапайым адамдар мен қолөнер кәсіпқойларын ұмыс күші ретінде пайдалану және олардың кәсіби мерлерін қадеге жарату үшін өздерімен бірге ала кетті».

Отырар тағдыры осылай шешілді. Қала қиратылды,

ал тұрғындарын не бастырып жіберді не бірқатарын құлдыққа салып, айдап әкетті. Моңғолдың атты әскері бүкіл Қазақстан жерін қирату мен қайғы-қасірет тасқындай жайпап өтті. Қалалар құлдырап, бұрын гүлденген қоныстар қаңырап қалды. Ойрандалған, өртеген іздер қалдығы XIII ғасырдың бас кезіндегі мәдени орталықтарға тән құбылыстар. Оның үстіне көптеген қалалар қайтып қалпына келе алмады.

Дегенмен Отырар қайтадан еңсе көтере алды. Шыңғысхан өлгеннен кейінгі өзара қырқысулар оршиған бұлыңғыр-бұлдыр жылдарда бұл қала қайтадан Сырдария бойындағы мән-маңызы зор саяси және экономикалық орталық болды. Үргеніштен шыққан жол сол арқылы Алмалыққа, одан әрі кетті. Отырар Арта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіне кең тараған теңгелерді шеку орталығы ретінде де белгілі. Қалада XIII—XIV ғасырларда ірі қоғамдық ғимараттар салу ісі қолға алынды. Ернезе ханның кезінде бұл жерде медресе, ханака мешіт салынды.

XIV ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан Темір державасына енгізілді. 1405 жылы Отырардағы әскеріне беттеген Темірге жолда суық тиіп, Отырар сарайларының бірінде дүние салды. Темір дәуірі бұрынғы моңғол иеліктеріндегі жағдайларды бірқатар тұрақтандырумен даңқты болды, Түркістандағы Ахмет Яссауидің көрнекті мавзолейі соның тұсында салынды. Отырарда Ахмет Яссауидің ұстазы Арсылан-Баба бейіт үстіне салынған мавзолей де Темір есімімен тығыз байланысты. Ол сақталған жоқ, дегенмен қазір Темір заманында салынып, қираған ғимараттың орнына, яғни Отырардың батысына таман 3 км жердегі қорымға XIX ғасырдың бас кезінде қайта салынған мавзолей зияткерлік түр. Ескі мавзолейден алып қарағаштан ойып қпылғап өрнекті екі бағана сақталған. Бағаналар бірдей есеп. Олардың ұзындықтары 3,5 м. Бағананың үстіңгі шін төрт қырлы шаршы, оған төменгі тұлғасында қиып салынған шаршылармен айқасып жатқан геометриялы сызықтардан тұратын белдікшелер жасалған.

Қаланың салыну үлгісі, қала кварталдарының, көпшілік ғимараттардың сипаты, ақыр соңында, тұрғын үйлердің жаңа түрлерінің қалыптасуы жөніндегі мәліметтер Отырарды кең түрде қазу арқылы белгілі болып отыр.

XIII—XIV ғасырлардағы кварталдардың бірі 2300 шаршы метр алаңнан қазып аршылды. Ол әрқайсысы

ың жерінің ауқымы 30—40-тан 250 шаршы метрге де-
ін жететін 12 жеке үйлер иелігінен тұрады. Қварталдың
XI—XII ғасырлардағы алып құрылыстар қалдығы құ-
амында жасалғанын анықтауға қол жетті: XI—XII
асырлық құрылыстардың бірқатар қабырғалары жаңа
қоба құрылымына енгізілгені, алайда, іс жүзінде ол
жаңаша үлгімен салынғаны байқалды. Қвартал (шаршы)
шіндегі көшелердің бағыттары да өзгерген.

Осы жерде жатқан XV ғасырлық квартал XIII—XIV
асырлардағы кварталдың үлгісін мұра еткен. Ішкі же-
елеген үйлер мен жайлардың құрылымы да, кварталдар-
ың жалпы құрылымы да өзгерген, соның өзінде олар
аланың салыну үлгісінің бір бөліктері ретінде сақталып
алғап.

XIII ғасырдағы—XV ғасырдың бас кезіндегі Қазақ-
тан қалалары құрылыстарының дәстүрлі санаттары құ-
амында, одан бұрынғы уақыттардағыдай, моншалар да
олды. XIII ғасырдың соңғы ширегі мен XV ғасырдың
асындағы кезеңге жататын бір монша Отырардан қа-
ып ашылды. Ал оңтүстік кіреберістен батысқа таман
00 м жерде, су қоймасы жағасында, XI—XII ғасырлық
онша орнына салынған.

Моншаның бұрыштарымен жарық түсетін жаққа бе-
імделіп тұруы бұрынғыша сақталған, тек жаңа монша
атысқа таман жылжытыңқыраған және оған кіретін
зік бұрынғыша солтүстік-батыс жақтан емес, оңтүстік-
ығыс беттен жасалған.

Монша крест таңбасының үлгісі айқын көрініп тұ-
атын тік бұрышты айқыш-ұйқыш құрылымдардан тұ-
ады. Мұнан екі құрылыстық кезеңді байқаудың сәті
үсті. Моншаның алғашқы көлемі сыртынан өлшегенде
3,5×16,5 м болған. Осы жағдайда орталық залдың ау-
ағы 22 шаршы метр, ал су құйылған астаулар тұратын
айларды қоспағанда, қалғандарының көлемі 7,2 шар-
ы метрден келеді.

Екінші кезең моншаның кеңейтілуімен сипатталады.
ңтүстік-шығыс қабырға екі метрге, ал оңтүстік-батыс
абырға 1,5 метрге сыртқа қарай жылжытылған. Сөйтіп,
оншаның жалпы аумағы 163,3 шаршы метрге (17×15,5)
лғайтылған.

Моншада 10 жай болған. Олардың ішінде киім ше-
етін (люнги-хана) бөлме, бұмен шабынатын және уқа-
ап сыланатын екі сөре-сәкілік орталық залы бар. Зал-
ан жуынатын жайға «ыстық-хана» мен «суық-ханаға»
шылатын есіктер жасалған.

Бастапқы Отырар моншасының батыс беттегі бұрышында екі ыстық су жайы, шығыс бетінде бір салқын су жайы болған. Демалатын жайда көлденең қимасы 2 метрлік шеңбер жиекті хауз бар. Оның едені әр түрлі көлемді көгілдір жапқан кірпіштен қаланған.

Монша сумен су қоймасынан тартылған құбырлар арқылы қамтамасыз етілген. Құбырлардың бірқатары жер асты галереясына төселген.

Су құбыры монша жайына суық және ыстық сулар құю үшін құйылған астаулар тұсынан келтірілген. Дәл осы жайдан төрт бөлікке бөлінген ұзынша науа-ақтау тәрізді 4 үлкен су ыдысы болғаны байқалады. Оны түсінуге Ибн Синапың жазбасы көмектеседі. Онда моншаның ағзаға шипалы әсері сипатталып, жуынған кезде қолданылатын бірнеше ертінділердің аттары аталады. Солардың ішінде бірқатары өсімдікті, күкіртті, күлді қайнату арқылы алынған, ал басқалары қатарында ол темір, тұз металдың тұзды тотығы, металдың күкірт қышқылды тұзы ертінділерін атайды.

Жуынды сулар суағар науалар арқылы арналарға барып құйылып, одан әрі бойына сіңіріп жіберетін құдықтарға кетеді.

Отырар моншасы оттықтан тартылған жылу өткізгіштер, одан тұғыр тағаншалар мен жылу бағыттауыш қабырғалар арқылы бүкіл жайлардың еденін қыздыратын түтін тартқыш жүйелерге таралатын қызу арқылы жылытылған.

Түтін сыртқа қалың қабырғалардың арасымен жоғары тік көтерілген мұржалар арқылы шығарылды. Сонымен бір сәтте сол түтін жылудың реттеуіш қызметінде атқарды.

Монша қабырғалары күйдірілген шаршы кірпіштерден қаланды, ал еден төсенішіне көлемдері 40×40 см кірпіштер мен тақта-қыштар қолданылды. Бірқатар жайларда еден төсеніштеріне жылтыратып сырланған кірпіштер мен тақталар жаратылды.

XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың алғашқы жартысында Отырарда тұрғын үйлердің жаңа түрлері пайда бола бастайды.

Бірінші түріне бір белдік бойына орналастырылған екі немесе үш камералы, шағын аулалы үйлер жатады. Ал үйлердің біркелкі тура есіктерімен жалғастыра салынған бөлмелері бар (анфиладалық) үлгілеріне қыш бұйымдар жасаушының шеберханасындағы баспанасы мысал етіп келтіруге болады. Ондай баспана екіжайдай

сәне кварталдың (шаршының) ішіндегі тұйық пұшнақ-ен жалғасатын шағын ашық ауладан тұрады.

Үйлердің екінші түріне бір-бірін қиып өтетін белдік-ер бойына орналасқан төрт жайдан тұратын баспаналар, бұл үй шаршы пішінді болып келгенде керст тәрізді төрт бөлікті кескіндеме түрінде салынатын жайлар, ал олардың қоймалары айванның, ауланың немесе андырлы тұрғын бөлменің сол жағы мен оң жағына орналастырылған. Бұл кескіндеменің түрлері бірнешеу. Мойнақ-тандыры бар тұрғын жайы көшедеп санағанда екінші қатарда тұратын үйлер өзгелерден ерекше көзге түседі; үй құрамында бір ғана тұрғын жай; үйде екі тұрғын бөлме, тұрғын жайда бір тандыр; тұрғын бөлмеде екі тандыр бар түрлері де кездеседі. Мұндай үйде жайлар саны төрттеп де артық, бес және алты болуы да қатимал.

Үшінші түрге екі және одан да көп секциялардан тұратын үйлер жатады. Үйдің әр секциясы біреуі міндетті түрде тұрғын жай болып келетін екі немесе үш айдан тұрады.

Тұрғын жайдың ішкі көрінісінде елеулі өзгерістер болғаны байқалады. Қабырғаны қуалай салынатын жілікше сәкі-суфа жайдың көп бөлігін алып жататын жалпақ суфаға орын берген. Тандырдың алдына әдетте кірпіш төселген шағын алаң еденнің биіктігі деңгейін көрсетеді. Жайдың ортасына, Суфаның шетін ала қойылып, саланып тасталған кірпіштен, тақтатастан, кеспелтек тартып қырлы бөренеден жасалған төрттағандар шатыр алдығын бөлме ортасына қойған бір тіреу баған көтеріп тұрғанын айғақтайды.

Тандыр әмбебап ошаққа айналған. Ол әрі жылу кезі, әрі тағам мен нан пісіретін ошақ қызметін атқарады. Андырдың бастапқы дәстүрлі түрі суфаға жапсарлас-аура салынып тасталған жұмыр шеңберлі ойық күмбез пішінді келеді. Мұндай тандырға отын үстіңгі жағынан салынған, ал оның оты төменге қарай тартып жанған, ал, түтіні жайдың едені астын аралап шыққан.

Тандырдың екінші түрі онда түтіндік өңеш — «қан-ақ» пайда болуымен сипатталады. «Қан» әдетте үйдің андырғасына дейін жетіп, суфаға енетін қысқа мойнақ ойығы қылы тік мұржаға жалғасады да, түтін жоғары көтеріліп кетеді.

Тандырдың үшінші түрі үшін алдыңғы жағынан ар-аура ойығы тәрізді оттықтың, мұндай жағдайда міндетті түрде ашық тұратын ташнау-алаңының, суфаға сәйкес

тереңдетіліп, күйдірілген кірпіш төселген немесе тығыз тапталып тасталған еден бөлігінің пайда болуын айырықша атап айтуға болады. Кейбір тандырлардың оты салынатын дөңгелек ауызы сондай етіп ойылған өрнекті саз-балшық тақталармен әшекейленген. Тақталар өсімдік бедерлі және геометриялық сызықты оюлармен өрнектелген.

XV ғасырда тақталар көлемі кішірейтіліп, олар тек оттық ойығы жиектерін ғана безендіру қызметін атқарады. XV ғасырдың орта шенінде даланың жігерлі ханы Әбілқайырдың Дешті — и — Қыпшақтың көптеген тайпаларын өзіне бағындырып, өзбек хандығының жаңа феодалдық иеліктерін басқаруға қолы жетті. Алайда оның өкіметі орнықты бола алмады. Жошы әулетінен тараған қазақ хандары Жәнібек пен Керей Әбілқайырға қарсы тұрды. XVI—XVII ғасырлар кезеңі қазақ даласы мен Сырдариядағы саяси билік үшін таласқан үздіксіз күрес кезеңі болды. Өзбек билеушілерінің ішіндегі неғұрлым жарқын тұлғалардың бірі Мұхаммед Шейбани 1510 жылы өлгеннен кейін өкімет билігі қазақ хандығының қолына ауысты. Қасымханның кезінде қазақ хандығы пығайып, шекарасы кеңейе түсті, түрлі қалаларды, кәсіптер мен сауда тізгінін қолға алды. XVII ғасырдың орта шенінде Қазақстан жеріне жоңғарлар қозғалыстары бастады. Олар түйдек-түйдек тонаушылық шабуылдар жасайды, Сайрам, Түркістан, тағы басқа қалалардың орталықтарын қиратады. Сонымен қатар феодалдық бүліктер мен қырқысулар бір тоқтамайды. Осының бәрі келіп ел экономикасының біртіндеп құлдырауына, бір кезде көркейіп гүлденген Сырдария қалаларының жойылып кетуіне соқтырды. Отырардан қазып алынған материалдар XVI—XVII ғасырлардағы қалалардың өмірі жөнінде айқын да анық мәліметтер береді.

Екі өмір кезеңіне сәйкес келетін екі негізгі құрылыс көкжиектерін бөліп көрсетуге мүмкіндік туды. Томенгісі XVI ғасыр мен XVII ғасырдың бірінші жартысына жатса, жоғарғысы XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырды меңзейді. Қаланың салыну үлгісі, көшелердің бағыттары, шаршылардың шектері, олардың салынуы үш ғасыр бойы өзгермеген есеп. Қайта құру тек жекелеген үй иеліктерінің үлгілеріне ғана тиіп өткен. Мәселен, бірқатар жағдайда үй бөлмелерінің қызметтік міндеттерінің өзгеруі, жөндеу және қосымша құрылыстар салу іздерінен көрінетін жаңалықтар осының айғағы.

Архитектуралық талдау жасау орта ғасырдың аяқ шеніндегі Отырардың тұрғын үйлері жөнінде толық мағлұмат алуға мүмкіндік берді. Оның өзі дәстүрлік белгілерді сақтаған. Үйдегі жайлар саны әр қилы болуы мүмкін: айваны бар бір бөлмеден бес-алты бөлмеге дейін жетуі ықтимал. Тұрғын жайлардың екі түрі көзге түседі. Біріншісіне жайлары қаз-қатар немесе бір белдік бойымен орналасқан (олардың бәрі бір сызық бойымен тік белдік бойынша пықтасқан) үйлер жатады. Екінші түрі әрбір екі бөлмесі қосақталып салынып, крест тәрізді үлгімен орналастырылған төрт бөлме кейпінде сипатталады. Үйдің барлық бөлмелерді байланыстырып тұратын орталық бөлігі ошақ-тандыр орнатылған тұрғын жай болып табылады. Ол жылдың салқын маусымында ас-үй, асхана және жатын бөлме ретінде де қызмет еткен. Бөлменің көлемі 10 шаршы метрден 45 шаршы метрге дейін өзгеріп отырады. Ошақ-тандыр әдетте сырттан кіретін есіктің босағасына орнатылады. Ол суфамен жапсарластыра салынып тасталған. Тандырдың алдыңан көлемі 6 шаршы метрлік тік бұрышты шұңқыр жасалған. Оның жақтаулары мен едені күйдірілген кірпішпен қапталған, ортасына сарқынды су құбырының қондырғысы — ташнау орнатылып, беті ойық тесігі бар кірпішпен жабылған. Бұрыштардың бірінде көмір сақталатын тік бұрышты кірпіш жәшік тұрған. Оттыққа қарама-қарсы бетте немесе оған тандырдан қиялай жаптайған қабырғасында түтін жүретін өзекпен жалғастырылған ойық бар, ал түтін өзегі үй қабырғасына қиялай барып, мұржаға қосылады. Тандырдың міндетті түрдегі бір бөлшегі үстінде түтігі бар саз қақпақ, түтіктен бу шығып тұрады. Ошақ-тандырлар әмбебап қызмет атқарған — олар жайларды жылыту, тағам әзірлеуге, нан пісіруге қызмет еткен. Сол үшін де олардың ішкі қабырғаларынан кертпештер жасалған. Бірқатар үйлерде айванды жаздық аулалар болған. Ауқатты үйлерде олардың едендеріне күйдірілген кірпіштер төселген. Аула алаңының көлеміне қарай еріген қар мен жаңбыр сулары ағып кететін бір немесе екі ташнау жасалған. Шағын аулада жерді қазып орнатылған бір немесе екі ойық әлде алмұрт пішінді ошақтар болған. Үй басы сайын бірден үшке дейін азық-түлік қоймасын жасап алған. Оларда астық, ұн, кептірілген жеміс пен жүзім сақталатын саз жәшік-ларалар қойылған. Қоймалар еденінде құмыралар мен саз астаулар тұр, кейбір үйлерден сырт көрінісі жердің жарығы тәрізді жертолелер (погребтер) бары байқалады.

Тұрғын үйлер мен қоймалардан басқа мал ұстауға арналған қоралар да көзге түседі. Олардың еденінде, әдетте, қидың қалың қабаты жатады.

Шағын аулалары біріктірілген немесе бәріне ортақ бірауыз шығаберісі бар бірнеше секциядан тұратын үйлер де назар аудартады.

Қаланың негізгі құрылыс элементі бұрынғыша, шаршылар (квартал) болып қалады. Бұл-тік немесе Г таңбасы тәрізді болып келуі мүмкін шаршы ішіндегі көшенің не екі қапталына, не бір қапталына шоғырландырылған үйлер кешені. Шаршылар орталық бас көшелерге бітсе сыртын қаратып тұрады, көрші шаршылармен шекаралары да үйлердің сыртқы тұйық қабырғаларымен бөлінген.

6-дан 15-ке дейін үйлер иеліктері шоғырланған шаршылар тиісінше 1000-нан 2500 шаршы метрге дейінгі алаңды алып жатады. Былай қарағанда қаланың елеулі бөліктері бір кезеңде, бір жоспармен салынған ба дегендей әсерде қаласың. Оған дәлме-дәл пішінде бөлінген шаршылар мен шаршылардағы бір белдіктің бойына жұптастыра қойылған үйлер ансамбльдері айғақ бола алады. Шаршы ішіндегі шағын көшелердің жағдайды жеңілдеткіш «ішкі қалталары» да бар, кейде олары шаршы ішіндегі алаңдарға да айналып кетеді. Шаршылардың салынуына, олардың алып жатқан алаңы көлеміне, үй иеліктерінің құрылымдық ерекшеліктеріне, үйлердің ішкі көріністеріне талдау жасау Отырардың тұрғын шаршыларында әлеуметтік тұрмыс сатысының түрлі баспалдағында тұрған қалалықтар қоныстанған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бірқатар шаршылардың кәсіби мамандықтары анықталды. Отырардың шығыс бөлігіндегі шаршы қыш бұйым шеберлерінің иелігінде болған. Шеберханалар тұрғын жайлар кешені құрамында салынған.

Отырардың шаршыларын зерттеу қала халқының саны қанша болғаны жөнінде мәселе қоюға мүмкіндік береді. П. И. Рычковтың XVIII ғасырдың орта шенінде Отырарда 40 семья тұрды деген дерегі бар. Ал Орта Азия мен Қазақстанда әдетте әр семья 5—7 адамнан тұратыны қалыпты нәрсе. Ендеше Отырарда қала өмірі қыл үстінде тұрған кезеңде 200—280 тұрғын болған. XVI—XVII ғасырлардағы қаланың халқы санын анықтау үшін мынадай бір әдіс тиімдірек болды: шаршыдағы үй иеліктерінің санын, шаршы тұрғындарының жан басы санын, барлық шаршылар санын анықтау арқылы бүкіл қала

халқының санын білуге болады екен. Сөйтіп, XVI—XVII ғасырларда Отырарда 5—7 мың адам өмір сүргені анықталды¹.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келіп, Отырарда археологиялық зерттеу жұмыстары одан әрі жалғастырылып жатқанын және әрбір далалық маусым осы бір Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырлық саяси, экономикалық және мәдени ірі орталығының дамуы жөніндегі біздің түсініктерімізге қыруар жаңалықтар енгізе түсетінін айырықша атап айтқан жөн.

ТҮРКІСТАН АЛҚАБЫ

Түркістан алқабы VIII ғасырда Шавғар өлкесі атауымен белгілі болған. Астанасы басында өзіне аттас шаһар екен, ал кейінірек аты XII ғасырдан белгілі Яссы қаласы болғаны мәлім. Орта ғасырлардың аяқ шенінде Яссы — Түркістан Оңтүстік Қазақстанның едәуір бөлігі және Талас аймағындағы Алатау бөктерін, Сырдарияның орта белі мен Қаратау баурайын түгел қамтитын үлкен айқаптың орталығына айналған. Алқапқа қарасты Икан, Қарашық, Ұйыңқы, (Иыңқы), Сури қалаларының ішінде ол әрдайым ең бастысы болып келген.

Қазіргі Түркістан қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 8 шақырым жерде орналасқан Шүйтөбе атты бұзылған көне қала сол бұрынғы Шавғар шаһары деген болжамға саяшылық бар. Біздің ойымызша ол Түркістанның өз территориясында жатқан Күлтөбе атты көне қала қалдығының орнында қонысталынған. XIII ғасырдың онжылдығының басында Қазақстанның оңтүстігін иемдеп алған хорезмшах Мұхаммед ибн Текеш дәл осы жерде ақша соққызған. Ақшаның нақ осы Яссада соғылып шығарылуының саяси, идеологиялық әртүрлі себептері бар болуы әбдеп айғақ.

Бұл қаланың маңғол шапқыншылығы кезіндегі тағдыры белгісіз, алайда ол Асон атауымен XIII ғасырдың орта шенінде Гетум жол бағдарламасында аталған. XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында сопы шейхы Ахмед Ясеви моласына орасан зор бейіт құрылуына байланысты қала атағы жұртқа жайылып, Орта Азия мен Қазақстанның үлкен идеологиялық және саяси орталы-

¹ Ақышев К. А., Байпақов К. М., Ерзакевич Л. Б. Поздне-средневековый Отырар. Алма-Ата, 1984.

ғына айнала бастаған. Бұл жерде «орта азиялық көшпенділер мен Орта Азия тұрғылықты мұсылман қауымының» тұңғыш әулиелерінің бірінің моласы болған.

Қала тимуридтер мен шейбанидтер уәкілі әкімдерінің Түркістандағы орталығы болған. Қазақ хандары да Түркістанды өз астанасы ретінде сайлаған. XVI ғасырдың басында Рузбихан түркістанды «Түркістан әкімдерінің астанасы» деп атаған. Қазақ хандары, жергілікті дін адамдардың қолдауына сүйене отырып, қалалардың ролін өз қарамағындағы жерлердегі мұсылмандық рухани өмірдің орталығы ретінде нығайтуға күш салған.

Өз кезінде Темір көптеген егістік жерлерді бейіт қарамағына беру туралы құқықтық куәлік берген. Бұл құқықтық куәлік күшін қаланың және алқаптың кейінгі барша қожалары да мойындаған.

Асы — Түркістан ірі сауда орталығы болған. Рузбихан бұл жерде қыр-даланың, Орта Азияның, Қытайдың сауда жолдары түйіскен деп мәлімдеген. «Солтүстік жағындағы өзбек (қазақ) жерлерінен Андижанға жүретін жолдарменен Қытайдың шекарасына дейін... Иасыға заттар мен сирек бұйымдар (нафас) жеткізіледі. Мұнда (олар) саудаға түседі. Бұл (әртүрлі елдердің) саудагерлері мен жолаушыларының аялдайтын жері» Түркістан үлкен диқашшылық аймақтың да орталығы болған; құқықтық куәліктерде Ходжа-Тұмасы құдығы, Мир-Қара-Су, Шорнақ, Қарабұлақ, Садай-бұлақ, Ақ-тепе, Ұр-жар, Мың, Ақ-Зұлқия және т. б. арықтар айналасындағы суармалы жерлер аталған.

Қаланың топографиялық ерекшеліктерін баяндайтын суреттемелер сақталып келген. Мысалы, П. Рычковтың айтуы бойынша қала Қарасу өзенінің жағасында орналасқап, «ондағы көшелер қисық және тым тар келген, кей-кезде тіпті бір сажыннан да кем. Ондағы үйлер сол жақтың дәстүрімен салынған, бірақ ташикенттегілерден нашарырақ, мың шамасында. Қала сыртында тұрақты бекініс жоқ, тек үйлердің сыртын айналдыра саздан қабырға құйылған және оның сыртынан суы бар кішігірім ор қазылған. Мұнда үш мешіт бар, олардың бірі ерте заманғы және жақсы жасалған, ішінде көптеген әртүрлі бөлмелері бар... Бұл қалада ешқандай базарлар жоқ... Далаларында бидай, арпа, тары, мақта, өседі».

Бұл деректер Тобол саудагері Тауыш Мергеннің XVII ғасырдың аяқ шенінде жазылған естеліктеріндегі мәліметтерге сай келеді — «Түркістан қаласы күйдірілмеген кірпіштен қаланған, кей жерлерде күйдірілген

кірпіш те бар; қаланың биіктігі 3 сажын, жалпақтығы екі аршын сажын, ал шеңбері 500 сажын шамасында; қабырғаларында зеңбірек ататын тесіктер жасалынған, қаланың мұнарасы да бар, қақпасы төртеу, қаладағы қазақтар 1000-ға жуық»¹. Түркістанның қақпалары Есек-қақпа, Мұсалы-қақпа (немесе Баб-араб, Ходжа Ахмедтің көрнекті оқушыларының бірі атынан), Ысты-ата-қақпа және Дарбаза қақпа.²

Бұл қаланың қалдықтары қазіргі Түркістанның территориясында жатыр.

Көне қала жобасы жазбаша деректермен ұласа келе қала топографиясын былайша сипаттауға мүмкіндік береді. Ходжа Ахмед Ясеви бейіті тұрған мешіт қаланың солтүстік-батыс жағында орналасқан. Жобасында бұл бесбұрыш тобе, оның оңтүстік-шығыс жағы —13 м, солтүстік-шығысы —80 м., солтүстігі —90 м., солтүстік-батысы —130 м., оңтүстік-батысы —200 м.

Мешітті қоршай шикі кірпіштен мұнаралары бар бекініс қабырға салынған. Жақсы сақталып қалған қаланың тек батыс қабырғасы; оның ұзындығы 350 м., мешіттің ортасына дейінгі қашықтығы да дәл осындай. XVIII ғасырдың бас шеніндегі сурет бойынша³ қаланың шығыс бағытындағы ұзындығы батыс жағына қарағанда екі есе артық және қабырғадан 700 м қашық. Қайта жасау жобасы бойынша көне қаланың алып отырған орны 35 га-дан кем емес. Қақпалардың сапына келсек, суретте олар төртеу болған. Қаланы төрт қақпаны қосатын 3 негізгі көше кесіп өткен. Оңтүстік бөлігінде керуен-сарай орналасқан және оның қасында қала қабырғасының сырт жағында — базар. Бұзылған ескі қала өзінің орта ғасырлардың аяқ кезіндегі өлшемдерімен моңғол басқыншыларына дейінгі Яссы қаласының өлшемдерін қайталайтын тәрізді. Қала орнының барлық жерінде IX—XII ғасырлардың материалдарының табылуы оған айғақ. Қазба жұмыстарының көрсетуі бойынша қаланың өзі XIX ғасырға дейін өмір сүрген.

Түркістан алқабында өзінің атауып әлі күнге дейін сақтап келген Иқан қаласы болған. Түркістанға қарасты жер ретінде Иқан Хафиз Таныштың шығармасында Абдолла ханның 1582 жылғы Түркістанға жорығы туралы жазған жерінде аталған.

¹ Қазақ ССР тарихы. I том, Алматы: 1957, 172-бет.

² Массон М. Е. Ходжа Ахмед Ясеви бейіті. 9-б.

³ Қазақ ССР тарихы. I-том. Алматы: 1957. 173-беттегі сурет.

Қазіргі селоның ортасында көне қала Қара-Иқан жатыр. Жобасында оның түрі трапеция тәріздес, биіктігі 6—7 метрлік төбе. Қаланың солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай ұзындығы 300 м, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай — 225 м. Мешіттің орны — оңтүстік-шығыс бөлігінде жатқан кенересі 50×50 м төмпешік Рабад кейінгі салынған үйлердің астында қалған. Қала IX—XII ғасырларда өмір сүрген. Ол Түркістаннан 18 шақырым шығыстау орналасқан.

Қарнақ қаласы Түркістандағы Ахмед Ясеви бейіті үшін қазан құйылып шығарылған жер ретінде әйгілі болған. Оған Түркістаннан солтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде жатқан Атабай селосындағы Ишқан атты бұзылған ескі қала сәйкес. Бұл село жақын уақытқа дейін ортағасырлық қаланың атауын сақтап, бұрынғына Қарнақ деп аталып келген.

Қарнақты алғаш рет XI ғасырда Қашқарлық Махмұт оғыз қалаларының ішінде атап кеткен. XVII ғасырдың аяғында ол туралы Федор Скибин мен Матвей Трошин Қазақстан мен Орта Азияға барған сапары жайындағы жазуларында мәлімдеген: «Ал қорғасынды кеннен Қарнақ қаласында балқытады екен».

Көне қаланың жобадағы түрі трапеция тәріздес, олшемдері 150×100 м, баурайы тіп-тік және биіктігі 1,5—2,5 м. төбе. Сақталып қалғаны тек қаланың орталық бөлігі, оның қалған территориясында жаңа құрылыс орын алып отыр. Көне қала XIII—XVIII ғасырлармен даталанады.

Қарашық қаласын да алғашқы рет Қашқарлық Махмұт атаған, ол: «Қарашық — Фарабтың атауы, ал ол өгіз қаласының атауы», — деп жазған. Гетумның жол бағдарламасында қала Харчук деп аталған және Сауран (Савран) мен Ясы (Асон) аралығында орналасқан. 1582 жылы Қарашық Абдолла ханның жорығымен байланысты аталған. Орыс жазба материалдарында ол Сібірден Орта Азияға жүретін керуен жолында Түркістанға 5 шақырым қалған жерде белгіленген. Орта ғасырлар аяғындағы Қарашық Түркістан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 8 шақырым жерде, Қарашық өзенінің бойында орналасқан Төрткөл II атты ескі қала қалдығымен тепе-теңдестірілген. Көне қала ені 20 метрлік суы тартылған өзен бойымен бөлінген 2 бөлшектен құралады. Батыс бөлігі — тік бұрышты, биіктігі 4—5 метр, жан-жағынан айнала биіктігі 5,5 метр мүжілген қабырғамен қоршалған жазық төбе. Қоршаудың әрбір 25—30

м жерінде орнатылған мұнаралардан жалпы деңгейден 0,5 м асатын төмпешіктер қалған. Көне қаланың солтүстік қабырғасы 120 м, солтүстік-батысы — 60 м, батысы — 130 м, шығысы — 120 м. Қаланың бұл бөлігіне кіретін негізгі қақпа солтүстік-батыс жағында орналасқан. Қақпадан батыс және оңтүстік қабырғаларына бұрышталып екі коше келеді. Олардың бойында топталған тамдардан қазір пішіні мен биіктігі әрқилы төмпешіктер сақталған.

Қаладан оңтүстік-батысқа қарай 10 м жерде биіктігі 2 м, қабырғалары 60 м үшбұрышқа ұқсас төбе орналасқан. Ол саз балшықтың қоқысы мен жарамсыз ыдыс-аяқтың бөлшектерімен жабылған. Қаланың шығыс бөлігі өзенмен жуылып кеткен, сақталғаны ұзындығы аталатынға сәйкес 130, 125, 200 метрлік батыс, оңтүстік және шығыс қабырғалары. Периметр бойымен қала дуалымен бекітілген. Дуалдың әсіресе шығыс кепересі қалың болған. Оған әрбір 10 м сайын мұнаралар орнатылған.

Көне қаладан жиналышып алынған керамика III—XVIII ғасырлармен даталанады.

Ұйыңқы қалашығы да, Иқан сияқты, Хафиз Таныштың Абдолла-хан жорығын суреттеуінде аталған. Ұйыңқы Жөйнек (Додван) атты бұзылған ескі қаламен тепе-теңдестірілген. Ол көне қаланың бір бөлігін жуып кеткен және қалыңдығы 12 м жердің мәдени кен қабат-қатпарларын жалаңаштап тастаған Ерменсай өзенінің сол жағасында орналасқан. Қаланың қалған бөлігі жобасында биіктігі 10 м. сопақ төбе болып көрінеді. Төбенің олшемі 70×150 м. Құрылыс белгілері өзен бойымен 200 м. дейін байқалады. Жер тіліктерінен жиналған керамика б. д. бірінші — XVIII ғасырларымен даталанады.

Сури қонысы туралы да Хафиз Таныш шығармаларынан белгілі. Ол Абдолла-хан әскерлері «Түркістанның қарамағындағы жер — Суриға келіп лагерь болып орналасты», — деп мәлімдейді.

Сури Түркістанның шығысқа қарай 15 шақырым жерде орналасқан және XVI—XVIII ғ. ғ. материалдарын берген Сор-төбе атты бұзылған ескі қаламен тепе-теңдестіріледі.

Иилаң-Қарауыл қамалы, жазбаша деректердің куәлігі бойынша, Сырдария аңғарынан Қаратау баурайының солтүстігіне қараған таулы асуды бақылаған. 1582 жылы Абдолла-хан Сауранға шабуыл жасағанда оған көмекке Созақты қоршап тұрған Ибадолла сұлтанның әскерлері шыққан. Жолда олар «Иилаң-Қарауыл атты мықты бекітілген және күшті қамалға келіп тоқтайды».

Бұл бекіністің қалдықтары Қаратаудың таулы асуының жанында Кентаудан солтүстікке қарай 20 шақырым жерде жатыр. Олар Үлкен және Кішкене Қырқыз деп аталады. Екі бекіністің қазіргі түрі — жобасында дөңес, қабырғалары табиғи тастан қаланған бина. Кейбір жерлерінде қабырғаларының биіктігі 2 м. дейін барады. Үлкен Қырқыздың диаметрі 50 м, кішісінікі — 30 м. Екеуінің ара қашықтығы 0,5 м. Құламаларында жасалған қазу жұмыстары бекіністің XV—XVIII ғасырлармен даталанатынын көрсетті. Үлкен Қырқыздың жанында XV—XVIII ғ. ғ. мұсылман зираты жатыр.

Жазбаша деректер X ғ. авторы Аль-Макдисл Испиджат аймағындағы қалалардың тізіміне кіргізген алқаптың тағы бір қаласы — Шагильджанды атайды. Зерттеушілердің пікірі бойынша, Шагильджан Түркістаннан солтүстік-шығысқа қарай 15 шақырым жердегі өзіне аттас селоның шетінде жатқан Шаға атты бұзылған ескі қалаға сәйкес келеді.

Мұнда бір біріне жақын жерде біздің дәуірдің бірінші ғасырларындағы қоныстардан бастап, VI—XVIII ғ. ғ. қаласына дейінгі қалалық өмірдің біртіндеп дамуын беретін Шаға I, Шаға II және Шаға III деген үш төбе жатыр. Қаланың қалыптасуының басы VI—VIII ғасырларға жатады. Осы кезеңге науыстармен жерленген зираттар да жатады. VI—VIII ғасырлар материалдарын берген олардың біразы, оның ішінде тһындар да қазылып алынған.

Түркістан алқабының қалалары мен қоныстары туралы бұл қысқаша баяндаманың өзінен де, оның Ұлы Жібек жолы бойындағы зор мәдени және экономикалық орталық болғаны айқын.

САУРАННЫҢ ЖЕТИ ҚАБЫРҒАСЫ

Сырдария белінде белгілі қалаларының бірі — Сауран. Өз атауын сақтап қалған Сауранның қалдықтары Түркістан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде жатыр. Қала туралы бірінші деректер X ғасырдан әйгілі. X ғасырдың белгілі араб географы қаланы былай деп сипаттаған: «Сауран (Савран, Сабран) — бірінен кейін бірі 7 қабырғамен қоршалған үлкен қала, оның рабады бар, үлкен мешіт ішкі қалада орналасқан. Ол гүздер мен қыпшақтарға қарсы құрылған шегаралық бекініс-қамал».

Кейінірек ол туралы Ибн-аль-Асир мен Якут Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі мәдени және сауда-өнеркәсіптік орталық ретінде жазған. XIII ғ. ортасында Сауран Савран атауымен армян патшасы Гетумның жол бағдарламасында Сығнақ (Сгнах), Қарашық (Қарачук) және Асон (Яссы) қалаларымен бір қатарда аталған.



Суретте: Сауран қаласының орны

XV ғасырдың бірінші жартысында джучидтер кезінде Сауран тіпті Ақ-Орданың астаналық ортасы болған. Қалада 1320 жылы қайтыс болған Ақ-Ордапың патшасы Сасы-бұқа жерленген. Оның ұлы Эрзен Сауран және басқа қалаларда медресе, хапака, мешіттер салған¹. Астаналық орталық ролін Сауран кейінгі кезде де сақтап келген. XV ғ. 80-ші жылдары қаланы алғашқы қазақ хандарының бірі Жәнібектің ұлы Иренші-сұлтан билеген². XVI ғасырлық Сауранды Рузбихан толық сипаттаған. Ол оны «аса жайлы тамаша қала. Өте сауықшыл, жарқын, жанға шипа болып, бойды сергітетін жұмсақ ауасы бар... бүкіл аймағында әр түрлі әдемі ағаштар

¹ Алтын Орда тарихына жататын материалдардың жинағы (СМИЗО), II т. М—Л., 1941, 129-б.

² *Нищулина К. А.* Сырдария өңіріндегі қалалар және олардың қазақ хандықтары тарихындағы маңызы. «XV—XVIII ғ. ғ. Қазақстан кітабында. Алматы, 1969, 17-б.

өскен және көрінген. Қаланың өзі биік қабырғамен қоршалған,... ал оның айналасында — ор»¹.

Қала туралы құнды деректер мұнда 1514—1515 жылдары тұрған ақын және жазушы Васифидың мемуарларында бар. Ол қаланың аса көрнекті ғимараттарының бірі теңселмелі екі мұнарасы бар медресе туралы мәлімдейді: «Оның айванының иықтарына орасан зор және аса келіскен екі биік мұнара қойылған. Ол мұнаралардың «гүлдастына» екі шынжыр бекітілген, ал әр мұнараның күмбезінің астына бөрене (чуб) орналастырылған; біреу-міреу бөренені қатты күшпен қозғалысқа келтірсе, шынжыр тербеледі де, қарама-қарсы мұнарада тұрған адамға мұнара құлап кететін сияқты көрінеді, ал бұл — әлем ғажаптарының бірі» .

Васифи Қазақстан үшін әдеттен тыс кяриздер — жерасты суларды сыртқа шығаратын жерасты галереялар көмегімен қаланың сумен қамтамасыздандырылатынын да сипаттайды. Васифидың айтуынша, «олар сияқтыны бүкіл әлемдегі жер мен суды шарлап шыққан адамдар да көрмеген». Олардың құрылысында 20 индиялық құлдар жұмыс істеген. Кяриздердің бастауы Саураннан бір фарсах жердегі қашықтықта болған; оның үстінде қамал салынған, қамалдың ішінде терең құдық қазылған, 200 гяз, жер бетінен суға дейін 50 гяз, құдықтағы су дiңгегі 150 гяз болған; суды шығыр арқылы көтерген. Шығыр бұқамен қозғалысқа келтірілген. Кяриздердің басында су қоймасы орналасқан. Кяриздердің біреуінің суымен суғарылатын жер участогінде бағы, жүзім бақшасы және шаруашылық қора-қопсылары бар шарбақ орнатылған³.

Кезінде Сауран мықты қамал болған, қала бекіністері туралы айта кетуді замандастары өздеріне борыш тұтқан. Мысалы, Хафиз Таныш қаланың қорғаныс биікшелерінің және сумен, азық-түлікпен, қару-жарақпен қамтамасызданылуының арқасында бірнеше ай бойы жау қамауына төтеп бере алатындығын мәліметтейді. Сауранның бекініс жүйесінің ішінде ол мұнаралары және кіріп-шығатын есіктері бар қамал қабырғаларын, қорған дуалын (баре), орын (хандақ) атаған. «Сауран

¹ *Фазлаллах ибн Рузбихан Исфгани*. Михман-наме-йн Бухара (бұқаралық қонақтың жазулары). Аудармасы, алғысөзі және ескертүлері Р. П. Джалалилованыкі М., 1976, 116-б.

² *Болдырев А. Н.* Зайнаддин Васифи.—XVI ғ. Тәжік жазушысы 1957. 160-б.

³ *Болдырев А. Н.* Зайнаддин Васифи. 161, 335-б. б.

бекінісінің күші мен мықтылығы соншалықты, тіпті құйғы тағдыр қолы оның дуалының кенересіне де жетпеген».

Қаланы Абдолла-ханның әскерлері қоршап алған кезде Бұхарадан бекіністі таспен ататын машиналар алып келініп, олардың көмегімен қаланың үйлері мен құдық қималары бұзылған. Бекініс қабырғаларының астынан қазбалар жасалынған, ордың суы ағызылып жіберілген, бірақ қамал әлі көп уақт қорғанған. Саурандағы өмір XVIII ғ. орта шеніне дейін сөнбеген, бұл кезде қала «Түркістанның жанындағы майда қонысқа» айналған.

Сауранды археологиялық тұрғыдан бақылау бұдан 100 жылдан астам уақыт бұрын басталған. Ол туралы П. И. Лерхтың шығармаларында, П. И. Пашиноның жол жазбаларында, А. И. Федченконың берген есебінде айтылған. Олардың бәрі ескі қала қалдықтарының, оның қабырғаларының жақсы сақталынғандығы туралы, медресенің қаусырықтары туралы жазған¹.

Көне қала қалдықтарының бірінші археологиялық зерттеулерін біздің жүзжылдықтың 40-жылдарында А. Н. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген. Ескерткіштің көрнекі сырт пішіні жобаға түсіріліп, алынған материалдар негізінде кезеңдеме ұсынылған².

Қала тарихы жайында айтыс туғызған мәселелердің бірі болған оның қоныстанылу мәселесі. Егер XIII—XVIII ғ. ғ. Сауранның орналасқан жері күмән туғызбаған болса және оған Сауран атты ескі қала қалдығы сәйкес келсе, моңғолдарға дейінгі қаланың қонысы тура тауып көрсетілмеген болатын. Мәселе көне Сауран қаласының XIII ғ. дейінгі материалдары бар қабаттарының жоқтығында, яғни бұл қала XIII ғасырда пайда болып, XVIII ғ. дейін өмір сүрген. Агеева Е. И. мен Пацевич Г. И. оны Сырдарияның сол жағасынап іздеуді ұсынған. Қ. М. Байпақов моңғолдарға дейінгі Сауранды Мейрам-төбе атты ескі қала қалдығымен тепетеңдестір-

¹ Лерх П. И., Түркістан өлкесіне 1867 жылғы археологиялық сапар. СПб. 1870, 14, 21, 31-б. б; Пашино П. И. 1866 жылғы Түркістан өлкесі. Жол естеліктері. СПб, 1868, 59—60-б. б., Федченко А. П. Түркістанға саяхаттар. М, 1950, 46-б.

² Бернштам А. Н. Ертедегі тарих және Оңтүстік Қазақстан халықтарының шығу проблемалары — Қаз. ССР ҒА хабарлары, археолог. сериясы. (67) 1950, № 2, 82-б; Агеева Е. И., Пацевич Г. И. Оңтүстік Қазақстанның тұрақты қоныстары мен қалалары тарихынан. ТИИАЭ, 5-т., 1958, 107—110 б. б.

ген. Өз ұсынысының дәлелін ол біздің дәуірдің бірінші — XIII ғ. қабаттары мен ерекше топографиясы бар көне қала қалдығының хронологиясына негіздеген.

Тек Қаз. ССР ҒА АЭҒЗИ-нің ескерткіштер жинағы археологиялық экспедициясының ескі Сауран қаласының микроауданында жасаған тиянақты зерттеулері моңғолдарға дейінгі Сауранның орналасқан жері жөніндегі сұраққа сенімді жауап беруге мүмкіндік туғызды. Саурантөбе атты ескі қала қалдығы жатыр. Онда әлденеше рет зерттеушілер болып, қаланы б. д. бірінші — VI г. ғ.-мен кезеңдеген.

Алайда жаңа зерттеулер Қаратөбе өмірі кезеңін қайта қарастырып, оны б. д. бірінші — XII ғасырларына жатқызуға мүмкіндік берді. Көне қала орнына ақ ангобаның үстінде XI—XII ғасырларға тән мөлдір жалатпасы бар және жасыл, қызыл, қоңыр бояулармен көркем суреттелген су құятын тостаған сынықтарының бай коллекциясы жиналып алынған. Қаратөбе рабадының батыс жағында керамика өнеркәсібінің іздері қалған пештің қалдықтары, күйдірілген саз қоқыстары, жарамсыз өнімдер. Қала топографиясы кемеліне жеткен орта ғасыр қалаларына тән белгілердің бояуымен сипатталады, онда ішкі қамал (цитадель), шахристан және рабад айқын байқалады. Алайда, Қара-Төбе — Сауран тепетеңдестігіне дәлелді айғақ болатын Қаратөбе рабадының айналасында табылған бірнеше қатар қабырғалар қалдықтары. Олардың сыртқы қоршауы орталық қаусырықтардан 1—1,5 шақырым жердегі қашықтықта тұр, сонан соң ішінде тағы аз дегенде 2 қатар қабырға қоршалып келеді. Жазбаша деректердің, Сауран ерекшеліктерін сипаттай отырып, оның бекіністері туралы, соның ішінде 7 қатар қабырғалары туралы мәлімдейтіні жоғарыда айтылып кеткен. Қаратөбе қаласының топографиясында дәл сол қабырғалар қалдықтарының байқалуы мүмкін.

Сонымен, VI—XII ғасырлардың Саураны Қаратөбе көне қалашығының орнында болған, ал XIII—XVIII ғасырлардағы Сауран жаңа жерде орналасқан және оған өзіне аттас ескерткіш сәйкес.

Соңғы жылдардың зерттеулерінде бұл көне қала қалдықтарының сипаты туралы жаңа мәліметтер алынған, ал археологиялық-топографиялық байқаулар мен жазбаша деректерді салыстыру орта ғасырлардың аяқ шеніндегі Сауранның көрінісін толығырақ елестетуді мүмкін етеді.

Көне қаланың аэрофотосуреттерінің мәнін ашу, топожобаларды талдау — көрпекі зерттеулермен қосыла келе — қаусырықтарды былайша сипаттауға мүмкіндік береді.

Сауран қалдықтары жобасында құлап шөккен бөліктері 3-тен 6 м., дейінгі биіктігінде сақталған қабырғамен қоршалған сопақ алаң. Ол солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа 800 м және солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа 550 м-ге созылған. Қала ауданы төңірегіндегі жерлерден 2—2.5 м. көтеріңкі. Қала қабырғасы биіктігі 2—3 м. стилобаттың үстінде тұрғызылған. Оның сыртқы бөлігі берма болып келген. Қабырға иікі кірпіш пен пахсадан жасалған, оның бойында екі қабатты, доңгелек, қабырғадан жуандау 4 мұнара орналасқан. Жоғарғы қабаты күмбезбен жабылған, ал күмбездің тіректерінің қалдығы осы күнге дейін сақталған. Мұнараның жазықтығында зеңбірек атуға арналған жіңішке саңылаулар ойылған. Қаланың 2 қақпасы болған. Бас қақпасы қабырғаның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан және ол екі жағынан сыртқа қарай шығысқы тұрғызылған 2 қабатты қорғаныс мұнараларымен бекітілген мықты фортификациялық бина болған. Кіретін жері — қабырғаның шығып тұрған кесінділерінен құралған 20-метрлік коридор тәріздес өткел. Екінші қақпасы (нашар сақталған) қала қабырғасының оңтүстік-шығыс бөлігінде құрылған. Шығыс жағында мұнараның ішінде тағы да бір қалаға кіретін, құпия болу керек, ені 1,2 м., биіктігі 1,7 м. есік (ойық) болған.

Қабырғаның сыртын айналдыра тереңдігі 1—3 м. дейін, ені 15—20 м. ор қазылған. Одан шығарылып тасталған топырақтан биіктігі 1—1,5 м., ені 5 м. үйінді-дуал қалған. Солтүстік-шығыстағы қақпадан басталған орталық көше қала территориясын солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай қақ бөлген. Қабырғаның оңтүстік-батыс бөлігіне 150 м. жетпей ол солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған төте көшеге келіп тіреледі. Бұл көшенің бір бөлігі оңтүстік-шығыс қақпасына шығады. Екі үлкен орталық көшеден басқа көне қала топографиясында шиеленісе тармақталған жол торабын кұрайтын көптеген кішігірім көшелер мен мұқалмалар байқалады. Солтүстік-шығыс жағындағы қақпадан 240 м. жерде орталық көшенің сол жағында күйдірілген кірпіштен жасалған үлкен бина қалдықтары жатыр. Бұл үстін күйдірілген кірпіш пен қыр сынықтары жауып қалған төбе қалдықтары. Төбе жобасында өлшемдері

100×100 м. үшбұрыш формалы, ал көптеген глазурь жалатқан сылақтың бөлшектеріне қарағанда, дәл осы жерде жазбаша деректер мәлімдейтін медресе тұрған.

Орталық қаусырықтардың радиусы 1400—1600 м. айналасында тығыздығы әртүрлі болып салынған қоражайлы, бау-бақшалы жеке қоныс (усадыба) қалдықтары жатыр.

Әр-бір қоныстың үй-жайы мен жері айнала қабырғамен қоршалған. Жерінде бақша дақылдары, жүзім, жеміс-жидек және дәнді дақылдар өсірілген. Әсіресе бақша дақылдары егілген жерлер анық байқалады.

Ұқсас ортасында суаты бар квадраттарға бөлінген тік бұрышты төртбұрыш болып келген бау-бақша отырғызу жобасы Шаһарлық төңіректерінде және Сол жағадағы Хорезмдегі Дәвкескенде кездеседі¹. Ал бақшалардың молдығы Жаңадариядағы XVIII—XIX ғ. ғ. түркімендер тұрған жерлерде байқалады². Жеке қоныс аудандары әртүрлі. Ішіндегі ең ірілерінің өлшемдері 150—110; 180—90 м. және алатын орны 1,5—1,8 га. Орташа қоныстың ауданы 1 га-ға дейін, ал кішілері 0,5 га-дан аспаған. Орташа қоныстар саны басымырақ. Барлығы — Сауранның ауыл шаруашылық аймақтарының аэрофотосуреттері негізінде жасалған болжалды есен бойынша — 350 қоныс шамасында.

Көтерім материал — керамика, тиындар Сауран маңайындағы жеке қоныстардың өмір сүрген уақытын XIII—XIV және XV—XVIII ғасырлармен кезеңдеуге мүмкіндік береді.

Алда айтылғандай, қаланы сумен қамтамасыз ету және қала төңірегіндегі бақтарды суғару қяриздер көмегімен жүзеге асырылған. Қяриздердің қалдықтары басында қаланы самолеттен қарап шыққанда байқалған, соңынан аэрофотосуреттерде белгіленген³. Суреттерде қяриздер дөңгелектер тізбектері (вентиляциялық құдықтар) болып шыққан, олардың ұштары Сауранның жеке қоныстар салынған солтүстік шеті мен Мырғөбе атты ескі қала қалдығы аумағына дейін жеткен. Құдықтардың диаметрі 5 м, ара қашықтығы 12—15 м. Құдықтардың жер үстіндегі іздері жөнді сақталмаған, олардың

¹ Андрианов Б. Б. Арал өңіріндегі ежелгі суарту жүйесі. М., 1969, 41-б. 10-сурет.

² Сонда, 11-сурет.

³ Акишев К. А., Байпақов К. М. Сауранның қяриздері. Қаз. ССР. ҒА хабаршысы, 1973, № 4, 76—78-б. б.

орнын қазғанда және тазалағанда шығарылып тасталған майда тастар мен саздың дөңгеленген үймелері арқылы анықтауға болады. Вaсифидің мәліметтері бойынша, қяриздерді қалаға сый еткен жергілікті діни адамдардың ірі уәкілі Мир-Араб. Қяриздің бастауының үстіне қамал салынған. Оны атауында Мир-араб аты (Мыр) сақталған. Мыртөбе қалашығына сәйкес деп білу әбден дұрыс болған. Оның Саураннан Вaсифи көрсеткен I фарсах қашықтығы қазіргі Сауранмен Мыртөбе арасындағы 7—8 шақырымға дәл тура келеді.

Мыртөбе — өлшемдері 45×45 м. квадрат формалы, айналасын биіктігі 3,3—3,5 м, бұрыштары мен периметрінде мұнаралары бар шөккен дуал қоршаған алаң. Қамал XV ғ. аяғы XVII ғ-мен даталанған.

Қяриз күрделі және орасан зор еңбекті қажет ететін биік. Оның құрылысы мен тазартылуы тек ауыр еңбекпен ғана емес, өмір үшін де зор қауіп-қатермен сыбайлас болған. Жер қазушыларға үстеріне жер опырылып құлау, шахта газдарына тұншығу, кенеттен су атқылап шығу қатерлері әрдайым төніп тұрған. Бұл туралы, демекші, Вaсифи де мәлімдейді. Ол Сауран қяриздерінің құрылысы туралы былай деп жазған: «Бір уақытта құдық ішіндегі ауа бұзылып, жұмыс істеуге болмайтын жағдай туды. Сонда құдықтың бір жағынан оның түбіне дейін мөлшері кішірек арықтай жол қазып, оның ішінен былғарыдан тігілген жең тәріздес зат өткізді. Жеңнің басына ұстаның көрігін орналастырды да ауа шайқады, ал жер қазғыш шеберлер жұмыс істеп жатты. Су фонтан болып атқылап шыққан жағдайда батып кетпес үшін, жер қазушылар белдеріне 2 асқабақтан байлап алып жұмыс істеді.»¹

Орта Азия мен Қазақстан территориясында қяриз арқылы суару Түркменияда кең өріс алған. Онда жақын уақытқа дейін, тіпті қазірдің өзінде де бірнеше қяриздер қолданылып келеді. Олардың ішінде ұзындығы 2,8 шақырым, құдықтарының ең тереңі 19,9 м. Ал су кірісі секундына 20,5 Исберзен; ұзындығы 2,26 шақырым, 70 құдығы бар және су кірісі секундына 176 л. Хан-қяриз; Дэв, Ишан және т. б.

Бұхара хандығында қяриздер Нұрат өңірінде қолданылған. Әзірбайжанда жақынға дейін қяриз саны 812 болған. Қяризбен сугару жұмысы әбден жетілдірілген Иран жерінде ұзындығы 50 шақырымға дейін қяриздер

¹ *Болдырев А. И.* Зайнабдин Вaсифи. 335-б. 253-ескерту.

болған. Сонымен, Сауран қырыздерін соларға ұқсас биналармен салыстыру олардың кең өріс алғанына және Сауран аймағында қырыз арқылы суарудың зор маңызы болғанына куәлік етеді. Көне Сауран қаласы, өзінің биік, қазірге дейін жарым-жартылай бүтін қалған қабырғаларымен, тұрғын кварталдары және қоғамдық ғимараттары қаусырықтарымен, уникальды қырыздермен, төңірегіндегі қоныс-жайларының қалдығымен және ежелгі егінді жерлерімен Қазақстанның аса құнды археологиялық және архитектуралық ескерткіштерінің бірі болып табылады. Бұл Қазақстан және Орта Азия халықтары ата-бабаларының еңбегі мен мәдени өмірінің ерекше музейі. Сауранды қорғау әрекеттерін жасау және жоспарлы түрде зерттеу — ғалымдардың, Совет органдарының, бүкіл республика жұртшылығының алдында тұрған актуалды міндеттердің бірі.

ОҒЫЗ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ ҚАЛАЛАРЫ

Сицилия королі Роджер II (1098—1154) заказымен жазылған орта ғасырдың үлкен және өте қызықты географиялық шығармаларының бірі «Нузхат ал муштак фи-их-бирак ал-афак» («Аймақтарды шарлап шаршаған саяхатшының сауықтары») авторы, белгілі араб географы Абу Абдаллах Мухаммед ибн Мухаммед ал-Идриси былай деп жазған: «Гүздердің қалалары көп, олар бірінен соң бірі солтүстік пен шығысқа қарай созылып жатыр. Олардың ора жетпейтін таулары бар және де олардың бектері қорғанатын және азық-түлік қорын сақтайтын берік қамалдары бар. Онда бұл жерді қорғайтын адамдар бар (бектер қойған)... олардың (гүз тайпасының) басты қаласы Хаидага (т) Хиам деп аталады. Сол жерде олар баспана табады және сол жерде өздерінің дүние-мүліктерімен қорғанады...»¹

Ал-Идриси мағлұматтары әйгілілігі оған кем түспейтін тағы басқа авторлардың деректерімен әсіреленеді. Қашқарлық Махмұт XI ғ. оғыздардың Сырдарияны «угуз» өзені деп атағанын мәлімдеген, ал гүздер қалаларына ол Сауран, Сығнақ, Сүткент, Қарашық және Қарнақ қалаларын жатқызған. Оның картасында «гүздер қалалары» айқабы Қарашық қаласынан оңтүстікке қарай, Сырдария өңірінің орта белінде көрсетілген.²

¹ Түркімендер мен Түркмения тарихы бойынша материалдар. I т., 1939, 220—22 б. б.

² Сонда, 311-б.

Оғыз тайпалары X ғ. тек Сырдария белдеуінде ғана емес, оның төменгі ағысында да мекендеген. Мұнда олардың Жент, Яншкент, Хора қалалары болған.

Жаңа Гүзлік аталған Яншкент қаласы оғыздардың астанасы, олардың ябгу әкімдерінің резиденциясы болған.

Жазбаша деректерге қарағанда, қала өзен сағасынан 2 күндік жерде, жағадан бір фарсах қашықтықта орналасқан. Оны «ал-Қарьят ал-Хадиса», «Дих и пау» деп те атаған¹. Бұл атаулардың бәрі де «жаңа қала» деген ұғымды білдіретін. Яншкент Хорезммен тығыз байланыста болған. Сондықтан қалада Хорезммен қонысы ауып келгендер тұрған және де оғыздардан анағұрлым бұрын өмір сүрген қала X ғасырда хорезм құрылысшылары көмегімен қайта салынып бекітілген деген пікір бар². Яншкент тек қана астана және оғыз әкімдерінің қысқы резиденциясы емес, ол Сырдария сағасындағы ірі сауда орталығы да болған. Оған себеп болған қаланың Орталық Қазақстан далаларын бір жағынан Орта Азия және Таяу Шығыспен, екінші жағынан — Хорезм, Арал өңірі, Кавказ және Жерорта теңізімен қосып тұрған ерекше коридорда тұрған географиялық орны. Қала құрыдағы және өзен жолындағы сауда орталығы болған. Сырдария бойымен Орта Азия қалаларынан мұнда, Ибн-Хаукальдың куәлігі бойынша, бидай және астық тиелген кемелер келіп тұрған.

Оғыздар державасы Орта Азия мен Европаның саяси және соғыс тарихында маңызды роль атқарған. Оғыздар Орта Азияға шапқыншылық жасаған, Хорезм және құдыретті Хазариямен бақталас болған. Тарихи деректер оғыз патшасы (ябгу) мен Киев князі Святослав арасында 965 жылы хазарларға қарсы әскери келісім жасалу фактісін мәлімдейді. Олар да, бұлар да нақты саяси мақсаттар мен экономикалық пайда қоздеген. Ежелгі орыс мемлекеті өзінің құдыретті бақталасы Византияның одақтасын құлдыратумен қатар, аса бай Шығыс рыноктарына еруге мүдделі болған, ал оларға апаратын сауда жолдары хазарлықтардың қарауында болған. Оғыздар Қаратеңіз жағалауларындағы қырларға отіп, Поволжьеден Маңғыстау мен Үстіртке жүретін сауда жолдарын

¹ Бартольд В. В. Түркістан моңғол шапқыншылығы кезеңінде. Шығ., I т., м.-л., 1963, 235-б.

² Агаджанов С. Г. IX—XII ғ. г. Орта Азия оғыздары мен түркімендері тарихының очеркі. Ашхабад. 1969, 133—134 б. б.

басып алуға ұмтылған. Святославтың 965 жылы Хазарияны талқандауы Хазарияның оғыздармен ұзақ күрестімен бірталай жеңілдеген. Осының бәрі Оғыз державасының саяси пәрменділігінің өсуіне сеп болды¹.

X және XI ғасырлар аралығында оғыздардың осал және болбыр мемлекеттік бірлестігі қатты дағдарысқа ұшырады. Феодалдық лаң, билік үшін күрес, патриархалдық-феодалдық қатынастардың дамуынан туған билеуші әкім-шонжарлардың қарапайым кошпенді және тұрғылықты бұқара халықпен қатты шиеленісі, таптық антагонистік қайшылықтардың күшеюі оғыз мемлекетінің құлдырауына әкеп соқты.

XI ғ. ортасында Қазақстан даласына қыпшақ тайпалары басып кірді де, сырдариялық ябғу державасы олардың тегеуірінінен құлады.

Оғыздерді Сырдария өңірінен ығыстырып шығарған және Қазақстанның кең байтақ даласына бірталай кезге дейін «Дашт-и-Қыпшақ» (қыпшақ даласы) деп өз атын берген қыпшақтар көп кешікпей батысқа қарай ұзақ ілгері жылжып, половцы деген атпен Киевтік Русь пен Византияға көрші болды. Қыпшақтар біраз уақыт қимақтарға саяси тәуелділігін ұстап келген: «қыпшақтар патшасын тағайындайтын немесе бекітетін қимақтар».

XI ғ. басынан қыпшақтардың оңтүстік және батыс бағытта жылжуы басталады да, көп ұзамай олар Евразия кең байтақ далаларында негізгі күш бола бастайды.

Ғалымдардың пікірі бойынша, XI ғ. аяғы — XII ғ. басында орталықтары Сығнақ пен Жендіде орналасқан, жазба деректерде Сығнақ және Женді қожалықтары деп аталатын қыпшақ тайпаларының конфедерациясы құрылған. Орта Азия мемлекеттеріне қарама-қарсы орта ғасыр авторлары қыпшақ қожалықтарын исламға бағынбағандардың, яғни «кәпірлер қожалықтары» деп атаған¹.

Назар аударарлық мәселе — қыпшақтардың XI—XIII ғ. г. Орта Азияның ең құдыретті мемлекеттерінің бірі болған Хорезммен ара қатынастары. Хорезм мен қыпшақтардың әскери соқтығыстары бітім жасаумен және қыпшақ хандарының хорезмшах вассалдары болуымен аяқ-

¹ Агаджанов С. Г. Орта Азия Оғыздары мен түркімендері тарихының очеркі, 148—151 б. б.

² Бартольд В. В. Түрік халықтарының тарихы бойынша 12 лекция. Т. V. М., 1968, 99—101 б. б.

талған. Алайда көп кешікпей қыпшақ ақсүйектері өз қолдарына шешуші әскери мансаптарды шоғырландыру арқылы сарайдағы ең күшті топқа айналады. Оның үстіне, қыпшақтың бір қожасының қызы Тұрқанхатун соңғы хорезмшах Мухаммедтің анасы болған¹.

Хорезм қыпшақтарды бағындыруға, олардың мемлекеттік бірлестігін өздеріне тәуелді етуге әрдайым талпынған. Өздерінің көздеген мақсаттары үшін хорезмшахтар қыпшақ феодалдарының өзара араздастығын, олардың одақ ішінде басшылық және Сығнақ қаласына нелік үшін күресін пайдаланған.

XIII ғ. басында хорезмшах Мухаммед қыпшақтарды әбдеп бағындырып алды.

Оғыздар, онан соң қыпшақтар иелік еткен қалалар қазір археологиялық ескерткіш қала қалдықтары ретінде тұр, оларды зерттеу және қазбалау жұмыстары құлашын әлі де кең жая алған жоқ. Сондықтан қазір олардың көбінесе сыртқы топографиясы мен материалдық мәдениетінің кейбір жақтары белгілі.

Жанкент атауымен белгілі Яншкент қауысырықтары Сырдарияның оң жағалауында Қазалы қаласынан алыс емес жерде жатыр. Көне қаланың сыртқы пішіні өлшемдері 375×225 м. тік бұрышты төртбұрышқа ұқсас болып келген. Солтүстік-батыс бұрышында өлшемдері 100×100 м. және биіктігі 7—8 м. ішкі қамал орналасқан. Қауысырықтардың топографиясында шығыс және батыс қабырғаларындағы қақпаларды байланыстыратын негізгі үлкен көше бағыты оқылады. Одан кварталдар ішіндегі кішігірім кошелер тармақталған. 1986 жылы Қазақ ССР ҒА ескерткіштерін жинақтау археологиялық экспедициясы көне қаладан солтүстік-батыстау жерде жүздеген қорған үйінділерінен тұратын Мыңтөбе ескі зиратын тапқан. Мұнда б. д. д. бірінші ғасырлардан XVIII ғасырларға дейін жерлеу жүргізілген. Бір уақыттарда майолик плиткалар және кірпіштер мен қапталған тозығы жеткен XIII—XIV ғ. ғ. мавзолейлері назар аударарлық. Жанкенттің Сырдариядағы бұзылған ескі қала қалдықтарының ең ірілерінің бірі және археологиялық зерттеулер үшін перспективалы екендігі даусыз. Бұны Оңтүстік Қазақстан қалаларын зерттеушілер пионерлері де өте жақсы түсінген. Жанкентке П. И. Лерх, суретші В. В. Верещагин назарларын аударған. Верещагин бұл жерде тіпті кішігірім қазба жұмыстарын да жүргізген. Белгілі

¹ Қазақ ССР тарихы, II т. Алматы, 1979, 64—68 б. б.

орыс ғалымы В. В. Стасов: «...Неліктен Жанкенттің жанындағы көне қалаға біздің Помпей болмасқа!» — деп жазған.

Ескерткіштің маңыздылығын қала қалдықтарына 1867 жылы күзет ұйымдастырған, қаусырықтардың арасынан күйдірген кірпіштерді талан-таражға түсіріп тасымалдаумен күрескен орыс офицерлері де түсінген. Жанкент б. д. бірінші — XIII ғ. ғ. даталанған¹.

Жанкенттің қасында Сырдарияның ең төменгі сағасында тағы бірнеше оғыз қалаларының қаусырықтары жатыр. Құйынкескен-қала — Сырдарияның бір мойнауында орналасқан. Көне қала топографиясында өлшемдері 210×210 м., биіктігі 3 м. төртбұрыш төбе болып келген ішкі қамал байқалады. Қамалдың ішкі құрылысы, көше бағыттары жақсы ажыратылады. Қамалға жобасында сопақ, мүжілген қабырғамен қоршалған территория жаснаған. Оның ауданы 40 гектарға жақын.

Жанында орналасқан көне Үлкен Күйік-қала қалдығы жобасында өлшемдері 145×290 м, батыстан шығысқа қарай созылған тік бұрышты төртбұрыш формалы. Диаметрі 50 м. мүжілген төбе ұсқынды ішкі қамал қаланың солтүстік жағында жатыр.

Қалдық қалалардың бетінен іркілдек сазқамырдан жасалған құмыралардан тұратын керамиканың ерекше тобы теріп алынған. Құмыралардың беті баспа оюмен әшекейленген — шырша, ойып жасалған жапырақ, өсімдік бұтақтарымен. Осы қалаларды бірінші ашушы және зерттеуші С. П. Толстовтың пікірі бойынша бұл керамиканы оғыз күзешілері жасаған².

Оғыз және қыпшақ қалаларына Жент-Жаңқала жатады. Оның қаусырықтары Жаңадарияның оңтүстік жағасында, Қызылордадан солтүстік-батысқа қарай 300 шақырымдай жерде орналасқан. Көне қала бекініс қабырғасымен қоршалған және ауданы 40 га шамасында. Қаланың солтүстік батыс бұрышында квадрат төбе ұсқынды ішкі қамал орналасқан. Қала айналасындағы бекініс қабырға кейбір жерлерінде 8 м. биіктігінде сақталған. Женттің айналасында каналдар арналары, пригациялық тораб, бау-бақша қалдықтары, құрылыс іздері сақталған. Қала I—XVIII ғ. ғ.-мен кезеңделген, алайда көтерме материалдарға қарағанда, қала әсіресе интен-

¹ Толстов С. П. Оғыз қалалары. С. Э., 1947, № 3, 58—62 б. б.

² Сонда, 57—71 б. б.

сивті түрде X—XIII ғ. ғ.— да өмір сүрген¹. XIII ғ. басында Жент қыпшақ мемлекетінің астанасы болған. Моңғол шапқыншылығы кезінде қала Жошы армиясына қарсылық көрсетіп, басып алынып, тоналған. XIII ғ. аяғы — XIV ғасырларда жазбаша деректер Жентті «қызу сауда базары бар кішігірім қала» деп сипаттайды. Жамал-ал-Қаршидың (XIV ғ. басы) мағлұматы бойынша, бұрын «Жент қаласы едәуір маңызы бар қала еді, ал жақын уақыттан бері бүлінген, бірақ сонда да ол көпестердің бақталасатын және таразылары үнемі тербеліп тұратын қызу сауда орны².

Қалада осы уақытта тиын соғылған деген деректер бар, қалай болғанда да «Жент» деген жазуы бар күміс дөңгелек бір қазнаның құрамында табылған³.

Қызылордаға жақын жерде, 50 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай, тағы бір белгілі Аснас (Асанаса) қаласының қалдықтары жатыр. Жазбаша деректер Асанас қаласы туралы Жошы әскерлеріне қарсылық жасап, 1219 жылы басылып алынған қала ретінде мәлімдейді. Көне қала Асанас-Ұзақтың тартылған арнасының жағасында орналасқан. Ол жобасында дұрыс емес формалы болып келген және биіктігі 5 м. дуалмен қоршалған.

Қаланың шығыс жағында ішкі қамал орналасқан. Қазір ол — диаметрі 50 м. жақын және биіктігі 1 м. төбе. Қазбалаудан алынған деректер бойынша, қала өмірі б. д. бірінші ғасырларынан бастап XV ғ. дейін созылған.

Оғыз және қыпшақ мәдениетімен байланысты керамика топтары жиналып алынған.

Сығнақ қаласы туралы алғашқы рет X ғ. жазбаша деректерінде айтылған, ал XI ғ. оны Махмұт Қашқари оғыз қалаларының ішінде атап өткен.

XII ғасырда Сығнақ қыпшақ мемлекеттік бірлестігінің астанасы болады.

XIII ғ. тарихшысы Джувейниде моңғолдарға көрсеткен қарсылығы үшін қаланың 1220 ж. талқандалуының суреттемесі бар. Ол Жошы әскерлерінің Сырдария бойымен төмен жылжи келе бір қаладан кейін бір қаланы алып отырғанын жазады. Жошыға жергілікті екі сауда-

Толстов С. П. Оқс пен Яқсараттың ежелгі атрауларымен М., 1962, 288—291 б. б.

² *Бартольд В. В.* Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Түркістан. Текстер. 151-б. (В. Н. Настичтың аудармасы).

³ *Байпақов К. М., Настич В. Н.* Отырардың күміс бұйымдары мен тиындар қазынасы. Феодализм дәуіріндегі Қазақстан. Алматы, 1981, 59-б.

гер Хасан-қожа мен Әли-қожа еріп жүрген. Хасан-қожа қала тұрғындарын берілуге көндіру үшін Сығнаққа жіберілген, бірақ олар сатқынды өлтіріп, жауға қарсылық жасайды. Сығнақ 7 күн бойғы шабуылдан кейін ғана алынып, тұрғындары түгелдей қырып салынған.

Талқандалғанына қарамастан, Сығнақ қайта салынып, XIII ғ. орта шенінде Гетумның жүрген жолы суреттеме-сінде аталған (Сгнах).

Біртіндеп қала қайтадан Сырдария оңіріндегі ірі саяси және экономикалық орталыққа айнала бастайды. XIV ғ. Сығнақ Ақ Орданың астанасы болады; онда мешіттер, ханақ, басқа қоғамдық ғимараттар салынады, әсіресе Ерзен хан мен Урус-хан тұсында. XV ғ. 20-жылдары біраз уақыт қала Ұлықбектің қарауында болған, ал 1446 жылы қаланы Абу-л-Хайыр-хан билеп алған. 80-жылдары қаланы Мухаммед-Шайбани, ал онан соң қазақ ханы Бұрындық иемдеген. Сонан кейін ол қолдан қолға ауысқан: XVI ғ. 50—60 жылдарында оған өзбек хандары ие болған, олардың артынан, сол ғасырдың аяғында, қала қазақ хандықтарының қол астына өтеді.

XVI ғ. бас кезінде, Рузбиханның айтуы бойынша, қаланың біршама әлсірегені, тұрғындар санының азайғаны байқалған, ал ежелдегі Сығнақ «жайқалып тұрған, үй-жайлар және өңделген бау-бақшалармен қоршалған, азық-түлікке бай және қазақ халқы үшін маңызды сауда орны болған. Түркістан аймақтары мен Мавеннахрдан, Шығыстан бастап Қашқар, Хотан шегараларынан келген саудагерлер Сығнаққа сол жерлердің товарларын алып келіп, Дашта елдерімен сауда жасаған». Сығнақ өзінің архитектуралық ескерткіштерімен, әсіресе Көк-Кесене мавзолейімен белгілі болған. Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл мавзолей — Абдулхайырдың қабыры, ал оның немересі Шейбанихан XVI ғ. басында Тимуридтер патшалығын құлатқан.

Орта ғасырлық Сығнаққа сөзсіз сәйкес келетін Сунақ-ата атты қала қалдығы Төменарық теміржол станциясынан солтүстік-батысқа қарай 20 шақырым жерде, қазіргі Түркістан — Қызылорда автомобиль трассасынан 1,5 шақырым оңға қарай орналасқан. Жобасында көне қала дұрыс емес бесбұрыш формалы болып келген. Оның топографиясында ішкі қамал мен шахристан оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Шахристанның өлшемдері: солтүстік жағы — 250 м, батысы — 360 м, оңтүстігі — 250 м. және оңтүстік-шығысы — 450 м, солтүстік-шығысы — 350 м. қаланың жалпы ауданы 20 га шама-

сында. Ішкі қамалдың ауданы 7,2 га. Бұл қаланың жақсы бекітілген бөлігі. Мысалы, қамал қабырғасы болған дуалдың биіктігі 6—7 м. дейін жетеді. Бес бұрышында үш-үштен сыртына шығыңқы тұрған доңгелек мұнаралар жұмыс істеген. Қала территориясына кіретін жер екеу болған, батыс және солтүстік қабырғаларының ортасында 20 м. алға шығып тұрған қабырға кесінділерімен бекітілген ішкі қамал қақпасы шығыс жағындағы қабырғасының солтүстік-шығыс бұрышына жақын жерінде орналыстырылған.

Сығнақтың айналасында Сырдариядан Томен-арық және Бұзғыл-Ұзақ арқылы шығарылған каналдармен және Қаратаудан ағатын Мыңбұлақ, Шолақ, Арсланды, Қызыл-тала, Келте-Шалғыз тау өзендерінен шығарылған арықтармен суғарылып айдалған жерлер жатқан. Ол каналдар мен арықтардың арналары көне қала маңайында өлі күнге дейін сақталған.

Қала, басқа да көптеген Сырдария қалалары сияқты, XIX ғ. орта шенінде иесіз қалған, бірақ осы күнге дейін бұл және Сырдарияның басқа қалалары туралы Ұлы Жібек жолы трассасындағы ірі сауда орталығы ретінде халық аңыздары мен ертегілері сақталған.

III Тарау

ТАЛАС ЖӘНЕ ШУ АҢҒАРЛАРЫН БОЙЛАЙ

ТАЛАС ЖАҒАЛАУЛАРЫНДАҒЫ РИМДІКТЕР

Біздің дәуірге дейінгі III ғ. соңғы шенінде Орта Азияда Хунну қаһарлы мемлекеті құрылды. Ежелгі деректерде «Хунну үйінің асқақтауы» деп аталған бұл оқиға, б. д. д. 206-жылы билікке келіп, біраз жерлерді жаулап алып, бірталай әскери жеңістерге жеткен Модэ шаньюйдің атымен байланысты. Батыста ол юечждер мен үйсіндерге қарсы жорықтар жасады, солтүстікте оның отрядтары Саян-Алтай тайпаларын бағындырды, оңтүстікте ол ханьдық Қытаймен соғыста үлкен табыстарға ие болды.

Шаньюй хань императорымен «бейбітшілік және туыстық» жөнінде келісім жасап, қытай ханшасын қалыңдыққа алды, сонымен қатар хань империясы хунндарға салық төлеп тұруы тиіс болды. Хунндардың билігі солтүстігінде Забайкальеден оңтүстігінде Тибетке, батысында Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта беліне дейінгі орасан зор территорияға жайылған¹. Бұл ғайып болған халықтың атауы қазірге дейін соғысқұмарлықтың синонимі, көшпенділердің Еуропаға басқыншылықпен Батыс Рим империясын талқандаған кездерінде болған «Халықтардың ұлы қозғалысының» синонимі ретінде сақталып келеді.

Жазбаша деректер мен археологиялық материалдардың куәлігі бойынша гүндер негізінде мал шаруашылығымен айналысқан, бірақ олар сонымен қатар егіншілікті де білген. Археологтарға дуалдармен және орлармен қоршалған гүни қалаларының қалдықтары белгілі. Бұндай бекіністердің ішінде жер тамдар орналасқан. Гүндердің темір балқыту мен өңдеу кәсібі жоғары дәрежеде дамыған. Гүни ұсталары темір семсерлер, қанжарлар және садақ ұштарын, темір сауыт-саймандар және белдіктер мен ат-әбзелдер үшін айылбастар жасаған.

Көрінісіне қарағанда, түзілісінде қоршау сүйек қолданылған алысқа ататын садақты ойлап шығарған гүндер болған.

¹ Қазақ ССР тарихы. I т. Алматы, 1977. 285—286 беттер.

Олардың ішінен тайпа және ру ақсүйектері бөлініп шығып мемлекеттік құрылым қалыптасқан¹.

Біздің дәуірге дейінгі 55-жылы алып гүлп мемлекеті екіге бөлінген — оңтүстік және солтүстік болып, Солтүстік-батыс Монголияда Қырғыз-Нұр көлінің жанында солтүстік гүлпдердің Чжичжи деген би-төресі өзінің резиденциясын құрған. Бұл жерден ол көрші үйсін тайпаларына әскери жорықтар жасаған. Чжичжи Қытаймен жауластық қатынаста болған, әсіресе қытайдың қызметшісі мен елшісін өлтіруге бұйрық еткен соң. Онымен оңтүстік гүлпдердің бас иесі Хуханьсе шаньюй арасындағы бақталастық өте шиеленісті болған. Бұл жағдайларда Чжичжи үшін Кангюй мемлекеті бас иесінің одақтасу және үйсін мемлекетіне қарсы бірге күресу туралы ұсынысы дәл кезінде болып шықты. Оның ставкасы Сырдария жағалауында орналасқан. Ол Чжичжиды өзінің шығыс қожалығына — Талас аңғарына — шақырып алып, оған атты әскердің қолбасшысы болуды ұсынды. Сонымен қатар, шаньюйға өз қызын қалыңдық етіп, бірнеше мың «түйе, есек және жылқы» берген. Кангюй қожасы көп ұзамай Чжичжи үйсін армиясын қиратып, олардың жерлерін басып алып, Іле және Чу аңғарларына кетеді деп үміт артқан. Алайда, кейбір айлакерлік табыстары болғанымен де, Чжичжи үйсіндерді талқандай алмады. Өз үміттерінен алданған кангюй ақсүйектері мен Чжичжи арасында наразылық пайда болып, көп кешікпей олардың қарым-қатынасы үзілді. Шежірешілердің айтуы бойынша, шаньюй кангюйлердің әдет-ғұрыптарына бағынудан бас тартып, «кангюй бегінің қызын, талай әйгілі адамдарды және бірнеше жүз қарапайым халайықты аңумен өлтірген немесе Дулай (Талас) өзеніне тастаған»².

Чжичжи кангюй әмірінің ставкасынан қуылып, шамасы, Таластың бас жағына қарай бет алып, сол жақта өзіне қала салуға кіріседі. Жазбаша деректердің мағлұматтары бойынша қаланың құрылысында күнделікті 500-ге дейін адам қатысқан. Құрылыс қаражатын шаньюй Фергана және Парфия басшыларынан салық ретінде алған, құрылысшы-ұсталарды да ол, шамасы сол жақтан шақырған. Екі жыл ішінде салынған қала мықты бекітіл-

¹ Миняев С. С. Сюнну. Ғайып болған халықтар. М., 1988. 113—125 б. б.

² Зуев Ю. А. Баяндамалар. Қырғыз археологиялық-этнографиялық экспедициясының еңбектері. III т. Фрунзе, 1959. 165—166 б. б.

ген, айналасы екі қатар қабырғаларымен қоршалған — сыртқысы ағаштан, ал ішкісі саздан жасалған, мұнаралары бар. Ішінде үй-жайлар мен шаньюй және оның жақын қоршауы тұратын ішкі қамал орналасқан.

Чжичжидің күшеюі және оның үйсіндерге қарсы шапқыншылық әрекеттерінің тоқталмауы қытай империясын қатты толғандырды. Чжичжиді дипломатиялық жолмен бейтарап ету әрекеті табыссыз аяқталған соң, қытайлықтар соғысқа дайындала бастайды. Қытай мемлекет қызметкерлерінің сол кездегі жағдайлар туралы жазысқан хаттары сақталған: «Батыс өлке сюнн мешігінде, ал Чжичжи атышулы атағымен бұл кезде талай жерге әйгілі. Ол дүркін-дүркіп шабуылдарымен Үйсіндер мен Даваньдарға қысымшылық көрсетеді, өне бойы Қангюйді басып алуды көксейді. Егер ол бұл мемлекеттерді басып алса, онда бірнеше жылдан кейін барлық отырықшы елдерге қауіп төнеді. Оның үстіне Чжичжи жауынгерлері ұшқыр және батыл келеді, олар жақсы соғысады және бірнеше жеңістер көрген. Армияны азықтандыру үшін келетін малды күтіп отырғанымызда. Батыс өлке сөзсіз қауіпке ұшырайды. Жауыздардың орналасқан жері Қытайдан алшақ тұрса да, олардың өздерін қорғайтын мызғымас қалалары жоқ. Егер бекіністерде қоныстанған әскерлерді көтеріп, Үйсін халқы мен жауынгерлерін шабуылға шығуға мәжбүр етсек, оларды Чжичжи қаласының қабырғасының түбіне алып келсек,— онда олар қашып кеткісі келсе, баспана таппайды, ал қорғанам десе — өздерін қорғай алмайды. Сонда мың рет басталған іс бір күнде аяқталады»¹.

Кешікпей қытай әскерлері жорыққа аттанды. Олар Ұлы Жібек жолы трассалары бағыты бойынша екі жолмен жылжып отырды. Үш отряд оңтүстік жолмен Қашқар Ферғана арқылы, Чатқал жонындағы Чанаш және Талас жотасындағы Қарабура асулары арқылы жүрген; үш отряд солтүстік жолмен жүрген — Шығыс Түркістаннан, шамасы, Бедел асуы арқылы үйсін Чигучэн ставкасы орналасқан Ыстық-көл сайына, одан кейін Чу аңғары мен Таласқа қарай. Әскер қолдары Чжичжи қаласының түбінде жиналды. Шаньюйдың өзі ұрысқа әзірленді, ол өз әскерлерін қорғаныс қабырғаларына орналастыруды ал қала қақпасының екі жақтарына «балықтың қабыршағын» еске түсіретін ерекше сапқа тұрған жаяу әскерлер отрядын қойды.

¹ Зув Ю. А. Баяндамалар. 166—167 бб.

Міне осы жерде әлдебір жұмбақ жасырылған: бұл не әскер. Гүндердің атты әскері болғаны белгілі, ал мұнда — жаяу әскер, оған қоса оның сапы да ерекше. Ғалымдардың болжауы бойынша, «жаяу әскер отрядтары» б. д. д. 53— жылы кішігірім месопотам қаласының түбінде парфияндармен талқандалынған, Марк Крассстың рим армиясы құрамына кірген рим легионерлерінен қалыптасқан.

Азияның тұңғық түпкірлерінен келген дәл осы парн тайпалары б. д. д. III ғ. рим легионерлерінің жолын кесіп, олардың Шығысқа қарай ары жылжуын тоқтатқан Парфия патшалығын құрған. Кемеліне толған кезінде Парфия өз құрамында Иран, Месопотамия, Шығыс Ауғаныстан, Оңтүстік Түркімен, Армян территорияларын қамтыған.

Спартакты жеңген, Цезарь және Попмеймен билік бөліскен, өз әскерлерімен император болып жарияланған Марк Красс парфияндық сауытты атты әскермен күресте даңқсыз қаза тапқан.

Талқандалған рим әскерлерінің 10 000-ға жуық легионерлерінен тұратын қалдықтары парфияндармен тұтқынға алынып, Парфия патшалығының шығыс шекарасында, Қарақұмның шетінде қоныстандырылған¹. Олар бұл жерде үйленіп, әскери қызметтерін ары қарай атқара берген; дәл солар туралы Рим ақыны Горацій былай деп жазған:

Красс әскері жауыздарға үйленіп,
Жау елінде олармен тұрмыс құрған.
Жабайы ханның жалауына бас иіп,
Босағасын басып жүр ғой құдайлар.
Күшік күйеу болып жүрген, жер жұтып,
Соншалықты ақымақтар бұзылған!

Рим әскерлерінің қалдықтары тек б. д. д. 20 жылы еліне қайта орала алған. Чжичжи Рим жауынгерлері отрядын осы гарнизондардан жалдаған немесе алым-салық ретінде жинап алған болуы керек. Демек, гүни қаласының қақпасы түбінде ерекше сапқа тұрып, қытай шежірешілерінің қиялын өршітіп таңдандырған да солардың фалангасы болуы керек.

Алайда, ержүректікпен қорғануына қарамастан, қытайлықтар қаланың сыртқы ағаш қабырғасын өртеп, ішкі топырақ дуалын опырып сындырып, қоршаудағылардың қарсылығын тойтарады,— сөйтіп қаланы да, оның

¹ *Массон В. М.* Мың қалалы ел. М., 1966. 106—108 б. б.

ішкі қамалын да басып алады. Чжичжи және оның жақын қоршауы көптеген туысқандары, ұлдары, әйелдері және әйгілі бектерімен бірге — 1518 адам — тұтқынға алынып, олардың барлығының да басы шабылады. 1200-ге жақын жауынгер жорыққа қатысқан Үйсін және Ферғана бек-вассалдарына сыйға тартылады. Бұлар тірі қалдырылған рим легионерлері еді; көпес керуендеріне ілесіп, Орталық Азия түпкірлерінен Римге қарай Жібек жолымен жүріп отырып, еліне қайта орала алған да, сірә, осылар болар.

ҚАЛАЛАР ІШІНДЕГІ ЕЖЕЛГІСІ

Тараз Қазақстан қалаларының ішіндегі ең ежелгілерінің бірі. Жамұқатпен бірге ол тіпті VI ғ. аталған. 568—жылы бұл Талас жағасындағы қалада түрк қағаны Диябуланың керемет ставкасында Византия елшісі Земархты қабылдаған¹.

629— жылы Тараз (Далосы) туралы Сюань-Цзяп былай деп жазады: «Цзяньцюаньнан батысқа қарай 140—150 ли жүргеннен соң, біз Далосы қаласына келдік. Қаланың шеңбері 8—9 ли. Онда әр-түрлі елдерден келген көпес-саудагерлер мен хусилар (согдийлықтар) аралас тұрады. Жері мен ауа-райы Суйядағыдай. Оның оңтүстігіне қарай 10 ли шамасындай жерде 300-ге таман үйжай қоныстанған. Оңаша тұрған кішігірім қала бар. Қала тұрғындары, Орталық патшалықтан шыққан адамдар. Бір кезде олар Туцзюэмен тұтқынға алынған, бірақ кейін келе жерлестікке бірігіп, қаланың негізгі тұрғындары ретінде сол жерде тұрақты мекен тапқан. Киімдері тозған соң, олар туцзюэлер тәрізді киіне бастаған, бірақ олардың тілі, әдет-ғұрыптары және заңдары Қытайдағы сияқты»².

VII ғасырда Тараз Ұлы Жібек жолы трассасында маңызды роль атқаратын ірі қалаға айналады. Осы уақыттан бастап оның атағы кең жайыла бастайды. Ол туралы мағлұматтар жол бағдарламаларында, ежелгі шежірелерде және географиялық шығармаларда бар. 751—жылы Тараз бен Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігі уақытша арабтармен басылып алынған, 766— жылдан бас-

¹ Бартольд В. В. Орта Азияға ғылыми мақсатпен сапардың есебі 33-б.

² Зуев Ю. А. Суйб туралы Қытай деректері. 91-б.

тап қала қарлұқ қожалығына кіреді, ал IX ғ. аяқ шенінде саманидтерге бағындырылады.

893— жылы, жазбаша деректердің айтуы бойынша, Исмаил ибн Ахмад Таразға қарсы соғысқа шығып, көптеген қиыншылықтарды басынан кешіреді. Ақырында Тараз әмірі жауға бас иіп, көптеген дихқандарымен бірге Исламды мойындайды. Оқиғаның өзіне келсек, Исмаил ибн Ахмад «олардың патшасының астанасын басып алып, оны (патшаны), оның әйелін және 10 000 адамдарын тұтқынға алады. Олардың көбісін ол өлтіреді де, қыруар-сансыз шабарман малдарын алып кетеді. Әрбір салт атты мұсылманға олжа бөліскенде 1000 диргем тиген».

IX—X ғ. ғ. Тараз одап ары дами түскен. Оның сауда жолында, бай егіншілік алқаптың ортасында, Талас Ала-тауының күміс руднигінің жанында орналасуы қаланың экономикалық және мәдени өрлеуіне мүмкіндік береді. Макдиси, X ғ. географы, былай деп жазған: «Тараз — бау-бақшалы, қалың елді, оры, төрт қақпасы және қонысталған рабады бар үлкен бекітілген қала. Медина қақпасының түбінде үлкен өзен аққан, оның арғы жағында қаланың бір бөлігі жатыр, үстінде өткелі бар. Алқалы мешіті базарлардың арасында».

X ғ. аяқ шені — XI ғ. ғ., Жетісуды, Оңтүстік Қазақстанды және Орта Азияны қараханидтер династиясы жаулап алғаннан соң, Тараз жаңа мемлекеттің бір қожалығының астанасына айналады¹.

XIII ғ. басында, Жетісу және Орта Азия үшін аласапыран кезеңде, моңғол шапқыншылығының қарсаңында, Орта Азияда үстемдік ету үшін қарақытайлар, наймандар, Мухаммет хорезмшах араларындағы күрес өріс ала бастаған кездерде, Тараз қолдан қолға ауысқан. 1212 жылы қала, Жетісудың Оңтүстік — батыс бөлігіндегі және Оңтүстік Қазақстандағы басқа да орталықтармен қатар, моңғолдардың қолына түспеу үшін, Мухаммет хорезмшах әмірімен талқандалынған. XIII ғ. орта шенінде, Вильгельм Рубруктың жазуларындағы деректерге қарағанда, қала қайта қалпына келген².

Алайда, XIII ғ. екінші жартысы — XIV ғ. басын қамтитын кезең саяси жағынан тұрақсыз болған. Жетісуда,

¹ *Волин С. Л.* Араб жазбаша деректерінің мағлұматтары 73, 75, 77—91 б. б.

² *Рубрук Вильгельм.* Шығыс елдеріне сапар. Аударма, кіріспе және ескертпелері А. И. Малеиндікі. СПб. 1911. 68—69 б. б.

оның ішінде Талас аңғарындағы қалалар мен қоныстардың қирауына себепші болған чингизидтердің талас-тартысы бітпеді. XIV ғасырдың орта шеніне дейін мұнда отырықшы және қала мәдениетінің талай орталықтары қиратылған. Олардағы өмір сөнген. Талас аңғарындағы Тараз, Янгі — Талас, Янгі — Балық, Кенжеке қалалары туралы XIV ғ. авторы ал-Омари естеліктерінде айтылған. Талас астанасы ролі бұл кезде Янгі-Таласқа ауысқан тәрізді. Ол Таластың жоғарғы жағында орналасқан. Қала ретінде Тараз XV ғ. басына дейін өмір сүрген, ал оның орнындағы отырықшы қоныс XVIII ғ. дейін болған.

Қазіргі кезде Талас қалдықтарының үстіне басқа үйлер салынып, оның бұрынғы көрінісін тек XIX ғ. 30—жылдарының басындағы мағлұматтар бойынша елестетуге болады.

Шахристанның солтүстік қабырғасы 370 м., ал батыс қабырғасы 160 м. ұзындықта байқалады. Оңтүстігінде қала қалдықтары 200 м. бойына көрінеді. Шахристанның солтүстік қабырғасына ішкі қамал жалғасқан. Ол — жобасында төртбұрышты төбе, солтүстік қабырғасы 175 м., батысы — 117 м., шығысы — 115 м., оңтүстігі — 125 м. Рабад қалдықтары шахристаннан батысқа және шығысқа қарай байқалады, бірақ олардың өлшемдерін қазіргі кезде анықтау мүмкін емес. Орталық қауырықтардың жапында ұзын қабырғалармен қоршалған территория орналасқан. Ол жерде бір кездерде көптеген бөлек-бөлек төбешіктер — VI—XII ғ. ғ. жеке қоныс-жайлары мен ғимарат-сарайларының қалдықтары жатқан. Мысалы, XIX ғ. аяқ шенінде жасалған схемалардың біреуінде көне қаланың жалпы территориясында 48 төбешік белгіленген¹.

Шахристан мен ішкі қамалға қойылған стратиграфиялық шурфтәр қала өмірінің пегізгі кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Б. д. бірінші ғасырларының қабаты ішкі қамал мен шахристанның солтүстік-батыс бөліктерін қазбалау кезінде табылған. Оның қалыңдығы 0,5 м. Ол күл қабаттары мен шикі кірпіш сынықтарынан құралған. Қабаттан жиналған керамика хум сынықтарынан тұрады.

Ішкі қамалдағы шурфтың ішіндегі IV—VI ғ. ғ. қаба-

¹ *Лаврентьев В. И.* Әулие-ата қаласының шеңберінде жатқан төбелердің (қорғандардың) қысқаша тізімі. ТҚЛА протоколдары. V т. (1899—1900). Ташкент, 1900; 39—45 б. б.

тының қалыңдығы 1,5 м. Онда өлшемдері 50×29 , $5 \times 9,5$ тік бұрышты шикі кірпіштен жасалған ғимарат қалдықтары ашылған. Үй қабырғасы 1 м. биіктікте сақталған, ал қалыңдығы — 1—1,5 м. Қабаттың ішінен керамиканың ерекше түрлері жиналған. Ол — сыртынан ақ немесе күлгін ангоб жағылған жұқа тостағандар, аузы бар құмыралар, хумдар, тандыр-пештер.

VI—VIII ғ. ғ. қабаттары назар аударарлық, олар барлық стратиграфиялық қазбалардан табылған. Олардың қалыңдығы 1,5—2,5 м. Ішкі қамалдағы шурфта бұл қабатқа беті ашылған екі бөлме және коридор жатады. Олар өлшемдері $26—28 \times 50—60 \times 8$ см шикі кірпіштен салынған.

Қабаттан алынған керамика әртүрлілігімен және өзгеше сәнділігімен ерекшеленеді. Мұнда алмұрт тәріздес құмыралар, сырт пішіні металл ыдыстарға жақып қызылжылтыр саптыаяқтар, ойып әшекейленген қақпақтар кездескен. Қабаттың ішінен балшық фигураның басын құюға арналған қалып, сирия жазуы бар ыдыс табылған.

VIII—X ғ. ғ. қабаты бұл уақыт аралығындағы қаланың интенсивті өміріне куәлік етеді. Қабат VII—VIII ғ. ғ. түргеш тиындарының табылуымен байланысты жақсы даталанады. Едендері күйдірілген кірпіштен жасалған ғимарат қалдықтары (кірпіштің өлшемдері — $0,22 \times 0,22 \times 0,05$ м), жұмыр тас төсеніштердің қолданылуы құрылыс техникасының өзгергендігін көрсетеді.

Керамиканың екі түрлі тобы табылған: глазурь жалатпаған және глазурь жалатқан. Жалатпағанының ішінде көбінесе қызылжылтыр саптыаяқтар мен ойып әшекейленген құмыралар, оюлы қақпақтар кездеседі. Ал екінші тобында-ақ, мөлдір, жасыл және қоңыр глазурь жалатқан ыдыс. Оюлары өсімдік әуендеріне жасалған өрнектерден құралған.

XI—XII ғ. ғ. қабаты тиындармен байланысты даталанған. Онда металдан жасалған заттар табылған: темір пышақтардың сынықтары, қоладан жасалған заттардың болшектері, әйнектен және түрлі-түсті тастардан жасалған моншақтар, шыныдап жасалған ыдыстар. Табылған заттардың ішінде әсіресе көп кездесетіні жалатпап ыдыс, тостағандар, табақтар, майшамдар. Жалатқан глазурь мөлдір және ақ. Сыртындағы өрнек қоңыр, жасыл және қызыл бояулармен істелген, кей кезде сызба оюмен аралас. Өрнектері кейде өсімдік тәріздес, кейде геометриялық фигуралар және ескі ескерткіш жазулардан құралған. Жалатпаған керамика жіңішке мойын құм-

ғандардан, саптыаяқтардан, тостағандардан, хумдардан тұрады¹.

Көне қаланың әр жерінде жүргізілген қазбалар Тараз өмірінің әр-түрлі кезеңдеріндегі құрылыс комплекстері мен ғимараттарын берді. Шахристанның шығыс жақ бұрышында жүргізілген ауданы 200 шаршы м. қазбадан монша табылған. Жобасында монша ғимараты квадратқа ұқсас. Өлшемдері $13,5 \times 12,5$. Шығыс бөлігінде орналасқан жағып жылытатын комплексті санамағанда, барлығы 7 бөлме тазартылған. Бірінші бөлмесінде еденге өлшемдері $0,5 \times 0,5 \times 0,08$ м. сары және қызыл түсті шаршы тас тақта төселген. Биіктігі 0,4 м. және ені 0,38 м. отырғыштың бөлігі сақталған. Екінші бөлмесінде өлшемдері $3,05 \times 2,52$ м. кірпіш астау мен кірлен табылған.

Астау батыс қабырғасының түбінде еденде тұр, оның ұзындығы 1,75 м., ені 0,47 м., қабырғасының биіктігі 0,6 м. Астаудың іші мен сыртына сылақ соғылған. Астау қабырғаларының сырт жағында сегізбұрышты жұлдыздардан тұратын бірнеше көркем суреттер сақталған. Қабырғасының түсі қызыл, жұлдыздары сары, айналдыра қарамен жиектелген. Оңтүстік қабырғасы күлгін түспен боялған. Қабырғаның жазықтығы екіге бөлінген. Төменгі бөлігі биіктігі 0,5 м және тереңдігі 0,3 м жіңішке қуыстармен көркемделген. Шығыс қабырғасы шахмат тәртібімен орналасқан сары жұлдыздармен көркем суреттелген. Кірлен кенересінде 17 бұхарлық мыс тиындар үйіндісі табылған, олар XI ғ. даталанған.

Екінші бөлме үшіншімен ені 0,79 м есік ойығы арқылы байланысқан. Мұнда ені 0,34 м және тереңдігі 0,26 м бір кірлен тұрған. Бөлменің қабырғалары көркем суреттелген: күлгін түсті бетіне сары және қызыл түсті кезектесе сегізқырлық пен алтықырлық салынған. Көрші, төртінші өлшемдері $2,44 \times 2,46$ м., бөлменің қабырғаларында ешбір әшекей жоқ. Бесінші бөлме нашар сақталған.

Алтыншы бөлменің өлшемдері $3,15 \times 3,11$ м. Төрт қабырғасы да жақсы сақталған. Оларды бойлай отырғыштар орнатылған. Батыс қабырғасының отырғыштан жоғарғы жері қарамен жиектелген сегізқырлықтармен, сары және қызыл түспен боялған алтықырлықтармен, оңтүстік қабырғасы — үшжапырақтармен әшекейленген. Моншаның жетінші бөлмесі ең үлкен — $6,71 \times 3,93$ м. Онда

¹ *Сенигова Т. Н.* Орта ғасырлық Тараз. Алматы, 1972, 26—56 б. б.

сары және қызыл түсті шаршы тас тақталар төселген жазық еден жақсы сақталған. Ғабырғалары қуыстармен көркемделген, Құлап жатқан қалдықтарына қарағанда, моншаның бөлмелері күмбездермен жабылған. Моншаға су оның қасында салынған қамбаның ішіндегі құдықтан келген. Жылу монша еденінің астында орпаласқан арнайы өзектермен жеткізілген. Тараз моншасы құрылыс техникасының ерекшеліктері, жылыту жүйесі, өрнектеу мәнері мен көркем сурет түссипаты оның XI—XII ғ. ғ., қаланың экономикалық өркендеу кезеңінде, болғанына куәлік етеді.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында ашылған моншалардың ішкі құрылысы басқа, жобасында крес тәріздес. Ол Отрар, Баласағұн моншалары. Тараз моншасы Каср-ал Хайр ал-Гарбидағы таяу шығыс моншасын еске түсіреді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, моншалар Орта Азия қалаларында VIII ғ. пайда болған, олар Жерорта теңізі алқабынан шығып, Таяу және Орта Шығыс арқылы Орта Азияға жеткенге ұқсайды¹.

Үлкен қалаларда ондаған моншалар болған, мысалы, Самарқанд пен Бұқарада IX—XII ғ. ғ. олардың саны жүзге дейін болуы мүмкін еді. Моншалардың көбінің ішкі жағы, Тараз моншасынан көргеніміздей, көркем суретпен әшекейленген. Мысалы, X ғ. авторы ал — Масуди өз шығармаларының бірінде моншаларда адам келбетті, бүркіт тұмсықты, екі бүйірінде төрт қанаты және хайуан тырнақты екі қолы бар құс тәріздес Ал-Анка деп аталған ғажайып жануардың бейнесін жиі кездестіруге болатынын атап откен². IX—X ғ. ғ. Закария ал-Рази, моншаның адам денесіне әсерін сипаттай отырып, жуыну хайуандық, рухани және табиғи күштерді әлсіретеді деп санаған. Сондықтан моншаларды адамның мұңын жазатын, уайым ауыртпашылықтарын жеңілдететін көркем суреттермен әшекейлеуді ұсынған³.

Монша салынатын кезеңге қазбалау кезінде табылған қала жарау-жабдықтарының қалдықтары да жатады. Ең алдымен ол — қаланың сутартқыш жебелері, Ол 12,8 м. ұзындықта байқалған. Оның құрылыс техникасы зерттеліп, қалпына келтірілді. Сутартқыш жебелер жұмыр тастан, ұсақ тастан және сазбалшықтап құралған «жастыққа» орналастырылған. Үстінен олар жайпақ

¹ Мец А. Мұсылмандық қайта өрлеу. 304 б.

² Мец А. Мұсылмандық қайта өрлеу. 305 б.


³ Большаков О. Г. Ислам тыйым салады. Ғылым және дін. 1967, № 7, 41 б.

тастармен және жұмыр тас қалауымен жабылған. Жебе бөлшектері күзеші дөңгелегінде жасалған. Олардың ұзындығы 0,25—0,8 м., диаметрі 0,21—0,22 м. Жебенің бір ұшы ұлғайтылып жасалған, оған екінші жебенің жіңішке ұшы кигізілген. Сутартқыштың бас-аяқтарының жер бетіне дейінгі қашықтығын өлшегенде, оның қала ішіне қарай ылдилап орналастырылғаны анықталған. Талас-тан шыққан су бөгеу арқылы қала сутартқышы деңгейінен жоғары тұрған су қыспақ болуға жіберіліп отырған болуы керек. Сондықтан ол су қоймасынан қыш жебелер арқылы қаланың барлық бөліктеріне оздігінен жүрген. Сутартқыш XIII ғасырда жұмыс істеуін тоқтатқан.

Тараз төңірегіндегі территорияда тамаша ескерткіштің қазбалау жұмыстары жүріп жатыр. Төрткөл деп аталатын көне қала қалдығы Жамбыл қаласының батыс жақ шетінде (Сулейманов көшесі) орналасқан. Жобасында көне қала — бұрыштарымен жердің бөлімдеріне беттелген, биіктігі 1,5—2 және түп ені 6 м. шокпе дуалмен қоршалған, өлшемдері 80×80 м. төртбұрышты алаң. Оның оңтүстік-батыс қабырғасы түгелдей жойылған. Оңтүстік-шығысы — жарым-жартылай.

Қала территориясындағы қазбалаулармен үй-жайлар және қорғаныс қабырғасын ішінен бір-біріне жапсыра салу принципіне негізделген құрылыс-салымдар ашылған. Олардың сипаттамасы мынандай: Бірінші бөлме жобасында квадрат тәріздес, өлшемдері 4×3,4 м. Солтүстік-шығыс қабырғасы қорғаныс қабырға болып келген. Бөлменің оңтүстік шығыс қабырғасының ортасына тіркеп биіктігі 0,4 м. пеш салынған. Оның өлшемдері 1,2×0,5 м. Ошақ таға тәріздес формалы, диаметрі 0,25, тереңдігі — 0,36. Іші толы ақшыл — қызғылт күл, жағатын ауызы солтүстік жағында. Ошақтың алдында өлшемдері 1×0,9 тікбұрыш формалы, еденнен 8 см. тереңделген жазықтық орналасқан. Бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасында, ошақтан оңға қарай, еден деңгейінен 2 қуыс жасалып шығарылған. Олардың биіктігі 20 см, ені 15 см, тереңдігі 15 см. Бөлменің едені тегіс емес, еденнің бетін күйіп кеткен қамыс пен ағаштың қалыңдығы 3 см. қабаты басып қалған.

1 а бөлмесі — коридор, өлшемдері 4×0,9 м. Солтүстік бұрышында орналасқан ені 0,5 м. есік арқылы ол 1—бөлмемен қосылған. Оның оңтүстік-шығыс бұрышында ені 0,63 м. шығатын жері бар. Бөлменің едені тегіс емес, саз-балшықпен сыланған. Еден бетін күйіп кеткен қамыс пен ағаштың қалыңдығы 3 см. қабаты басып қалған.



Суретте: Тараздағы су құбыры

Табылған заттар көп емес. Болме едені үстіндегі қабатта керамика мен мал сүйектерінің қалдықтары табылған.

2— болме жобасында квадрат тәріздес болып келген,

өлшемдері 3,7×3,6 м; 1— бөлмемен шығыс бұрышындағы есігі арқылы қосылған. Есіктің ені 0,5 м. Бөлменің еден үстіндегі қабатында қамыс төсенішпен күйген бидай дәндерінің қалдықтары табылған.

2 а — бөлмесі 2— бөлмеден ені 20 см. қысқа қабырғалармен бөлінген. Араларындағы өткелдің ені 1,8 м. Оңтүстік-шығыс қабырғасының ортасында өлшемдері 80×25 см. тікбұрышты жазықтық түріндегі қуысы жарты шеңбер формалы, қабырғаға тіркеле салынған ошақ табылған. Ошақтың оңтүстік-батыс маңайындағы еденде қыш құмыра табылған. Құмыра соғып жасалған, кең ауызды, тұтқалары бар, өсімдік тәріздес өрнекпен әшекейленген. Қазбалау жұмыстарының нәтижесінде табылған материалдардың көпшілігі керамика. Орындалу техникасы жағынан ол негізінде станокты. Өңдеу тәсілі жағынан оны жалатқан және жалатпаған деп, ал қолдану қажетіне қарай оны ас ішетін, ас пісіретін және зат салатын деп бөлуге болады. Қазан — әсіресе көп кездесетін ыдыстың түрі. Бұл топқа үнемі отқа қойылатын ыдыстар біріктірілген. Олардың формасы стандартты жаншылған шар тәріздес, тұлғасы жалпайтылған, дөңгеленген, кей-кезде түбі қатты жуандалған. Ернеулері тіп-тік немесе сыртқа қарай қайырылған, тұтқалары құйылып жасалған немесе ілгек тәріздес.

Құмыралар күзеші дөңгелегінде және соғып жасалған. Корпус өлшемдері, мойындарының формасы, өрнектері бойынша олардың 2 түрі ерекшеленеді. Бірінші түрі — бір тұтқалы, жіңішке мойынды, созыңқы науа тәріздес шүмекті және жұмыртқа тәріздес тұлғалы. Ыдыстың мойындары мен иықтары көбінесе өсімдік әуендерімен безендірілген. Өрнектер тырналпып жасалған.

Кейбір ыдыстардың суреттемесіне тоқталайық. Үлкен соғып жасалған құмған, биіктігі 48 см-ге жақын, мойнының ұзындығы 18 см-дей, түп диаметрі 14 см. Қою балшықтан жасалған, түсі қызыл — қоңыр. Тұтқаларында жапсырма түйіншектері бар; мойнында бірнеше сызықтар, екіден біріккен жеке сызықтар және үшеуден біріккен нүктелерден құрастырылып жасалған сопақ фигуралардың композициясы орналасқан. Мойнының ұшы шүмекті ернеуі және өрнегінің бір бөлігімен бірге жоғалған. Өрнегі стильге келтірілген антропоморфтық бейне тәрізді әсер етеді. Ұқсас құмыралар XI—XII ғасырлардағы Талас өңірінен белгілі.

Екінші түріне жұмыртқа тәріздес тұлғалы, жіңішке мойынды, бірақ құйылатын шүмегі жоқ ыдыстар жата-

ды. Олардың көлемі ықшамды, биіктігі 30 см. Олар жақсы иілген қызғылт-сазқамырдан жасалған. Ыдыстардың сыртқы әшекейлері — қоңыр ангобтан иықтарына ағылтып жасалған жол.

Төрткөлде табылған керамиканың жартысына жақыны жалатқан ыдыс-аяқтан тұрады. Бұл топтан табылғандардың көбісі аяқ-табақ, тостағандар. Әдетте ангоб үстіне жағу үшін күңгірт те, мөлдір де глазурь қолданылған. Ыдыстардың беті жасыл бояу қосылған мөлдір глазурьмен жағылған- ойылған өрнек және жазулармен безендірілген.

Керамикалық материал Төрткөл қонысының өмір сүрген кезеңінің XI ғ. басы — XIII ғ. екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Басқа табыстардың ішінде темірден және мыстан жасалған шамалы ұсақ-түйек заттарды атап кету керек: темір тоғалар, шегелер, тұтқалар, садақ ұштары. Мыстан жасалған кішкене құмған аса пазар аударарлық. Біржақты формада құйылған, бедерлі, білігінен қысқап жарты сауыт тәріздес алқа. Мұндай алқалар Пенжикент қазбаларында табылған VIII ғ-мен даталанған материалдардан белгілі.

Барстың басы бедерленіп салынған кашин ыдыстың қалдығы, сондай-ақ кашиннен жасалған, анық шет елдік, тамаша тостаған табылған. Оның беті мөлдір глазурьмен жағылған және осімдік әуендері мен геометриялық формалар сипатындағы көркемсуреттермен әшекейленген.

Төрткөлдiң стандартты секциялардан (тұратын және зат қоятын бөлмелерден) құралған салыну жобасы, керуен жолы трассасында орналасуы, шет елдік заттардың табылуы оны Тараздың тура жанында орналасқан керуен-сарайдың қалдығы деп санауға мүмкіндік береді.

ТАЛАС ЖӘНЕ ШУ АҢҒАРЫНЫҢ ҚАЛАЛАРЫ

Тараз керуен жолдарының түйіскен жері және Талас аңғарының негізгі қаласы болған. Испиджабтан Таразға жүретін жібек жолы Шараб, Будухкет, Тамтадж, Абарджадж және Джувикат арқылы өткен. Соңғысы Тараздап батысқа қарай 2 фарсах (14—16 шақырым) кейін орналасқан. Джувикаттың орналасқан жері дәл тауып көрсетілген: ол — ежелгі Тараз қалдықтарынап 17 шақырым шығыстау орналасқан Бектөбе атты көне қала, яғни екі

қала аралығы деректерде аталған екі фарсахқа тең болып отыр¹.

Ол үлкен Бурылтай жотасының оңтүстік баурайында орналасқан. Қаланың орталық бөлігі жобасында өлшемдері 100×120 м., биіктігі 5—7 м. болып келген тікбұрыш төбе. Оның жалауында бұрыштары мен периметрі бойында мұнаралары бар қабырға іздері байқалады. Оның солтүстік-батыс бұрышында жобасында сопақ төбе ұсқынды, үсті жазық ішкі қамал қалдығы орналасқан. Оның түп кенересінің өлшемдері 30×20 м., ал үстіндегі жазық алаңның өлшемдері — 20×15 м.

Орталық қаусырықтарға ұзын қабырғамен қоршалған ауыл шаруашылық аймақ жанасады. Көне қала VI—XII ғасырлармен даталанған, бұл Джувикат қаласының өмір сүрген кезеңіне сәйкес келеді және Бектөбе — Джувикат тепе-теңдігін дәлелдейді.

Алқаптың ірі қалаларының бірі Атлах болған. Ал — Максиди оны былай деп сипаттаған: «Атлах — үлкен қала, ауданы жағынан негізгі қалаға жақын, айналасы қабырғамен қоршалған. Үлкен бөлігі — бау-бақша, ал рустагінде кобинесе жүзім егісі. Алқалы мешіт мединеде, ал сауда орталығы (базар) рабадтың ішінде». Қаланың Тараздан мұндай қашықтығы Қашқарлық Махмұттың мәліметтерімен анықталады. Оның: «Атлах — Тараздың жанында орналасқан қаланың аты», — деп айтып кеткені бар. Атлах қаласының жанында қытайлық әскерлер мен біріккен араб және қарлұқ күштерінің шайқасы (Талас шайқасы) болуымен байланысты, оның аты тарихта кең тараған. Арабтар мен қарлұқтар қытай армиясын талқандаған. Тұтқынға алынған қытайлықтар Самарқантқа жөнелтіліп, ол жерде олар олеркәсіппен айналысқан: қағаз, әр-түрлі қару-жарақ және құрал-саймандар жасаған.

Атлах Тараздан 12 шақырым оңтүстіктеу жерде орналасқан Жуан-төбе атты ескі қала қалдығымен тепе-теңдестірілген. Соңғы жылдардың археологиялық зерттеулері бұл пікірге дәлел болатын жаңа материалдар берді. Жуан-төбе Талас алқабының ең ірі қала қалдықтарының бірі деп табылған. Ол VI—XII ғ. ғ. даталанады.

Джикель (Чигель) қаласы ал-Максидидің қалалар тізімінде аталған және Тараздан адам дауысы естілетін-

¹ Каллаур В. Әулие атадап батысқа қарай Шымкент уезінің шекарасына жүрген ескі Керуен жолындағы Әулие-ата уезінің ежелгі қоныстары. ПТКЛА. IV том, 1899, 53 б.;

² *Бернштам А. Н.* Талас өңірінің ежелгі ескерткіштері, Алматы, 1941, 44 бет.

дей жерде орналасқан «кішкентай» қала деп сипатталған. Айнала қабырғамен қоршалған және ішкі қамалы бар. Алқалы мешіт, базардың ішінде¹. Қала XI ғасырда да болған және Қашқарлық Махмұттың мағлұматтарында аталған². Джикиль, дұрысы, Тараздан 5 шақырым жерде орналасқан Жалпақ-төбе атты көне қала қалдығына сәйкес келеді.

Жалпақ-төбе ескі қала қалдығы жобасында түп-кенесінің өлшемдері 90—95 м. және биіктігі 3—4 м. тік-бұрыш болып келген төбе. Шығыс бөлігінде биіктігі 4,5 м. дейін және диаметрі 30 м. төбешік түрінде сақталған ішкі қамал орналасқан. Төбе айналасында тереңдігі 0,5 м-ге дейін, ені 10 м-ге дейін ордың іздері әлі күнге дейін байқалады. Қаланың үлкен қақпасы оңтүстік қабырғаның ортасында орналасқан және екі жағынан екі дөңгелек формалы мұнарамен бекітілген. Қазіргі кезде қалаға кіретін жердің орны сай тәріздес. 1986 жылғы зерттеулер кезінде орталық қаусырықтардан 1—1,5 шақырым жерде қабырға табылған.

Қала территориясындағы қазбалау жұмыстары кезінде VI—IX ғ. ғ. деңгейіндегі үй-жай құрылысының ерекшеліктері анықталған. Ол тұтас құрылыс болған, барлық үй, қора-жай, бөлмелер бір-біріне жалғастырыла салынған. Тұрғын бөлмелерде ашық тинті жер ошақтар мен софылар болған. Софылар қабырғалар бойында орналасқан.

Үй қабырғалары шикі кірпіштен салынған және жұмыр тастан жасалған фундаментке қойылған. Зат қоятын бөлмелерде (қамбаларда) астық сақтайтын шұңқырлар жасалған. Керамикасы өсімдік тәріздес оюмен өрнектелген саптыаяқтардан, доға және сегмент тәріздес құлақтары бар қазандардан, қыштан және алебастрдан жасалған дөңгелек столдардан, май-шамдардан тұрады.

Жалпақ-төбедегі құрылыс комплексін түргеш тиындары VII—IX ғасырлармен даталайды.

Көне қаланың жоғарғы құрылыс қабаты, жалатпа керамиканың сынықтарына қарағанда, X—XII ғ. ғ. жатады.

Қазбалаулар қаланың бекініс құрылымы сипатын анықтауға мүмкіндік берді. Қабырғалары 4 м-ге дейінгі

¹ *Волин С. Л.* Талас өзені аңғары мен оған жапама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар. Қаз. ССР ҒА ТАЭИ еңбектері, 8 т. Алматы, 1960, 80—82 б. б.

² Сонда; 84, 86, 90 беттер.

биіктікте сақталған. Олардың түі ені 5 м, жоғары қарай жіңішкеленген. Қабырғалардың ең астыңғы қабатында өлшемдері 80×80×60 см. пахстан жасалған блоктар қойылған, олардың үстіне өлшемдері 35×25×10 см. шикі кірпіш қаланған. Қабырғалар бұрыштарында дөңгелек мұнаралар орналасқан. Солтүстік қабырғасының бермасы болған — ені 4 м. шығыңқы жері¹.

Тараздан алыс емес жерде тағы Дех Нуджикес және Адахкет болған². Адахкет пен Дех Нуджикестің орналасқан жерін Ибн Хордадбек пен Құдаманың мағлұматтарының арқасында анықтауға мүмкін болды. Қимақтарға баратын жолды суреттей отырып, олар Кевакет (Кевакиб) жеріндегі Тараздан 7 фарсах жерде орналасқан 2 қонысты атап өткен³. IX ғасырдың авторы ал-Факих Тараздан Кевакитке дейінгі қашықтықты 7 фарсах деп одан да нақтырақ айтқан. Оның үстіне қимақтарға баратын жол Тараздан солға қарай, яғни солтүстікке қарай жүрген⁴.

Тараздан солтүстікке қарай жүретін жолдың ең ыңғайлысы Талас жағалауларымен өткен. Сондықтан Кевакиб жерін, екі қаласымен бірге, Талас аңғарынан іздеу орынды. Тараздан солтүстікке қарай тұрған Орта ғасырлық көне қалалардың ішіндегі ең ірілері Тоймакент пен Оххум.

Тараз бен көне қала қалдықтарының арасындағы қашықтық 50—55 шақырым, ал бұл деректерге сәйкес келеді.

Таразға жақынырақ тұрған Адахкет қаласын Тоймакентпен, ал Дех Нуджикесті — Оххум қаласымен, тепе-теңдестіру керек. Бірақ жаңа археологиялық материалдарға негізделетін басқа да пікір бар. Адахкет пен Дех Нуджикестің қоныстанылған жері Жамбылдан 30 шақырым солтүстік-шығысқа қарай орналасқан Асса аңғарындағы Қаракемір көне қала қалдығының орнында болуы мүмкін. Аэрофотосуреттер мен Көз көрерлік зерттеулердің нәтижелерін үйлестіре талдау Қаракемір-1 және Қара-

¹ *Сенигова Т. Н.* Орта ғасырлық Тараз. Алматы, 1972, 71—76 б. б.

² *Волин С. Л.* Талас өзені аңғары мен оған жанама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар, 80—81 беттер.

³ *Волин С. Л.* Талас өзені аңғары мен оған жанама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар; 74, 77 беттер.

⁴ *Волин С. Л.* Талас өзені аңғары туралы араб, фарсы және түркі деректерінен мағлұматтар. «Талас аңғары», Қолжазба, 176 бет.

кемір-2 қала қалдықтарының айналасында бүкіл ауыл шаруашылық аймақты қоршап тұрған ұзын қабырға бар екендігін анықтауға мүмкіндік берді. Сонда бүкіл бұл ерекше алқан Кевакиб жерімен тепе-теңестірілуіне болады, ал сонда қалалар сол жердегі екі қала қалдықтарына сәйкес келеді.

«Кенджақ-Сеңгір — Тараздың жанындағы қала»,¹— деп бірінші рет Қашқарлық Махмұт атаған. XIII ғасырда қала Кенджақ атауымен әлі өмір сүрген. Деректердің мәлімдеуінше: «Янгі — ол төрт қала. Олардың әр қайсысының бір-бірінен ара қашықтығы бір фарсах, әр қайсысының өз атауы бар. Біреуі — Янгі, екіншісі — Янгі-Балық, үшіншісі — Кенджақ, соңғысы — Тараз»². XV ғ. бірінші жартысының авторы Арабшахта Испиджабқа төрт күндік жол қашықтығында орналасқан Янгі — Талас қаласы аталған³.

1253 жылғы Рубрук саяхатының суреттемесінде Кинчат атты қала аталған, ал бұдан Кенджақ атауын оңай тануға болады. Қаратаудан асқан соң Рубрук былай деп жазған: «...Жетінші күні біздің оңтүстік жағымыздан өте биік таулар көріне бастады да, біз бау-бақша сияқты суарылатын жазыққа шығып, өңделген жерлерді таптық. Біз Кинчат атты сары-үйсін қаласына кірдік... Таудан сол жердің бәрін суғарып жатқан үлкен өзен аққан... Ол ешбір теңізге құйылмайды да, жерге сіңіп, шалшық су, батпақтарға айналады екен... Мен Буридің неміс құлдары бар Талас қаласы туралы сұрадым».

Рубруктың суреттемесі бойынша Кинчат Таластың төменгі ағысында орналасқан. Бұл жерде XIII—XIV ғ. ғ. қабаттары бар екі ескі қала қалдықтары белгілі: біреуі — Шаруашылық (Шарвашылық), екіншісі — Оххум. Біздің көзқарасымыз бойынша, Кинчатқа Шарвашылық көне қаласы сәйкес, ал Рубруктың келесі күні жеткен қонысы Оххум көне қала қалдығы болған.

Әдебиетте Янгі-Талас және Янгі-Балық атаулары Садыр-Қорған атты ескі қала қалдығына сәйкес келетін бір қалаға жатады деген болжам пікір айтылған. Алайда деректер 4 қала туралы мәлімдейді. Оның ішінде Талас Таразға сәйкес келеді, ал Кенджек — Шарвашылық. Янгі — Балық пен Янгіні (немесе Янгі-Таласты) Орта ға-

¹ Волин С. Л. Талас өзені аңғары мен оған жаппама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар, 84—бет

² Сонда, 91—бет.

³ Сонда, 91—бет.

сырлардың соңғы кезеңінің қабаты бар қала қалдықтарымен салыстыру керек. Мұндай ескерткіштерге Садыр-Қорған мен Талас жанындағы Ақтөбе жатады. Кейінгісі осы жерде сақталған XIV ғ. тамаша архитектуралық ескерткіші «Манас күмбезіне» қарағанда, сол аңғардың жаңа саяси орталығы болған қалаға сәйкес келеді. Бұл Ибн — Арабшахтың Темірдің тұсында наиб дәл осы Янги — Таласта тағайындалатындығы туралы мәліметтерімен үйлеседі. Сонымен, Янги-Талас, көрінісіне қарағанда, Ақ-төбе көне қала қалдығына, ал Янги-Балық Садыр-Қорғанға сәйкес.

Тараздың солтүстік-батыс жағында Хутұхчин және Берукет қалалары болған. Біріншісі X ғасырдан белгілі. Армян патшасы Гетумның жол бағдарламасында Берукет Пергант ретінде белгілі. Тараздан шығып, Гетум Хутұхчин, Пергантты басып өтеді де, Сүгүлханға жүріп кетеді.

Хутұхчин Майтөбе атты ескі қала қалдығының орнында болған, ал Беркент (Пергант) — Тамды атты көне қала қалдығының орнында. Бұлар Тараздан Қаратаудың солтүстік баурайындағы қалаларға жүретін ескі керуен жолында орналасқан. Бұл жол Билікөлдің тұсынан өтіп, Сүгүл-хан қоныс тепкен қазіргі Байқадамға қарай созылып жатқан.

Жібек жолы трассасында шығыс бағыттағы келесі қала ретінде деректер Төменгі Барсханды атайды. Ибн-Хордадбех пен Құдаманың жол бағдарламалары бойынша Төменгі Барсхан Тараздан 3 фарсах жерде орналасқан. Ол туралы былай делінген: «Барсхан — Тараздан шығысқа қарай екі адам дауыс қашықтықтағы қала, оның айналасында қабырға, ол қирап та қалыпты. Алқалы мешіт базарлардың ішінде».

Төменгі Барсхан Талас теміржол станциясы жанындағы Тараз қаусырықтарынан 15 шақырым қашықтықта орналасқан Төрткөл-төбе атты ескі қала қалдығымен тепе-теңдестіріледі. Қала топографиясында ішкі қамал мен шахристан ажыратылады. Көне қаланың жобасындағы түрі екі қабатты, жақтарымен жердің болімдеріне бет қойған тікбұрыш төбе. Төбенің түп кенересінің өлшемдері 140×140 м., биіктігі 4—5 м. Солтүстік-батыс бұрышында ішкі қамал орналасқан. Оның орнындағы төбенің биіктігі 10 м., өлшемдері 30×30 м. Шахристан барлық жағынан бұрыштары мен периметрі бойында мұнаралардан қалған төбешіктері бар шөккен дуалмен қоршалған. Ішкі қамалмен ұласып жатқан ең биік қабырғасы солтүстік жақта — 8 м. Шахристан территория-

сына кіретін жерлері екеу, орындары шығыс пен батыс жақтарында байқалады. Кіретін жерлері екі жағынан мұнаралармен мықталған. Қала қақпалары тұрған жақтарына екі алаң жанасқан — шығыс жағында, өлшемдері 70×70 м. және батыс жағында, өлшемдері 100×100 м. Бұл рабад қалдықтары. Алаңдардың территориясында ойдым жерлердің ізі байқалады — хауздардың қалдықтары.

Қаладан шығыстау жерде бөлек-бөлек тобешік болып қалған құрылыс іздері байқалады. Бұл қаланың ауыл-шаруашылықты аймағына кіретін жеке қоныс қалдықтары. Үлкен масштабты карталардың аэрофотосуреттерінің мәнін ашып талдау бізге орталық қауысырықтардың айналасынан олардан 1,5—2 км. қашықтықтағы территорияны қоршап тұрған ұзын қабырғаның қалдықтарын табуға мүмкіндік берді.

Ішкі қамалда жасалған қазбалардың нәтижесінде жобасында тікбұрыш және шаршы болып келген бөлмелер тобы ашылды. Едендеріндегі жер-ошақтар мен олардың жанындағы тас төселген орындар тазартылды. Бөлмелердің бірінде күлгін қырдан (алебастрдан) жасалған өлшемдері $2,5 \times 3,7$ м. кішкене алаң болған. Оның жанында жерге қазып орнатылған биіктігі 1 м., тұлғасының диаметрі 70 см. хум табылған. Бұл құрылыс шарап жасайтын жердің қалдықтары болып шықты.

Ішкі қамалдың жоғарғы құрылыс қабаты Х—ХІІ ғасырлармен даталанған. Шахристанда жасалған қазбалар ошақтары мен тандырлары бар бірнеше үй-жай, қора-қонсы құрылыстарды ашқан. Олар VIII—IX ғасырлармен даталанады.

Пахса қабаттарынан таспа техникасымен жасалған бекініс қабырғасының бір бөлігін тазалай алдық. Қабырғаның түп қалыңдығы 5,5 м, сақталған биіктігі 5 м¹.

ЖАМҰҚАТ — БҰХАРЛЫҚТАР ҚАЛАСЫ

Соңғы бесжылдықта Қаз. ССР-нің тарихи және мәдени ескерткіштері жинағын дайындаумен және жібек жолын зерттеу проблемаларымен байлапысты, Талас аңғары территориясында археологиялық зерттеулердің ке-

¹ *Сенигова Т. И.* Ортағасырлық Тараз. Алматы, 1972, 66—70 б. б.

зекті циклы басталды. Жаңа ескерткіштер ашылып, бұрын белгілерінің топографиясы мен хронологиясы дәлірек анықталды. Аңғардың тегіс жағында ұзын қабырғалы бір топ ірі қала қалдықтары жатқаны анықталды: Чельтөбе, Қаратөрткөлтөбе, Қоңыртөбе, Жантөбе, Бектөбе. Тексерілген ескерткіштердің ішінде Таластың оң жағалауында, Жамбыл қаласынан 15 шақырым оңтүстіктеу жерде орналасқан Қостөбе атты көне қала қалдығы болған. Ол Тараздан шығып, өзен бойымен төмен солтүстікке қарай Орталық және Шығыс Қазақстанға жүрген жібек жолының кесіндісінде орналасқан. Бұл көне қалада қазбалау жұмыстарының жүргізілуі кездейсоқ емес. Ол аңғардағы ең ірі қала қалдығы, сонымен қатар, оны бір топ белгілері бойынша Талас аңғарының ежелгі қаласы Жамұқатпен тепе-теңестіруге болады. X ғасыр тарихшысы Нершахидың айтуы бойынша бұл қаланың негізін VI ғасырда Бұхарадан шыққан келімсектер салған және атауына бұхарлықтардың басшысы Жамұқтың атын алған. Ал-Максиди еңбектерінде Жамұқат «үлкен қала». Айналасында қабырға. Алқалы мешіті бар, рабадында базарлары бар» деп сипатталады.

Өз кезінде В. В. Бартольд Жамұқаттың басқа зерттеушілер айтқандай Сырдарияда емес, Талас аңғарында жатқанын дәлелдеген. Алайда қаланы нақты бір ескерткішпен тепе-теңестіру мәселесі әлі күнге дейін пікірталасты болып келген. Мысалы, А. Н. Бернштамның ұйғаруы бойынша Жамұқатқа Жамбыл қаласынан оңтүстіктеу жерде орналасқан не Майтөбе, не Бешағаш қала қалдықтары сәйкес келуі керек. Алайда бұл ескерткіштер, қазір айқындалып отыр, көлемдері жағынан Жамұқаттың сипаттамаларына дәл келмейді, ал деректерге қарағанда Жамұқат ірі қала болған. Ал Қостөбе қаусырықтары қала орталығының барлық белгілерімен ерекшеленеді. Оның орталық бөлігі екі қатар қабырғамен қоршалған, өлшемдері 420×450 м. төртбұрыш көтеріңкі тұрған жерді алып жатыр. Сыртқы дуалдың биіктігі 3,5 м., ішкісі — 5 м дейін. Қабырғалардың бұрыштары мен периметр бойында дөңгелек формалы мұнаралар орналасқан. Қалаға кіретін төрт қақпаның орны әрбір жағының ортасында байқалады.

Ішкі қамал батыс қабырғаның ортасына таман орналасқан. Қазіргі кезде ол — үсті жазық болып келген пирамида тәріздес шошайған төбе. Төбенің түп кенересінің өлшемдері 70×80 м, үстіңгі жазықтың — $30-40$ м, биіктігі — 12×15 м. Шахристан ішкі қамалға жанасып, қа-

ланың барлық оңтүстік-батыс бұрышын алып жатыр. Оның өлшемдері 150×150 м. Қаланың басқа бөліктерінен Шахристан қабырғамен бөлініп жатыр. Қалаға кіретін жер солтүстік қабырғасында орналасқан.

Солтүстік жағынан сыртқы дуалдың арғы бетінде мазар орналасқан. Олардың бірі дуалдың солтүстік бөлігімен жанасқан. Оның түрі жобасында төртбұрышқа ұқсас келген, өлшемдері 50×50 м. төбе. Оның ең биік солтүстік-батыс бөлігі 5-м-ге дейін көтеріңкі.

Екіншісі ескі қаланың солтүстік-батыс бұрышынан солтүстікке қарай 100 м жерде орналасқан. Шахристаннан 200 м. солтүстіктеу жерде күмбез тәріздес диаметрі 80 м. және биіктігі 15 м. төбе орналасқан. Бұл, көрінісіне қарағанда, от мұнарасы болған.

Ауылшаруанылық аймағы орталық қаусырықтардан 3—5 шақырым радиуста байқалады.

Бөлек-бөлек төбешіктер — бұрынғы жеке-жеке қоныстар мен сарайлардың қалдықтары — Талас бойымен жоғарылап жібек жолы трассасында жатқан Томенгі Барсханмен тепе-теңдестірілген Төрткөлтөбе атты көне қала қалдығына қарай созылып жатыр.

Қостөбенің топографиясы жетісулық Ақбешима және Қызыл өзен атты көне қала қалдықтарының топографиясына жақын, әсіресе кейінгісі. Онда да, мұнда да бекітілген шахристан, кесілген пирамидаға ұқсас төбе — ішкі қамал, қабырға сыртында мазар және мазардың жанында күмбез тәріздес төбе бар.

Қызыл өзен соғдийлықтардың Шу аңғарындағы қонысы Навакет қаласымен тепе-теңдестірілгені айғақ. Сондықтан Қостөбе де соғдийлықтар қаласының қалдығы деп ұйғару керек, ал мұндай қала Талас аңғарында Жамұқат болуы мүмкін.

Жамұқаттың қалалық мазарларын қазбалау нәтижесінде VI—IX ғ. ғ. қала тұрғындарының жерлеу салты айқындалды. Жерлеулердің көбісі наустарда атқарылған — тікбұрыш немесе шаршы формалы қалау. Қалау қабырғасының қалыңдығы 0,5—0,6 м. дейін болған өлшемдері $44—42 \times 20—8—9$ см. кірпіштен жасалған. Наустардың үлкендігі әртүрлі: шаршы — $3,3 \times 3,4$ м; $3,8 \times 3,9$ м; $3,5 \times 3,5$ м; тікбұрыш — $2,7 \times 4$ м; $2,5 \times 3,7$ м. Наустардың едендері шикі кірпіштен қаланған да, бетіне сылақ жағылған. Кей-кезде сылақ бірден топырақтың үстіне салынған. 1 мазарда бір-біріне жапсыра салынған және төбенің шығыс, солтүстік және батыс жақтарын периметр бойымен жағалай 2 қатармен орналасқан 20

науа ашылған. Қатарлардың арасында ені 0,8—1 м. жіңішке өткел болған. Мазардың ортасы науастардан бос болған, шамасы, ашық жер болған.

Науастардың әр-қайсысы бірнеше өлікке ортақ қабыр болған. Оларда 3-тен 20 адамға дейіп жерленген. Әр-бір жаңа жерлеу кезінде бұрынғы жерленгендердің өлігі немесе сүйектері шетке ығыстырылып отырған. Ал егер науастардың кейінгі кездерде жиі тоналуың ескерсек, онда сүйектердің орналасу тәртібі араласқан. Ал жерленгендердің қойылған қалпы бұзылмаған науастарда қаңқалар созылған күйде кей-кезде 2 немесе 3 қабат болып арқасында жатқан.

Қоюдың қатаң нысанасы (тәртібі) болмаған. Әдетте марқұмдардың бас жағы науастың есігіне қарай қойылған. Науастардың біреуінде аттың басы мен сүйектері табылған. Науастарда ыдыстар мен дөңгелек сабы бар сапты аяқтардың, шүмекті және шүмексіз құмғандардың, тостағандардың сынықтары табылған.

Табылған заттардың ішінде әсіресе көп кездесетін түрлеріне қабыстырылмаған күміс және қала сымнан дөңгелентіп жасалған ілгегі бар сырғалар, моншақ өткізілген сым шығыршық сырғалар жатады.

Қалқаны бар қола жүзіктер, жіңішке темір тіліктен жасалған білезіктер кездескен. 17 науаста жерленген адамның бас жағында мыстан жасалған дөңгелек айна және ақық тастан жасалған алқа жатқан. 3-науаста табылған, екі қолын айқастыра кеудесіне қойып отырған әйел бейпесінде жасалған қола бұйымның (мүмкін айнаның) сабы ерекше назар аударарлық. Басында кішкене бөркі бар, ал оның астынан арқасына тарқатылған шашы түсіп тұр. Әйелдің қолдары кеудесінде айқастырылған. Бейпелеу кейпі Қызыл озен мен Жамбылдағы оссуари қабырғаларындағы жапсырма горельефтердің кейіптерін еске түсіреді¹. Сырдариядағы Құйрық-төбеден табылған фигуралармен белгілі бір ұқсастық бар².

Осы науаста ағаш түбінде тұрған әсем құйрықты екі қырғауыл немесе қораз бейнеленген қола түйреуіш (бляшка) табылған, 19— науаста нефриттен жонып істелінген қораз келбетті зат және күміс крес табылған. 20-науастан сабы бодисатва бейнесіне келтіріліп жасал-

¹ Қырғызстанның мәдениеті мен өнерінің ескерткіштері. Көрме каталог. Алматы, 1983, 57 бет, 231-сурет; *Сенигова Т. Н.* Орта ғасырлық Тараз. Алматы, 1972, IV табл., 114-бет.

² *Байпақов К. М.* Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың Орта ғасырлық қалалық мәдениеті. Алматы, 1986, 52-бет, 114-сурет.

ған күміс есеккүрт көтерілген. Осыған ұқсас, VIII—X ғ. ғ. даланған фигура Новопокровск көне қала қалдығында табылған¹.

Наустарда жерлеумен қатар, тесіктері бар хумдардың ішіне сүйекті қою кездескен. Хумдар наустар арасындағы жіңішке жерге қазылып қойылғанда, үстінен тақталанған таспен жабылған. Хумдардың көлемдері әртүрлі, биіктігі 0,5-тен 1-м-ге дейін жетеді. Жерлеу үшін бұрын сынған, бірақ бөліктері бұрғылап жасалған тесіктер арқылы өткізілген жіппен бір-бірімен бекітіліп жөнделген ыдыстар қолданылған. Хумдардың бірінің бетінде «X» тәріздес қисық крес белгісі сызылған. Хумдарда адамдардың қаңқа сүйектері түгел емес болған — ұзын сүйектермен бас сүйектер, сүйектердің арасында — сырғалар және жүзік, сақиналар. Жерлеулердің тағы бір түрі кездескен, ол — өлікті жерге қою.

Олар наустардың араларында немесе топырақ шұңқырларда болған. Өліктің аяқтарын бір-бірінен алшақтатып,



Суретте: Күміс бодисатва мүсіні

¹ Қырғызстанның мәдениеті мен өнерінің ескерткіштері. Көрме каталогі. Л., 1983, 65, 251-беттер.

«салт атты адам кейпінде» жатқызған жерлеулер кездескен. Жерленгендердің біреуінің бас жағында дөңгелек сабы бар саптыаяқ тұрған.

Мазардағы жерлеулердің ішінде ерекше көзге түсетіні сүйекті үйіп қою. Олар хумдардың жанында, наустардың аралығында ешбір жүйесіз орналасқан.

Шикі кірпіштен қаланған табыттардың ішінде жасалатын мұсылмапдық жерлеу назар аударарлық. Жерленгендердің басы солтүстік батысқа, беті оңтүстік-батысқа қарап, өздері арқасында жатыр.

Ешқайсысының жанында қойылған заттар жоқ. Мұндай жерлеулердің екеуі наустарды жауып тұр, қалғандары наустардың жанында орналасқан. Бұл жерлеулер IX—X ғасырлармен даталанған. Дәл осы кезден бастап Талас аңғарының халқы ислам дініне өткен.

Қостөбенікіне ұқсас мазарлар Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу территориясында кең тараған. Жерлеу салттары әсіресе ұқсас келетін мазар Тараздың жанында Тектұрмас тауында орналасқан. Қостөбе мазарын VI—VIII ғ. ғ. жататын тіпті X ғ. ортасына дейінгі Пенджикент, Бөріжар моласымен, Шаға, Қызыл өзен наустарымен салыстырғанда көптеген ортақ жағдайлар байқалады. Табылған керамика, сырғалар да осы кезеңмен даталанады және жоғарыда аталған ескерткіштерде де соларға ұқсас заттар кездеседі.

Мазарлардың дұрыс даталануына бір жағында адамның келбеті, ал екінші жағында аттың бейнесі салынған қола тиынның табылуы айғақ болады. Мұндай тиындар Қаршын алқабынан бастап Ферғанаға дейінгі кең өлкеде VI—VIII ғ. ғ. соғылған.

Тоты құстар немесе қораздар салынған темір-терсектер (бляшкалар) қимақтардың жерлеу салттарымен теңестірілетін кошпенділердің Ертістегі зираттарынан табылған сол сияқты заттарға ұқсайды. Қимақтардың Ертіс жағалауынан батысқа қарай VIII ғ. екінші жартысында-ақ жылжи бастағаны белгілі. Сондықтан кошпенділер әшекейлерінің пайда болуы, сонымен қатар қала мазарының ішінде жылқы сүйектерінің табылуы мазарда этникалық және діни жағынан әр-түрлі халық топтарының уәкілдері жерленгенін дәлелдейді.

Қостөбе мазарының қазбаларынан алынған VI—VIII ғ. ғ. материалдары ең әуелі Орта ғасырлардың бас шеніндегі Жетісуда кең өріс алған түркі-соғдийлық мәдени қабысу күрделі процестеріне куәлік етеді. Оның көрінісінің бірі болған ерекше қалалық мәдениет. Бұл

мәдениетке, Қызыл өзен, Ақбешім қалаларының материалдарынан анықталғандай, қалалық тұрмыс салтының жоғарғы дәрежесі, монументалды тұрғын үйлік және діни архитектура, қабырға көркемсуреті, керамиканың ерекше жинақтары тән болған.

Ішкі қамалдың қазбалаулары VI—XII ғасырлардың әр кезеңдеріне жататын құрылыс комплекстерін ашты. Ең жоғарғы құрылыс қабатының ғимараттары қатты бұзылған, өйткені XIII ғ. ішкі қамал зират ретінде қолданылған. Көптеген мұсылман молалары жоспардың біртұтастығын бұзған. Алайда, керамика, тиындар Қостобе ішкі қамалының жоғарғы құрылыс қабатын XI—XII ғасырлармен даталайды.

Ішкі қамалдағы бастапқы құрылыс комплексі VI—VIII ғ. ғ. жататынын қазір дәлелдей алдық. Ол айналма дәліздері, тұрғын бөлмелері мен шаруашылықта қолданылатын жайлары бар қамал-сарай болған. Құрылысына пахсаның блоктары мен шикі кірпіш қолданылған.

Одан кейін IX—X ғасырларда комплекс жоспары едәуір өзгерістерге ұшыраған. Айналма дәліздері көбінесе шаруашылық қажеттеріне қолданылатын жеке-жеке жайларға бөлінген. Коридорлар арқылы олар тұрғын, салтанатты және діни қызмет атқаратын бөлмелермен байланыста болған. Осындай екі бөлме қазбалап ашылған. Бұлар үлкен залдар болған. Біреуінің қабырғалары ойылып жасалған панельдермен әшекейленген. Олар жерге ысырылып түсіп, сынып, қатты бөлшектенген күйде жатыр. Ойма өрнек қалыңдығы 7 см. дейінгі сылақ қабатында орындалған. Бөлменің өзі жобасында тік бұрышты, өлшемдері 7×5 м. Шығыс және батыс қабырғаларына қабыстырылып ені 1 м. және биіктігі 0,5 м. софы салынған. Батыс жағындағы софы бүкіл қабырғаның бойымен созылып жатыр, шығыс жағындағысының ортасында қуысы бар.

Солтүстік қабырғасына таянған софының өлшемдері 3-9×1,22 м. биіктігі 0,54 м. Оңтүстік қабырғасының сопақ иіні бар. Софыға үш жағынан баспалдақтар көтерілген. Софының ортасындағы жерде диаметрі 1,4 м. қазан шұңқыр құрбан-опақ орналасқан.

Оңтүстік қабырғасында ені 1 м, биіктігі 1,3 м. және тереңдігі 0,35 м. қуыс жасалған. Еден деңгейінен ол 0,38 м. көтерілген. Оның екі жағынан оны жиектеп тұрған әр-түрлі панельдердің қалдықтары табылған. Бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышында көрші бөлмеге кіретін жер орналасқан. Ол жер биіктігі 0,5 м. жоғарғы жағы

шардың беті тәріздес болып бітетін жарым колонналармен жиектелген.

Бай интерьеріне және ошақтың болуына қарағанда бұл отқа табынумен байланысты діни қызмет атқаратын ғибадат бөлме болуы керек.

Ойып жасалған өрнектерді қалпына келтіру жұмысы бөліктерді суреттің стилі мен сипатына қарай бір жүйеге келтіруден басталды. Қыш өте сынғыш материал болғандықтан және бөлшектердің қырлары өне бойы онырыла бергендіктен, олардың тоғысқап жерлерін табу өте қиынға соқты. Алайда кейбір бөлшектердің суреті бойынша олардың қандай форма ұсынып отырғанын аңғаруға болады. Мысалы, бірнеше дөңгелек болған: үлкен, орта, кіші, негізгі суреті — «інжу әшекейі» бойынша өзара ұқсас келген, бірақ өлшемдері мен дөңгелек ойындылары жағынан әр-түрлі. Бұл бөлшектердің дөңгелек құрастыратынына айғақ болған тек олардың доғал формасы ғана емес, сонымен қатар әдеби материалдарда суреттелген оларға ұқсас үлгілер.

Көркемдеуде аса кең жайылған әуендердің бірі — жүзім сабағы. Жүзім және жүзім жапырақтары бейнеленген майда бөліктер көп мөлшерде жинап алынды. Ір ретте бұл аса мәнерлі әуен үлкен тақтаның бетінде кездескен. Ол бір-біріне параллельді орналасқан екі түрлі — біреуі геометриялық, екіншісі осімдік әуендерінде салынған суреттер жолдарына жалғасады. Барлығы бірге, сірә, бірыңғай өрнекті жиек құраған. Кіпкене дөңгелек бүлдіргендерден тұратын тығыз жүзім шоғы және нашар сақталған тіс-тіс жапырақ бір-бірінен бөлек жатыр, оларды қосып тұрған бөліктер жоғалған. Бірақ жапырақты жүзім жемісіне байланыстыру мүмкіндігін көрсететін жүзім сабағының біршама тұтас сақталған бөлігі бар. Мұндай шешімнің дәстүрлі емес екенін айта кету керек, өйткені басқа ескерткіштерде кездесетін бұл көркемдеу өнерінің көп тараған әуені, әдетте, спираль тәрізді бұралған тармақтарға бір тәртіптен ең алдымен жүзім шоғы, сонан соң ғана жапырақ бекітілген күйде болған. Егер үлкен тақтадағы жүзім жапырағына назар аударсақ, онда оның сабағының жүзім шоғы сабағынан қарама-қарсы жақта орналасқанын көруге болады. Ал бұл тармақтар бойының өте жиі бұралуын қажет етеді де, жапырақ пен жеміс сабақтарын бір-біріне доғал бұрыштап орналастыру дәстүрлі шешімінен өзгеше болады. Тағы бір айта кететін жәйт, бөлшектердің көбінде жүзім және жапырақтар әр-түрлі суреттелген: жүзім

шоқтары біресе үлкен және тығыз, біресе селдір, бүлдіргендері ірі немесе майда, жапырақтарының тіс-тіс болып келген ойықтарының үлкендігі де әр-түрлі. Мұндай әрқилы әуендер көркем оюлы қабырғаның мүмкін әр жерінен болар.

Түсімен ғана емес, сонымен қатар кейінінің көлемдік пластикасымен де айрықша көзге түсетін қызыл түсті бедерлі бөлшектерге арнайы тоқтап өту қажет. Егер басқа оюлар негізінде бір жазықтықта жасалған болса, бұл бөлшектердің оюы күрделірек: оның баяу және күрт өзгерістері, дөңес және имек жерлері бар. Барлық бұл ерекше қасиеттері оны көркем қабырғаны жиектеп тұрған, төменнен қарауға бейімделген аса терең және қиғаш оюы бар фризден қарастыруға мүмкіндік береді. Бұлардың ішінде де бір-бірімен тура қабысатын бөліктер жоқ, бірақ олардың санының көп болғандығы фриз суретін дәл қайталауға мүмкіндік береді.

Бір бөлігі жоғарыда айтылған фриздің оюларынан тұратын, ал екінші бөлігі бұтаққа ұқсас қаранайым суретпен сипатталатын бірнеше бөлшектер бар. Демек, фриздің үстінен көркемдігі шамалы тағы да бір жол жүрген.

Өте әсем бөлшек — қабыршақты тақта, қуыстардың сыртқы периметрі безендірілетін Афрасиабтың қабыршақты тақталарына ұқсас. Бірақ Қостөбенің тақтасы күрделірек, оның бұралған валютасы бар, демек, ол басқа мақсаттарда қолданылуы мүмкін болған.

Көптеген бөлшектерде кездесетін өсімдік әуендерінде жасалған орнаменттер өте әдемі. Бұл орнаменттердің композициялық негізін ішінде әсем иілген өсімдік элементтері орналасқан өзара ұштасып және тармақталып жатқан буда сабақтар құрайды. Мұндай көп қайталана беретін композиция көркем оюлы қабырғаның негізгі орнамент өрісін әсем жиектеу үшін қолданылуы мүмкін. Ал осындай әуендегі бөлшектердің молдығы олардың қабырғалар орнаментіндегі алған орны едәуір болуы мүмкіндігін көрсетеді.

Суреттелген әуендермен Қостөбе ішкі қамалында табылған архитектуралық орнаменттердің байлығы мен әртүрлілігі шектелмейді. Бірталай бөлшектердің біртұтас композициялық құрылымға ұласпағанына және бөлшектердің негізгі көпшілігінен стилі және тіл мағынасы жағынан өзгеше болғандығына қарамастан, ойма материал (орнамент) геометриялық құрылуының сипаты бойынша жіктеуге келеді.

Орнамент әуендерінің баршасын күрделілігі жағынан

бірнеше деңгейге бөлуге болады. Біріншісі — өрнек әуенінің ең қарапайым, дербес, минималды мән әулетін көтеретін бөлшегі — «элемент». Оған жапырақтар, ромбылар, бұтақтар жатады. Мұндай элементтерден күрделілігі жағынан екінші деңгейдегі сурет жинақталады. Ол — орнектік «әуен». Оған гүлдер шоғын, інжу әшекейлі дөңгелектерді, жемістер мен жапырақтары бар бұтақтарды жатқызуға болады. Үшінші деңгей — орнектің «раппорты». Раппортқа бір немесе бірнеше өрнек әуендері қатысады. Раппорт біліктеріне қатысты әуендер әртүрлі орналасуы мүмкін.

Суреттің даму заңдылығын біле отырып, бірқатар өрнек жолдарын қалпына келтіруге болады. Мысалы үшжапырақтың екі жазық және бір спираль тәріздес дөңгеленіп келген жапырақтары болады. Суретті айналдыра отырып, біз раппорт композициясының негізі болатын орнектік әуенді табамыз. Раппорттың суреті үшжапырақтың иірілген сызық ішінде бұрылуынан дамыған.

Қостөбеде табылған ойма матерпал өрнек сипаты, көркемдеу мәнері жағынан Орта Азиялық Афрасиаб, Варахшы және де Шығыстың көпшілікке әйгілі Самарра және Фустат сияқты мәдени орталықтарының қазбаларынан алынған соларға ұқсас өнер туындыларына жақындайды. Қостөбе оюы және оған қатысты құрылыс қабаты IX—X ғасырлармен даталанады.

Оның табылуы Жібек жолы трассасында орналасқап. Талас аңғары қалаларының Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс қалаларымен мәдени байланыста болғанын дәлелдейді.

ТҮРКІ ҚОСТАРЫ

Деректерде сақталған гүн шаньюйі Чжичжи қосының суреттемелері ішкі қамал және әскерлердің үйі тұрған бекініс туралы түсінік береді. Әдетте мұндай қалалардың негізгі қорғаныш қызметіне ерекше көңіл аударылады, қабырғалары, мұнаралары, қақпалары, орлары толық сипатталады.

Көшпенді иеленушілердің қостарының көптеген жүзжылдықтар бойы дәстүрлі салыну тәртібі болған. Гүнн қостарының архитектуралық-жоспарлау негіздері көшпенділер өмірінің көптеген басқа да жақтары сияқты ұзақ уақыт бойы сақталған.

Қостар қалалардың қалыптасуына негіз болған. Қос-

тарға саудагерлер жол салған, бұл жерге қаған сарайына немесе қауым басшыларының уәкіліне қызмет көрсететін қолөнершілер де бет алған, мұнда егінші диқандар да қоныстанған. Сауда қатынастары, халықаралық сауда, мәдени байланыстар жүйелеріне ене отырып, қоныс біртіндеп қалаға айналған. Жетісудағы археологиялық зерттеулер кезінде қоныстың қалаға айналу жолын көрсететін «төрткөлдер» немесе төртбұрыштар деп аталған ерекше ескерткіштер түрі ашылған. Мысалы, Талас аңғарындағы осындай ескерткіштердің бірі Оххумның көрінісі мынандай.

Оххум ескі қала қалдығы Чапаев атындағы колхоз қонысынан оңтүстік-батысқа қарай 6 шақырым қашықтықта, Қарабақыр өзенінің оң жағалауында, оның Талас өзеніне құйылған жерінен 1,5 шақырым жоғарғы жағында орналасқан. Тікелей зерттеу және сонымен қатар аэрофотосуреттерді талдау ескерткішті екі қатар қабырғамен қоршалған, топографиялық жағынан өте күрделі құрылыс ретінде сипаттайды. Ішкі бекіністің түрі — жобасында шаршы алаң; оның өлшемдері 250×250 м; биіктігі 3—6 м., мүжілген дуалмен қоршалған және қабырғаларымен жер бөліктеріне беттелген. Дуалдың биіктігі 4—4,5 м., түп ені — 18 м., бас жақ ені — 5 м. Мұнаралар бұрыштары мен периметрі бойында орналасқан, биіктігі 5 м., қабырға түзуінен сыртқа қарай 13—15 м. шығыңқы тұр. Барлығы 14 мұнара, оның ішінде бұрыштағысы — төртеу. Олардың біреуі, оңтүстік-шығыс жағындағысы, шамасы, ерекше ішкі қамал бөлген. Қазір ол — төбе, түбінен өлшегенде оның солтүстік-оңтүстік бойы — 60 м., шығыс-батыс бойы — 50 м. Жоғарғы бетінің өлшемдері 17×11 . Қақпалары батыс және шығыс қабырғаларының ортасында орналасқан. Олардың күрделі қосымша бекініс жүйесі бар. Шығыс қақпасы төртбұрышты редутпен, ал батыс қақпасы — шығарылып салынған дуалмен екі жағынан бекітілген. Шығыс қақпасының кірер беттегі бекіністерінің өлшемдері 50×30 м. Өтетін жері — 6 м. Қақпаларға әкелетін жол ені 20-дан 25 м. дейін, тереңдігі 1,5—2 м. ор үстінен жасалған дамбалар арқылы өткен.

Қала бетіндегі төбеніктер шығыс және батыс қақпаларын қосатын жеңілденген пегізгі көшенің және одан тармақталған кішігірім көшелердің бойлақында ұйжайлардың тығыз салынғандығын көрсетеді.

Сыртқы екінші қабырға ішкісінен 50—60 м. алшақ тұр. Жобасында тікбұрышты сыртқы төртбұрыш келесі

өлшемдермен сипатталады: оңтүстік дуал — 415 м, солтүстік — 400 м, шығыс — 370 м, батыс — 375 м. Сыртқы дуал аласарақ, оның биіктігі 3—4 м, түп ені 7—10 м. Мұнаралар бұрыштарында орналасқан, ал тағы екеуімен шығыс қабырғасындағы қақпасы екі жағынап бекітілген. Қақпаның аузы жапсыра салынған төртбұрышты биікпен тағы бекітілген. Сыртынан тереңдігі 1,5 м. және ені 20 м. ор жасалып, оның үстінен қақпаға қарай дамба салынған.

Сыртқы қабырғаның арғы жағында, одан 15-тен 40 м-ге дейінгі қашықтықта қисық формалы тағы да бір дуал орналасқан. Оның түп ені 7 м-ге дейін, биіктігі 0,5—1,7 м-ге дейін. Оның іші-сыртында — ор. Көне қала қалдықтарының аэрофотосуреттерінің көрсетуі бойынша оған қабырғалармен қоршалған үлкендігі әртүрлі, тікбұрыш формалы жер бөліктері жанасып жатқан. Олар ішінен тағы да бірнеше бөліктерге бөлінген. Әрқайсысы үстіндегі үй-жайымен бірге жеке меншіктегі жер болуы керек. Бұл жер бөліктері қаланы жан-жағынан ені 350—400 м. белдеу болып қоршап тұр. Аса жақсы сақталғаны батыс жағындағы үш ірі жер бөліктері. Олардың біреуі, өлшемдері 300×300 м, тағы да 5 немесе 6 майда бөліктерге бөлінген. Оххумның жанында ежелгі жер суару жүйесінің қалдықтары байқалады. Ол Таластың сол тармағы Қарабақыр өзенінің суын пайдалануға негізделген. Одан ұзындығы 2,5—3 шақырым негізгі канал шығарылған. Каналдардың бірінің басталған жерін қамал қорғап тұрған. Қазір ол — диаметрі 20 м, биіктігі 6 м. төбе.

Таймакент, Өрнек сияқты тағы бірқатар ескерткіштердің сипаттамалары осыған ұқсас. Өрнекте қазбалар жүргізілген. Көне қала қалдығы аттас селодан оңтүстікке қарай 6 шақырым жерде, Сұлутөр сайындағы Алтынсу өзенінің жағалауында орналасқан.

Қаланың орталық бөлігі — бұрыштарымен жер бөліктеріне бағытталған төртбұрыш алаң. Қоршап тұрған дуалының қырымен есептегенде оның өлшемдері 155×160 м. Дуалдың сақталған биіктігі 5 м. дейін, түп ені 11—15 м. Қабырғаның бұрыштары мен периметр бойында мұнара төбешіктері байқалады: солтүстік-шығыс жағында олардың саны 7 (бұрыштағыларын қоса санағанда), солтүстік-батысында — 6, оңтүстік-шығысында — 9, оңтүстік-батысында — 9. Төрт жағының әрқайсысында дуалдың жырығы тәріздес қалаға кіретін жер байқалады. Қақпалары қаланың ортасында түйісетін жолдармен біріккен. Қаланың солтүстік-батыс қабырғасының түбінде

және оңтүстік бұрышында сопақша келген төбешіктер байқалады. Тікбұрышты жайпақ төбе солтүстік-шығыс қабырғаға жанасқан. Қаланың ортасында, солтүстік-батыс қабырғасына жақын жерде, су жиналатын хауздардың бір-бірімен жалғастырылған, жобасында доңгелек үш шұңқыры орналасқан. Олардың екеуінің диаметрлері 30 м, біреуінікі — 15 м. Орталық қуыстарға мұнаралары бар дуалмен қоршалған территория жанасып жатыр. Дуалдың жер бетінен биіктігі — 1-2 м, мұнараларының биіктігі 1,5—2,5 м, іргесінің ені 3—5 м. Дуал оңтүстік-батыс қабырғадан 90 м, оңтүстік-шығыс қабырғадан 40 м, солтүстік-шығысындағысынан 90 м және солтүстік-батыс қабырғасынан 100 м. қашықтықта орналасқан. Сыртқы қабырғаның шығыс бұрышына жапсыра салынған бинаның орны өлшемдері 30×35 м. жазық алаң болып жатыр.

Сыртқы дуалдың кейіпі тікбұрыш. Оның оңтүстік-батыс қабырғасының ұзындығы 330 м, солтүстік-батысы — 290 м, солтүстік-шығысы — 300 м, ал оңтүстік-шығыс қабырғасы бір-бірімен доғал бұрышталып қабысқан ұзындығы 200 және 160 м. екі бөліктен тұрады. Дуалдың солтүстік-шығыс бөлігінің ортасында жырық болып келген кіретін жердің қалдығы байқалады. Дуалдың солтүстік-бұрышында биіктігі 3—4 м, ұзындығы 180 м, ені 40 м. сопақша келген төбе орналасқан. Оның үстінде XIX—XX ғ. басында мұсылман зираты болған. Көне қала мөгінділерінен қарапайым соқпа керамика — б. д. 1 мыңжылдығының бірінші жартысына тән хумдар мен қыш құмыралардың сынықтары жиналып алынған. Төбе, шамасы, ежелгі егіншілік қоныстың қалдығы, осы жерде орта ғасырлар кезеңінде қалыптасқан қаланың нышаны болған. Бекіністің айналасында, ең алдымен оның сыртқы қабырғасының арғы жағында, Сұлутөр сайының оңтүстік және оңтүстік-шығыс бойында тікбұрыш, шаршы және қисық кейіпті, бір-бірінен үлкен домалақ тастармен қоршалған жер бөліктері орналасқан. Қатар жатқан жерлердің қоршаулары ортақ. Мөлшерлері 250—300 шаршы метрден 1000—2000 шаршы метрге дейін ұлғайған. Бұл жер бөліктерінің сілемі Сұлутөр жағалауымен жоғары қарай 4 шақырым жерге созылып, көлденеңінен 1,2 шақырым жерді алып жатыр. Сөйтіп, оның жалпы ауданы 500 гектардың шамасында болған. Жер бөліктерінің орналасуында қандай болса да бір жүйені көзбе-көз айыру мүмкін емес, алайда бірқатар жағдайларда жүйесіз «құрылысты» біраз жайластыратын «жолдар»

байқалады. Әр қоршаудың ішінде, әдетте бұрыштарының бірінде немесе қабырғасына жақын жерде жобасында тікбұрышқа ұқсас немесе дөңгеленіп келген төбелер орналасқан. Олардың беттері таспен қаланған. Сонымен қатар, қоршаулардың ескі қаланың ішкі және сыртқы қабырғалары мен дуалдарынан жасалғаны байқалған. А бұл олардың кейінірек салынғанын дәлелдейді.

Орталықтағы қаланың территориясындағы қазбалар кезінде жобасында тікбұрышты, өлшемдері 40×20 м. ғимарат ашылған. Қабырғаларының сыртқы бойлары жеке бөліктеріне беттелген. Түбіп тазалағанда қабырғалардың қыштан соғылғандығы, ал табандарының жұмыр таста қаланғандығы көрінген. Қабырғаның ені 1 м. шамасында. Ғимаратқа кіретін жерде екі қабырғасының ұштары кішкене бөлмеше (тамбур) кейпінде шығыңқы қаланған. Оның өлшемдері $3,5 \times 3$ м. Еден бетінің тазаланған жерлерінде тастан жасалған бағана (колонка) түптері жұмыр тастың ішінен табылған. Олардың екеуі шомбал тас сеңінен жонаны қабыстырылған блоктар. Біріншісінің өлшемдері $0,5 \times 0,5 \times 1,3$ м. Төменгі бөлігі аздап дөңгелектелген және еден бұрышының ұштары алынып тасталған, бір жағы қосызықпен ойылып өрнектелген. Өрнекте гүл салатын сәулетшінің ұяның үстіне сабақтан жайылған екі шықпақша мауығы бар жапырақ салынған фигура бейнеленген. Екінші трапеция тәріздес блоктың жоғарғы бетінің өлшемдері $1,1 \times 1,25$ м, төменгі жағы $-0,75 \times 1$ м, биіктігі $-1,2$ м. Оның жоғарғы бетінде биіктігі 10 см. кері пеш бар. Блоктың екі қабырғасының қырлары жонаны алынған. Екі қырында адам бейнелі суреттер ойылып жасалған.

Қос сатылы блок болып келген үшінші түптің төмен сатысының өлшемдері $1,3 \times 1,2$ м, биіктігі 1 м, жоғарғы сатысының $-0,85 \times 0,9$ м, биіктігі $-0,4$ м. Қалған түптер, — ал олардың саны 11 (сипатталғандармен бірге — 14), үсті жайпақталған, ортақ өлшемдері $0,8 \times 0,8$ м. шамасындағы шомбал тас сеңдер. Олар аралығы 3—3,5 м түзу қатармен орналасқан. Ғимарат — қорасының жалпы ауданында сонда барлығы не 55, не 66 бағана түптері болуы керек, олардың 11 ұзындық бойында, ал 5 немесе 6 көлденең бойында орналасқан. Қазір Жамбыл облыстық тарихи — өлкетану музейінде сақталып тұрған тасты бағана, сірә, осы ғимараттан шыққан болар. Ол сұр құм тастан жасалған, биіктігі $-1,95$ м, диаметрі $-0,31$ м. Оның жоғарғы бөлігінде дөңгелек көзді адам беті мәнерімен леп салынған 4 бедерлі медальон айнала орналасқан. М

дальондардың диаметрі 31 см. Бағананың төменірек өрнектерден құралған екі белдеу жасалған.

Жоспарлауына және баған түптерінің болуына қарағанда, бұл жазық төбелі, тікбұрышты ғимарат болған. Оның төбесі көптеген бағаналарға сүйенген, ал бағаналардың кейбіреулері тастан жасалған. Түптердің біразы тас сеңдерден арнайы жонылып жасалған және ойма өрнекпен әшекейленген, басқалары өңделмеген ірі дома-лақ тастар болған.

Дұрысы, ғимарат қалдықтары «бағаналы типтес» мешітке жатады. Мұндай мешіттер мұсылмандықтың бастапқы кезеңіне тән болған. Қазақстан территориясында бұған ұқсас мешіттер Сырдариядағы Құйрықтөбе атты көне қала қалдығынан қазылып шығарылған. Ол да үлкен тікбұрышты ғимарат болған. Қабырғалары шикі кірпіштен, оның сыртынан айналдыра күйдірген кірпіштен қаланған. Бағана түптері жобасында тікбұрыш кейіпті, күйдірген кірпіштен тұрғызылған. Жаңып кеткен үй қалдықтарына қарағанда бағаналар ағаштан жасалған¹. Мешіт Х—ХІІ ғ. ғ. даталанады. «Бағаналы типтес» ғимараттар Орта Азияға белгілі.

Мешіттің жанында, жолдың қарама-қарсы жағында қазбалар кезінде тұрғын үй қалдықтары ашылған. Оның қабырғаларының іргелері тастан қыш ерітіндісінде қаланған. Үй жобасында тікбұрышты, бір бөлмелі. Қабырғаларының сыртқы жиегі бойынша үйдің өлшемдері 8×7 м. Қабырғаларының қалыңдығы 0,8—0,9 м, сақталған биіктігі 0,5 м. Үйдің жалғыз бөлмесінің жобасы Г тәріздес. Жалпы ауданы 20,5 шаршы метр. Оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс қабырғаларының түптерінде үш қамба орналасқан. Олардың қабырғалары тастан қаланған. Мешіт пен үйдің қазбаларынан табылған керамика күзеші доңгелегінде жасалған ілмек тәріздес саптары бар жұқа қабырғалы қазандардың сынықтарынан, су таситын және асханалық құмыралардың, хумдардың бөліктерінен тұрады. Бұларға ұқсас керамика Жетісу көне қалаларының Х ғ.—ХІІІ ғ. басына жататын қабаттарынан алынған қазба материалдардан белгілі. Көне қаланың оңтүстік-батыс бұрышында, батыс қабырғасының түбінде орналасқан жобасында тікбұрышты төбенің қалдықтарында да қазба жүргізілген. Ауданы 80 шаршы метр қазба қабырға түптері тастан қаланған ғимараттың бір

¹ Байпақов К. М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың Орта ғасырлық қала мәдениеті. 138—139 б. б.

бөлігін ашып берді. Қазба тереңдігі 03—04 м. Азды-көпті байланысы бар ешбір жоспарлау композициясы байқалмады. Қазба кезінде көп керамика жиналып алынды. Хумдардың, қазандардың, құмыралардың, тостағандардың сынықтары. Мойнының түбінде жүргізілген жолдың ішінде қиғаш сызықтары бар белдеумен және ангобтың ағындыларымен әшекейленген су таситын ақ ангобтың үстінен мөлдір жалатқан, қоңыр және жасыл түсті ескерткіш жазулармен өрнектелген тостаған бөліктерінен тұрады. Керамика X—XIII ғасырдың бас шенімен даталанады. Шыныдан жасалған бұйымдардың сынықтары да табылған. Көне қаланың солтүстік қабырғасының түбінде созылып жатқан төбе ұзындығы 12 м, ені 1 м. терең ормен тілінген. Тілінген жерінде көлденең қабырғалармен жеке-жеке жайларға бөлінген жіңішке ғимараттың қыштан соғылған қабырғалары ашылған. Шамасы казарма типтес ғимараттың қалдығы болуы керек. Ордың керамикасы жоғарыда сипатталған ыдысқа ұқсас және X—XII ғ. ғ. жатады.

Орталық бекіністің тыс жағындағы сыртқы дуалмен қоршалған территорияның оңтүстік-батыс бөлігінде, оңтүстік-бұрыштан 70 м. жерде биіктігі 1,5 м. және диаметрі 30 м. төбе орналасқан. Оның бір бөлігі жылғамен жуылып, жарда қызыл кірпіштің қалауы көрініп тұрған.

Өрнек көне қаласының топографиясын зерттеу және ондағы жүргізілген қазбалар отырықшылық пен қолөнер орталығы туралы түсінік береді. Сонымен қатар мықты бекіністердің, алқалы мешіттің, бай мазардың болуы бұл қоныстың қала қалдығы екенін дәлелдейді. Араб оның ішінде Ибн Хордадбек және Құдама құрастырған жол бағдарламалары бойынша, тұрған жерлер анық белгілі Тараз, төменгі Барсхан және Құлан аралықтарында, Қасрибас, Құлшуб және Жұлшуб орналасқан. Дұрысы, Өрнек Қасрибас сияқты қарлұқтардың қарауындағы және феодалдарының біреуінің қосы болған Құлшубқа сәйкес болуы керек.

Өрнек қазбаларынан алынған археологиялық материалдар қостың тайпалар бірінің жаулауының территориясында қалыптасқан тұрақты қоныстың орнында пайда болуы туралы болжама жасауға мүмкіндік береді. Мұнда көшпенді елдің бір бөлігі қоршалған жерлерде сірә, бидай еккен болар.

Бекітілген қос болашақ қаланың ұйытқысы болған Қаланың қалыптасуында маңызды роль атқарған Ұлы Жібек жолымен жүрген халықаралық сауда.

ТҮРІК ЕЛІНІҢ ШЕГАРАСЫНДАҒЫ СҮЙКІМДІ ҚАЛА

Құлан қаласы VIII ғ. бірінші жартысына жататын жазбаша деректерден белгілі. Қытай тақуасы Сюань-Цзяньның жол бағдарламасында және Тан династиясының тарихында қала Цзюйлань деген атаумен атап өтілген. VIII—X ғ. ғ. ол туралы Ұлы жібек жолы трассасында орналасқан қалаларды сипаттайтын араб авторлары мәлімдейді. Географтар Ибн-Хордадбек және Құдама Құланды Тараздан батысқа қарай 14 фарсах жерде орналастырған. Құдама былай деп мәлімдейді: «... құм Тараз бен Құлан аралығының солтүстік жағында, ал оның арғы жағында құмды және жұмыр тасты шөл, ал онда жыландар, (ол) қимақтар шегарасына дейін (созылып жатыр)». X ғ. араб географы ал-Максиди былай деп жазған: «Құлан — бекітілген қала, онда алқалы мешіт (медресе) бар. Ол бос қалған, ол үлкен Тараз жолында». Өз еңбегін XIII ғ. 20-жылдары жасаған географиялық сөздіктің авторы Якут былай деп мәлімдеген: «Құлан — түрік елінің Мавераннахр жағындағы шегарасында орналасқан сүйкімді қала». Құланмен бірқатар тарихи оқиғалар байланысты болған: мысалы, мұнда 740-жылы түргеш бегі Құрсұл ең соңғы батыс-түрік қағаны Ашин Сынды өлтірген. 840 жылы Құланға дейін араб әскерлері жеткен¹.

Тұрған жерлері жақсы белгілі екі ортағасырлық қалалар аралығында орналасуы Құланның қаусырықтарын іздеуді біраз жеңілдетті. Құланның батыс жағында 14 фарсах жерде, Жамбыл қаласының орталығындағы ескі қала қалдықтарының орнында Тараз орналасқан; шығыста, 4 фарсах қашықтықта қазірге дейін атауын сақтап келген Мерке қаласы жатқан. Сондықтан Құланды Луговое селосының жанындағы қаусырықтармен тепе-теңдестіру туралы өз кезінде В. В. Бартольдтың жасаған ұсынысына ешбір күмән тумады².

Қаланың ішкі қамалында жасалған ауданы 20 шаршы м. стратиграфиялық қазба мәдени қабатты 4,5 м. тереңдікке кесіп өтті. Шурф қабырғаларында үш әртүрлі уақыттарда салынған құрылыс қабаты байқалды.

¹ *Волин С. Л.* Талас өзені аңғары мен оған жанасқан алқаптар туралы араб деректерінің мәліметтері. Қаз. ССР ҒА ТАҒИ еңбектері., 8 т. Алматы, 1960, 74—76 б. б. 82-б., 87-б.; *Бартольд В. В.* Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан. Шығ., I-т., М., 1963, 260-бет.

² *Бартольд В. В.* Ғылыми мақсатпен Орта Азияға командировка туралы есеп. Шығ. IV том. М., 1964, 48-б.

Төменгісі пахс блоктарынан қаланған 2 м-ге жақып биіктігінде сақталған қабырғалардың болуымен синатта-лады. Блоктардың өлшемдері $120 \times 120 \times 70$ см, кірпіш-тердікі — $48 \times 24 \times 10$ см. Қабырғалардың аралығы сілті-мен, шикі кірпіштің сынықтары, керамика, жануар сү-йектерінен тұратын құрылыс үйінділерімен толтырыл-ған. Керамикасы біркелкі: жөндеп иленбеген, сапасыз, майда тас араласқан саз-қамырдан қолмен дөрекі соғыл-ған қазан-аяқ сынықтары. Күйдірілуі жеткіліксіз, бір-келкі емес, қазандардың өздері ауыр және сынғыш. Тө-менгі құрылыс қабатының керамика жинағын қалың қабырғалы және нашар күйдірілген хумдардың бірнеше сынықтары толықтырды. Басқа табылған заттардың ішінде кресалдың сынығы мен бірнеше напрыслоларды атап өтуге болады.

Ортаңғы құрылыс қабатынан (көлемі 1,3—1,5 м) ашық жер ошақтары бар, сазбен сыланған еден сақтал-ған. Шурфтың бүйірлерінде шикі кірпіштен қаланған қа-бырға қалдықтары байқалады. Керамиканың түрлері анағұрлым көбірек — қазандар, құмыралар, хумдар және хумчилар.

Ал соңғысы, жоғарғы құрылыс қабатына күйдірілген шаршы кірпіштерден қаланған қабырға қалдықтары жа-тады. Кірпіштердің өлшемдері $25 \times 25 \times 4$ см, диагональ бойларымен айқастырылып саусақпен сызылған белгіле-рі бар. Жоғарғы құрылыс қабатын даталау үшін жақсы материал болатын жалатпа тостағандардың сынықтары. Жалатпасы жалтырақ, ақ ангобтың үстіне құйылған. Ер-неуін айналдыра күңгірт-қоңыр бояумен әріптерден құ-растырылған фриз жүргізілген. Глазурь астындағы көр-кем сурет қалың қабат бояумен жасалған. Мұндай керамика XI—XII ғасырларға жатады.

Алынған мәліметтер бойынша ішкі қамалдың орныш-да басында, VII—VIII ғасырларда, қабырғалары пахса-дан қаланған ғимарат тұрған деп болжауға болады. Мүм-кін ол сарай типтес ғимарат болған.

Даталануы құрылыс техникасының ерекшеліктеріне негізделген. Блоктар мен кірпіштердің жоғарыдағыдай өлшемдері, сонымен қатар қабырғалардың қалауы VII—VIII ғасырлардағы Жетісудың оңтүстік-батыс өңіріне тән.

Тап осылай, мысалы, Ақ-Бешім көне қала қалдықта-рында будда шіркеулері салынған. Ал олардың датала-нуы сенімді және көптеген табылған тиындарға негіздел-ген. Төменгі құрылыс қабатының бұлай даталануына со-

нымен қатар керамика жинағы да айғақ. Оның ішінде қолдан соғылған ыдыстары басым — хумдар, қазандар, кең ауызды су таситын құмыралар және де қызыл ангоб жағылып «аздап жылтыратылған асханалық кішкене құмыралар.

Кейінірек пахс қабырғалы үйлердің орнында қабырғалары шикі кірпіштен және пахс блоктарынан қаланған ғимараттар болған. Жаңа құрылыс комплексі алдыңғының қаусырықтарында тұрғызылған. Болмелердің еденінде ашық жер-ошақтар болған. Ойма орнектермен әшекейленген көптеген қақпақтар мен дастархандар бұл қабатты IX—X ғ. ғ. даталауға мүмкіндік береді.

Ең жоғарғы құрылыс комплексі құрылыс техникасының жаңа тәсілдерімен сипатталады. Үйлердің табанын орнату үшін жайпақ тас плиталар қолданылған, ал құрылыс мақсаттарында шаршы кейінгі күйдірген кірпіш іске асырылған. XI—XII ғ. ғ. жалатпа ыдыстары жоғарғы құрылыс қабатын даталайтын материал болды.

Ұзын қабырғалармен қоршалған көне қала территориясында ондаған төбешіктер сарайлар мен жеке қоныстардың қалдықтары орналасқан. Бұл төбешіктердің бірнешеуі қазбаланып аршылды. Олардың Луговое А деп аталған біреуінің кейпі кесілген пирамидаға ұқсас болған. Төбенің биіктігі 5 м, түп олшемдері 30×40 м, жан-жағынан әбден мүжіліп кеткен қабырғамен қоршалған. Тіліктің көрсетуі бойынша қабырға пахсадан қаланған. Қабырға төрт жағымен жер бөліктеріне беттелген. Оның шығыс жағының ұзындығы 30 м, оңтүстік жағы — 35 м, батысы — 30 м. және солтүстік жағы — 40 м, сақталған биіктігі 2 м. Бұл ескі қоныс-жайдың территориясына кіретін жер солтүстік қабырғасының ортасында болған.

Археологиялық қазбалардың нәтижесінде Орта ғасырлардың бас шеніндегі Орта Азия және Қазақстан ғимарат сарайларына тән «айдарлы» жоспармен салынған орталық ғимарат ашылған. Сарайдың 7 бөлмесі болған.

1 бөлме жобасында тікбұрыш, өлшемдері 5,7×2,8 м. Бөлме, күмбездің сәкілеріне дейін жоғары қарай санағанда, сарай өмірінің екінші кезеңіндегі еденнің деңгейіне дейін 1,4 м. тереңдікте қазбаланған. Қалыңдығы үш метрлік шомбал қабырғалар соқпа қыш блоктардан және кірпіштен «құрақ қалау» техникасымен салынған. Түбінде өлшемдері 120—100×120—100×70 см. блоктар жатыр, сонан соң — үш қатар кірпіш (өлшемдері 48×22×11 см): бірінші қатары ұзын жағымен ішке қаратылып «жата» орналастырылған, ортаңғысы — қысқа жағымен,

«сүзе», ал жоғарғысы қайтадан ұзын жағымен қаланған; сонан соң тағы да бір қатар блокпен және қайтадан үш қатар кірпіштен жалғастырыла берген. 1 бөлменің солтүстік қабырғасында 2-және 3-бөлмелерге өтетін дарбаза тәріздес екі жақтары бар.

Батыс қабырғада 1-бөлме мен 4-бөлмені қосатын тағы да бір ойық бар. Ол 1-бөлменің солтүстік-батыс бұрышына тақалып жасалған. Өткелдің ені 55 см, үсті жонылған, сына тәрізді сарайлық кірпіш ретінде қолданылған кірпіштің еңкіш бөліктерінен қаланған.

2 және 3-бөлмелер бірінші кезең деңгейіне дейін қазаланған. 2-бөлме жобасында 1-бөлмеге перпендикуляр орналасқан, тікбұрыш кейіпті. Өлшемдері $5,7 \times 3,4$ м. 3-бөлме де 1-бөлмеге перпендикуляр орналасқан, өлшемдері $2,7 \times 5,7$ м. Бөлмелердің сәкіге дейінгі биіктігі 2,5 м, ал қорап формалы күмбездің ең жоғарғы нүктесіне дейінгі биіктігі 3,5 м.

4-бөлме жобасында квадрат кейіпті, өлшемдері $4,3 \times 4,3$ м. Сарайдың қорап күмбезді қалған бөлмелеріне қарағанда, бұл бөлме дөңгелек күмбезбен жабылған. Күмбез дарбаза — саты формалы, бұрыштық торт тірекке (тромптарға) орнатылған. Күмбездің диаметрі оның астында тұрған бөлменің төбесінен үлкен, сондықтан қабырғаларының белағаштарынан күмбез тіректерінің (тромптарының) түп деңгейінде сегмент тәріздес кішкене жазық беттер пайда болған.

Луговой А сарайының құрылымында екі құрылыс кезеңі байқалады. Бірінші кезеңде ғимараттың биіктігі қораппен жабылуын қоса есептегенде 2,25 м, ал күмбезді ғимараттікі — 2,5 м. Барлық ғимараттардың едендері балшықтан құйылған және үстінен сылақ жүргізілген.

Жапсарлас орналасқан № 2, 3, 5 ғимараттардың бірбіріне тікелей кіретін есігі жоқ, сондықтан олар № 1, 4 ғимараттар арқылы кіру мүмкін болатын. Барлық ғимараттардың қабырғалары қалың балшық қабатымен сыланған, одан кейін алебастрмен әктелген.

Сарай өмірінің екінші кезеңі көптеген қосымша құрылыстардың салынуымен сипатталады. Қазір барлық ғимараттар бір-бірінен ажыратылған, қақпалары кірпіштен қаланған, есесіне қалың қабырғалардан жаңа қақпалар кесілді. Сөйтіп, әр бөлме жеке қақпаға ие болды. Жаңа еденнің биіктігі бір метрге дейін көтерілді. Еденге сылақ жүргізілген жоқ, сылақты сынған кірпіш пен борпылдақ үйінді қиқымдарынан тұратын тегістелген және

тапталған құрылыс материалы айырбастады, қабырғалар бұрынғыдай сыланды және алебастрмен әктелді.

Жарық саңылаулары, әдеттегідей, күмбездің жоғарғы жағында орналасты. Бұл кезең үшін үйінділерде кездесетін ағаш тіреулерінен күмбездерді ұстап тұру үшін ішкі қабырғаларға қосымша ағаш тіреулерін пайдалану тән екендігін көрсетеді.

Сарайдың сыртқы қабырғалары ұзындығы 3 метр төртбұрышта құйма тіреумен бекітілген. Бұл, анық көрініп тұрғандай, атыс алаңдары. Сарай құрылысшылары оңтүстік қабырғаны қорғауға ерекше назар аударды. Онда екі бұрыштың жалпақ тіреуден басқа, тағы да екі жалпақ тіреу қойылған.

Сарай ауласының көлемі $10,4 \times 10,8$ м. Бір ошақ ауланың ортасында, екіншісі — есікке жақып орналасқан. Шығыс жақтағы қабырғаға таяу орталықта шала күйдірілген кірпіштен қаланған ашық ошақ болған. Сарай қабырғалары ауыр блоктардан тұрады. Осындай сәулет пен техника Орта Азия мен Қазақстанға тән болатын. Қазылған сарайдікіндей құрылыс кешендері Ташкент оазисінде, Соғда да, Пенджикент төңірегінде зерттелді. Луговой сарайына археологтар соғысқа дейінгі кезеңде қазған Краснореченск қалашығындағы сарай аса ұқсас. Оның нақты жоспары, ұзындығы 6 м. ені 2 метрден аспайтын бөлмелері болған. Ол үш қатар болып жапсарлас орналасқан және сол кірпіштен жасалынған қорапты күмбезбен жабылған жарық түсіруші дәлізге тіреледі. Аулада шаруашылық құрылыстарынан басқа аты-жөні жазылған зираттар кездеседі.

Сарайдың өмір сүруінің бірінші кезеңіне жататын балшықтар кешені әшекейлі ыдыстардың көптігімен сипатталады. Мұнда құмыра, тостақан және күл салғыштың қалдықтары сияқты асханалық ыдыстар кездеседі. Асханалық құмыралар қоспасыз иі қанған балшықтан жасалынған шеңберде дайындалған. Оларды түрі жөнінен екіге бөлуге болады. Дөңгелек тектес жазық табандықтағы кейде аздап дымқылдапатын ұзын мойынды және шар тектес бітімі бар аузы тар құмыралар. Ыдыстар күңгірт қызыл түске боялып, аздап жылтыратылған. Бір жағдайда құмыраның мойнында қиюластырылған адам кейпінің бедерлі бейнесі бар. Құмыралардың екінші түрінің жұмыртқа немесе алмұрт тектес бітімі, қысқа мойыны, жұмыртқаның сарысы тәріздес тәжі бар. Сырты сарғыш-жасыл сылақ қабатымен жабылған. Осындай ыдыстардың қабырғалары қылқанды жапырақ түріндегі

кесілген әшекеймен, үшбұрыштармен безендірілген. Қабырғасы жұқа тостағандар дөңгелек тектес орнықсыз табандықтың үстінде тұр. Тұтқалары ілгек тектес, сопақша. Күлсалғыштың жоғары бөлігінің сыпығының түрі қызық. Оның 15 сантиметрлік аумағының шеті кішкене тістермен безендірілген.

Шаруашылық ыдыстары — құмандар, қазандар, қазанның астына қойылатын туғырықтар, аузы кең құмыралар, қақпақтар, сондай-ақ шырағдандар. Шар тектес қазандар жапырылған, тік немесе сәл иілген құлағы бар. Кең қысқа мойынды дөңгелек құмыралардың сырты жасыл сылақпен жабылған. Шырағдандар ретінде жайпақ төрелке тектес, кейде аяғы бар шағын ыдыстар мен тостақан сынықтары пайдаланылды.

Бұл дәуірге сондай-ақ аяқтары ұзын, шырша кестесімен безендірілген шырағдандар тәп, қақпақтары жалпақ немесе аздап жапырылған. Сыртқы беті шеңберлермен, жапсырмалармен өрнектелген.

Сарай өмірі екінші кезеңінің керамикасы шеңберде істелінген ыдыстардың көптігімен сипатталады. Ыдыстардың арасынан сан жағынан бірінші орында асханалық және шаруашылық құмыралар тұр. Алайда, олардың өрнектерінің түрі өзгеріп отырады, бедерлі жапсырмалар, бүлінген өсімдік бейнелері, нүктелерге толы үшбұрыштары өзгеріп отырады. Кедір-бұдырлы және көлбеу жолдар түрінде сызылған өрнектер кең пайдаланылады. Сондай жылтырлығы да жойылады, ал күңгірт қызыл түс қызылт болып өзгереді, мөрше таңбалаған өрнектер пайда болады. Бұл — кәдімгі «шеңбердегі тор» немесе «шабақты дөңгелек» түріндегі кәдімгі төртбұрышты мөр.

Құйма ыдыстар негізінен қазандар мен үлкен құмандар болып келеді. Бұрынғысынша жапсырылмалы қақпақтар көп. Олардың өрнектелу сипаты да өзгереді. Енді сыртқы бөлігі ешбір орын қалдырылмай тұтас өрнектелген. Әртүрлі шиыршықтар, дәстүрлі өсімдік кескіндері, иректелген жолақтар басым болып келеді. Осылайша өрнектелген дастархандық үстелдер де көп кездеседі.

Сарай өмірінің екінші кезеңіне жататын олжалардың арасынан ғимараттардың арасындағы қақпа өткеліне қаланған кірпіштер арасынан табылған шот балтаны еске сала кеткен жөн. Жеке пайдаланылатын мүліктерден қайрақ пен тікбұрышты қозғалмалы тілі бар белдік тоғасы кездеседі. Бірнеше сары моншақ табылды.

Қазба барысында Луговой А сарайының VII—VIII ғасырларда салынғандығын дәлелдейтін материал алын-

ды. Одан кейін оның келбеті бірнеше қайта құрылыстармен өзгертілді және сарай осы қалпында Х ғасырға дейін пайдаланылды.

Орталық үйінділердің оңтүстік-шығыс жағында 1,5 км. жерде орналасқан тағы бір төбешік — Луговой Г үлкен қызығушылық тудырды.

Орталық дөңеске қабырғамен қоршалған көлемі 50×70 м. аула жанасып жатыр. Ол $1,2 \times 2$ м. биіктікте сақталынған. Сарайдың үстіңгі жағына бұрынғы құрылыстың қалдықтары және ортасына таман қауыздардың екі сопақша қазаны көрінеді. Усадьбаның жалпы көлемі 155×70 м. (2,6 га).

Дөңестегі археологиялық қазбалар осында орталықтан жоспарланған тұрғын үй құрылысының болғандығын көрсетеді. Ғимараттар төртбұрышты ауланың төңірегіне топтасқан. Аулаға солтүстік жағында орналасқан ені 3 метр дәліз арқылы кірген. Дәліз үйінділерді тазалау барысында оймалы әшекейі бар сылақ сынықтары табылды. Ауладан батыс ғимараттарға 1,25 м. ені жол арқылы өткен. Батыс бөлігінің үш аралас ғимаратының ені 1,2 метр тесілген есіктері болған.

Оңтүстік бөлігінде өзара жол арқылы қосылған бес ғимарат бар. Ауланың шығысындағы қабырғасында тағы да екі жол бар. Шығыс ғимараттар сарайдың бойында салынған. Оның жалпақ ені 4,5 м. Барлық ғимараттар қабырғаларының қалыңдығы 1—1,1 м. Олар құйма блоктарынан салынған.

Усадьба өмірінен екі кезең көрінеді. Қазба барысында жоғарғы кезең дәрежесі бойынша 3 ғимарат ашылды. қалған 11-і картаға түсірілді. Еден сылақ қабаты мен тұрмыстық дақтар бойынша анықталды.

№ 1 ғимарат төртбұрышты, көлемі $4,5 \times 5$ м. № 2 ғимараттың көлемі $5,5 \times 4$ м. Қабырғалары тегіс, сыланған сылақ екі қабат.

№ 3 ғимараттың жоғарыда суреттелгендерден ерекшелігі бар. Оның көлемі $4,7 \times 3,3$ м. Ғимараттың батыс қабырғасына биіктігі 85 см, ені 2,8 м. құйма қаланған. Ғимараттың солтүстік қабырғасынан жылыту пеші кесілген.

Ауланың көлемі $14,5 \times 13,5$ м. Қабырғалары жанып кеткен. Құрылысты ортеніп кетті деп пайымдауға болады.

Қазба барысында балшықты кешендер алынды. Балшық дайындау техникасы жөнінен қолдан қойылған және станоктық болып екіге бөлінеді. Бірінші әдіспен жа-

салған құмыралар сопақша. Олар кең жолақтардан құйылған. Көсылу арасы мойынның ішкі жағынан көрінеді. Балшығы қалың, құм қосылған. Басының жоғары жағы жуандау.

Су таситын құмыралардың аузы кең және жалпақ. Олардың мойны қысқа, тік, жуандау. Имек тұтқасы мойып мен денені жалғастырады. Жалғасқан жерлерінде саусақпен істелген шұңқырша бар. Ілгішіне әшекейлер жүргізілген.


Су құятын керамиканы ыдыс түбінің қалдықтарынан байқауға болады. Қабырғалары жалпақ төменгі табаннан жоғары қарай кедейе түседі. Су құйылатын жоғары жағына жазу жазылған жұқа сылақ жағылған. Ірі нүктелер қалдықтарының бірінен айдарлы әшекейлерді құрайтын жапырақшалар шығады. Әшекейлердің шеті «Г» — да кездесетін бейнелік өрнектерге ұқсас, дөңгелек белгілер орналасқан. Жазу сары-қоңыр және қызыл бояумен жазылған.

Жарқырауық жасыл сылақ жағылған керамика да кездеседі. Бірнеше сынықтар қызыл қыштың өзінде қойылған ашық сылақпен жабылған.

Оңтүстік Қазақстанда Жетісу қалаларында, Орта Азиядап табылған керамика олжалары, құрылыс техникалары Луговой Г-нің X—XII ғасырда өмір сүргендігін дәлелдейді. Уақыт молшерін ғимарат едендерінен табылған қарахандық бақырлар қуаттайды.

Қазылған ғимаратқа ұқсас құрылыс-салымдар Чу аңғарында кең жайылған. Тұрғын және шаруашылық жайларының қора айналасына орналастырылуы жобасына ерекше тән бай үйлердің үлкен тобы Краснореченск, Боранды және Ақтобе қала қалдықтарында қазылған. Бай үйлердің қабырғалары ашық түстерге боялған ойма сылақпен безендірілген, қораларының едендері күйдірілген кірпіштен төселген, дөңгелек терезелеріне түрлі-түсті әйнек салынған. Өңдеу үшін бедерлі өрнекпен әшекейленген кішкене күйдірілген тақталар қолданылған. Біреуінде аузында гүлі бар арыстан бейнесі суреттелген. Бай қала тұрғындарының — саудагерлердің, ірі жер иелерінің, төрелердің үйлері ауданымен, бөлме санымеп, ішкі құрылысымен көзге түседі. Қатардағы қолөнершілердің үйлерінің салыну жобасы сондай-ақ болса да, басқа жақтарынан ол үйлер әлдеқайда қарапайым. Краснореченск көне қаласының бай үйлерінің ішінде орталық қаусырықтардан оңтүстіктеу орналасқан үлкен ғимарат ерекше көзге түседі. Өл екі қораның айналасында топ-

тасқан 20-дан астам бөлмелерден құралған. Қоралардың бірінде бір кездерде үстінде киіз үй тұрған дөңгелек көтеріңкі алаң сақталған. Тар бөлмелердің қабырғалары қызыл, сары, және көк түсті бояулармен сырланған оюлы сылақпен безендірілген. Ою өсімдік және геометриялық әуендерде өрнектелген. Ғимарат жағынан бекініс қабырғасымен қоршалған, ал кіретін жеріне көлбеген пандус жүргізілген. Айта кету керек, сипатталған тиітес үйлердің бәрі де қала сыртындағы құрылыс жүйесінде орналасқан. Бұл қала тұрғындарының көп үйлі, тар шахристан қабырғаларының сыртынан, бау-бақшасы мен бұлауы бар қорасында еркінірек өмір сүруге болатын қала маңайында тұрғызылған қоныс-жайлары болған. Мұндай үйлер Орта Азияда IX ғ-да, ал Жетісуда — X ғасырда, қала тұрғындарының негізгі қала бекіністерінің тыс жағындағы қауіпсіздігін қамтамасыз еткен шоғырланған



Суретте: Луговое I қаласының көрінісі

күшті Саманид және Қараханид мемлекеттерінің құрылған кезеңінде пайда болған. Жетісуға мұндай үйлер Орта ғасырлардың бас шеніндегі әскери қақтығыстар, феодалдық дау-дамай мен араздық кезеңіне тән Луговое А типтес сарайлардың орнына келген. Ол кезде, замандастардың айтуы бойынша: «әр тайпа тұрғындары қалаларда аралас өмір сүреді және жиі соғысады, Жалпы барлық егін айдаушылар өздерімен бірге қалқан мен дулыға

алып жүреді, бір-бірін тұтқынға алып, құлдыққа салады»¹.

Қала маңайында енді оқ ататын тесіктермен айналасына түнеріп қарап тұратын, жіңішке, коридор сияқты



Суретте: Саздан жасалған мүсін

¹ Зув Ю. А. Суяб туралы Қытай мәлімдемелері, 92—93 б. б.

болмелері бар қапас сарай емес, бау-бақша және жүзім егісімен қоршалған, ағын сумен суарылған жеңіл ыңғайлы үй басымырақ бола бастады. Арабша «қаср» — павильон, кішкене сарай деген атау дәл келетін мұндай үйді салып алу әрбір ауқатты адамның арманы, байлығы мен қоғамдық лауазымының өзінше бір символы еді.



Суретте: Құлан қаласынан табылған қасқыр бейнелі сурет.

XII ғ. географы Ал-Иснадри бұл туралы: «Олардың ішінен (Орта Азияның солтүстік аймақтарының тұрғындары) кең қаср мен қонақ үйін салуға ұмтылмаған бір де бір жер иесін таппайсың», — деп жазған. Зерттеушілердің байқауы бойынша, қаср-иесінің тек әлеуметтік орнымен байланысты құрылыс емес, әрбір ауқатты адам — феодал, әкім, саудагер, бай қолөнерші, қала әмірі ие бола алатын үй болған.

Луговое Г, шамасы, феодал ақсүйектердің бір уәкілінің қала сыртындағы резиденциясы болған. Сарай қораларында киіз үйлердің болуы иелерінің күні кешегі көшпенді өмір-салтының елесі және, шамасы, олардың тек қаладағы ғана емес, сонымен қатар даладағы өкпенділігінің өзінше бір символы болған. Ал, онымен қатар, бұл — жазғы ыстықта іші салқын, ыңғайлы тұрғын жай. Деректерден, мысалы, фарсы шахтарының талтүстегі қапырық сағаттарында арасына мұз толтырылған екі қабат қабырғалы бөлмеде демалғандары белгілі. Бағдадтағы халифтар сарайында үйді салқындату үшін керілген киіз үстінен су құйылған, ал су буға айнала отырып салқын туғызған. Бұл «ежелгі кондиционер» Тигр жағалауларына Шығыста жоғары бағаланатын және көп жағдайларда биік қоғамдық лауазымға жететін түрік құлдарымен бірге Шу және Талас жағалауларынан келген жоқ па екен. Түрік құлдарымен қамтамасыздандыратын ірі қала Оңтүстік Қазақстандағы Испиджаб болған. Жібек жолының көп торапты қалаларының бірі болғандықтан, оған Батыс және Оңтүстік Қазақстанның түкпір-түкпірлерінен «жанды тауар» жеткізілген. Замандастарының жазуы бойынша, «түрік әйелдері мен қыздарының бойларына сұлулық пен биязылық үйлескен, бет-әлпеттері ақшыл, көздері кішілеу, бірақ сүйкімді, бойлары үлкен емес, тіпті кішілері де кездеседі, арасында биіктері аз. Олар — бала табу жағынан сарқылмас бұлақ; олардан туған балалардың ішінде ажарсызы өте сирек кездеседі және әдетте шабандоз емесі жоқ. Олар ұқыпты, жақсы аспазшы, бірақ ысырапшыл және сепімді емес»¹.

Түрік әйелдерінің сұлулығын ақындар жырлаған. Мысалы, Рудакидің мынандай жолдары бар:

Артық көрген тойларды мешіттен де,
Жаратқан мені құдай етіп пенде.
Тараз бен Бұхараның қыздарымен
Табындық махаббатқа — сен де, мен де.^{2/}

¹ Мейс А. Мұсылмандық қайта өрлеу., 140-бет.

² Шығыс лириктері. М., 1986. 131-бет.

Оған Хафиз қосылып былай депті:

Бір қыздың мекендеген түрік қаласып
Құмартам меңі менен көз қарасын.
Сый етем, керек болса, рахметіне
Дүниенің Самарқанд пен Бұхарасын.

Түрік қыздары IX—X ғасырларда кейбір халифтардың аналары болған¹.

Түрік құлдары Халифатта белгілі әскери қолбасшы және аймақ әкімдері болып жоғары қызметтерге жеткен. Жалшылардың аса белгілі қолбасшыларының бірі түрік Беджекем болған. Ол өзінің ерекше ержүректігімен көзге түскен, бірде ол 290 адам түрік отрядымен онмыңдық дұшпан әскерін қоршауға мәжбүр еткен.

Түркістандық түрік Мухаммед ибн Тугугла ал-Мутасим халифы кезінде көтерілген.: басында уәкіл-әкім болған, сонан соң Египетте шексіз билік жасаған².

Газневидтер династиясының негізін қалаушы Себук-Тегин Ыстық колдің жағалауларында орналасқан Жоғарғы Барсхан қаласынан шыққан түрік болған³. Жібек жолымен басқа елдерге құл ретінде барғандармен бірге, өздерінің әдет-ғұрыптарын, дәстүр-салттарын саудагерлер мен кезбе қолөнершілер алып жүрген. Сондықтан талғампаздық пен мода барлық жерлерге таңданарлықтай тез тараған. Түрік киіздері Бағдадта пайда болған, ал өсімдік және геометриялық өрнектердің сылақта ойылған әсем сырмалары Жетісулық Тараз, Құлан және Навакет қалаларындағы үйлер мен сарайлардың қабырғаларын әшекейлеп тұрған.

ЕЖЕЛГІ ЖҮЗІМШІЛЕР МЕН ШАРАПШЫЛАР

Луговое көне қаласының төңірегінде археологтар биіктігі 5 м. және диаметрі 20—25 м. төбені қазбалаған. Ол орталық қаусырықтардан 3,5 шақырым оңтүстіктеу орналасқан. Оған берілген шартты атау — Луговое Б. Төбе астында аймақтық жеке қоныс жатқаны анықталды. Қоныс жайларының бірінде жүзімді жарататын шеберхана орналасқан. Ол қыспа — бет және салма-құдықтан құралған. Құдық қыш жебелер арқылы шырынжинауыш

¹ Мең А. Мұсылмандық қайта өрлеу; 129-бет.

² Сонда, 34—37-беттер.

³ Бартольд В. В. Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Түркістан. Шығ., I том, М., 1963, 322—326 беттер.

күбілермен байланыстырылған. Дағар — күбілердің өлшемдері $1,5 \times 1,3$ м., тереңдігі — 0,8 м., ал қыспа-беттердікі — $3,9 \times 6$ м, тереңдігі 0,4 м. Құдықтың жоғарғы бөлігінің өлшемдері 2×2 м. және жалпы тереңдігі — 2,2 м. Күбілер мен қыспақтардың ішкі жағы жұмыр тас қабатымен қапталған және алебастрдың қалың қабатымен жағылған. Үш күбі бір-бірімен науамен қосылған, ал салма-құдықпен олар диаметрі 10 см. қыш түтік арқылы жалғасқан. Түрік бір жақ ауыздары кеңейтіліп жасалған екі бөліктен тұрады. Олардың бірінің ұшы екіншісінің кеңірек ауызына кіргізілген. Түтіктердің жалғасқан жері сынған хумның сынықтарынан жасалған жалғауыш түтікпен бекітілген. 2-күбі мен салма-құдықты ұзындығы 80 см. түтік қосып тұр.

Шарапханаға жапсырылып салынған қора-жайларда шарап және бекмес қорлары және, шамасы, жүзімнің көп сақталатын қысқы сорттары сақталған. Қоныс VIII ғғ. жататын түргеш тынымен даталанады.

Луговое Б. қазбаларынан алынған керамикаға соқпа хумдардың сынықтары (олар бар ыдыстың 65 проц. құрайды). соқпа қазандардың бөліктері, қыш жебесінде жасалған саптыаяқтар мен құмыралар жатады. Хумдардың тұлғасы созыңқы келген, жұмыртқа тәріздес және ернеулері әр-түрлі. Көбірек кездесетіні тікбұрыш ернеулі хумдар, одан кейін: ернеуінде ойындысы бар хумдар, доңгеленіп келген ернеулісі және ернеуінің астында жеңнің ұшы тәріздес бастырмасы барлары. Хумдар VII—VIII ғ. ғ. даталанады. Бұлай даталануына VII—VIII ғ. ғ. Пенджикенттің хумдарымен жақын ұқсастығы айғақ. Құмыралар негізінде екі түрлі: үлкен су таситын қолдан соғылған және шүмекті немесе шүмексіз асханалық. Бұл типтес құмыралар Жетісуда VII—VIII ғ. ғ. даталанады. Ернеуі тіс-тіс, биік қуыс конус аяғы бар, өзі тостаған кейіпті темекі тартатын сауыт табылған.

Құдықтың түтік келтірілген қабырғасы тіп-тік, ал басқа үшеуі төмен қарай қолбеу келген кертпештерімен біртіндеп жіңішке түскен. Құдықтың ең түбі линза кейіпті. өлшемдері 30×40 см. Барлығы 15 кертпен жасалған.

Құдықтың түзілісі ақылмен жасалған, өйткені кертпен форма қабырғаларды опырылып құлаудан да сақтайды, сонымен қатар жөндеу жұмыстарын да жеңілдетеді. Құдықтың ішкі қабырғалары мен түбі жұмыр таспен қапталған және 10 см-лік қалың алебастр сылағымен жағылған. Құдықтың бірнеше рет тазаланғаны және

қайта сыланғаны сылақтың қабатталуынан байқалады.

Құдық солтүстік жағынан орналасқан тағы да бір күбімен қыш түтікпен байланыстырылған. Құдықтың шығыс жағында жайпақ тас тақталардан және қыш кесектерінен қаланған ошақтың қалдықтары көрінеді. Жанында көміршектер, күйіп кеткен ағаш кесінділері және күл табылған.

Бәрін алып қарағанда, Луговое Б-да шарап және «бекмес» деп аталатын шулыққанша қайнатқан жүзім шырынын жасайтын шеберхана қазбаланған.

Бекмес (немесе Шпнип) жасау жолы кейінгі кезге дейін өзгеріссіз дерлік сақталып келгені назар аударарлық жай. Мысалы, XIX ғ. аяғы — XX ғ. басында Ферғананың батыс бөлігінің халқы бекместі былай жасаған. Бір жерге қысқа күбі-беттер, шырын сақтайтын ыдыстар және шырын қайнататын пештер орналастырылған. Беттердің түбі, күбілердің және сақтайтын ыдыстардың іш қабырғалары алебастрмен сыланған. Соған соң күбілердің түбіне үйеңкі талдың бұтақтары төселіп, оның үстіне жүзім төгілген. Оны аяқпен езген, ал шырыны науа арқылы ыдысқа құйылған. Ыдыс ернеуіне дейін толғанда, оған бір бақыр майда сары топырақ себілген. Ол бірден түбіне шөгеді де, өзімен бірге кір мен ылайды ала кетіп, жүзім шырынын тазартады. Одан кейін шырын ошаққа орнатылған қазандарға құйылып, керегінше қайнатылған.

Қазбаланған VII—VIII ғ. ғ. шеберханасының құрал-аспап жиынтығы оның әдебиетте сипаттамасы сақталған ферғаналық типтес «жұмыс істегенін» көрсетеді.

Шеберханада шығарылған шырыннан бекмес қала емес, шарап та жасалған. Оны түбіне таяу жерінде тесігі бар үлкен хумдарда сақтаған. Олардың сынықтары қазбалаулар кезінде табылған.

Кейінірек жасалған шарапханалар Шудын орта бел ағысында орналасқан арқалық Ақтөбе көне қала қалдығын қазбалау кезінде табылған.

Орталық қаусырықтардан оңтүстіктеу жерде «каре» тәртібімен бір топ жеке қоныстар орналасқан. Ортасында орналасқан ең ірі қоныс — диаметрі 35 м. сопақ төбе, ал басқа қоныстардың орнында одан кішірек төбешіктер жатыр. Төртбұрыштың («каренің») ұзын жағы 80 м, қысқасы — 40 м. Комплекстің батыс жағынан бас каналдың кеуіп кеткен арнасы өткен, одан «каренің ішіне қарай бұрма жүргізілген. Ортақ қорасының солтүстік-батыс төбесі жазық, диаметрі 10 м. және биіктігі 1 м. кішкене

жота орналасқан. Қазбалаудың нәтижесінде жобасында сопақша келген бина ашылған. Оның жүзім шырынын шығаратып комплекс екені танылған. Бина өлшемдері $30 \times 18 \times 8$ см. шікі кірпіштерден салынған бір бөлмелі үй болып шықты. Кірпіштер «жата» және «сүзе» қаланған, қалаудың үш қатары сақталған. Бинаның өлшемдері $5,6 \times 6,2$ м., ұзын білігімен ол солтүстік-оңтүстік бойына бет қойған. Үй қыспақ жазығы бар бөлме мен одаң қабырғамен тасаланған ішінде ернеуіше дейін жерге қазылып орнатылған хумы бар шошаладан құралған.

Тікбұрыш жазықтың өлшемдері $2,8 \times 1,5$ м, еденінде өлшемдері $34,5—35 \times 18—19 \times 3,5—4$ см тік бұрышты күйдірген кірпіштер тоселген. Кірпіштердің беттерінде саусақтармен жасалған бұрыштарын диагональмен қосатын екі параллель сызықтары және күйдірілмей тұрып крес тәріздес тырналған белгілері бар, бір жағдайда — ішінде қиысқан үш сызығы бар дөңгелек жасалған. Тосеуде барлығы 44 кірпіш қолданылған. Қыспақ жазықтың қабырғалары тура осындай кірпішпен «сүзе» қаланған. Кірпіш қалауының жіктері алебастр ерітіндісімен және қырмен жағылған. Жазықтың едепі хумға қарай едкіш келген. Хум қабырғамен бөлінген жайдың еденіне қазып орнатылған. Қабырғасында жазық пен хумды қосатын науаға арналған тесік бар. Науа кірпіштің ұзын жарты бөліктерінен жасалған. Бір жартысы түбі болса, басқа екеуі — қабырғалары. Бір-біріне жабыстырылған.

Хум дөңгелек формалы, тік нықты. Ернеуі сыртқа қарай пілген. Биіктігі 80 см, ернеуінің диаметрі 55 см. Көлемі 180 л. айналасында.

Үйге кіретін жер оңтүстік жағында орналасқан. Қыспақ жазық пен хум жобасында белгіленген сыртқы қабырғамен бөлініп тұрғандықтан, ішінде тағы жіңішке коридор бар сияқты көрінеді. Ал шынына келгенде ол жүзімді жазыққа төгетін шеберхананың «бос» кеңістігі болған.

Шеберхананы қазбалау кезінде керамика жиналған. Барлық комплексті жалатпа тостағанның сынығы даталайды. Мәддір жалатпа ақ ангобтың үстінен басылған, өрнектері — сары және жасыл дақтар. Мұндай керамика X—XII ғ. ғ. тәп. Тостағанның сынығынан басқа су тасытын құмыраның буын-буын болып келген канелинделген сабы және ернеулері тіп-тік, орақ тәріздес жапсырма саптары бар жазық түпті қазандардың сынықтары, сонымен қатар тағы да бір қазанның ілмек сабы бар.

Хумда жиналған шырын шарап және, мүмкін, бекмес жасау үшін жұмсалған.

Алыс емес жерде тағы да бір құрылысы жағынан жақын шарапхана қазбаланған¹. Сонымен қатар, шарапханалар Краснореченск (Қызылсу) және Талас аңғарындағы Торткөл көне қала қалдықтарында қазбаланған².

Жетісуда жүзімнің бірінші көркемсурет бейнесі керамикалық заттарда кездескені белгілі. Мысалы, үстінде жүзімнің тармақталған сабақтары мен шоқтары жапсырылып көркем бейнеленген күйдірілген саздан жасалған VI—VIII ғ. ғ. қақпағы Тараздан шыққан. Сылақтың үстінде орнектелген иілген жүзім сабақтарындағы жүзім шоқтары мен жүзім жапырақтары, жоғарыда айтылғандай, Жамұқат ғибадатының іргесін әшекейлеп тұр.

Жүзім шаруашылығы мен шарапшылықтың Жетісуда кең таралғандығы туралы деректерді Сюань-Цзянь келтірген, ал түрік қағанының қосындағы тойды суреттей отырып, дәмді тағамдардың ішінде шарап пен жүзім шырынын атаған. Алайда тек жақында, үлкен хумдардың беттері мен ернеулеріндегі олардың шарап құюға арналғанына куәлік ететін соғдийлық жазулар оқылғаннан кейін ғана, қағанның жақындары мен қонақтарына теңіздің аржағынан келген сусын емес, отырған жерлерінде жасалған шарапты сый етіп құйғаны анық болды. Покровский көне қала қалдығынан табылған IX—X ғ. ғ. хумындағы сондай жазулардың бірінде былай делінген: «Бұл ыдыс — Пакана қауымының сыйы. Бұл шарапты қуанышты кезде іш... Алладан бақыт көрген Али-Бильге мырза бақытты, берекелі болсын».

Бұл жазу қазбалаулардан алынған археологиялық материалдармен бірге «жеті озен өлкесінде» жүзім шаруашылығы, шарапшылық және жүзім шырынынан тәттілер жасау кең таралған деп санауға мүмкіндік береді. Әлбетте, жүзім мәдениеті мұнда жібек жолымен Орта Азиядан келген бөлар. Қытайға жүзімнің осы жақтан барғаны белгілі, оны Қытайға б. д. II ғ. орта шенінде Чжан Цянь алып барған. Оның тұқымдары астанасында себілген, ал жемістері тағам ретінде өсірілген. Осындай бір

¹ *Елеуов М. Е.* Ақтобе көне қаласындағы Орта ғасырлық шеберхананың қазбалары. Қазақстанның материалдық мәдениетінің тарихы. Алматы, 1980, 57—61 б. б.

² *Сенигова Т. М.* Орта ғасырлық Тараз. 108-б. Шу аңғарындағы археологиялық экспедицияның еңбектері. МИА 14. М.—Л., 1950, 73-бет.

аңыз бойынша, жүзімнің үш түрі болған: сары, ақ және қара.

Тек Орта ғасырлардың бас шенінде тан кезінде (VI—X ғ. ғ.) жүзім мен жүзім шарабы Қытайда кең жайылған. Жетісу мен Шығыс Түркістан арқылы жүзім сабағының жаңа түрі, ал онымен бірге шарапшылық та алып келінген. Жүзімнің бұл түрі «биенің үрнісі» деп аталған, бұл сонақина келген күлгін жемістің шоғын бірінші рет қытай императорына түрік ябғуы 647 жылы сайға тартқан¹.

Қытайда Батыста жасалған шет елдік шараптар да жоғары бағаланған. Мысалы, Бо у чжидың бір ескі энциклопедиясында әртүрлі ғажаптар туралы әңгімелермен қатар мынандай мәлімет бар: «Батыс елдерде жылдар бойы бұзылмайтын жүзім шарабы бар. Сол жерлердегі халық аузындағы сөздерге қарағанда, бұл шарап 10 жылға дейін ішуге жарайды, ал егер оны одан кейін де ішсе, онда мастық бір ай бойы тарқалмай, тек содан кейін ғана одан құтылуға болады»².

Жүзім мәдениетін соғдийлықтар таратқан. Олар жүзім шаруашылығында тамаша жетістіктерге жеткен. Жетісудың хумдарындағы жазуларға қарағанда, негізгі жүзім өндірушілер солар болған — олар және сонымен қатар шарапты өздерінің діни әдет-ғұрыптарында қолданатын түрік — христиандар.

ЖЕТІСУДАҒЫ ЖАҢА ҚАЛА

Ұлы Жібек жолының Жетісу өңірінде орналасқан ең белгілі қалалардың бірі Навакент (Жаңа қала) болды. Ол «түргеш қағанының қаласы» мен Сұябтың аралығына орналасқан. Қытай кірешілері Синчэн (Жаңа қала) шаһары туралы VII ғасырдың басында-ақ дерек қалдырған. Бұл шаһар Батыс түркі қағанының резиденциясы болған. Ханның иелігінде қала іргесіндегі шалғынды алқап пен таудағы қорық болды, оларға ешкім аяқ баса алмады, өйткені шалғында жайылған мал, таудағы құс әскери жорықтар кезінде азық-түлік ретінде пайдаланыла-

¹ Шефер Э. Самарқандтың алтын шапдалдары. М., 1981, 192—194 б. б.

² Шефер Э. Самарқандтың алтын шапдалдары. М., 1981, 194-бет.

тын¹. VII—VIII ғасырларды қамтитын Синьтаншудан (жаңа Тан тарихы) тікелей тәржімалағанда: «Бода тауынан 50 метр жерде Дуньдо қаласы жатыр, ал ол үйсіндердің ордасы — Қызыл дала қаласы... алқаптан (көлден) аттап шықсаң болды Сүйе-е (Суят) өзенінің арнасына тап боласың... 20 ли жерден Сүйе-е (Суят) кесіп өтеді. Қаланың солтүстік жағында Сүйе-е өзені бар, солтүстікке қарай 40 ли жерде Цзедань тауы жатыр, мұнда он рудың хандары әрдайым жиналып, әміршілер мен ақсақалдар тағайындайды... батысқа қарай 10 ли жерде Миго шаһары, тағы да 30 ли жерде Жаңа қала (Синьчэн) орналасқан»². VIII ғасырдың басындағы Навакент туралы соғды әміршісі Деваштиштің Муг тауындағы сарайға тығып тасталған архивінен алынған соғды құжаттарында мәлімет беріледі. Өмірінің соңғы кезеңінде 722 жылы Деваштиш араб отрядтарынан қашып келіп, осы тауға жасырынған болатын. Құжат 711 жылғы наурыздың 25-ші жұлдызында дүниеге келген. Онда аты әйгілі Ут-тегін мен соғдылық бойжеткен Дугдгончамен, яғни Навакент әміршісі — Вахзанак ұлы Чирдің тәрбиесінде болған Вйус қызы Ватамен некелесуінің шарттары баяндалады. Түптеп келгенде, аталған құжаттан көрініп тұрғандай, қала соғдылардың қол астында болған, қаланы соғдылар билеп тұрған. Парсы географтарының мәліметтеріне жүгінсек, Навакенттің солтүстігіндегі үстінде асуы бар тауларды түркілер қаспегі деп есептеген: олар бұл жерді құдай мекендеген деп түсінген.

Худуд ал Аламның XX ғасырдағы географиялық еңбегінде Навакенттің Урун-Ардж тауларының маңында орналасқаны нақтылана көрсетіледі. «Бұрын онда қала болған, алайда қазір ол қираған, қашқып ұры-қарышың бой тасалайтын орнына айналған». Кейінірек кезеңдерде айтылған Навакет туралы көп емес, бірақ олар соншалықты назар аударарлық. Атап айтқанда, XII ғасыр деректерінің бірінде «Қашқар мен Навакеттің» митрополиті туралы сөз болады, бұл қаланың христиан митрополиясының құрамына енгенін мәлімдейді.

Навакетті іздестіру, оны Шу алқабынан тартылған, археологтар зерттеген өз алдына әжептәуір дербес қала-

¹ Бартольд В. В. О христианстве в Туркестане в домонгольский период. Со., т. II, часть I. М., 1964, с. 265—302; Бартольд В. В. Очерк истории Семыречья. Со., т. II, часть I. М., 1963, с. 34.

² Зуев Ю. А. Китайские известия о Суябе. с. 93—94.

лар болып саналған шаһарлардың біріне балау әрекеттері оның Бішкек қаласының шығысында 40 шақырым жерде жатқан көне Қызыл өзен қаласына сәйкес келетінін анықтап берді.

Қызылозен қаласының орны «ұзын қабырғалы қалалар» деп аталатын ескерткіштер түріне жатады. Оның топографиялы жобасы бойынша мұнда қамал, екі шахристан, табынатын кешені бар зират, ортаңғы үйінділерге жалғаса айналасы дуалмен қоршалған, суару жүйелерінің және түрлі құрылыстардың орындары аңғарылатын аумағы 20 шаршы шақырымдай ашық жер болған. Ортаңғы үйінділердің аумағы 100 гектардан астам жерді алып жатыр. Қамал қаланың оңтүстік-шығыс бұрышына таман, Шу өзенінің арнасы мен оған келіп құятын тау өзенінің аңғарына салынған.

Қала орнының топографиялық жобасында бұрыннан тұрған қабырғаларға жапсыра салынған сияқты жеке дуал бөліктері байқалады. Бәлкім, П. Н. Кожемяконың қаланың оңтүстік-батыс бөлігінен шахристандардан 1—1,5 шақырымдай жерден тапқан балшық дуалдары құрылыстары бөлек-бөлек мекен-жайлар үлгісімен салынған қала кварталдарының қоршауы емес, қаланың және оның иелігіндегі ауданның ертеректегі шекарасы болуы мүмкін. Қаланың бірте-бірте ұлғаюына орай ескі дуалдар қиратылып, жаңа қабырғалар тұрғызылған сияқты. Аршып алынған қабырға бөліктерінің жалпақтығы 8 метр. Осыншама берік етіп салынуына қарағанда олар қала маңының бекінісі болғанға ұқсайды, оның құрамына шонжарлар сарайлары мен оңделетін жерлер енген.

VII—IX ғасырларда шахристандар маңына жеке мекен-жайлар, әртүрлі діни қауымдардың тұрғын үйлері мен діни ғимараттары көптен салынған.

Айналасы ұзын қабырғамен қоршалған аумағы 2000 гектар алқапта түрлі тығыздықта салынған құрылыстардың, арықтар мен құбырлар жүйелерінің ізі табылды. Шахристанға қарағанда мұндағы құрылыстар және мекен-жай үлгісінде бір-бірінен алшақ салынған.

Қала аймағындағы жердің бәрі нақты бөлшектерге бөлінген, олар жеке және қауымдық меншікке жатқан. Қаланың ұлғаюына байланысты құрылыстар қаланың ұзын қабырғасының «ернеуінен асып», аңызбен қоса алғанда 60 шаршы шақырымға дейін кетті. Бүкіл аймақ дуалмен қоршалды.

Қала тұрғындарының басым бөлігі қыс айларында қа-

лада, ал жазда қала сыртындағы өз жерлерінде жазғы үйлерінде тұрған.

Самарқанттың, Ташкенттің, Сайрамның, басқа да бір-қатар қалалардың тұрғындары кейінгі кезге дейін көктемде ауылдық мекендеріне көшіп, сонда қоңыр күзге дейін отырған. Қысқа қарай олар қалаға қайтып оралған. Жазғы алқаптарында қалалықтар жеміс, көкөніс, астық сияқты ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіріп, малды қысқа шыдау үшін семірткен. Өздерінің қолөнер мен сауда сияқты негізгі кәсіптерін ауыл шаруашылығымен қатар атқарған. Кейде бір отбасы жазға қарай екіге бөлінген: бір жартысы қалада, екінші жартысы жазды мекенге қоныс аударған. Әдетте жазғы алқапта үлкен құрылыстар тұрғызылмаған, адам тұруға және азын-аулақ нәрсе сақтауға болатын лашықтар ғана салынған. Бір қызығы, кейбір қолөнершілер жазғы мекендеріне өздерінің шеберханаларын көшіріп, жазда сонда жұмыс істеген.

Қала тұрғындарының өздерінің жеке тұрғын мекендеріне қоса қала сыртында негізінен дәнді дақылдар өсіретін жерлері де болған.

Бұл айғақтар, біздіңше, қала құрылыстарының айпаласындағы ұзын дуалдардың табиғаты туралы сауалдарға жауап беретін болса керек. Қалаларды зерттеушілер бүкіл жер алқабын қоршаумен бірге, оны түрлі көлемдегі бірнеше бөліктерге де бөлетін осынау қабырғалардың аса күрделі құрылыс екенін атап көрсетеді. Мұндай дербес бөліктердің жасалуы қала аймағына кіретін жер аумағының өсуіне ғана емес, сонымен бірге қалалық қауымның түрлі буындарының меншігіндегі алқаптардың болғанын да көрсетеді.

Ертедегі Қызылозен қаласының орнына жүргізілген зерттеулерді қорытындылай келе олардың қала дамуының негізгі белестерін, аумағының өсу жайын болжамдауға мүмкіндік туғызатынын, ұзын қабырғалар мен олардың ішіндегі құрылыстардың мәнін түсіндіріп беретінін атап айтуға болады. Храмдар мен зираттарды аршу жұмысы қала тұрғындарының идеологиялық түсінігі туралы мәлімет береді, жаңадан табылған материалдар орта ғасырлардың бас шенінде өмір сүрген тұрғындары, зороастризм, христиан, канихей, будда және мұсылман діндерін қатар ұстапған Жетісудың осынау қаланың қилы-қилы этникалық бейнесін жасап береді¹.

Алда қала орнын тереңірек зерттеу, ең алдымен бас-

¹ Горячева В. Д. Город Золотого верблюда. Фрунзе, 1988.

тапқы құрылыстарын, оның уақыт өткен сайын өзгеруін, қаланың кварталдарға бөлінуін және олардың сипат белгілерін айқындау, қалада әр кезеңде қолөнер мен сауданың даму деңгейін, қала мен даланың байланысын, орта ғасырлардағы Жетісудың жалпы тарихи процестеріндегі қалалардың ролін анықтау міндеттері күтіп тұр.

Жетісудағы Жаңақала туралы әңгімені қорытындылай келе, сол жерден табылған тағы бір олжаны сипаттай кету керек сияқты. Ол Жібек жолындағы қалалардың мәдени байланыстарына тағы да ой жүгіртуге мүмкіндік береді.

Бұл арада әңгіме қыш бұйымдарды әшекейлеуге арналған саз қалып туралы болмақ. Ол қала орнындағы қамалдың маңынан табылған. Нобайы — ұзындығы 7 сантиметр төрт бұрышты қыш кесек, ұштарында әлдебір бейнелер бедерленген дөңгелек және квадрат пішінді қалақшалары бар. Дөңгелек қалақшада айналасында он бір нүктесі бар күн сәулелері, ал екіншісінде оңға қарай кетіп бара жатқан нар бейнеленген.

Бейнелер ойып зерлеу тәсілімен бедерленген, соған орай олардан алынған бастырма шығыңқы бедер болып шыққан. Осы сияқты түйе бейнелі таңбалардың көбінесе VI—VIII ғасырларда көп болғанын есепке алсақ, аталған қалыпты орта ғасырдың бас шеніне жатқызуға болады.

Түйе бейнесі Қазақстан мен Орта Азия тұрғындарының идеологиясында керемет роль атқарған. Ол құдіретті билеушіге «жедіс пен найзағай құдайы Веретрагнаға теңелген»¹.

Түйе бейнесі мифологиялық, әулеттік және әсемдік тұрғысынан белгілі-бір дәрежеде тарихи, мағыналық және көркемдік даму жолынан өткен. Бұл арада біз үшін негізінен Жетісудың көршілес мәдени-тарихи аудандарымен этносаяси байланыстарын түсінуге, ең алдымен Жетісу мен Соғды арасындағы дәстүрлі қарым-қатыпасты айқындай түсуге жол ашатын әулеттік сипаттың мәні зор. Осынау жануардың Жетісудағы ең көне бейнесі қала дәуірінен қалған тастағы таңбаларда кездескен.

Конус пішінді тұғыры бар, ортасында бастарын түйістіріп тұрған түйелер бейнеленген дөңгелек табақша түріндегі сақтардың жұпар тостағаны Жетісудан бастау алады².

¹ Брагинский И. С. Из истории таджикской народной поэзии.

² Кызласов Л. Р. Археологические исследования на городище Ак-Бешим в 1953—1954 г. г. Труды КАЗЭ, т. 5. М., 1958, с. 207—209. 29, 3, 38, 7-суреттер.

Алматы маңындағы Қарғалыдан табылған біздің заманымыздың I—II ғасырларына жататын қабірден шогін жатқан түйелер бейнеленіп, ақық таспен зерлендірілген екі алтын сақина шыққан.

Ақ бешімдегі будда ғибаратханасын аршу негізінде табылған, бетінде бастарына тәж, үстеріне салтанат киімін киген еркек пен әйел бейнеленген орнекті алтындатқан 7 қапсырма VIII ғасырда жасалған. Еркек пен әйелдің көкке қарай көтерілген алақандарында шоккен түйенің мүсіні бар¹. Қараханидтердің бірлесе билеуші хандары Бограхан деп аталған. Богра — қос өркешті түйе деген сөз.

Түйені пір тұтудың сарқыншақтары Жетісуда ұзақ сақталды, қазақтар түйені ең бағалы құрбандық деп есептеген.

Қырғыздың батырлық эпосы «Манаста» түйе кейіпкердің ең сенімді көмекшілері мен қорғаушыларының бірі ретінде көрінеді. Дүшіандарына Манастың астында аузын арандай ашқан арыстан, сырт жағында айдаһар тұрғандай, ал тобесінен тырнақтары найзадай құс ұшып, жанында қара басты ақ бура шауып келе жатқандай көрінген. Манас өлгеннен кейін оның желаяқ желмаясы 12 жыл бойы тізерлеп, иесінің басына тағзым етіп тұрған.

Орта Азияда түйеге табыну мен оның бейнелерінің кең тарауы сақ-юечж тайпаларының көшіп-қонып жүруімен байланысты².

Көпке белгілі Бұқара билеушілерінің теңгелерінің бір жақ бетінде жүріп келе жатқан түйе, екінші бетінде от тұғыры бейнеленген. Бұл теңгелер V—VI ғасырлар шамасында жасалған³.

Бұқаралық худаттардың Варахштағы сарайының әшекей бедерінен айналасы қанатты түйелермен айшықталған тақтағы әміршінің бейнесі табылған. Бедердің мазмұны Бухоның, Бугенің (Бұқара) иесі түйе пішіндес таққа отырғаны жайында баяндайтын орға ғасырлардың бас кезіндегі деректермен сәйкес келеді.

Түйе бейнесі орта ғасырлық Пенджикенттің бедерлерінде де белгілі болған, тіпті бір тұсында періштелер көтеріп тұрған табақтың үстінде Ақбешім қапсырмаларын-

¹ *Арғынбаев Х. А.* Народные обычай и поверья казахов, связанные со скотоводством. «Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана», М., 1975. с. 123, 175

² *Вайнберг Б. И.* Удельный чекан раннесредневекового Кердера. Антропология и культура Кердера. Ташкент, 1975, с. 105, 115.

³ *Шишкин В. А.* Варахша. Ташкент. 1963. с. 67, 203.

дағыға ұқсас түйенің мүсіні көрінеді. Дәл осындай бейнелер Афрасиаб өрнектерінде де кездескен. Афрасиаб пен Пенджикенттен түйелердің қола мүсіндерінің бөлшектері табылған.

Солға қарай жүріп бара жатқан түйе және оның үстінде «патша белгісі» салынған бедер Моншақтобедегі қыш ыдыстап да кездескен, ол Қызылөзен қалыбындағы түйеге ұқсас. Түйе бейнесінде ең алдымен оның әулеттік, патшалық ролі көрінеді. Соғда билеушілеріне эфталиттерден мұра болып қалғаны, ал олардың өзі кезінде қушандардан алып қалғаны жайындағы дерекке де назар аударған жөн.

Дәл осындай жағдай Жетісуға да тән болған. Өздерінің арғы тегін «Афрасиаб үйіне» апарып тіреу Жетісудағы түркі билеушілерінде де болды. Мәліметтерде қараханидтер әулеті «Афрасиаб үйі» деп аталады¹.

«Афрасиаб үйінен» таралғандығы жөніндегі соғды және түркі шонжарларына «ортақ» қасиет Жетісу мен Соғда арасында тығыз мәдени-экономикалық байланыстың орнауына себеп болды, осыдан келіп Жетісуда соғдылықтар кеңінен қоныс тепті.

Түптеп келгенде, діни түсініктер мен патша таңбаларында ертеден-ақ маңызды роль атқарған түйе бейнесі халықтар арасындағы этникалық және мәдени байланыстарды мейілінше терең түсінік саралауға мүмкіндік береді.

СУЯБ ПЕН БАЛАСАҒҰН

Жетісу өңіріндегі аттары кеңінен мәлім ортағасырлық екі қала әрі жібек жолындағы аса ірі екі орталық болып саналатын Суяб пен Баласағұн қашаннан-ақ зерттеушілердің назарын аударып келеді. Суяб Батыс Түркі және Түрген қағанаттарының астанасы, ал Баласағұн қараханидтер мен қарақытайлардың саяси орталығы болды. Алайда ортағасырлық авторлар еңбектерінде едәуір мол мағлұматтар келтіріледі дегенмен осынау қалалардың тарихи тағдырларында әлі де бұлыңғыр тұстар жоқ емес. Бұл олардың тұрған орындарын анықтауға да қатысты нәрсе.

Суяб жайында ең көне, сонау VII ғасырдың бірінші жартысы мен VIII ғасырдан қалған деректер қытай мә-

¹ Бартольд В. В. Илек-ханы. Соч., т. 11. М., 1964, с. 519.

ліметтерінде сақталған. Будда тәуапшысы Сюань Цзянь 629 жылы Үндістанға бара жатқан сапарында Жетісуды басып өтеді. Сүй-е озепінің маңында ол бір қалаға кез болады. «Оның аумағы 6—7 ли. Онда түрлі елдерден келген көпестер мен соғдылар тұрады екен. Топырағы қызыл тары мен жүзім өсіруге қолайлы. Сүй-еден тура батысқа қарай бір-бірінен бөлек ондаған жеке қалалар орналасыпты». Бұдан әрі Сюань Цзянь Жетісу қалаларының тұрғындарын, олардың дәстүрлерін, киімдерін, әдет-ғұрыптарын сипаттап, сөзінің соңында бұл қалаларда диқандар мен саудагерлер тұратынын жазған¹.

Сюань Цзяннің жүріп өткен жолы Суябтың батысындағы қалалардың атын атап, олардың арақашықтықтарын көрсетіп берген. «Тан әулетінің тарихы» атты еңбекте келтірілетін сапар бағытымен сәйкес келеді.

Деректерге (көне Тан тарихы) сүйенсек, 677 жылы қытайлар батыс түркілерге қарсы жорық ұйымдастырып, Дучжи қағанды тұтқындап, Сүйе (Суяб) шаһарына жөнелтеді.

Жетісуда түргештер үстемдік жасап тұрған заманда Суябта олардың хандарының бас ордасы орналасты. VIII ғасырдың алғашқы отыз жылдығында қалада ішкі қақтығыстар болып тұрғаны айтылады. Атап айтқанда, 740 жылы түргеш әмірлерінің бірі Мюхе-даған Ферғана және Ташкент әмірлерімен күш біріктіре отырып Суябтың маңында түргеш қағанының ұлы Сулиді талқандап, өзін түргендердің әміршісі деп жариялайды. Алайда Мохэ-дағанның билігі ұзаққа бармайды. 748 жылы Түркістанның әмірі Ван-Чжень сунь батысқа қарай әскери жорық ұйымдастырып, қаланың қабырғаларын тас-талқан етеді². де, будда ғибадатханасын орнатады².

Батыс Түркістанның ішкі істеріне қытайлардың араласуы олардың 751 жылы Атлах түбінде арабтың әскербасы Зияд б. Салихтан жеңілуінен кейін барып тыйылады. Жетісудағы билік тізгіні қарлұқтарға көшті, олар 766 жылы Суябты алып, өздерінің астанасына айналдырды³.

Тұңғыш мұсылман деректері VIII ғасырдың орта шеніндегі Жетісудың қалалары, оның ішінде Суяб туралы

¹ Зуев Ю. А. Китайские сведения о Суябе. Известия АН КазССР серия истории, археологии и этнографии. 1962, № 3(14), с. 90—93.

² Зуев Ю. А. Китайские известия о суябе. с. 95—96.

³ Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. с. 33.

баяндайды. Ибн Хордадбек пен Кудамның мәліметтерінде Суяб Ұлы жібек жолындағы шаһарлар қатарында аталады.

VIII ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі деректер ұсынаып беймәлім автордың «Худуд алу Алем» атты еңбегінде, сондай-ақ Гардизидің «Зайы әл-Әкбар» шығармасында Суяб туралы мынадай сипаттама келтіріледі: «бұл 20 мың адам тұратын үлкен мекен. Шаһардың әміршісі Ялан шах есімді джабгудың бауыры екен»¹.

Бұдан соң Суяб жазба ескерткіштер беттерінен жоғалады да, Жетісудың астанасы ретінде Баласағұн аталады². Тұңғыш рет ол селжүк уәзірі Низам әл-Мүліктің Баласағұнды 943 жылдың қарсаңында дінсіз түркілердің жаулап алғанын баяндайтын еңбегінде сөз болды. Баласағұнды басып алған түркілер (қараханидтер) ислам дінін қабылдап, бірте-бірте Орта Азияны жаулап алады. Баласағұн Қарахан мемлекетінің бір бөлігінің астанасы болады³.

Әл-Мақсидидің деректеріне қарағанда X ғасырдың аяқ шенінде Баласағұн «игілігі мол үлкен елді мекен» болды. Махмұд Қашғари қаланың Құз-Ұлуш және Құз-Урду деген атауларын да келтіреді. Сонымен қатар ол Баласағұн тұрғындарының соғдыша және түркіше сөйлейтіні, Баласағұнда тұратындардың соғдағ деп аталғаны жайында да баяндайды. «Олардың шыққан тегі соғды, бірақ түркіге айналып, солардың салт-дәстүрлерін меңгеріп кеткен».

Баласағұн туралы мәліметтер ас-Саманиде де кездеседі, ол қала Сейхунның арғы жағында, Қашқар маңында болды деп көрсетеді. Дәл осындай деректерді Якут те қалдырған. 1130 жылдар шамасында Баласағұнды қарақытайлар басып алған⁴. 1210 жылы қарақытайларды Хорезм шаһы Мұхаммед талқандайды да, баласағұндықтар осы қолайлы жағдайды пайдалана қояды. Олар жеңіліске ұшыраған әскерді қалаға кіргізбейді. Алайда біраз уақыт қыспақта болған қала беріліп, талан-

¹ *Волин С. Л.* Сведения арабских источников IX—XVI вв. о долине р. Талас и смежных районах. Таласская долина, рукопись. с. 180, 183

² *Бартольд В. В.* Очерк истории Семыречья. с. 40; Он же Баласағұн. Соч., т. III. М., 1965, с. 265—357.

³ *Бартольд В. В.* Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Соч. т. V. М., 1968, с. 74—78.

⁴ *Волин С. Л.* Сведения арабских источников. с. 82, 83—86, 99.

таражға түседі. Деректерге қарағанда, ұрыс кезінде 47 мың адам қаза тапқан. 1218 жылы Баласағұнды моңғолдар ұрыссыз басып алады да, оған Гобалық (Жақсы қала) деген ат береді¹.

Моңғолдар тұсындағы Баласағұн туралы деректер жоқ. Тіпті Баласағұн жайындағы мәлімет Темірдің Моңғолстанға жорығын сипаттайтын еңбектерде де кездеспейді.

«Тан әулетінің тарихындағы» қытай бағытнамалары мен Ибн Хордадбек пен Қудамның бағытнамаларын өзара салыстырған белгілі шығыстанушы Томашектің пікіріше, Суяб Ыстықкөлдің батыс етегіне қоныс тепкен. В. В. Бартольд Суябтың орнын одан гөрі батысқа қарай іздеу керек дейді². Зерттеуші сондай-ақ Баласағұнды белгілі-бір аймақпен шектеуді ұсынды, бастапқыда ол Баласағұн мен Бурана қаласының орнын бір қала десе, кейінірек Ақ бешім үйінділерін Баласағұн деп есептеді³. Бұл белжамдардың алғашқысы XV—XVI ғасырлардағы Мұхаммед Хайдардың мәліметтерімен тиянақталады, онда: «Джу елінің бір тұсында үлкен бір қаланың орны бар, ондағы ғимараттардың, күмбездер мен медреселердің қалдықтары кей жерлерде сақталып қалған. Бұл шаһардың атын ешкім білмегендіктен моңғолдар оны Монара деп атаған». Сонымен қатар осы автор 1311—1312 жылдары қайтыс болған баласағұндық Факих имамның құлпытасының сол кезде сақталып қалғаны туралы да баяндайды⁴. Атауларының ұқсастығына қарағанда Монара (Бурана) қаласының Мұхаммед Хайдар сипаттаған Бурана қаласы екенінде дау жоқ⁵.

Сонымен бірге, Баласағұнның үйіндіге айналған кезі туралы жазған Махмуд Ибн Валидың (1634—1641) кейінірек ұсынылған мәліметтеріне қарағанда, Баласағұн дәл осы Бурана қаласының өзі деген тұжырым сенімді болжамға айналған. Махмуд Ибн Вали былай деп жазады: «Баласағұн — тарихта Моғолстан деген атпен белгілі болған Түркістан Заминнің бір қаласы. Моңғол шапқыншылығына дейін онда таза мұсылмандар тұрған. Олардың ішінен көп ғалым-оқымыстылар шыққан. Мустауфи-

¹ Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. с. 54—56.

² Бартольд В. В. О христианстве в Туркестане в домогольский период. с. 282—283.

³ Бартольд В. В. Баласагун. с. 357.

⁴ Бартольд В. В. Баласагун. с. 357.

⁵ Петровский Н. Ф. Башня Бурана близ Токмака. Записки ВОРАО, т. VIII. 1894, с. 354.

дің айтуынша, Баласағұн — кең байтақ әрі табиғаты әсем ел; ауа райы өте қатал. Кейбір жылнамаларда оның тас қабырғаларының жалпақтығы екі жарым кез болғаны баяндалады. Баласағұнды қырық күмбезді және екі жүз қарапайым мешіт, жиырма ханақ пен он медресе болған... Монғолдар басып алған соң монғолдардың салт-дәстүрлері таным тигізгенге дейін қала жайлы да гүл жайнаған күйде тұрды. Содан бері күні бүгінге дейін ол қаусаған және қаңырап бос қалған күйде келе жатыр. Әлдеқандай бір қашқарлық саяхатшы осы кітапты жазу үстінде Балхта былай деген екен: бірде Қашқардың билеушісі қалмақтарды жазалау үшін Монғолстанға енеді. Екі айда соң шығыстан солтүстікке қарай жүре отырып олар құм астынан биік-биік ғимараттардың, мешіттердің, сарайлардың, медреселердің төбелері шығып тұрғанын және олардың ізі төрт фарса жерден байқалатын бір жерге келдік. Сол аймақтан көп ұзамай біз қалмақтарды қуып жетіп, шайқасқа түстік. Осынау діпсіздердің көбін тұтқындадық та, қайтар жолда өзіміз ғимарат қалдықтарын көрген тұсқа келгенде тұтқындардан бұл жердің қалай аталатынын сұрадық. Олар өздерінің бұл жерде бұрын Баласағұн атты қала болғанын ғана білетіндерін айтты. Бір сөзбен айтқанда, бұл шаһар бұрынғы кездері осынау өлкедегі жақсы қалалардың бірі болғанын, бірақ түбінде ол (тіпті атауы да) мүлде ұмытылған». Екі автордың бір-біріне ешбір байланыссыз-ақ сәулет ескерткіштері, атап айтқанда мұнарасы сақталған қаланың орны туралы бірдей мәлімет беруі, ал Махмуд Ибн Валидің оның көне атауын баяндауы Баласағұн мен Бурананың бір қала екенін сөзсіз дәлелдейді.

Бұл пікірді бүгінде көптеген зерттеушілер қолдап отыр, олардың ішінде археолог В. Л. Горячева мен нумизмат әрі эпиграфист В. Н. Настич те бар. Алайда соңғы кездері этнограф У. Х. Шалекенов ұсынған, Баласағұн Шу өзенінің орта сағасында орналасқан Ақтөбе қаласы деген тағы бір болжам айтыла бастады.

Дегенмен Шалекенов У. Х. жоғарыда айтылған бірқатар жағдайларды еске ала бермейді, оның үстіне бұл көзқарасты жоққа шығаратын негізгі тиянақ та бар. Баласағұн XIII ғасыр мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген, олай болса соған сәйкестендіріліп отырған қала орнында осынау дәуірге тән қазба материалдар болуға тиіс. Ақтөбеде мұндай айғақ жоқ, қаланың өмір сүруінің соңғы шегі XII ғасыр мен XIII ғасырдың басына тура келеді. Оның үстіне, Ақтөбе Ұлы жібек жолының негізгі ар-

насынан жырақта жатыр, ал қаланың өз орны (орталық үйінділері) аумағы жағынан Бураана қаласының аумағынан 5 есе аз.

Суябты А. Н. Бернштам Чон-Кемін аймағындағы Норовийск селосы деп есептейді. Ақ бешімнен алынған нумизматтық материалдарға талдау жасай отырып, Г. Клаусон да Ақ бешім мен Суябты бір қала деп есептейді.

Сөйтіп Суяб пен Баласағұнның ара жігін ажырату жайындағы пікірлерге шолу жасау арқылы бұл екі қалаға мейілінше сәйкес келгендері Ақ бешім мен Бураана деген тұжырым жасауға болады. Бұған дәлел ретінде басқа да қосымша айғақтар келтіруге болады. Суяб атауының жазба ескерткіштер бетінен IX ғасырда жойылғаны мәлім. Әл-Мақсидидің тізімінде мұндай атты қала жоқ, дегенмен бұл Суяб деген қала мүлдем жойылып кетті деген сөз емес. Оның аты өзгерген, дәлірек айтқанда өзгеріске ұшыраған болуы мүмкін. Әл-Мақсидиде Шуй деген қала бар. Ол біздіңше Суяб қаласына сәйкес келетін тәрізді. Осы тұрғыдан алғанда, Махмұд Қашқаридің бір дерегі қызықтыра түседі, ол Баласағұн маңынан түркі ханы Шу бекінісі жайындағы аңызды келтіреді. Енді бір тұста Махмұд Қашқари былай деп жазады: «Орду — Баласағұнға жақын орналасқан қала. Ал Баласағұн осыған байланысты Құз-Урду деп аталады». «Урду — деп анықтай түседі ол, — хан шаһары». Шу хан негізінен қалаған осы аттас қаланы Урду шаһары деу ақылға сиятын сияқты. Бұдан әлдеқайда ертеректе Суяб Урду Ордакент деген атпен белгілі болған. Ходжоның VIII ғасырдың алғашқы жартысында жазылған маникейлік шығармасында Жетісу қалаларының қатарында Иаканкент, Орду-кент, Шеңгелбалық, Қашу қалалары аталады. Бұлардың арасында көпке мәлім Суябтың аталмауы ол орталық қала ретінде Орду-кент делінген деп есептеуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, Суяб, Орду-кент, келе-келе Шуй, Шу, Урду аталған қалалардың түбі бір деуге толық негіз бар.

Біздің ойымызша, Баласағұн VIII ғасырдың Орта шенінде-ақ белгілі болған.

Ортағасырлық географтардың еңбектерінде Жетісудағы мекендер қатарында Бекліг (Беклеліг) аталады, соғдыша ол Семекна делінеді. Оның билеушісі Банал-Сангу немесе түркіше Иинал-Тегін делінді, оның қаласында 3 000 жауынгері болды, бұған қоса қаладан 7 000 жауынгер және шықты. Бекліг (Беклеліг) яки Семекна мекені Баласағұнға сәйкес келеді, ал оның сыры мынада. Бекліг сөзінің шығу торкініне үңілейікші: ол балық сөзіне те-

нестіріледі, ал бұл сөз кейде балиг түрінде де кездеседі. Түркі тілдерінде ол «қала» деген ұғымды білдіреді. «Балық» сөзіне кезінде С. П. Толстов талдау жасаған. С. П. Толстовтың пікірінше, Баласағұн сөзі монғол тіліндегі «қала» деген мағына беретін «балгазин» сөзі сияқты түркінің «балық» (қала) деген сөзінен шыққан.

Ойконым (елді мекен атауы) мәнінің басқа да нұсқаулары болуы мүмкін: бұл сөз «Бала» және «сағұм» деген бөліктерден тұрады, мұндағы «бала» «балық — бекліг» сөзінің өзгерген түрі де, ал «сағұн» түркі, сондай-ақ Орталық және Орта Азиядағы өзге де халықтар ақсүйектерінің арасында кең тараған әскери-әкімшілік шеп болса керек.

Осылай деп ой түюімізге тиек болған бір дерек — Бекліг қаласының билеушісінің Бадан-Сангу деп аталуы. Мұндағы Бадан соғды және парсы ақсүйектері арасындағы белгілі атау болып саналады. С. Г. Кляшторный айқын көрсетіп бергендей, Сенгун (Сангу) атауы атадан балаға беріліп отырған, өйткені Жетісудағы соғдылық қалалар елшілігін 731 жылы Нек Сенгун мен Огул-Тархан басқарған. Оның алғашқысы Бадан-Сангудың ізбасары болған¹.

Сонымен Бекліг пен Баласағұнды бір қала деп есептеуге негіз бар. Алғашқы атау жай ғана «қала» деген ұғымды білдіреді, ал екіншісі «Сағұн-Сегүн қаласы» деген мағына береді. Соғды тілінде Бекліг Семекна деп аталады. В. В. Бартольд бұл қаланы соғдының иелігіндегі мекен деп есептейді. Бұл тұжырымның негізділігін Күлтегінге арналған көне жазудың 51—53 жолдарына жасалған талдау нәтижесі де дәлелдей түседі. Онда соғды қалаларының елшілігіндегі туралы баяндалады, олардың жетекшілерінің бірі Нек-Сенгун делінеді. Біздіңше, ол дәл Бекліг-Семекна-Баласағұнның билеушісі болған. Баласағұнның соғдылық тұрғындары XI ғасырға дейін созылған. Махмұд Қашқаридың «Соғдық-Баласағұнның тұрғындары»² деп жоруы тегін емес. Бұл соғды қаласы Бекліг-Семекна мен кезінде түркіленген соғдылар мекендеген Баласағұнның бір қала екенін дәлелдейтін айғақтардың бірі болып табылады.

Түптеп келгенде, біздің пайымдауларымыздың түп

¹ Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. с. 132.

² Волин С. Л. Сведения арабских источников. с. 84.

төркіні мынаған саяды: Суяб пен Баласағұн бір мезгілде пайда болып, қатар өмір сүрген, бірақ Жетісу тарихының түрлі кезеңдерінде олар әралуан роль атқарған. VII—VIII ғасырларда Суяб — Ордакент астана болды, ал кезінде Бекліг немесе Семекна деген атпен мәлім болған. Баласағұн ірі елді мекен болған. IX ғасырда Баласағұн яғни Құз Орду немесе Құз Ұлыш маңыз ала бастайды да, ендігі жерде Шуй-Шу ретінде мәлім болған Суяб дәстүр бойынша әлі де Орда атын жоймаған шағын қалаға айналады. Суяб пен Баласағұн қатарласа қоныс тепкен, бірінен бірі 5 шақырым қашықтыққа орналасқан Ақ бешім мен Бураана қалаларының орны соларға сәйкес келеді. Археологиялық материалдарға жүгінсек, Ақ бешім — Суябтың гүлдену дәуірі X ғасырда аяқталған, Бураана — Баласағұн X—XIII ғасырларда өмір сүріп тұрған.

АҚТӨБЕ

Ақтөбе қаласының орны Ақсу өзенінің екі қапталында, оның Шуға құяр сағасына тамаң, Жетісудың жазық далалы аймағына қарай жайылып жатыр, сол себепті де ескерткіштің екінші бір атауы далалық Ақтөбе делінеді.

Топографиялық тұрғыдан алып қарағанда Ақтөбе орасан зор кең аймақты алып жатқан, айналасы дуалмен қоршалған, бір қараған адамның көзіне шым-шытырақ болып көрінетін объект болып табылады.

Тұтас ескерткіштің атауына айналған қираған қаланың орталық бөлігі Ақсу өзенінің сол жақ жағалауында жатыр. Қаланың қамалы биіктігі 15 метрдей бұрыштары дүниенің төрт құбыласын меңзейтін төрт бұрышты төбе түрінде жасалған. Іргетас маңындағы төмпешіктің шамалары 120×100 метрдей.

Қамалдың іргесінен аумағы 240×210 метрлік тік бұрыш пішіндегі шахристан басталады. Қамал мен шахристанның ұзына бойына жағалай дуал тұрғызылған, олардың қалдықтары сақталған.

Қираған қаланың орта тұсына таман екі қатар үйінді дуал бойымен қолөнер және ауыл шаруашылығы аймақтары орналасқан. Ішкі және сыртқы дуалдар аралығындағы құрылыстарға қарағанда ішкі дуалдың арғы бетіндегі құрылыстар тығыздау салыпған. Аймақтың ұзындығы өзен ағысымен, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай жүргенде сыртқы шеңбер қабырғаның бойымен

9,5—10 шақырым, ал ішкі қабырғамен 5,5 шақырымдай. Қираған қала орнының ең жалпақ тұсы шығыстан батысқа қарай сыртқы дуал шеңберінде 4 шақырым, ал ішкі дуал шеңберінде 2,5 шақырым болады.

Қала үйіндісі Ақсудың сол жақтағы бірінші қосарлы сағасын және Қарабалтаға дейінгі барлық су алқабын алып жатыр. Оңтүстік бөлікте Ақсудың оң жағалауы өзен аңғарына іргелес орналасқан ішкі үйінді дуалмен көмкерілген де, ал солтүстік бөлігінде бірінші аңғар жиектері өзгеше жақын орналасқан кең де ыңғайлы алқапқа айналады. Ішкі үйіндінің шеңберінде төрт үзік табылды, олар арқылы ертеде жолдар өткен. Оңтүстік және солтүстік қақпалардың аралығын негізгі жол табаны жалғастырып жатыр, оны оңтүстік-батысқа және солтүстік-батысқа қарай екі жол қиғаштай кесіп өтеді. Негізгі жол шахристанның қақпасына келіп тіреледі. Қала орнының құрылысы сан салалы әрі күрделі. Бұл жүйе үйінділерден, қақпа алдындағы бекіністерден, сарайлар мен күзет қабырғаларынан тұрады. Ішкі шеңбер еңісті бөктерлеп отырады да Ақсуды кесіп өтеді, сөйтіп кезінде берік қорғаныс болған іргелі құрылыс түрінде көрінеді. Үйінділердің биіктігі әралуан, кей жерлерінде 5—6 метр, ал басқы тұсында 15—20 метр шамасында. Үйіндінің ұзына бойында төбешік түріндегі мұнаралардың ізі байқалады. Үйіндінің бірінші аңғар жиегімен өтетін тұсы, яғни шығыс жағы аса биік емес: 3—3,5 метр. Үйінді дуалдың үзілген тұстары кірер есік болғанға ұқсайды. Кіре беріс қақпа іш жағынан екі доға қабырғамен бекітілген.

Бекініс жүйесіне сарайлар да кіреді. Олардың ішіндегі ең үлкені оңтүстік қақпа маңында орналасқан. Қаланың оңтүстік қапталын қорғап тұрған үйінді дуал аңғардың ең еңсіз бөлігін жауып тұр. Оның ұзындығы бір шақырым. Дуалдардың шеті өзеннің үзілген тұстарына жетіп жығылған. Шартты түрде Ақтөбе-6 деп белгіленген сарай қақпадан 100 метр шамасындағы биіктеу жерге орналасқан., оның құрамына дуалдың бір үзігі енген. Бүгінде сарай биіктігі 5 метрдей төбешік түрінде сақталған. Төбешіктің аумағы 20×20 метр. Оның іргесінде аласалау төбешік бар. Сарай мен қаланың оңтүстікке қараған қабырғасы ортақ, ал сарайдың үш жағы биік қабырғамен қоршалып, іргесінен терең ор қазылған. Қабырға бойында 5 мұнараның орны аңғарылады. Сарай қаланың оңтүстік бөлігіндегі ең биік жерге салынған және айналасына айбарлы көрініп тұрған.


Ішкі қабырғаның солтүстік қоршауының бойында та-

ғы да екі сарай болған. Олар да жоғарыдағы сарайға ұқсас.

Қорғаныс жүйесіне күзет қорғандары енген. Олардың біреуі Ақсу-Қарабалта айырығы тұсындағы ең биік жерге, ал екіншісі Ақсу мен өзен аралығындағы бөктерге орналасқан.

Құрылыстары қалай болса солай орналастырылған тәрізді болып көрінгенмен қаланың ішкі территориясы айқын да нақты жоба бойынша салынған. Үй мен ауладан тұратын тұрғын мекендер өзен ағысының бойымен тізбектеле орналасқан. Тұрғын үйлер бір-бірімен арқа тұйістіре салынған қатарлар бойынша тізілген. Жеке учаскелердің көлемі әралуан: ширек гектардан бір-бір жарым гектарға дейін. Ширек гектарлық учаскелер үлкен алқаптарға қарағанда көбірек.

Қаланың орталық үйіндісінен бір шақырымдай жерде Ақтөбе-1,2 және 3 деп аталатын үш ауладан тұратын бір тұрғын үй шоғыры орналасқан.



Суретте: Ақтөбе қаласындағы шарап жасайтын орын

Жоғарғы құрылыс қабатының салыну уақытын сол жерден табылған қыш қалдықтарына қарап анықтауға болады. Олар дөңгелек табақшасы бар тостағандардың

сынықтары. Олар қызарта күйдірілген тығыз балшықтан жасалған. Олардың іші мен сырты ақ түсті қоспамен қапталған. Өрнектері қара-қоңыр қызыл және жасыл түсті. Бір тостағанның түбінде құйын тәрізді өрнек, ал енді бірінде өсімдік тәрізді бұйра өрнек салынған. Бір тостағандағы гүл тәжіне нүктелер салынған. Мекен-жайдың өмір сүру мерзімі — VII—XII ғасырлар.

1974 жылдан бері Ақтөбе қаласының орнында Қазақ мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы жұмыс істейді. Қала қамалы, шахристан, қаланың айналасы аршылды. Қазба жұмыстары кезінде жиналған материалдар әлі жариялануға және пайдалануға тиіс, әзірше олар шағын хабарламалар негізінде сипатталуда. Қамал ішіндегі сарай құрылыстарының салтанат бөлмелеріндегі бедерлі сылақтардың қалдықтарына сарайлар мен мекен-жайларға, шахристан құрылысына, қаланың жобалануына сипаттама беріліп жүр, алайда осынау ғылыми мақалалардың бәрі де түбегейлі еңбек бола алмаса керек¹.

Ақтөбе мен Баласағұн екеуінің бір қала екендігі жөнінде сан рет айтылып жүрген болжамдар² сын көтермейді. Дегенмен, Ақтөбенің Жібек жолы бойындағы қалалардың бірі болғандығында дау жоқ.

¹ История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. Средневековые города Казахстана. Алма-Ата. 1986.

² Шалкенов У. Х. Ақтөбе — средневековый памятник. История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата. 1980, с. 19—20.

IV Тарау

БАЛҚАШ БОЙЫНЫҢ БОЗ ДАЛАСЫНАН ХАН ТӘҢІРІНІҢ ҚАРЛЫ ШЫҢДАРЫНА ДЕЙІН

ІЛЕ АЛҚАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МЕН МЕКЕНДЕР

Іле алқабы немесе Жетісу — аса көрнекті де өзгеше әрлі өңір. Ол бейне-бір оңтүстігі мен оңтүстік-шығысын Ерен қабырғаның (Тянь-Шань) қарлы шыңдары көмкерген алып тостаған тәрізді. Осынау тостағанның солтүстік жағы Балқаштың бұйра толқындарына ат басын тірейтін Сарыесік-Атырау құмдарына ұласады.

Тау қойнауларынан, тар шатқалдардан көптеген өзендер бұлқына ағады, олардың ең ірілері Балқашқа барып құяды да, ал ұсақтары Жетісуды оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай жарып ағатын көгілдір күретамыр — Ілеге құлайды. Ірі өзендер қатарына Көксу, Ақсу, Қаратал, Лепсі жатады.

Аса көрнекті совет геоботанигі Р. И. Аболин былай деп жазады: «Ауа райы, өсімдік және топырақ белдеулерін қарастыру кезінде біз географиялық жер бедерін ғана емес, сонымен бірге әрбір нақты аудан үшін ауыл шаруашылығының жағдайларын да айқындайтын тіршілік аймақтары туралы түсінік жинақтаймыз». Жетісудағы тіршілік аймақтары үшін солтүстіктен оңтүстікке бағытталған тік сипаттар тән.

Олар бесеу. Біріншісі — Балқаштан бастап тауға қарай жүрген жолдағы жусанды боз дала. Бұл мал қыстауға өте қолайлы аймақ. Бұдан соң дәнді өсімдікті далалық аймақ. Жасанды суару жолымен бұл аймақта егін мен бақша өсіруге болады. Бұл жерлер ірі қара жайылымына өте қолайлы.

Әртүрлі өсімдіктерге бай аймақ биік тау етектерінде кездеседі. Бұл жерлерде егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуге мүмкіндік мол. Қар қалың түсетіндіктен бұл аймақта қыста малды жаюға болмайды.

Төртінші — орманды немесе шалғынды-аймақ таулы жерлерде орналасады. Ол жерлерде жаздың үш айында мал жайылады. Және, ең соңғы, бесінші — биік таулы-аймақ жазғы 1,5—2 ай бойы жайлау ретінде пайдаланылады¹.

¹ Аболин Р. И. От пустынных степей Прибалхашья до снежных вершин Хан-Тэнгри. Алма-Ата. 1930.

Егіншілік үшін ең қолайлы биік тау етектеріндегі аймақ болып табылады. Басқа аймақтарда егіншілік тек қана суармалы егістік жағдайында ғана мүмкін болады.

Осыдан көрініп отырғандай, алқапта жайылымның алуан түрі бар, ал оны аймақтарға бөлу көшпелі, тікелей, жайылымдық және үй маңында мал өсіруге мүмкіндік береді. Жайылымдық алқаптар өңірдің бүкіл жер көлемінің үштен екі бөлігінен астамын алып жатыр.

Осынау жағдай ежелден-ақ мұнда мал шаруашылығын басым түрде өркендетуге жол ашты. Сонымен қатар, тау бөктерлері мен өзен аңғарларындағы алқаптар ылғалмен қамтамасыз етілген жағдайда егіншілікті, оның ішінде суармалы егіншілікті дамытуға мүмкіндік берді.

Іле алқабының табиғат жағдайларына тән мұндай ерекшелік К. Маркс Шығысқа тән аса маңызды сипат деп есептеген көшпелі қоғам мен отырықшылықтық ұзақ уақыт бойы қатар өмір сүруіне жағдай жасады.

Адам баласы Іле алқабын ертедегі тас дәуірі кезінде игере бастаған. Археологтар Қарғалы шатқалынан жоғары палеолит дәуірінің заттарын тапты.

Қола дәуірінің ескерткіштері болып табылатын обалар мен мекен-жайлар туралы деректер бұдан әлдеқайда мол. Шу-Іле тауларында қарақұдық обасы, Іле Алатауының бөктеріндегі Майбұлақ мекені мен обасы ашылып, зерттелді. Шүйдесі жалпақ балтадан, шапашоттан, шалғы-орақтан және басқа да бұйымдардан тұратын қола дәуірінің қазыналары да осы кезеңге жатады. Мұндағы қола дәуірі біздің эрамыздан бұрынғы X—XI ғасырларға дейін келеді. Қола дәуіріндегі тайпалар шаруашылығының негізгі түрі (андронов мәдениеті деп аталатын) егіншілікпен аралас мал шаруашылығы болды.

Қола дәуірінің мәдениеті мен тектік байланысы берік көшпелілер мәдениетінің пайда болуы әлемдік тарихтағы аса маңызды оқиға болды. Біздің дәуірімізге дейінгі VIII ғасыр мен біздің дәуіріміздің III ғасырының аралығында дала өлкесінің азиялық бөлігінде бірнеше дербес мәдениеттерден тұратын мәдени қауымдастық пайда болды. Іле алқабындағы бұл құбылыс үйсіндер мен сақтар мәдениеті еді. Көне көшпелілер ескерткіштері болып табылатын Беспатыр обасы, Есік қорғаны жақсы зерттелген¹.

Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр мен біздің дәуіріміздегі III ғасыр аралығындағы үйсіндер заманына кө-

¹ Акишев К. А. Курган Иссык. М., 1978.

шіп-қону аумағы шектеліп, отырықшылық тарай бастағаны, мемлекеттіліктің нышаны пайда болғаны байқалады. Ғажап құбылысқа айналған үйсін мемлекеті туралы қазақстандық зерттеуші К. А. Ақышев еңбек жазды¹.

VI ғасырдан IX ғасырдың алғашқы жартысына дейін Іле алқабы Батыс түркі, Түргеш және Қарлұқ қағанаттарының құрамында болды. Бұлардың бәрі де белгілі-бір дәрежеде үйсін мемлекетіне ұқсас шала феодалдық мемлекеттер болды. Бастапқыда түркі тайпалары көшпелі қалыпта өмір сүрді, бірақ көп ұзамай егіншілік етек алып, ұзақ мерзімдік отырықшылық пайда болды, қалалар мен мекендер салынды. Қалалар көшпелі әміршілер тоқтаған жерлерде, ал елді мекендер қыста, көктем мен жазғы уақыт кідірген жерлерде пайда болды. Мұндай мекендер тұрғындарының бір бөлігі, әдетте малы жоқтары, егінді баптау қамымен қалып қойып отырды да, бірте-бірте егіншілерге айналды. Мұндай процесс тіршілік козі мал шаруашылығымен байланысты болған Тува, Монголия, солтүстік Дон, Қара теңіз маңындағы далалар сияқты аймақтардың көпшілігіне тән еді.

Іле алқабында алғашқы қалалар пайда бола бастаған кезең — VIII ғасырдың аяқ шені. Бұл кезде орасан зор аумақты алып жатқан осынау алқапта небары бірнеше қалалар мен елді мекендер бар еді. Дегенмен олар осы уақыттың өзінде отырықшы-егіншілік және қала мәдениеті өркендеп келе жатқан айрықша бір орталықтарға айналған болатын. Билеуші ордасының маңында қыш ыдыс-аяқ пен қару-жарақ, шонжар сарайына, оның от басы мен нөкерлеріне арналған әшекейлер мен маталар даярлайтын қолөнершілер қоныстанды. Көрші мекендер мұнда астық пен жеміс, көкөніс, салтанатты тойларға арналған шараптар әкеліп жататын. Мұнда көршілес аймақтардан, алыс елдерден көпестер келетін болды. Олардың соңын ала Христос пен Будда, Зороастр немесе Мұхаммед сияқты құдайлардың діні мен наным-сенімін уағыздаушы монахтар мен священниктер шұбырып келді.

Енді міне күні кеше ғана қыш дуал іргесінде дала әміршісінің киіз үйі орналасқан, оның қазынасы мен қару-жарағы сақталған шағын орда маңында қалашық бой көтеріп, бір-біріне жалғаса қолөнершілер мен көпестердің шеберханалары салынды, жеке-жеке көкке бой созған ғибадатханалар мен монастырлар, түрлі сипатта салынған қабірханалар пайда болды. Ал қауіп-қатерден

¹ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1977. т. I с. 287—291.

сақтану үшін тұрғындар қала маңын дуалмен қоршаған да, осыдан келіп қала пайда болған.

Ордада елеулі өзгерістер болады. Өзінің билігін, үстемдігін көпке көрсете тұсу мақсатымен билеуші өзіне тынығатын бөлмесі мен салтанат залы, әйелдеріне арналған бөлмелері мен нөкерлері тұратын қазармалар, қоймалары мен ат қоралары бар сарай салдырады. Бұл үшін ол құрылысына шеберлер алдырады. Салтанат залдары мен тынығу бөлмелерінің қабырғалары той-думан, соғыс, құдайлар мен батырлар бейнесі салынған бедерлі суреттермен безендірілді. Ендігі жерде орданы шым қабырғалар емес, ішкі құрылымдары бар, темір қақпалы, биік дуалдарының бұрыш-бұрышына мұнаралар орнатылған, айналасына ор қазылған берік бекіністер қорғап, орда адам аяғы баса алмайтын қамалға айналады.

X ғасырдың орта шенінде Іле алқабы өзінің ең дәуірлеп тұрған заманында Шығыс Түркістан мен Орта Азия жерлерін де қамтыған Қараханидтер мемлекетінің құрамына енді. Астаналық қалалары Қашқар, Баласағұн, Самарқант болды. Дегенмен Іле даласын қарлұқтардың дербес әулеті биледі, оның жоғарғы әміршісі ябғудің сарайы Каялық шаһарында орналасты.

X ғасырдан XIII ғасырдың бас шеніне дейінгі кезеңде қалалардың қауырт өсуі байқалды. Іле және Жоңғар сілемдерінің етегінде, Талғар, Қаскелең, Шелек, Көксу, Қаратал, Лепсі алқаптарында жаңадан қала орталықтары бой көтеріп, ондаған елді мекендер пайда болды. Бұдан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда аты белгілі болған қалалардың саны бірнеше есе өсіп, 50-ге жуықтады. Бұл не, демографиялық жандану ма? Зерттеушілер тұжырымы мұны қостай қоймайды, олар бұл құбылыстың туу себепсі көшпелілер мен жартылай көшпелілердің жаппай отырықшылыққа көшуінде деп түсіндіреді. Бұрынғы малшы-бақташылар қалаға қоныс аударады немесе жаңа құрылыстар салады да, сөйтіп елді мекендер пайда болады. Сауда мен қолөнер дамыды, халық арасындағы көпестер мен темір қорытып, одан қару-жарақ, еңбекке және тұрмысқа қажетті құралдар жасайтын, қыш күйдіріп, шыны үрлейтін, әшекейлер әзірлеп, мата тоқитын шеберлердің үлес салмағы артты.

Көшпелілердің санасына өзгеріс енді, бұрын елеусіз көрініп келген көп нәрсе енді маңыз ала бастады.

VIII ғасырға телінетін бір оқиғада мынадай жайт баяндалады: әскерлерін сыннан өткізу барысында түркілердің ханы бірде-бір «шаштараз, ұста, тігінші» таба ал-

майды. Және бұған ол егер түркілер ислам дінін қабылдаса, онда олар күндерін көре алмай қалады, себебі мұсылман діні қолөнер мен сауда жасауды талап етеді.

Алайда XI ғасырдың өзінде аса көрнекті түркі ақыны Жүсіп Баласағұн: «Қолөнермен айналысатын шеберлер әлі де бар. Оларды өнер тамған саусақтары асырап отыр. Дүние сұлулығының тізгінін ұстап тұрған да солар. Әлемдегі ғажайып атаулының бәрі — солардың шеберлігінің нәтижесі», — деп жазды.

Сол себепті де X ғасырдан XIII ғасырдың басына дейінгі қалалар тек бұрынғыдай орда ғана емес, қолөнер мен сауда нүктелері шоғырланған орталық болды.

Қалалардың өркендеуінде сауда олшеусіз роль атқарды. Бұл кезде халықаралық Жібек жолының бір тармағы Іле алқабын кесіп өтіп, Орталық Қазақстанды бетке алатынды. Ол Іленің оң жақ жағалауымен төменгі сағаға қарай ілгерілеп, суы ариасына тола ағып, Балқашқа апарып құятын тармақтарымен қиылысатын. Балқаштың еңсінсіз тұсынан керуендер жалдап өтіп, Тоқырауын алқабы Дешті Қыпшаққа бойлай есіп, көшпелі дала тұрғындары мен мыс қорытушылар мекендеріне жақындай түседі.

Сауда жолының бағыты археологтар ашып, зерттеген ортағасырлық қалалар мен керуен сарайлардың орны арқылы анықталады.

Алқаптағы ең ірі қалалар жазба ескерткіштерде аталған қалалар болды. Олар: қазіргі Талғардың солтүстігінде орналасқан Талғыз, Көксу алқабында, Талдықорғанның шығысындағы Дунгановка селосының орнында тұрған Екіөгіз, бүгінде Талдықорған облысының Антоновское селосының орнындағы көне үйінділер делініп жүрген, кезінде қарлұқ джабғұларының астанасы Қаялық, қазіргі Панфилов қаласының маңындағы Көктал селосы орналасқан жердегі Иланбалық.

Өзге қалалардың аттары жазба ескерткіштеріне түспеген, бізге жетпеген, дегенмен ғалымдар олардың қалдықтарын тауып, зерттеп жүр. Олардың қатарында Есік, Түрген, Лавар, Шелек, Кеген бар. Қазіргі Алматының орнында, Кіші және Үлкен Алматы, Есентай, Ақсай өзендерінің жағалауларында бірнеше қалашықтар тұрған. Бүгінде бұл қалашықтардың орны айналасындағы үйінділері мүжілген, бұрыш-бұрышындағы мұнара төбелері, ал қабырғаларында бір кездегі қақпаның орындары байқалатын төрт бұрышты алаңдар түрінде сақталған.

Бұл қалалардың кейбіреулерін қазу кезінде орта ға-

сырлардағы қалалардың қандай болғанын, оны мекендеген адамдардың не істегенін, қалай өмір сүргенін, қандай құдайға табынғанын анықтайтын мәліметтер табылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының археологиялық экспедициясы бірнеше жылдардан бер Талғар қаласының орнын қазу үстінде.

Талғар қаласының орны бүгінде жап-жағы мүжілген дуалмен қоршалған төрт бұрышты алқап түрінде сақталған. Бекініс ішінің аумағы 9 гектардай. Дуалдың өн бойында және бұрыш-бұрышында мұнаралары болған. Дуалдың іргесінен қазылған терең ор өткен.

Оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс қабырғалардың орта шенінде бір-біріне қарама қарсы екі есік болған. Олардың арасын жалғастыратын жол қаланы өзара тең дерлік екі бөлікке бөліп жатыр. Бекіндірілген қаланың орталық бөлігінің маңайында сауда-қолөнер аймағы сияқты сан алуан құрылыстар салынған. Солармен қоса есептегенде қала 30 гектардай жерді алып жатқан.

Зерттеушілер жыл өткен сайын Талғар өзенінің жағасында орналасқан қаланың батыс бөлігін арши түсуде. Соның нәтижесінде қазірдің өзінде көпе қаланың қандай болғанын жобалап айтуға болады. Мұндағы үйлер бір-бірімен тығыз орналасқан, үлкен жолдың немесе ішкі көшелердің бойына қатарластыра салынған. Қазіргі қалалардың бір ерекшелігі — мұндағы көшелер қаланы бірнеше бөлікке бөлетін шекара тәрізді, бұрын әрбір көше қаладан бөлектеніп, тұтас қоршалған бірнеше үйлердің ерекше бір шеңберлі қоршауы болған. Бұл өзгелерден іргесі бөлек, барлық жағы тұйықталған құрылыс аймағы тәрізді жасалған. Бір кварталда өзара туыстар немесе кәсібі мен діни наным-түсінігі ортақ адамдар мекендейтіп 6—15 үй болған. Талғар қаласындағы кварталдың аумағы 3500—5000 шаршы метр, ал жалпы көлемі 30 гектар болатын қала территориясында 60-тан аса квартал болған.

Қалалардағы тұрғын үйлердің сипаты да барған сайын анықтала түсуде. Мұндағы үйлер үш-төрт және одан да көп бөлмеден тұрған. Тұрғын бөлмелерде үйді жылытатын, ас даярлайтын және нан пісіретін тандыр, ошақтар болған. Шаруашылық бөлмелерінде ас сақтайтын ұралар, қоймалар бар. Үйлердің көпшілігінде астық сақтайтын үлкен орындар бар, оларда үй иелері өздеріне және сатуға арналған астықтарын сақтаған. Бір жағынан, бұл тұрғындардың ауыл шаруашылығымен байланыстары болғанын, екіншіден, олардың айналадағы көш-

пелі, жартылай көшпелі жандармен сауда-саттық жасап тұрғанын дәлелдейді.

Үй маңында айналасы тастап немесе балшықтан жасалған тұйық дуалдармен қоршалған аулалар бар. Оның іш жағында қой-ешкі тұратын орын, ат қора, сиыр қора, төл қоралар орналасқан. Бұл талғарлықтардың өмірінде мал шаруашылығының үлкен роль атқарғанын аңғартады. Бұл заңды да, өйткені Іле алқабындағы осынау қала халқы отырықшылыққа ауысқан көшпелілерден құралған-ды. Көшпелі өмір тіршілігінің, дәлірек айтқанда оның нышандарының қала тұрмысында сақталып қалғанын бірқатар аулалардан табылған киіз үй сүйектерінің қалдықтары дәлелдеп отыр. Үй жанында жазда отыратын киіз үйлер тігілген. Тұрақты өмір сүретін үй мен киіз үйдің қатар қолданылуы отырықшыға айналған көшпелілерге тән сипат.

Анықталып отырғандай, қала VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырда салына бастаған да, X ғасыр мен XIII ғасырдың басы аралығында жақсы өмір сүрген. Бұл кезеңде ол аса ірі экономикалық, саяси және мәдени орталыққа айналады. Онда ұста, қыштан, шыныдан, сүйектен бұйым жасау, металл өңдеу кәсіптері қанат жайған. Құрылыс ісі ерекше орын алған. Мұның бәрін қала орнынан табылған деректер толық дәлелдейді. Олардың ішінде ұсталардың құрал-саймандары — төстер, ожаулар, сонымен қатар темірден құйып жасалған соқа тістері, балта, пышақ, таға, шынжыр секілді түрлі-түрлі бұйымдар бар.

Қазба жұмыстары кезінде әсіресе күйдірілген саздан жасалған бүтін ыдыстар, көбінесе олардың сынықтары жиі табылады. Олардың ішінде дән сақтайтын 200 литрлік үлкен ыдыстар да, жылтыр глазурмен әшекейленген әсем тостағандар да, жасыл және қоңыр құймамен боялған шырақтар да бар. Саз балшықтан ұсақ ыдыс-аяқ, жылқы мүсіндері сияқты балалар ойыншықтары да жасалған.

Сүйектерден бұйым жасау өнері ерекше өркендеді: түрлі әшекейлер, түймелер мен доғабастар жасалды. Қала орнынан сүйектен жасалған шахмат фигуралары да табылды.

Талғар батыс пен шығысты жалғастыратын керуен жолдарының қиылысында тұрды, сол себепті де бұл жердеп Орта Шығыста жасалған аса көркем металл бұйымдар да табылды. Атап айтқанда, сондай олжалардың бірі — қанатты сақтар бейнесі салынған мыс табақша.

Қаланы қарлұқтар, жікілер, тұхсилер, үйсіндер, дулаттар сияқты түркі тілдес тайналар мекендеген.

X—XI ғасырларда қала тұрғындары мұсылман дінін қабылдады. Мұны қазған кезде қаланың өз орнынан да, қаланың оңтүстік шетіндегі тау етегінде орналасқан қалалық бейіттен де табылған мұсылман қабірлері айғақтайды. Дегенмен қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінде де, жерлеу рәсімдерінде де шаманизммен, көк пен жерге табынумен, жануарларға сыйынумен байланысты сипаттар әлі де болса сақталып қалды. Мәселен, ит сүйегі жерленген қабір табылды, ал итті киелі санау көптеген түркі тілді халықтар мен тайпаларға тән нәрсе. Атап айтқанда, Алтай мен Сібірді мекендеген түркі тайпаларында соңғы кезге дейін итті жерлеу дәстүрі сақталған. Оны төбе басына, биік жерлерге қоятын болған. Бұл арада ит те, өзі қызмет еткен адамдардың өлгеннен кейін баратын жеріне, о дүниеге барады деп саналады.

Талғардағы тіршілік тынысы Жетісуда XIII ғасырдың басында татар-монғолдар жаулап алғаннан кейін әлсірей бастайды. Мұнда негізінен мал шаруашылығы үстем бола бастады, егіншілік пен қала өмірі құлдырап, XIII ғасырдың екінші жартысында қала өмір сүруін тоқтатты»¹.

ТАЛҒАР ҚАЛАСЫНЫҢ ҮЙ-ЖАЙЛАРЫ

1979 жылдан бері арасына үзіліс сала отырып, бірнеше жыл бойы Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Талғар археологиялық отряды Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі орта ғасырлық аса ірі ескерткіш болып саналатын — ортағасырлық Талғар қаласының орнында қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

Көне жайлар қалдықтарын қоғамдағы әлеуметтік қарым қатынастардың, шаруашылық және этникалық мәдени процестер тарихының қайнар көзі ретінде зерттеу археологтарда кеңінен қолданылады.

Тұрғын үйдің өзін «үй салу техникасының көмегімен жүзеге асатын және қоғамдық бірлікті нақты орта мен техникалық мүмкіндіктер жағдайында өз қызметін сақтауға қажетті жағдайлармен мүмкіндігінше қамтамасыз ету мақсатымен табиғи ортадан оқшаулауға бағытталған

¹ Савельева Т. В. Средневековый Талғар. Памятники истории и культуры Казахстана. Вып. 4. Алма-Ата, 1989, с. 51—56.

айқын әлеуметтік тапсырыс»¹ деп қарастыруға болады.

Дегенмен археологиялық материалдардың ерекшелігі одан алынатын мәліметтің тек қабырғалардың, едендер мен ошақтардың сипаттамасын ғана бере алатынында жатса керек. Көп жағдайда қирағанды қалпына келтіруге тура келеді, ол үшін топологиясын жасау методикасы толық айқындалған тұрғын үй жөніндегі этнографиялық материалдар пайдаланылады.

Орта Азия мен Қазақстан археологтары ортағасырлық қала орнын зерттеу жөнінде зор жұмыстар жүргізіп, қыруар материал жинады. Хорезмнің ауылдық бөлігіндегі тұрғын үй-жайларды зерттеумен байланысты мәселелер ауқымын жүзеге асыруда әсіресе материалдардың толықтығы мен методикалық тәсілдерінің сонылығы жағынан бұл саладағы тұңғыш зерттеу еңбегі болып табылатын Е. Е. Неразиктің монографиясы ерекше маңызды роль атқарды.

Отырарда, Оңтүстік Қазақстандағы өзге де ортағасырлық қалалар орындарында жүргізілген кең көлемді қазба жұмыстары аса бай мәліметтер берді, оның ішінде тұрғын үй-жай туралы деректер де аз емес. Тұрғын үй жағдайларын зерттеудің кейбір нәтижелері бірқатар монографияларда да берілді.

Жаңадан жиналған археологиялық материалдар зерттеліп жатқан аудандағы ортағасырлық үй-жайлардың типологиясын жасауға жол ашпақ.

Аршылған тұрғын үйлердің бірінің сипаттамасын бере кеткеннің де артықтығы болмас.

Қаладағы тұрғын үй-жай адам тұратын бөліктен, үйдің өзінен, үлкен ауладан тұрады. Үй-жайға екі жақтан кіреді. Ені 2 метрге жетер-жетпестен біреуі оңтүстік жақ қабырғаның орта шенінен, аула мен үйдің арасынан шығарылған. Сырттан кіретін есік екі үлкен дінгекке орнатылған. Кіреберістегі алаң сәкі түрінде жасалған, тастардың аралары балшықпен бітелген. Осынау қақпалар арқылы аулаға мал айдап кіргізген. Бұл есік қаланы шығыстан батысқа қарай бөліп, өзенге барып құлайтын үлкен жолға қаратылған.


Екінші есік батыс жақ қабырғадан көрші үйге таман жасалған да, өзен бойлай созылған тар көшеге қарай шығарылған. Үй мен судың ең жақын тұсы да осы.

Жеті бөлмеден тұратын тұрғын үй бөлігі жерді қазып жасалған құрылыс түрінде сақталған, қабырғаларының

¹ Массон В. М. Экономика и социальный строй древних обществ, Л., 1976. с. 3.

іргетасы тас пен үлкен қойтастардан қаланып, балшықпен ұстатылған. Қаланған тастың ойқы-шойқы тұстары да балшықпен сыланып тегістелген. Үйдің ішкі қабырғаларының табанына диаметрі 0,4—0,6 метрлік тастар төселген. Сыртқы қабырғаларының табаны одан да ірі қойтастардан, сонымен қатараумағы $0,6 \times 0,9$ —1,0 метр және қалыңдығы 0,3—0,5 метр төрт бұрышты тас текшелерден қаланған.

Мекен-жайдың тұрғын бөлігі мен ауласын қазу кезінде заттық материалдар, негізінен алғанда құйылмаған қыш ыдыстардың сынықтары, сүйектен, металдан, шыныдан жасалған түрлі бұйымдар, сондай-ақ көптеген сүйектер жиналды.



Суретте: Талғар қаласының орны

Металл бұйымдардың ішінде пышақ сынықтары, жебенің екі ұшы, ілгек, таға, садақтың сүйектен жасалған жапсырмалары, әсем айылбастар, алқа түйреуіш, білезік, басқа да әшекей бұйымдары бар.

Қыш бұйымдар коллекциясында қазан түрінде жасалған ыдыстар мол. Қазандарға әшекей салынбаған, кейде бірлі-жарым ғана сызықтар кездеседі. Табақша тәрізді ыдыстың екі сынығы, үшбұрышты тұғыры бар шырағданның сынығы табылған. Үлкен келі түптерінің, оның біреуінің түбіне әшекейленген құйма құйылған, бірнеше сынығы да табылды.

Сынықтары табылған құмыралар да назар аударар-

лық. Олар ас құюға және су әкелуге арналған құмыралар болып бөлінеді. Ас құюға арналған құмыраларда толқынды әшекей сызықтары бар. Құмыралардың сырты ақшыл түске боялып, шеңбер, үшбұрыш пішінді бедерлермен әшекейленген.

Мол жиналған қыш ыдыстар сынықтарының ішінде қою-жасыл, сарғыш қоңыр, ақ түсті бояу жағылған бірнеше бөлшектер бар. Әсіресе түбі шеңбер тәрізді, қызыл-қоңыр түспен өрнектеліп, үстінен мөлдір құйма жағылған тостағанның сынығы назар аударады. Мұндай ыдыстар XI ғасыр мен XII ғасырдың басы аралығында болған.

Мекен-жайдан табылған қыш бұйымдар Талғардың орнынап бұрышырақта табылған және Жетісудың солтүстік-шығысындағы көне қалалар орнынан алынған ыдыс-аяқтарға өте ұқсас, бұл Талғар қаласындағы осынау тұрғын мекеннің өмір сүру дәуірін XI—XII ғасыр деп белгілеуге мүмкіндік береді.

Өзге мекен-жайлардағы тұрғын бөліктер де осындай не осыған ұқсас. Аулаларда түрлі құрылыстар мен мал қамайтын арандар болғап, сондай-ақ мұнда киіз үй тігілетін болған, қазылған он екі мекен-жайдың үшеуінен осындай киіз үйдің орны табылды.

Зерттеліп отырған аудандағы ортағасырлық қалалардың тұрғын мекен-жайларына ұқсас нәрселерді іргелес аудандар жерінен іздеген жөн. Мәселен, жобалауы, құрылыс салу техникасы жағынан талғарлық мекен-жайлар мен Жетісудың оңтүстік-батысындағы (Қызыл өзен, Ақтөбе-1) қалалардағы мекен-жайлардың арасында сәйкестіктер көп.

Дегенмен Талғар мекен-жайларының сәулеті мен құрылысында жергілікті материалдардан, ауа райының дамуының ерекшеліктерінен туындайтын айрықша белгілер бар екені көзге түседі. Құрылыс салуда тастың кеңінен пайдаланылуы бұл материалдың мол болғанын аңғартады. Ауа райының қаталдығы тұрғын үйді жерді қазып барып салуға мәжбүр еткен, ал ауланың кең болуы Талғар тұрғындарының шаруашылығында мал өсіру басым болғанын аңғартады.

Малға арналған кең арап-аулалары бар тұрғын мекендер кешені Іле Алатауы мен Орталық Ерең қабырға (Тянь-Шань) бөктерлерінде біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларынан бастан-ақ белгілі болғанын атап айтқан жөн. I—III ғасырларда үйсіндер мекендеген Ақтас-II мекенінен балшықпен ұстата отырып тастан қаланған

тұрғын үй және шаруашылық бөлмелерінің жеке мал қамайтын араның орны аршып алынды.

Талғардағы мекен-жайлар дәлелдеп отырғандай, тастаң құрылыс салу дәстүрі орта ғасырларда ерекше дамыған. Бұл кезде сондай-ақ Кетпен тауының етегінде Сүмбе қаласын салуда да тас негізгі құрылыс материалы ретінде пайдаланылған. Іле алқабындағы отырықшы және жартылай отырықшы қазақтардың ХІХ—ХХ ғасырларда да тасты кеңінен пайдаланғанын атап айтудың маңызы зор. Олардың қыстауларының жобаларына назар аударар болсақ, мұнда үстіміздегі мыңжылдықтың басынан бері жалғасып келе жатқан, күні кешегі малшылар өміріне тән принцип — тұрғын үйді мал қоралары мен арандарына жалғастыра салу дәстүрі сақталғаны көрінеді.

Жаңадан жүргізілген қазба жұмыстары аулалардың ішкі құрылымы жөнінде қызықты мәліметтер берді. Бұлардың тек бос жатқан алаң, мал ұстайтын аран ғана емес, ірі қара мен уақ малға арналған бөлек-бөлек орындары, ат ұстайтын орны бар, төл тұратын бөлмелері жылытылып отырылатын күрделі кешен екені анықталды.

Осы тұрғыдан алғанда, тұрғын үйлері мен мал қоралары бір-біріне жалғасып, тұтас құрылыс жүйесі болып саналатын қазақтар қыстауларының сипатына көз жүгіртудің мәні зор. Батыс Қазақстандағы қазақтар қыстауларының аулаларындағы қоралар малдың түріне лайықталып жасалады, ал төлдер жылытылатын қораларда ұсталады. Әдетте, түйеге, сиырға, бұзауларға, өгіздерге, қойларға арналған бөлек-бөлек немесе ортақ қоралар салынған.

Тұрғын үй мен аран-ауланы жалғастырып салу принципі отырықшылыққа ауысқан көшпелілерге тән, мұның өзі орта ғасырларда Іле алқабындағы отырықшы және қала тіршілігінде көшпелі тұрмыс дәстүрлерінің сақталғанын айғақтайды. Мұның тағы дәлелі тұрақты үй-жайлар мен киіз үйлердің қатар қолданылуы. Мұндай мысалдар аз емес. Мәселен, Қызылөзен қаласының сыртындағы Х—ХІ ғасырлық сарай орнын қазған кезде ауласынан киіз үйдің сүйектері табылған. Отырықшыға айналған көшпелілер өміріне жүргізілген этнографиялық зерттеулерден белгілі болып отырғандай, олар ұзақ уақыт бойы тұрақты тұрғын үйлермен қоса киіз үйлерді де пайдаланып отырған.

Сонымен, Іле алқабындағы қалалық мекен-жайлардың екі түрі болған деп айта аламыз. Оның бірі киіз үй-

мен бірге де, екіншісі киіз үйсіз. Тұрғын бөлігі екі не одан да көп бөлмеден және екі-үш тәртіппен орналасатын шаруашылық бөлмелерінен тұрған.

Тұрғын бөлмелерде ошақ орналасқан, ал шаруашылық бөлмелерінде азық-түлік сақтайтын қоймалар болған. Шаруашылық бөлмелерінің құрамына астық құятын қамбалар да кіреді. Бірқатар үйлерде оның көлемді болуы астықтың бір бөлігі сатуға арналғанын аңғартады.

Орта ғасырлардағы Талғардың мекен-жайларын зерттеу бұрын шаруашылығының басым бағыты мал өсіру болып келген аудандардағы қалалар мен отырықшы елді мекендердің пайда болу, қалыптасу процесін бағдарлауға мүмкіндік береді.

АЛМАТЫНЫҢ ТАРИХЫ

Қазақстанның астанасы Алматының ресми тарихы 1854 жылдан басталады. Бұл кезде Алматы өзенінің жағасында бекініс салынып, көп ұзамай Верный деген атқа ие болған қала бой көтере бастайды. Алайда, түрлі деректер айғақтап отырғандай, қаланың тарихы ғасырлар тереңінен тамыр алады. XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген мемлекет қайраткері, жазушы әрі ақын Захириддин Мұхаммед Бабырдың шығармасында мынадай деректер келтіріледі: «Ферғана — ауа райы бесінші белдеуде жататын жер, ол өңделетін жер шекарасына орналасқан; оның шығысында — Қашқар, батысында — Самарқанд, оңтүстігінде Бадахшан шекарасындағы таулар, солтүстігінде бұрын Алмалық, Алматы және Таразкент кітаптарында аты аталатын Янга сияқты қалалар болғанмен, оларды монғолдар қиратқан, сөйтіп ол жерлерде елді мекендер мүлде қалмаған»¹. Бұл арада болашақ Алматының орнында болған Алматы атты ортағасырлық қала туралы айтылып отырған болу керек.

«Үлкен Алматы» аймағын адамдар ерте кездерден-ақ пгерген. X—IX ғасырларда, қола дәуірінің соңғы кезеңінің өзінде-ақ мұнда отырықшы мекендер болған, олардың тұрғындары егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан, жертөлелерде тұрған, жертөлелер шағын елді мекендер құраған.

Қаланың солтүстік жақ шетіндегі шағын бұлақтың маңынан табылған сондай мекендердің біріне археологтар зерттеу жүргізді. Бір бөлігі қызылға боялған қыш

¹ *Бабур-намэ*. Перевод М. Салье. Ташкент, 1948 с. 9.

ыдыстар ерекше көзге түсті. Мұндай ыдыстар сол кездің отырықшы-егіншілік мәдениеті барынша өркендеп тұрған Ферғанада пайдаланылған. Ферғана мен Алматыдан табылған қыш ыдыстың ұқсас болып шығуы осынау екі аймақ арасында қола дәуірінің өзінде мәдени байланыс болғанын аңғартады. Бұл байланыс кейініректе сақтар дәуірінде де жалғаса түсті.

Бұл дәуірде Алматының маңы шөбі қалың, өзен аңғары мал жаюға қолайлы аймақ болды. Бұларда сақ, кейінірек үйсін тайпалары қоныстанды. Ол кездерден көптеген обалар сақталып қалған, солардың ішінде «сақ патшалары» әулетінің аумақты оба-қорғандары бар. Күні кешеге дейін мұндай қорғандар Верныйдың бір қабатты үйлерімен қатар өмір сүріп келді, бірақ бүгінде олардың бәрі жойылып, орнына Алматының зәулім үйлері салынып кетті. Тек бірлі-жарым қорғандар ғана сақталған. Қаланың шет аймақтарында, атап айтқанда, қаланың шығыс жағында үш қорғаннан тұратын бір топ ескерткіш сақталған.

Мұндай қорғандарда сақтың белгілі адамдары асыл киімдерімен, алтын әшекейлермен, бедерлі белдіктерімен, қару-жарағымен, асыл тастарымен, үй бұйымдарымен, қыш және ағаштан жасалған ыдыстарымен қоса жерленген. Сақтардың өз көсемдерін қандай салтанатпен жерлендерін Алматыдан 50 шақырым жердегі Есік қорғанынан алыпған материалдар айғақтайды¹.

Сақтарға қатысты кездейсоқ табылған олжалар қатарында қоладан және темірден жасалған қазандарды айтуға болады. Алматы шеңберінен кездейсоқ табылған мұндай олжалар тұтас коллекция құрайды. Ол қазандардың көпшілігі шырақ көздерімен қатар орналастырылып, жалнықауымдық немесе тайпалық салтанаттар өткізуге арналса керек,

Ғұрыптық ескерткіштер қатарына құрбандық сәкісі деп аталатындар да жатады. Олар төрт бұрышты немесе дөңгелек үстел түрінде мыстан немесе қоладан жасалады. Құрбандық сәкісінің сирақтары жануарлардың аяқтары түрінде жасалып, бет тақтайлары атты адамның, адамдар мен жануарлардың бейнелерімен әшекейленеді. Арнайы әдебиеттерде әсіресе Верный қаласының маңынан табылып, В. С. Стрелков жариялаған² «жетісулық

¹ Акишев К. А. Курган Иссык. Алма-Ата, 1978.

² Записки Императорского археологического общества. т. III. Вып. I. Новая серия. СПб, 1887. с. 278.

алтарь» деп аталатын ескерткіш кеңінен әйгілі болды. Ол — төрт сирақты аласа үстел. Үстелдің бет тақтайының ернеуіне қанатты барыстың 25 мүсіні салынды.

Тағы да осындай құрбандық сәкісі Алматыда, ашылып қалған қорғаннан табылды. Ол төрт бұрышты, конус түріндегі тұғыры бар үстел жасалған. Оның төрт бұрышында қанатты барыстың бейнелері бекітілген¹. Дөңгелек таба тұғырына бекітілген құрбандық сәкісі де көпке мәлім. Табанын жиектеріне жеті жолбарыстың мүсіні салынған, ал ортасында екі түйенің бейнесі бар².

Қазір белгілі болып отырғандай, қазандар, құрбандық сәкілері мен қоладан жасалған өзге де ғұрыптық бұйымдар сақтардың өзгеше бір храмдары мен қасиетті орындарының бөлшектері болып табылады. Солардың бізге қаты қираған күйде жеткен біреуін археолог М. Қадірбаев Алматының оңтүстік шетінен тауып алып, зерттеді. Ол көлемі 130 шаршы метрдей шеңбер алаң. Алаң табанында жапқан оттың қалдығы бар балшықтан жасалған сәкі бар. Оның үстінде үй жануарларының сүйектері, тастан, қыштан жасалған құйма қалыптар жатыр. Дәл осы жерден қоладан істелген құрбандық сәкісі де табылған. Ол ою-өрнектері конус түріндегі тұғыры бар дөңгелек табандан тұрады. Табаның жиегінде бір-бірінің ізімен солға қарай «жөңкіген» 15 зебу бұқасының мүсіні бар. Ортасында «шырағдан түтік» (?) пен қолына садақ ұстаған атты жауынгер бейнесі орналасқан. Атты жауынгер зебуге қарай бұрылып, садағын кезеңі тұр. Зебу мен атты жауынгер композициясында аңыздық мазмұн болуы мүмкін. Сондай-ақ, құрбандық сәкісі де басқалар сияқты отқа табынумен байланысты екені анық. Садақты жауынгер бейнесі, бәлкім, Митру күн құдайының кереметін бейнелейтін шығар. Ол туралы Авеста мен Ригведа да «ірі қараның иесі» делінеді ғой. Осыған қарағанда, осынау құрбандық сәкісі табылған храмды от ордасы деп атауға болар, бәлкім. Храмның салынған мезгілі біздің дәуірімізге дейінгі III—II ғасырлар.

Көпке белгілі олжалардың бірі, Алматының маңынан табылған «Қарғалы диадемасы» бұдан гөрі кейіпірек дәуірлердің біріне жатады. Іле Алатауындағы Қарғалы шатқалынан 2300 метр биіктен табылған. Ол — екі бөліктен тұратын ұзын алтын табақша. Ұзындығы 35 сан-

¹ Қазақстанның Орталық мемлекеттік музейінде сақтаулы. № 1181.

² Мемлекеттік Эрмитажда сақтаулы. № СА 13 762.

тиметр, ені 4,7 сантиметр. Табақша бетіне өсімдік тәрізді өрнек ойылған, оған бір еркек, бір ұрғашы марал бейнесі жалғасқан, екі маралдың ортасында алтын құс тұр; оның қасындағы қанатты жолбарысқа бір әйел мініп алған, төбелерінде құс ұшып жүр; тағы да тұғырда тұрған қанатты ат, аспанда қалықтаған құс, таутеке мінген әйел, аю мен құс, үстіне әйел отырғызған арқар бейнелері салынған. Осынау тұтас композицияны үш түрлі бөлікке ат мүсіндері бөліп тұрғандай. Оның ортасында айдаһар, оның екі қапталында бір-біріне қарама-қарсы тұрған жануарлар бейнеленген. Жануарлардың көздеріне асыл тастар орнатылған, денелері көгілдір ақық таспен әшекейленген. Диадеманы тұңғыш зерттеген А. Н. Бернштамның болжамы бойынша ол шамамен дініндегі әйелдің тәжі болған, жасалу мерзімі біздің дәуірімізге дейінгі I ғасыр мен біздің дәуіріміздің II ғасырының аралығы. Ол сонымен қатар диадемадағы суреттің түпкі мазмұнында Иран мен Қытайдың наным-сенімінің ықпалы да бар деп шамалайды.

Алайда жаңадан жүргізілген зерттеу жұмыстары суреттің мәнін түсініп, олардың шығу төркінін айқындауға, тұтас мағыпасын ашуға мүмкіндік берді. Қарғалы зираттарының дәуірі анықталды. Олар біздің заманымызға дейінгі II ғасыр мен біздің заманымыздың I ғасырынан келе жатқан болып шықты. Оны Бактриядағы Тилль-теп патшаның қабірінен алынған, Хохлач қорғанындағы сармат қабірінен алынған, Жетісудағы Есік, Таулы Алтайдағы Уландырық атты сақ қорғандарынан табылған тәждермен салыстырудың сәті түсті. Диадемада бейнеленген суреттің өзі Европа мен Азияға кең тараған құдай-ана мен жемістілік құдайы Диониске табыну салтымен байланысты. Гректің наным-сенімдері шығыс халықтарының көктемгі күнмен теңеулерінде атап өтілетін науырыз сияқты аса маңызды мерекесімен жақсы үйлеседі. Қарғалы диадемасында дионистік той-думан бейнеленген. Дионис мұнда қабылан үстінде салынған, аракідік жолбарысқа да отырғызып бейнелейді. Дионистік наным-сенім бойынша ең басты жануарлар бұғы мен ешкі, аю болып табылады. Диадемада бейнеленген су құстары — аққу, қаздар жемістілік, құнарлылықтың белгісі ретінде көрінген. Тұтастай алғанда, Қарғалы диадемасында сонымен қатар дүниенің үш саласы бейнеленген. Олар: диадема бейнеленген өмір бәйтеректің тамыры жалғасатын жерасты тіршілігі; адамдар мен жануарлар өмір сүретін жер бетіндегі тіршілік және құдайлар мен құстар

мекені — аспан тіршілігі. Тұғырдағы, дәлірек айтқанда, тау шыңында тұрған ат бейнесі күннің символы ретінде, ерекше бір құдіретті игілікті бейнелейді. Мұндай күрделіленген образдардың Жетісу маңындағы, нақтылап айтсақ, Алматы маңындағы көшпелілердің идеологиясына енуіне Ұлы Жібек жолы бойындағы байланыстар мүмкіндік туғызды.

Алматы төңірегіндегі өмір тіршілігінің келесі кезеңі феодализм дәуірімен байланысты, бұл кезде мұнда елді мекендер мен қалалар пайда болды. Бұл VIII ғасырдың аяғы мен X ғасырдың аралығы, қала мәдениетінің, отырықшылықтың дамыған кезеңі, бұл аймақтың сауда байланысына, әсіресе Жібек жолы бойындағы байланыстарға тартылу дәуірі болды. Алайда Жібек жолы, дәлірек айтқанда, оның Іле алқабын қамтыған тармағы X—VIII ғасырларда ғана бар күшімен жұмыс істеді. Бұл кезде «Үлкен Алматы» аймағында бірнеше елді мекендер мен қалалар болды. Олардың бәрі де бүгінде жойылған, жана құрылыстардың астында қалған, әйтсе де олар туралы деректер түрлі есептер мен басылымдарда сақталып қалған.

Алматы — I қаласының орны Алматы қаласының оңтүстігінде, «Горный гигант» колхозының жерінде орналасқан. Ол аумағы 140×150 метр, бұрыштары дүниенің төрт бұрышты төбешік түрінде сақталған. Оның солтүстік-батыс іргесіне айпаласы дуалмен қоршалған, көлемі 85×40 метр тағы бір тік бұрышты алаңқай жалғасады. Қаланың айналасы балшықтан тұрғызылған төрт бұрышты дуалмен қоршалған. Дуалдың бұрыштарында домалақ мұнаралары бар. Дуалдың биіктігі 2—2,5 метр, ал мұнаралар 3 метрге дейін бой көтерген. Қаланың қақпасы оңтүстік қабырғаның ортасында болған тәрізді.

Қала терең орлардың ортасына салынған, бұл оның қорғаныс қабілетін арттыра түскен.

Қала ішіндегі төбелердің бірінде тік шұңқыр қазылған. Соның нәтижесінде мәдени қатпарлардың қалыңдығы бұл жерде 1,8—2,2 метр екені анықталған.

Ең жоғарғы қабатта (0,3—1,4 м) қыштан жасалған түрлі ыдыстардың сынықтары көп сақталған. Осы жерден қатты тот басқан пышақ және ұзын темір шегелер, сондай-ақ тандыр сылағының сынықтары, қызғылт-қоңыр мөлдір тастан жасалған мошпақтар табылды. Бұл қабатта қойдың, жылқының, сиырдың, басқа да жануарлардың сүйектері мол сақталған. 110 сантиметр тереңдікте тастап қаланған ошақ, тандырдың қиратындылары

кездесті. Ошақтың айналасында «күн, қиғаш крест және қосарланған жүрек» түріндегі бедер басылып әшекейленген ыдыстың бүйір сынығы табылды. Ыдыстағы ою-өрнек Талғар қаласының орнынан кездейсоқ табылған ыдыстың безендірілуімен бірдей. Тандырдың жапында диірменнің сынығы алынды. Алтын түсті бос топырақтан тұратын ең астыңғы кабаттан құйылмаған қыш бұйымдар сынықтары, тандыр сынығының қалдықтары шықты. Тазалау кезінде анықталғандай, бадыраптың іші күлге, үй жануарларының шіріген сүйегі мен органикалық қалдықтарына толы болған.

Сөйтіп, қала орнының екі қатпардан тұратыны және жалпы топографиялық белгілері мен қыш материалдарға қарағанда оның IX—XIII ғасырларға жататыны анықталды.

Алматы — II қаласының орны кейінгі кезде ғана жойылды, үстіне осы заманғы үйлер салынды. Ол Кіші Алматы өзенінің бойында, қазіргі шекара училищесі тұрған жерде болатын. Құрылыс жұмыстары кезінде бұл арадан орта ғасырлық ұстахана табылды. Ұста көрігі аршып алынды, оның жапында түрлі темір әзірлемелер, дайын бұйымдар, оның ішінде шапа-шот, кетпен, соқаның тісі, темір қазанның бүйірі болған. Осы жерден балқыған металл құятын шөміш пен су құятын екі құмыра да шықты.

Есентай (Весновка) қаласының орны Алматы қаласындағы Қазақ ССР Ғылым академиясы Ботаника бағының шеңберінде орналасқан. 1969 жылы құрылыс салу кезінде мұнда қыш бұйымдар қазынасы табылды.

Аймақты тексеру кезінде қыш ыдыстардың арнайы қазылған ұраларда сақталынатыны анықталды. Осы заманғы жердің бетінен есептегенде оның тереңдігі 1,3 метр, ал диаметрі 1,5 метр болған. Әсіресе құймамен қапталған ыдыстар көңіл аударарлық. Оның бәрі кіреңке тәрізді цилиндр пішіндес ыдыс, екіншісі жапсырылған екі құлағы бар банка дәріздес ыдыс. Ыдыстың екі беті де о баста қызыл түсті болып күйдірілген қыштың бетіне жағылған ақшыл ангобтың сыртынап мелдір құйма құйылып қапталған. Екі пішінде қара-қоңыр және қызыл түсті жазумен арантың «лям» және «алиф» әріптері әдемілеп жазылған. Тұтқалары мен тәжінде қоңыр түсті бояудың ізі байқалады. Дәл осындай құймамен қапталған және араб альфавитіндегі әріптер түрінде сәндеп өрнектелген осы секілді ыдыстар Шу және Талас алқаптарынан табылған. X—XII ғасырлардағы қатпарлардан мол кездескені мәлім.

Құйылмаған ыдыстар қатарында екі хум, бес құмыра және қос құлақты тостаған бар. Олардың бірі қыш бұйым жасайтып шеңбердің көмегімен істелген.

Темір бұйымдар мыналар: үлкен хумды жабатын қақпақтың тақтайлары қағылатын тұтқа-шегелер. Қақпа шірігеннен кейін тұтқа-шегелер хумның ішіне түскен, сөйтіп сол жерде ағаш қалдықтарының арасында сақталған. Сірә, хумның үстінде шапашот та жатса керек, хумның ішінін шапашот та шықты.

Бекініс жасалмаған Ремизовка мекені Алматының оңтүстік жақ шетінде, әл-Фараби көшесінің жоғарғы жағында, Ремизов шатқалына қарай бұрылар тұста орналасқан. Ол таудың бастапқы сілемдерінің төбесінде жатқан жазықты тұйықтап тұр. Аумағы батыстан шығысқа қарай 120 метр, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 100 метр. Бәлкім, таудың солтүстік сілемдері жағында дуал болуы да мүмкін, оны ұзынынан созылған төбешіктер дәлелдей түседі. Жер бетінде қыш қазандардың, құмыралардың, хумдардың сынықтары шашылып жатқан, оларды XI—XII ғасырларға телуге болады.

Тереңқора қаласының орны Алматының солтүстігіндегі, «Заря Востока» поселкесінің жерінде жатыр. Төрткүл Тереңқора өзенінің оң жақ жағалауына орналасқан. Трапеция түріндегі төрт бұрышты қабырғалар түрінде сақталған, қабырғаларының бойында мұнаралары болған. Бұрыштары дүниенің төрт бұрышына бағытталған. Қабырғаларының үлкендігі: солтүстігі — 320 метр, батысы — 230 метр, оңтүстігі — 280 метр, шығысы — 300 метр. Дуалының жалпақтығы 12 метр, биіктігі 1,7—2,5 метр. Төрткүл үш қапталынан жалпақтығы 12 метр, тереңдігі 1,5 метр ор қазылған. Солтүстік жақтағы қабырғаның орта тұсындағы екі босағасына радиусы 6 метрлік екі мұнара орнатылған қақпа сақталған. Дәл осындай мұнаралардың солтүстік қабырғаның өне бойында, сондай-ақ оңтүстік және шығыс қабырғалардың кей тұстарында болғаны байқалады. Қаланың ішкі алаңы тегіс, ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінде аздаған қырат бар. Төбешіктердің біреуі оңтүстік дуалға іш жағынан барып тіреледі.

Қаланың орнынан шамалы мөлшерде қыш бұйымдардың қалдықтары жиналды. Олар — шеңберде дайындалған және қолмен соғылған ыдыстардың сынықтары. Қаланың өмір сүрген кезеңі XI ғасыр мен XIII ғасыр басының аралығы.

Сонымен, археологиялық олжалар Алматының тарихын едәуір ұзартып, оны Шығыстың көне қалаларының қатарына қойды.

ІЛЕ ӨЗЕНІНІҢ ТӨМЕНГІ САҒАСЫНДАҒЫ КӨНЕ СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕР

Іле-Қаратал өзендерінің аралығы оңтүстік-шығысында Бақанас поселкесімен (Іле өзенінің жағасы) — Үштөбе станциясымен (Қаратал өзенінің жағасы), солтүстік-батысында Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс жағалауымен, ал шығысы мен батысында аталған өзендердің қазіргі арналарымен шектесетін орасан зор аймақты алып жатыр. Ендік пен бойлық бойынша алғандағы ауданының ұзындығы 200 және 250 шақырымға тең.

Аймақтың жер бедері біркелкі, көп бөлігіп Сарыесік-Атырау шөлі алып жатыр, жазық далаларды Бақанас өзенінің құр арналары мен көптеген тармақ, қолтықтары, сондай-ақ көне дәуірден қалған суару арықтары мен жыралары айқұш-ұйқыш кесіп отіп жатады.

Одан әрірек солтүстік-батысқа қарай, Іле өзенінің сағасы мен Балқаш көлінің жағалауына таман батпақты жерлер орналасқан.

Бақанас сағасы өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне аса бай емес. Бар-жоғы: тығыз өскен сексеуіл тоғайлары, қаңбақ, шеңгел, анда-санда үнемі құрғаған өзен арналарында өсетін тораңғы кездесіп қалады.

Кез-келген жерде құмтышқан кездеседі, анда-санда сексеуіл арасынан шыға келген қоян зып етіп қайта жоғалады, немесе аяқ астынап қос бұлдырық пыр ете қалады. Өне анау көз ұшында дала жануарлары жайрандар мен ақбөкендер үйірі зулап барады. Шөл даланың үнсіз тынысын тек оны көзімен көргендер, құлаққа ұрған танадай мүлгіген тыныштықтың қаншалықты ауыр екендігін өз жанымен сезінгендер ғана түсіне алмақ.

Аптапты үнсіздік пен шөл даланың бірсарынды көрінісін алыстан көрінген құм жолдары бұзғандай болады.

Міне, көз ұшындағы сап-сары құм жолдарының арғы жағынан бір кезде айналасына айбар шашып тұрған ортағасырлық қаланың бекіністері мен мұнаралары жарқ ете қалды. Затына аты сай — Ақтам деп аталған. Қала бір кезде арнасы толып аққан Іленің бойында болған мәдениеттің куәгері болып табылады.

Бұл аймақтағы мекендер мен қалалардың, суару жүйелерінің қалдықтары туралы алғашқы мәліметтер осы

өңірді зерттеген географтардың, биологтардың, топырақтанушылардың, геологтар мен гидрогеологтардың еңбектерінде берілген.

XX ғасырдың басында Бақанастың су қаншақ құр арналарын белгілі географ Л. С. Берг зерттеді. Ол Іле өзені бір кезде өзінің қазіргі құрғап қалған арналар бойымен Балқашқа барып құйғаны туралы да тұңғыш пікір айтқан адам болды. Әсіресе оның Бақанас сағасындағы жерлердің құнарлылығы, бұл аймақта суармалы егіншілікті игеруге болатындығы туралы пікірлері¹ аса құнды.

Л. С. Бергтың осы айтқандарынан және оның жерді іс жүзінде пайдалану жөніндегі аса құнды пікірлерінен кейін Бақанас топырағына деген қызығушылық бір сәт те төмендемей келеді. Бұдан кейінгі жұмыстар ауданды тек ғылыми тұрғыдан зерттеу мақсатында ғана жүргізілген жоқ, дегенмен олардағы негізгі бағыт Бақанас сағасының құнарлы жерлерін халық шаруашылығының мүддесіне қарай игеру болды. Мұндай жұмыстар қатарына Р. И. Аболиннің, Ш. И. Безсоновтың, В. А. Николаевтың және басқалардың еңбектерін жатқызуға болады.

Археологиялық жағынан Бақанас аймағы кейінгі кезге дейін зерттелмей келді. Ақтам деген жалпы атаумен белгілі болған үш қаланың орнынан тұратын ескерткіштер тобы және олардың тұрған орны жайлы ең нақты деректер географ Н. Н. Пальговтың жұмысында келтіріледі. Онда автор сонымен қатар көптеген жер суару жүйелері — арықтар мен жыралар туралы деректер келтіреді.

1962 жылдың күзінде Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институтының К. А. Ақышев басқарған Жетісу археологиялық экспедициясы Бақанастың ертедегі сағасына барлау жасап қайтты.

Бұдан кейінгі жылдары ашық ескерткіштерді мұқият талдап зерттеу жөнінде жұмыстар жүргізілді, ең ірі деген Ағашаяқ және Ақтам қалаларының орны қазылып, олардың маңындағы суару жүйелері ішінара тексерілді.

Балқаштың түстік жағалауына қарай созылған, бойында ортағасырлық отырықшылық пен егіншіліктің іздері сайрап жатқан ежелгі сауда жолында Іле өзенінің оң жағалауында Бақанас поселкесінің оңтүстігінде 60 шақырым жерде орналасқан Батпақты селосы бар. Осы

¹ Берг Л. С. Избр. труды. т. III. 1960, с. 68.

арада Көктал-I және Көктал-II деген екі қаланың орны бар.

Көктал-I және Көктал-II қалалары ертедегі каналдың сол жағында, бір-біріне жақын орналасқан. Олардың негізгі каналдың басынан қоныс тебуі қалаларды салған кезде тұрғындар мен ондағы гарнизон алдына екі түрлі міндет қойылуы мүмкін екенін дәлелдейді. Оның біріншісі — каналды соғыс шабуылдары кезінде бүлінуден қорғау, екіншісі — каналды күту және жөндеп отыру.

Сонымен бірге Көктал-I және Көктал-II қалалары оңтүстіктен және шығыстан Бақанас қалаларына қарай ағылған керуен жолындағы аралық мекен болғаны да айдан анық.

Көктал-I және Көктал-II қалалары төрткүл квадрат түрінде салынған, қабырғаларының ұзындығы $110 \times 150 \times 60 \times 60$ метр. Қаланың қабырғалары биіктігі 2—2,5 метр құлаған үйінді түрінде сақталған. Екі ескерткіштің де оңтүстік-шығыс жақ қабырғасында бір кезде қала қақпалары орнатылған ені 3—3,5 метрлік ойы бар. Қалалардың бекініс дуалдарында кезінде төрт-төрттен бұрыштама мұнарлары болған, олардың төмпешік күйінде сақталған орындары әлі де дуалдардан жоғары жатыр.

Көне жол табанындағы ендігі бір мекен — Бояулы қаласының орны. Іле өзенінің ең жағалауында Бақанас поселкесінен солтүстікке қарай 20 шақырым жерде орналасқан бұл қала өз атауын қазіргі Бояулы алақабына байланысты алған. Оның жоспасы — айналасы биіктігі 2 метр дуалмен қоршалған төрт бұрышты алаң. Қабырғалары тұз басып, ағарып кеткен, сол себепті де шөлдің бір-ыңғай сұрғылт бояуының фонында көзге ерекше шалынады.

Қала орнының бұрыштары дүңпенің төрт тарапына бағытталған, оңтүстік-шығыс және солтүстік-батыс қабырғаларының ұзындығы 100 метр, ал солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс қабырғалары 115 метр. Бұрыштарында биіктігі 2,5 метр мұнаралар болған. Солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс жақ қабырғаларында үш-үштен, ал оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс қабырғалардың бойында төрт-төрттен мұнара бар, олар бір-бірінен және бұрыштағы мұнаралардан бірдей арақашықтықта орналасқан.

Бақанас сағасындағы отырықшы егіншілік мәдениетінің іздері байқалатын ендігі бір жер Нарынбақанастың құр арнасы. Осынау өлі өзеннің жағасында ортағасырлық қыш бұйымдар табылған тұстар аз емес. Нарынның

тармақтарының бірін бөгеп тұрған көне тоған да осы жерде. Тоған топырақтан салынған, ұзындығы 20 метр, биіктігі 3 метр.

Тоған судың деңгейін тоғаннан биік жатқан басты арнаға дейін көтеруге арналған.

Зерттелген ескерткіштердің ішіндегі ең ірісі — көне Ақтам қаласының орны. Ол Бақанас поселкесінің солтүстік-шығысында 120 шақырым жерде. Айналасы әбден мүжілген дуалмен қоршалған төрт бұрышты алаңқай түрінде сақталған. Дүниенің төрт бұрышына сәйкестендіре салынған, оның оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жақтары ұзын қабырғалары 180 метр, ал оңтүстік-шығысы мен солтүстік-батысындағы диаметрі 10—12 метрлік жұмыр мұнаралармен бекітілген, бұл мұнаралардың бізге жеткен күйінің биіктігі 2,5—3 метр. Ұзын қабырғаларында 4 мұнарадан бар, олар бір-бірінен 33 метр, ал бұрыштағы мұнаралардан 35 метр қашықтыққа орналас-тырылған. Қысқа қабырғаларда солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыстан кіретін қақпаларды күзетуге арналған 2 мұнарадан бар. Ені 8 метрлік қақпалар алға қарай 10 метр оздыра салынған Г тәрізді қабырғаның қалтарысына орналасқан. Қатты мүжілген қабырғалардың сақталған биіктігі 2 метр, ал табанының жалпақтығы 7—9 метр.

Қаланың ішкі жағы жазық алаң, тақыр мен сексеуілі аралас. Оңтүстік-шығыс іргеге қарай бірнеше төрт бұрышты үйінділердің ізі байқалады, бір кездегі құрылыстардың орпы болса керек. Қаланың ортасынан және бұрынғы құрылыстар орнынан қазылған көлемі 4×4 метрлік ұралар да ешбір мәлімет бере алмады.

Сөйтсек, Ақтам қаласы бір ғана қатпарда жатқан болып шықты, мәдени қатпарының қалыңдығы небары 60—80 сантиметр ғана екен. Қазба жұмыстары кезінде қыш ыдыстардың ондаған сынықтары, көптеген жануарлар сүйектері, қоладан және шыныдан жасалған бұйымдардың қалдықтары, сондай-ақ жылтыр материалдан жасалған екі моншақ табылды.

Ақтамның-шығыс және оңтүстік-батыс жақ іргесінде жатқан территория да бір кезде дуалмен қоршалған. Дуал шығыс жақ бұрыштағы мұнара түбінен басталып, оңтүстік-шығысқа қарай 120 метрге созылған да, одан соң оңтүстікке ойысып, бекініс қабырғасымен жарыса келе батысқа бұрылған да, қаланың оңтүстік-батыс қабырғасынан 60 метр аралық қатарласа отырып, батыс

бұрыштағы мұнара түбіне барып тірелген. Қабырғадағы откел қала қақпасының нақ қарсысында орналасқан.

Көне Ақтам қаласының батыс жағында 1,5 шақырым жерде Ортабақанастан бөлінетін бас арықтың арпасы жатыр. Арықтың бізге жеткен бөлігінің ұзындығы 20 шақырым, арнасының кеңдігі 3—5 метр. Каналдың негізгі арнасынан бірнеше ұсақ тармақтар бөлініп шығып қаланың солтүстігі мен шығысындағы далаға тарам-тарам болып таралып кеткен.

Капалдың осындай ұсақ салаларының біреуі қаланың солтүстік-шығыс іргесіне әкелінген, бәлкім, ол тұрғындардың шаруашылық мұқтажын өтеуге тиіс болған болу керек.

Ақтамнан батысқа қарай 25—30 шақырым, Ортабақанастаның құр арнасынан 4 шақырым жерде өзіміз Қарқаралы деп атаған көне қаланың орны бар. Нобайы жағынан ол Ақтам қаласымен бірдей, қабырғаларының ұзындығы 100×100 метр шамасында.

Көне Ағашаяқ қаласының орны Бақанас поселкесінің солтүстік-шығысында 200 шақырым жерде, Ортасудың құр арнасының Шетбақанасқа құяр тұсынан 3 шақырым қашықтықта жатыр. Көне қаланың озі бұрыштары әлемнің төрт құбылысын мегзеген, аумағы 115—120 метр тік бұрыш түрінде салынған. Қабырғаларының соңшалықты жақсы сақталғанын атап айтқап жөн, олардың бүгіннің өзіндегі биіктігі 3 метрге жетеді.

4 бұрышта сыртқа қарай едәуір шығып тұратын биіктігі 4,5 метрлік жұмыр мұнаралар орналасқан. Солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс қабырғаларда биіктігі 3,5 метрлік екі-екіден мұнара бар. Қала қақпаларының орны солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс қабырғалардың орта шенінде болған тәрізді. Олардың құрылысы күрделі, олар Г тәрізді қабырғамен құралған, ал оңтүстік-шығыс жақтағы қақпа бұған қоса дуалмен бекітілген. Дуалдың бізге жеткен биіктігі 1,5 метр.

Оңтүстік мұнараның шығысына қарай 20 метр жерде айналасы мүжілген дуалмен қоршалған трапеция пішіндес құрылыс бар. Осы жерде және жалпы қаланың шеңберінде стратиграфиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде Ақтам тәрізді Ағашаяқ та мәдени қатпарлары 0,5—0,8 метр болатын жалаң қатпарлы қала орны скені анықталды. Мұнда табылған қыш және сүйек материалдар Ақтамдікімен бірдей. Батыс мұнараның сыртын тазарту және ішкі қазба жұмыстары оның жоғары сүйірленіп келетін, үстінде айналасы кірпішпен қа-

ланған атқыштар тұратын диаметрі 3 метр алаңы бар конус тәрізді құрылыс болғанын анықтап берді.

Мұнара құрылысына көлемі $55 \times 25 \times 8,5$ және $50 \times 23 \times 8$ сантиметрлік шикі кірпіштер пайдаланылған. Сондай-ақ Ағашаяқты айналдыра қоршап тұрған қабырғаның бір бөлігі де аршылды. Шикі кірпіштен, блоктардан және түйір-түйір балшықтардан салынған қабырғаның қалыңдығы 4,5 метр болып шықты.

Қаланың оңтүстік-шығыс жағында 0,8—1 шақырым жерден бүгінде құрғап кеткен Ортасу өзенінен бөлініп шыққан бас арық өтеді. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бет алған каналдың өзі қалаға жақындамайды, алайда тұрғындарды сумен қамтамасыз ету үшін одан арнайы тармақ тартылып, Ағашаяқтың дәл оңтүстік-шығыс іргесіне әкелінген.

Осы тармақтың жағасында, қала маңында ішкі жағы екіге бөлінген әлдеқандай бір төрт бұрышты ғимараттың қалдықтары байқалады.

Негізгі канал арнасының (ені 8 метрге дейін) жағасындағы күні бүгінде де қазғанда шыққан топырақ үйінділері айқын көрінеді. Канал жағалауының он бойы қаланың өзінен табылған сияқты қыш ыдыстардың сынықтарымен жабылған.

Екінші канал Ағашаяқтың батысында 2 шақырым жерде жатыр. Оның арнасы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа, Балқаш көлінің жағалауына қарай тартылған. Каналдың бүгінге жеткен бөлігінің ұзындығы 10 шақырым, арнасының ені 8—10 метр.

Ақтам және Ағашаяқ қалаларының орнын қазу кезінде және аталған ескерткіштер тұрған маңайдан жинап алынған қыш деректердің бәрі бір мезгілге жататыны, біздің заманымыздың X—XIII ғасырларына тән делінетіні зерттеу нәтижесінде айқындалып отыр.

Бұл дәуірдегі Бақанас қалаларындағы ыдыстың төресі құмыра болды. Құмыралардың пішіндері мен көлемдері алуан, алайда олардың бәріне мойыны ұзынша, ал түп жағы домаланған сопақша ыдыс пішіні негіз болған.

Түп жағы ұзынша болып келетін ауызы кең құмыралар сиректеу кездеседі. Әдетте құмыраның мойны мең бүйірі екі шеті жуандау келетін тұтқа арқылы жалғасады.

Ыдыстардың көпшілігі қыш диірменінде құм мен бор араластыра отырып әбден иі қандырыла иленген саз балшықтап жасалған. Қыш бұйымдар арнайы пештерде күйдірілген. Күйген кезде балшық қошқыл-қызыл немесе

қара-қоңыр түске енген. Үлкен-кішілігі жағынан құмыралар үш топқа бөлінеді.

Әдетте құмыралар ірі құм мен отқа төзімді саздың қосындысынан жасалатын болған. Олардың су тасуға арналуы әбден мүмкін.

Құмыраның сырты ақ және қоңыр түсті бояумен жалатылады немесе құйылады. Құмыралар біркелкі әшекейленеді, бұл әшекейлер әдетте иректерінің биіктігі мен жиілігі әртүрлі дөңгелек немесе толқынды сызықтар ою түрінде жасалады, аракідік тор сызықтар немесе толқынды және дөңгелек сызықтардың қоспасы кездесіп отырады.

Кейде құмыралар қалыпқа түсірілген бедерлермен әшекейленеді. Қалыпты бедерлердің бөлшектері біркелкі, әдетте олар батырып жасалған шеңбер мен үшбұрыш болып келеді. Мұндай қалып Жетісу қалаларынан табылған қыш бұйымдарда жиі кездеседі. Жоғарыда аталған пішіндегі құмыралардың барлығы Жетісу бойынша XI—XIII ғасырларда өмір сүрген қалаларда пайдаланылған. Пішіні жөнінен де, ою-өрнектері жөнінен де жақын ұқсастықтар әсіресе Бақанас қалалары мен Қойлық, Талғар қалалары, Жетсудың батысынан табылған басқа да ескерткіштер материалдарынан аңғарылып жатады.

Бақанас қалаларынан жиі ұшырасатын тағы бір нәрсе — хум, оның көптеген сынықтары табылды. Олардың бүйір жағы ұзынша, түбі тегіс, үстіңгі жағында тік немесе жиегі қайырылған аузы бар. Олар жеке-жеке бөлшектерден құрастырып жасалады. Олардың кейбіреулерінде таңба белгілер немесе ойып салынған бедерлер кездеседі, ол ыдысты жасаған шебердің таңбасы болуы мүмкін.

Бақанас қалаларының орнынан алынған қазандардың сынықтары ыдыстың осынау түрі қолдан құм мен саздың қосындысынан жасалғанын айғақтайды. Қазандардың бүйірі шар пішіндес, кей-кейде түп жағы аздап жалпайып келеді, үстіңгі жағында тік немесе жиегі сыртқа қарай қайырылған аузы бар. Екі жағында тұйық немесе жарты ай тәрізді саусақ ізі бар екі құлақ жапсырылған.

Атап айтатын бір нәрсе, Бақанас қалаларынан, әсіресе Ағашаяқтан алынған қыш бұйымдарға тән ортақ бір қасиет бар — күйдірген кезде олар қарақоңыр, сұр, тіпті қара түске енген, ал сынықтары әрі жеңіл әрі таза болып келеді. Бұл әрине, жергілікті жердің саз балшығынан немесе қоспаға түрлі минералды түрлі үстемелер араластырудан болған қасиет.

Қала тұрған жердің бетінен ыдыс-аяқтың қалдықта-

рымен қоса сынған ыдыстардан бөліп алынған қыш бөлшектер де табылды.

Бақанас қалаларынан табылған құйма қыш материалдары дегенде кесе түрінде жасалған тостағандардың бірнеше сынықтарын ауызға алуға болады. Ақ бояудың үстіне сапасы төмендеу бозғылт құйма құйылып, оның сыртынан жасыл, қоңыр, қызғылт түсті дақтар жағылған. Бояулары бұлыңғыр, құйманың өзі сапасыз.

Бірнеше түйір ауа көпіршігі ақ және қоңыр түсті шыны ыдыстардың қалдықтарын XI—XIII ғасырларға жатқызуға болады.

Осыдан келіп, жоғарыдағылардың бәріп ескере отырып, IX—XIII ғасырлар аралығында Іле өзенінің төменгі сағасында егіншілік мәдениеті жоғары дамыған деп қорытынды жасауға болады.

Тексеру нәтижелері көрсетіп отырғандай, бұл аймақтардағы негізгі каналдар, кейде бірнеше шақырымға созылған, олардан ұсақ-ұсақ арықтар бөлініп шығып, егістік суаруға су жеткізіп отырған.

Бұл ауданда XIX ғасырдың аяғында болып қайтқан Л. Чермак Шу өзенінің төменгі етегіндегі қазақтардың суармалы шаруашылықтары жайында қызықты деректер келтіреді. Ол әрбір қазақ қауымының өзіне тән Шу өзенінен бөліп алған арығы, тоғаны болған деп жазады. Бұл арықтың ұзындығы кейде 25 шақырымға дейін жеткен, тоғанды жасау мен күтуге қол ұшын тигізгендер ғана одап су ала алатын болған. Мұндай іс көп адамның біріге күш жұмсауымен жасалатын болғандықтан, Шудың төменгі етегінде отырған бүкіл ел бас арықтың сапына сәйкес 18 қауымға бөлінген. Бас арықты қазып болғаннан кейінгі жерде жаппай қауымдық жұмыс аяқталып, енді әр отбасы өзі үшін жұмыс істеген. Әрбір үй иесі өз жеріне қарай арық тартып, өзінің жерін бірнеше бөліктерге бөліп, араларына су бөгейтін топырақ жолдарын жасаған¹.

Жасанды суару мен су пайдаланудың мұндай жүйесі, сөз жоқ, Шу және Іле өзендері маңын ортағасырларда мекендеген халықтың өз туындысы болса керек. Бұл жерлердің табиғи-географиялық қасиеті бірдей.

Сөйтіп, Іле алқабын Орталық Қазақстанмен жалғастырған сауда жолы Іле өзенінің төменгі сағасында қа-

¹ Чермак Л. Оседлые киргизы-земледельцы на р. Чу. Записки Сиб. Отд. Импер. русск. географ. общества. Кн. XXVII. 1990. с. 10—14.

лыптасқан егіншілік және қалалық мәдениеттің аса ірі орталықтарын басып өткен. Мұның, бір жағынан, керуен тарту тәсілімен сауда жасаудан туғанында дау жоқ.

НЕФРИТ БЕЛДІК

1971 жылы Алматы облысындағы Мирный поселкесінің маңында құрылыс салу кезінде көне қабір табылды. Бұл жерге археологтар тобы келіп жеткенде қаңқа сүйектері мен қабір құралдары қазып алынып, жер бетіне шығарылып қойылған еді. Тек қаңқаның аяқ жағы ғана орнынан қозғалмаған-ды. Айналаны тексеру, қабірді тапқан жұмысшылардың көрген-білгенін сұрап-білу және көрді зерттеу нәтижесінде мына жағдайлар анықталды.

Қабір Талғар өзенінің сол жағында, өзеннен жарты шақырым жерде жатыр. Бұл маңайдың жері — жусан мен көкпек басқан құмдақ жер. Қабір үстінде үйінді топырақ жоқ, ол мүлде аласа болып, уақыт өте келе тегістеліп кеткен де болуы мүмкін.

Көр қатты саз жерден қазылғандықтан оның қабырғалары айқын ажыратылады. Сопақша етіп қазылған. Шұңқырдың ұзындығы 1,80—1,85 метр, ені 0,8 метр, тереңдігі 1,9—2 метр. Шұңқырдың ұзын арқауы оңтүстіктен солтүстікке бағытталған.

Өлік қолдарын жанына қатарластырған күйі шалқасынан жатқан. Басы солтүстікке қараған, аздап шығысқа қарай ойысқан.

Бас сүйегінің сол жағында шұңқырдың жиегінде қыштан жасалған екі ыдыс — құмыра мен табақ тұрған.


Құмыра қыш диірменнің комегімен тығыз иленген саз балшықтан жасалған. Ақшыл етіп күйдірілген, құмыраның сыртқы беті желіліп қалған. Ені 4,5 сантиметрдей, мойны бірте-бірте сопақша келген бүйірлі бөлікке ұласады. Мойын мен бүйірдің түйіскен тұсында кішкентай ғана кемер бар. Мойнының ұзындығы 8 сантиметр, денесінің биіктігі 12 сантиметр. Екі ұшы жалпақтау келген иірлі тұтқа құмыраның мойны мен иінін жалғастырып тұр. Құмыраның бүйірінде ыстан қалған қара дақ бар. Табақша да қыш диірменде жасалып, іші және сыртының біраз жері мөлдір құймамен қапталған. Табақтың қабырғалары доңгелек түбінен бастап, бірте-бірте жалпая береді. Диаметрі 12 сантиметр, қабырғаларының биіктігі 4,5 сантиметр.

Қаңқаның бел омыртқасы мен жамбас сүйектерінің үстінде нефрит қапсырма, белдіктің ұшы, белге тағатын

заттардан қалған арқау мен бес қаңылтыр жапсырма жатыр. Осы арадан екі күміс қыстырма мен күміс айнаның сынығы табылды.

Қапсырма екі бөліктен тұрады, белдікке арналған жалпақ күмістің ішкі бетінде күміс тартпаларға лайықталған үш жұп ұя бар. Сопақ доғабас жөндеуден өткен сияқты. Ол бүктелген тұсынан сынған да, кейін күміс шегелермен бекітілген. Қапсырманың тілі жоғалған. Сырты жылтырата өңделген. Белдіктің ұшы бұрыштары дөңгеленген тік бұрыш пішінінде жасалған. Белдік ұшы әбден өңделген.

Төрт жапсырма сопақша келген, төменгі жағы сүйірлеу, ал үстіңгі бөлігінде дөңгелек тесіктер бар. Жапсырмалардың сырты жылтырата тегістелген, ал ішкі бетінде тартпа шегелерге арналған екі жұп ойық бар. Ойықтардың кейбіреулерінде күміс сымнан жасалған тартпа шегелердің қалдығы сақталып қалған. Омыртқаның асты-



Суретте: Нефрит белдік

нап табылған бесінші жапсырма ұзынша келген, шеттері өзара түйіскен доға тәрізді қиылған, төменгі жағы жебе түрінде жасалған. Сырты өңделген, ал ішкі бетінде күміс шегелердің орны болған үш жұп ұя бар. Қапсырманың жанында жан-жағы мүқият өңделген тік бұрышты арқау жатқан. Осы арадан екі тілі бар екі жалпақ тартпа және сыртына осімдік тектес өрнектер салыпқан күміс айнаның сынығы да табылған. Айна квадрат пішінді болғанға ұқсайды — шеті сәл қайырылған бір бұрышы сақталып қалған.

Талғар өзенінің төменгі етегінен табылған қабір бұйымдары міне, осындай. Ал осыған ұқсас қабірлер туралы айтар болсақ, ең алдымен Шу алқабындағы көне Александровск қаласының орнынан табылған қабірлерді еске алуға тиіспіз. Оларға тән ерекшелік — солтүстікке қарата және шалқасынан созылған, жатқыза жерлеу рәсімі. Өліктер топырақтан қазылған көрге қойылған, бір қабірде ғана оліктің беті шикі кірпішпен жабылған. Қабірлердеп нефрит қапсырмалар мен сырғалар табылған. Бішкек маңайында дәл осылайша қойылған жеке қабір табылды. Қабірден нефриттен жасалған өрнекті сақина, қарахашидтер үлгісіндегі ақ түсті құмыра мен қолдан істелген кесе алынды.

Шу алқабынан да кездейсоқ жағдайда нефрит сақиналар мен жүрекше пішініндегі қапсырмалар табылған¹.

Нефритті қабірлерді археолог А. Н. Бернштам қидандармен байланыстырып, оларды XII ғасырдың екінші жартысына жатқызды. Егер Талғар жағасындағы қабірдің мерзімін анықтар болсақ, онда ең алдымен одан алынған қыш бұйымдарға көңіл аудару керек. Құйма құйылған табақ Іле алқабындағы XI ғасыр мен XIII ғасыр басындағы көне қалалардан алынған қыш бұйымдарға сәйкес келеді. Аталған қабірдің мерзімі де бір хронологиялық шеңбер аясында болып шығады.

Назар аударылуға тиіс тағы бір мәселе — қабірдің кімдікі екендігі. Ең ақиқаты — ол отырықшы тұрғындардікі. Мұның дұрыстығын қалаға тән ыдыс-аяқ, қабірде көшпелілер қабіріндегідей мал сүйегі мен ер-тұрманның болмауы, ақыр аяғында оның Жақсылық және Молдахмет атты елді мекендердің маңынан табылуы дәлелдей түседі. Қабірдің қидандардікі болуы екіталай. Антрополог О. Ысмағұловтың айтуына қарағанда оліктің дене бітімі жетісулық нәсілге келеді, көне замандағы ғана емес, Қазақстанның бүгінгі тұрғындарында бұл тектік түр жиі кездеседі. Біздіңше, Іле алқабынан ойда жоқта табылған бұл қабір аталған кезеңде Жетісу өлкесін мекендеген карлұқ тайпаларының отырықшы бөлігінен қалған болса керек.

Талғар жағасына жерленген өліктің белдігіндегі әшекей минерал көбірек назар аударады. Нефрит — сонау ерте замандардан бері киелі саналып келген. Орталық Азия халықтарының ең бір сүйікті тасы. Аса беріктігі,

¹ Бернштам А. Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алтая. «Материалы и исследования по археологии СССР». № 26. 1952, с. 168, 171.

тұтқырлығы мен жұмсақтығы, жылтыратуға көнгіштігі және тастың жағымды түсті болуы оны көптеген халықтардың материалдық мәдениетінің даму тарихында айырықша орынға шығарды. «Нефрит — мәңгілік тасы», — деп тура тұжырымдап берді асыл тастардың білгірі А. Е. Ферсман. Бұған қоса ол ертедегі Қытай философы Конфуцийдің «Оның бес түрлі түсі бар: қойдың майы немесе қаймақ тәрізді ақ түс», ыстық суда қайнаған талшын ағашы тәрізді сары түс; аяқкиім бояуы немесе лан тәрізді қара түс; әтештің айдарындай немесе ерінге жағатын далаптай қызыл түс; дегенмен әртүрлілігі жағынан — жасыл, ең қымбаттысы сұр түс болып табылады», — деп нефритке берген сипаттамасын келтіреді.

Біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдықтың өзінде, Инь дәуірінде-ақ Қытайда ізгі ниетті адамдар мен атабаба еңбегін мәңгі есте қалдыру үшін әдет-ғұрыптық сауыттар, қасиетті қару-жарақ жасалған. Осынау тас жақсылық пен бақыттың, ақыл мен әділдіктің, құдіретті әуен мен тазалықтың белгісі деп есептеледі. Қытайда нефрит патшаға тән асыл тастар қатарына жатқызылып, оны иелену правосы әмірші сарайындағыларға ғана берілді. Император Лю Шенг пен оның Батыс Хань әулетінен шыққан әйелінің кебін киімдері тұтас нефриттен жасалған жапсырмалармен көмкерілді. 1968 жылы аршылған бұл қабір Қытай археологтарының тамаша жетістіктерінің бірі болып саналады.

Сондықтан да Шығыс Түркістан мен Солтүстік Қытайды жалғастырып жатқан нефрит жолының біздің заманамызға дейінгі III—II мыңжылдықтардың өзінде-ақ жұмыс істеп тұрғанына таңдануға болмайды.

Нефрит түркілердің ұғымында да маңызды роль атқарды, олар мұны «джада, джеде, тап, яда, суу-таш» деп атады. Бұл «жауын тасы» деген мағына береді. Бұл қатарға олар нефриттеп басқа яшманы, жадеитті, жалаңтасты (серпентитит) қойды. Осы тастың көмегімен түркі бақсылары жауын шақырды. Жауын тасы туралы аңыз жемістілік туралы жүйеге кіретін көне мифтердеп бастау алады. Жауын тасы туралы дерек ортағасырлық Ибн әл-Факих, Амин Рази, Наджаб Хамадани, Гарадизп секілді авторларда кездеседі.

Ибн әл-Факих өзінің «Китаб ахбар ал булдан» атты шығармасында оғыз ханзадасы Балқықтың атынан баяндалатын жауынтасы туралы әңгімені келтіреді. Балқықтың бабасы өз әкесімен қош айтысып, бір топ жолдасымен елдің шығысына сапарға аттанады. Ол үшқырлы

тауы бар жерге келіп жетеді. Тау сыртынан шыққан күннің сәулесі тіршілік атаулының бәрін күйдіріп жібереді екен. Жергілікті тұрғындар мен мұндағы тіршілік иелері үңгірлер мен жерасты қуыстарын паналайды. Алайда тауда «жауын тасы» бар екен, соның көмегімен барлық жабайы хайуандар жалын шашқан сәуледен қорғаған. Олар осынау тасты ауыздарына салып, аспанға қараса болды, көкті қара бұлт торлап, күннің козін жаба қоятын болған. Балқықтың бабаларының қолы осы тасқа жетіп, өз еліне аман-есен оралады.

Амин Рази бұл тарихты жаңа деректермен көркемдей түседі. Атап айтқанда, ол түріктердің бұл тасты былайша пайдаланғанын жазады: Жауын қажет болған кезде бұл тастарды бір-біріне ысқылаған, ал кейбір түркілер бұл тасты тәңірге теңеп, түркі тілінде одан жауын мен қар сұрап жалбарынатын¹ болған.

Шынтуайтына келгенде, жауын тасы нефритке табыну дәстүрін қытайлар түркілерден үйренген. Мәселен, аптап ыстықта «өкпесі кеуіп» азапқа түскен Янның қымбатты қосағы мынау азаптан құтылу үшін аузына яшма балық салып отырған.

Жауын тасымен байланысты бойтұмарлар қатарына түрлі дәуірлерге жататын бірқатар археологиялық олжаларды, мәселен, Отырардың орта ғасырдың аяғындағы қатпарларынан алынған жасыл және қарасұр жылантас-тан істелген ромб тәрізді алқаларды да жатқызуға болатын тәрізді.

Тап дәуірінде Қытайда белдікке яшма (нефрит) жапсырма тағу салтқа айналған. Көп ретте мұндай жапсырмаларды Қытай Шығыс Түркістаннан сый ретінде алып тұрған. Атап айтқанда, 632 жылы Хотан патшасының император Тай-Цзунге жіберген белдігі жпырма төрт жасыл жапсырмадан тұрған, оған қоса айдың толған және жартыкеш қалпын түрліше бейнелейтіндей етіп жасалған.

Түптеп келгенде, Іле алқабынан табылған нефрит жапсырмалармен әшекейленген белдік өз дәуіріндегі феодалдық әулеттің мүддесіне орай туған.

Жоғарыда атап отілгендей, аса бағалы нефрит өндіретін негізгі орталық Шығыс Түркістан болды. Ол көне дәуірден-ақ Қытаймен нефрит жолымен жалғасып жатты. Ертедегі авторлардың деректері мен фантастикалық

¹ Агаджанов С. Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX—XIII вв. Ашхабад. 1969 с. 122—125.

ұғымдарға жүгінсек, нефрит — бүкіл ғаламдағы құрылықтың қақ ортасында орналасқан қасиетті таудың тасы. Бұл таудың жер бетіндегі бейнесі Хотан алабы болып табылады. Нефрит түйірлері Тарим өзеніне құяр жолдағы Хотан маңында біріне-бірі келіп қосылатын қос өзеннің түбінен де алынған. Бұл өзендердің бірі Қарақаш (қара яшма), екіншісі Юрунгкаш (ақ яшма) деп аталған. Екі өзеннің суынан, әсіресе ай сәулесі мол түсетін тұсынан, жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, тамаша тастар теріп алуға болады екен, олар ай сәулесінің сынықтары деп саналған¹.

Нефрит кенінің көпке белгілі басқа да көздері бар, оның ішінде СССР территориясында, Байкалдың оңтүстігінде де осындай кен орны кездеседі. Жетісуда жасылдау түсті нефрит пен жадеит өндіріледі. Геологтардың анықтамаларына қарағанда, Іле даласынан табылған нефрит қапсырмалар жергілікті тастан жасалған. Дегенмен қалай болған күнде де аса сирек кездесетін олжа — қарлұқ мырзасы таққан құнды нефрит белдік бізді Жібек жолы бойындағы сауда-саттық және мәдени байланыстар әлеміне тарта түседі.

¹ Шефер Э. Золотые персики Самарканда. с. 296.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Жеңіл де шапшаң жүріп тұруға, кең ауқымды байланыстар жасауға дағдыланған ХХ ғасырдың адамдары өткен дәуірлердегі қарым-қатынастарды толық түсіне бермейді, я болмаса болымсыз ғана нәрсе деп қабылдайды. Және де ғасырлар тізбегінің тереңіне қарай жылжыған сайын адамға тән байланыстар да қиындай түсетін сияқты көрінеді. Сондықтан да француз Вильгельм Рубруктың немесе қытай Сюань-Цзяннің саяхаттау кезінде жазып қалдырған жазбалары бір қарағанға фантастика сияқты болып елестейді. Оның үстіне, ұзақ саяхаттар туралы жазбаларда түрлі ғажайыптар мен ертегі оқиғалары жиі кездеседі. Ертедегі адамдар Үнді мұхитының бір тұсында хош иісті ағаштар мен шиалы өсімдіктер жайқалған арал бар деп сенген. Онда мәңгі өмір сыйлайтын жемісі бар тіршілік бәйтерегі өсіп тұрады. Тағы тұлпарға мініп, жүйткіген шабандоз әйелдер, басы адам, денесі жылқы мақұлық-кентаврлар, итбасты адамдар, үсті басын түк басқан жалғыз көзді дәулер, «алтын күзеткен күшігендер» туралы айтып, өз сөздеріне сенген. Әйгілі саяхатшы Марко Поло Суматрадағы құйрықты адамдар туралы адам сенгісіз аңыздарды қайталап, мүйізтұмсықты ертедегі жалғыз мүйізді мақұлыққа айналдырды: «Олардың жүні енекенің жүніндей, аяқтары пілдікіндей, маңдайының қақ ортасында қап-қара жуан мүйізі бар; олар, мен айтайын, тілімен тістейді, тілдерінде ұзын тікенектері бар, міне, сондықтан олар тілдерімен тістейді»¹.

Дегенмен, бүгіндегі тәрізді саяхат жасау, сауда қылу, дипломатиялық сапарлар, адамдардың алыс қырларға қоныс аударуы сонау көне дәуірлерде жиі болып тұрғаны барған сайын айқындала түсуде. Ертедегі дәуірде, әсіресе орта ғасырларда қоғам дамуында қозғалыс күшті

¹ Книга *Марко Поло*. М., 1955, с. 177—178.

болған, адамдар мәдени байланыстар мен алыс-беріс жа-
сауға ұмтылған. Солардың бір айғағы — «Ұлы Жібек
жолы» болып табылады. Бұл кітапта оның Қазақ дала-
сын, шөлді өлкелері мен тау асуларын басып өтетін бір
саласы туралы сөз болды. Онда ең негізгі сауда желілері-
нің және ең шалғайда жатқан аудандарды аса ірі мәдени
және экономикалық орталықтармен жалғастырған орасан
мол тармақтарының бағыттары жайында әңгімеленеді.

Тірлік істеп бар жапанды шарлайды,
Ақыл есін бір құдайға арнайды.
Туардан-батар беттеп кезеді
Тауып сенің тілегіңді келеді.
Дүниенің таусық қымбат нәрсесі
Көп оларда ей, Ер, биік еңсесі —

деп Жүсіп Баласағұн айтқандай¹, олардың бойымен іскер,
көпестер жасақтаған керуендер ағылып жатты.

Сан тарау жолдар Сырдария мен Таластың, Арыс пен
Ертістің жағасында, тау шатқалдарына кіре берісте, асу-
лар мен өткелдер маңында, таулар мен далаларда қоныс
тепкен үлкенді-кішілі қалаларға барып тіреліп жатты.
Бұл қалалардың кейбіреулерінің аттары барлық өлке-
лерге әйгілі болды, олар туралы еңбектерде, сөз болады,
аңыздар сыр ақтарады. Олар — Отырар мен Тараз, Түр-
кістан мен Баласағұн, Испиджаб пен Суяб. Өзгелері тү-
гелдей халықаралық сауда-саттық ісіне тәуелді аралық
сауда бекеттері ретінде белгілі болды. Далалық өлкелер-
мен шектес аймақта орналасып, шекаралық сауда-саттық
байланыстары арқылы байып, гүлденген Сауран немесе
Дех Нуджикес сияқты қалалар да болды. Дегенмен қалай
болған күнде де қалалардың қай-қайсысы да сан қырлы,
алуан үнді және олардың мұндай қасиеттерінде шек-
жоқ. Олар белгілі бір дәрежеде тарихтың қозғаушысы,
көптеген оқиғалардың кейіпкері әрі куәгері болып табы-
лады. Кейбір қалалар тұтас дәуірлер мен мемлекеттерден
де ұзақ өмір сүрді, жойылып кетіп, қайта жанданды,
енді біреулерін соғыстар мен жойқын шабуылдар тып-
типыл етіп, жер бетінен жойып жіберді, олардың ізін та-
бу да қиын. «Ең қиын нәрсе — өзің тұратын қала болса
да әйтеуір бір қала туралы әңгіме қозғау. Әрдайым өзің
қалаған нәрселеріңнің жүзден бірін көре алмайтыныңды
сезіп тұрасың. Қалалар — біздің планетамыздағы кішкен-
тай әлемдер, қалалар — әрі сонау көне дәуірлер, әрі бү-
гінгі өмір, әрі ертеңгі болашақ»². Әсіресе әбден қирап,

¹ *Баласағұн Ж.* Құтты білік Алматы, 1986. 414 бет.

² *Айтматов Ч.* Мой Чудо-город. «Огонек», 1966, № 11.

үйіндіге айналып кеткен көне қалалар туралы жазу қиын. Бір кезде оларда қайнап тұрған тіршілікті тіркестеп, жазба ескерткіштерде шашылып жатқан деректер, археологиялық жазба жұмыстарымен зерттеулердің материалдары арқылы қалпына келтіруге тура келеді.

Археология тәрізді ғажап ғылым мен ғалымдар еңбегінің арқасында Ұлы Жібек жолындағы ертедегі қазақстандық қалалар жайында сөз қозғау мүмкін болып отыр. Олардың тарихи тағдырларындағы, қасиет-белгілеріндегі сырдың бәрі ашылып болған жоқ, бәлкім, таяу арада ашылып та бітпес. Дегенмен қазба жұмыстары жалғасуда, ғылыми ізденістерде іркіліс жоқ. «Соның нәтижесінде ынталы оқырман қолына тағы да бір қызықты кітап тиер. Бұл кітап та сондай оқырмандарға арналды.

Қазіргі кезеңде анықталғандай Ежелгі Жібек жолының тарихы өте ертеден басталады. Оның қалыптасып дамуына Евразияда өндіргіш шаруашылығының дамуы және дала мен таулы аймақтардағы мал шаруашылығының дамуы себеп болды. Жылдам өркендеуіне «революциялық» бет бұрысты көлік құралдарының дамуы жасады. Оларға түйе керуендері, доңғалақты көліктер және жылқыға салт міну жатады.

Бұл жетістіктер Евразия аймағында мәдени және сауда қатнастарының дамуын жеделдетті. Бұл кезең б. з. д. II мың жылдықтың ортасы мен I мың жылдықтың басын қамтыды. Орталық таулы аймақтар мен Орта Азияның батыс пен шығыс аймақтарынан малшылар қозғалды. Б. з. д. III және II мың жылдықтың басында Орта Азияның батыс өңірі мен Сынцзиянның шығысындағы таулы асулардағы жолдар игерілді.

Осы жолдармен Тұрфан, Кучи, Карашар аудандарына ежелгі малшылар келе бастады. Бұл ең алғашқы Жібек жолы тармағы еді, ол ғылымда әлі толық зерттелмеген.

Қытай жібегін басқа елдерге шығару Б. з. д. V ғасырда басталған. Б. з. д. I мың жылдықта Евразияның далалық және таулы өңірін мекендеген скиф-сақ-сібірлік — біріккен — малшылық далалық цивилизация құрылды. Ол скифтер, сактар, таулы Алтайдағы пазриқ қоғамын және жоғарғы Енисейдегі тағар мемлекеттерін біріктірді.

Б. з. д. I мың жылдықта сауда және мәдени байланыстар тұрақты болды. Бұл байланыстың дамуына Қазақстан жеріндегі сақтар көп ықпал жасады. Ежелгі сақтардың мәдениетінің, өнерінің, экономикасының және әлеуметтік дамуы, жібек жолының дамуымен байланысты болды. Алматы маңындағы Есік қорғанынан табылған

Қоғамдық-саяси басылым

К. Байпақов, А. Шұржанов

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН
ВЕЛИКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ И СРЕДНЕВЕКОВЫЙ КАЗАХСТАН**

(На казахском языке)

Редакторы *М. Әкімжанов*

Суретшісі *Л. И. Титенко*

Көркемдеуші редакторы *Г. М. Горелов*

Техникалық редакторы *Л. И. Конькова*

Суретшісі *Л. И. Титенко*